

**Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13182 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Орыс тілі" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Орыс тілі" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Ағылшын тілі" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Музыка" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде облыстық, Алматы, Астана қалаларының білім басқармалары, аудандық (қалалық) білім бөлімдері мен әдістемелік кабинет мамандарының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша тілдік пәндер бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша бастауыш сынып пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшылары орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мониторинг ұйымдастыратын мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес "Тиімді оқыту" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес "Дене шынықтыру" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес "Робот техникасы" элективті курсы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес Жалпы білім беретін мектептер басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес "Практикадағы рефлексия" жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес "Ағылшын тілі" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес "Робот техникасы негіздері" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес "Робот техникасын іске асыру жағдайында IT-технологиялар бойынша теориялық және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес "Биоақпараттану және синергетика технологиясы: сабақтың сапасын басқару" жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы ;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес "Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология" пәндерінен ағылшын тілінде сабақ беретін жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес Жаратылыстану – математика бағыты бойынша "Химия", "Биология", "Физика", "Информатика" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының жалпы білім беру бағдарламасы;

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде "Тілдік құзыреттілік" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде "Ағылшын тілі оқытушыларының тілдік және кәсіби біліктілігін арттыру" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес қазақ тілді мектептердегі "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес орыс тілді мектептердегі "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес орыс тілді мектептердегі "Қазақ тілі" және "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес орыс тілді мектептердегі "Орыс тілі" және "Орыс әдебиеті" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес қазақ тілді мектептердегі "Орыс тілі мен әдебиеті" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес "Математика" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес "Информатика" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес "Физика" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес "Химия" және "Жаратылыстану" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес "Биология" және "Жаратылыстану" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес "География" және "Жаратылыстану" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес "Қазақстан тарихы" және "Құқық негіздері" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес "Дүниежүзі тарихы" және "Құқық негіздері" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес "Қазіргі әлемдегі Қазақстан" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес "Графика және жобалау" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес "Билингвалды пән мұғалімі" біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларына арналған "Үш тілде оқыту жағдайында жалпы орта білім беретін мектепті басқару жүйесі" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш мектепте оқытудың инновациялық процесін басқару" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектептің инновациялық дамуын басқару" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарының кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес ұйғыр, тәжік, өзбек тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесі" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Content and Language Integrated Learning – CLIL" тіл мен пәнді кіріктіру әдістемесін игеру бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы ;

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "

Пәнді ағылшын тілінде оқытудың инновациялық әдістерін меңгеру бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

63) осы бұйрыққа 63-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған " Үш тілде оқыту жағдайында мұғалімдердің пәндік және тілдік-қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

64) осы бұйрыққа 64-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің химия мұғалімдеріне арналған "Мектепте үштілді білім беруге көшу жағдайында химияны оқыту әдістемесі" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

65) осы бұйрыққа 65-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған "Үш тілде білім беру жағдайында информатика пәнін оқытуда STEM технологияларды пайдалану" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы ;

66) осы бұйрыққа 66-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің информатика мұғалімдеріне арналған "Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында информатика сабақтарында робот техникасы құралдарын қолдану" курсының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы;

67) осы бұйрыққа 67-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика мұғалімдеріне арналған "Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында физиканы оқытуда Smart технологияларды пайдалану" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бекітілсін;

68) осы бұйрыққа 68-қосымшаға сәйкес "Көшбасшылық және шағын жинақты мектепті басқару" шағын жинақты мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

69) осы бұйрыққа 69-қосымшаға сәйкес "Көркем еңбек" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

70) осы бұйрыққа 70-қосымшаға сәйкес "Мұғалім практикасындағы зерттеу" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

71) осы бұйрыққа 71-қосымшаға сәйкес білім басқармаларының (бөлімдерінің ) әдістемелік кабинеті мамандарының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

72) осы бұйрыққа 72-қосымшаға сәйкес оқыту қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" мен "Қазақ әдебиеті" пәндері бойынша "Бағалауға

арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

73) осы бұйрыққа 73-қосымшаға сәйкес оқыту орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

74) осы бұйрыққа 74-қосымшаға сәйкес оқыту орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Орыс тілі" мен "Орыс әдебиеті" пәндері бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

75) осы бұйрыққа 75-қосымшаға сәйкес оқыту қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Орыс тілі мен әдебиеті" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

76) осы бұйрыққа 76-қосымшаға сәйкес "Ағылшын тілі" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

77) осы бұйрыққа 77-қосымшаға сәйкес "Математика" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

78) осы бұйрыққа 78-қосымшаға сәйкес "Қазақстан тарихы" мен "Дүниежүзі тарихы" пәндері бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

79) осы бұйрыққа 79-қосымшаға сәйкес "Физика" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

80) осы бұйрыққа 80-қосымшаға сәйкес "Биология" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

81) осы бұйрыққа 81-қосымшаға сәйкес "Химия" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

82) осы бұйрыққа 82-қосымшаға сәйкес "География" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

83) осы бұйрыққа 83-қосымшаға сәйкес "Информатика" пәні бойынша "Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;



84) осы бұйрыққа 84-қосымшаға сәйкес "Робот техникасы, 3D-принтинг және бағдарламалау" бойынша информатика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 09.07.2018 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күн ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым Министрі

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша**

# **педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту және қайта құру мақсатында жүргізіледі.

2. Бұл Бағдарлама қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәнінің білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәнінің мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## **2. Бағдарламаға шолу**

5. Бағдарламаның мақсаты:

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

6. Бағдарламаның міндеттері

1) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен, мақсаттарымен және міндеттерімен таныстыру;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мазмұнын, мақсаттарын және міндеттерін біледі және түсінеді;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

4) орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға "Оқу жоспары" 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.

#### 4. Пәнге шолу

13. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі және орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі бойынша жаңартылған білім беру бағдарламаларын әзірлеуде екі тілге арналған оқу жоспарлары ұқсас, барабар. Бұл тілді оқыту үдерісін айрықшалауға, жекелеуге жол бермейді.

14. Жаңартылған барлық құжаттардың жалпы құрылымы оқытуда басқа оқу бағдарламаларымен танысуға ықпал етеді. Сонымен қатар, жаңартылған оқу бағдарламалары оқытудың бір тілден екінші тілге көшуіне көмектесе отырып бар құзыреттіліктерін кеңейтеді (мысалы, мәтінді оқи білу). Төменде "тілдік жүйелілік" мақсатында жасалған жаңартылған оқу жоспарынан табуға болатын сипаттамалар берілген:

- 1) тілді оқу мақсатының ауқымын нақты айқындау;
- 2) тілді оқыту (тілдік қызмет түрлерінің атауы) мен сипаттауда (тұжырымдамалар мен жіктелімі) қолданылатын терминдерді біршама реттеу;
- 3) бағалау әдістерін реттеу ("Еуропадағы тілдік білім беру саясатын дамыту бойынша нұсқаулықтан").

15. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілін оқыту оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырады, сондықтан да олар өз ана тілін құрметтей, оның әлеуметтік маңызын ұғына алады, тілді дұрыс қолданып, тілдік нормаларды бұзбауға үйретеді, оқушылардың жатық сөйлеп, сауатты жазуды меңгеруіне мүмкіндік береді.

16. Осы Бағдарламаның негізгі қағидаты қарым-қатынас жасау тәсілі арқылы тілді оқыту мен оқу нысандары мен әдістерін кеңейту болып табылады.

17. Қазақ тілін үйрену үдерісінде оқушылар:
- 1) қазақ тілінің әлеуметтік қызметін таниды;
  - 2) тілдік мәдениеттің әлеуметтік мәнін түсінеді;
  - 3) әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, пунктуациялық нормаларын, сондай-ақ лексикалық бірліктерді дұрыс айту және дұрыс жазуды үйренеді;
  - 4) өз пікірін еркін, ашық білдіруге үйренеді (ауызша да, жазбаша түрде де);
  - 5) нақты жағдайларға сәйкес қарым-қатынас дағдыларын қолдана алады.

## 5. Оқу бағдарламасын әзірлеу

18. Қазақ тілінде оқу үш бағыт бойынша құрылған:

- 1) 1-бағыт: Тыңдалым және айтылым
- 2) 2-бағыт: Оқылым
- 3) 3-бағыт: Жазылым.

19. Пәннің мазмұны, білім және түсінік тілдік бағыттар (бөлімдер) бойынша ұйымдастырылған. Бағыттар кіші бағыттарға (бөлімдер) бөлінген, оларда сынып бойынша оқу мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде берілген: дағды немесе білік, білім немесе түсінік. Әрбір кіші бағыт ішінде тізбектеліп ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге жоспарлауға және бағалауға, оқушылармен алдағы қадамдары туралы ойларымен бөлісуіне мүмкіндік береді.

20. "Тыңдалым және айтылым" бағыты (бөлімі) оқушылардың тыңдалатын материалдағы ақпаратты түсіну және жауап алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді; негізгі идеяны анықтау, күрделі талдау және астыртын ойды аша білу, сондай-ақ өздерінің естігендерін бағалай білуге қабілеттілікті қамтамасыз етеді.

21. "Оқылым" бағыты (бөлімі) оқушылардың мәтіннің мазмұны мен лексикасын ұғынуға, мәтіннің өзіндік ерекшеліктерін анықтауға, әртүрлі оқылым стратегияларын қолдануға, сондай-ақ әртүрлі мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, салыстыруына мүмкіндік береді.

22. "Жазылым" бағыты оқушылардың өздерінің жазуын жоспарлай білуіне, әртүрлі стильдер мен жанрларда жаза білулеріне; мәтіндерді салыстыруға; дұрыс грамматика мен пунктуацияны қолдана білуіне, сондай-ақ мәтінді өзгерту және түзете білу дағдыларын үйренуіне мүмкіндік береді.

23. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының әзірленуіне, 3-қосымшаға сәйкес, спиральді оқу моделі негіз болған.

24. Білім беру бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары бағыттар (бөлімдер) мен кіші бағыттарға (бөлімшелерге) біріктірілген.

25. Спиральді оқу бағдарламасының құрылымы оқу бағдарламасының оқу мақсаттары оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысында алға ілгерілеуіне орай анық көрінеді. Мысалы, "Сыныптан сыныпқа көшуде оқытудың спиральділігі" атты 4-қосымшаға сәйкес, "оқылым" бағыты бойынша оқушылар ақпаратты анағұрлым кеңейтілген түрде қайта қарап, кеңейтіп отырады.

оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
<b>1-апта. Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе</b>			
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1 Курсқа кіріспе	2
		2 Жаңартылған білім беру бағдарламасы	2
		3 Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	2
		4 Тілді дамыту	2
2	Тиімді оқыту және оқу	1 Тиімді оқыту мен оқу тәсілдері	2
		2 Белсенді оқу	2
		3 Белсенді оқу	2
		4 Оқу ортасы	2
3	Бағалау	1 Бағалау қағидаттары	2
		2 Критериалды бағалау моделі	2
		3 Қалыптастырушы бағалау	2
		4 Ішкі жиынтық бағалау, нәтижелерді жариялау, критериалды бағалауға дайындық және материалдарын шолу	2
4	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау және ресурстар	1 Жаңартылған білім беру бағдарламасы: оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары	2
		2 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		3 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		4 Ресурстар	2
5	Тілдік білім мен дағдыларды дамытудың маңызы	1 Тілдік дағдыларды дамытудың маңызы	2
		2 Тілдік дағдыларға тән ерекшеліктер	2
		3 Тілдік дағдылардың маңыздылығына өзгелердің көзін жеткізу	2
		4 Оқушыларды қолдау	2
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
<b>2-апта. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер</b>			
6	Түсіну дағдылары және әдіс-тәсілдері. Тыңдалым дағдылары	1 Тиімді тыңдалымның анықтамасы Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
		2 Тиімді тыңдалым әдіс-тәсілдері	2
		3 Тыңдалым жаттығуларын әзірлеу Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2
		4 Тыңдалым жаттығуларын көрсету	

		Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу	2
7	Түсіну дағдылары және әдіс-тәсілдері. Айтылым дағдылары	1 Сөйлеу дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері	2
		2 Сөйлеу дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		3 Айтылым жаттығуларын әзірлеу	2
		4 Айтылым жаттығуларын көрсету Бағамдауға арналған жаттығу: Оқыту дағдылары	2
8	Түсіну дағдылары және әдіс-тәсілдері. Оқылым дағдылары	1 Белсенді оқылым әдіс-тәсілдері Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		2 Белсенді оқылым әдіс-тәсілдері: проблема шешу	2
		3 Оқылым жаттығуларын әзірлеу Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2
		4 Оқылым жаттығуларын көрсету Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
9	Түсіну дағдылары және әдіс-тәсілдері. Жазылым дағдылары	1 Жазылым дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		2 Жазылым жаттығуларын саралау	2
		3 Сараланған жазылым жаттығуларын әзірлеу Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2
		4 Сараланған жазылым жаттығуларын көрсету Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
10	Оқушы жұмысының сапасын жетілдіруге арналған жаттығулар	1 Жұмысты жетілдіруге көмектесу үшін сөздік қорды байыту жолдары	2
		2 Өзара түзетуді бағалау Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3 Оқушы жұмысының сапасын жетілдіру жаттығуларын әзірлеу	2
		4 Оқушы жұмысының сапасын жетілдіру жаттығуларын көрсету Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
<b>Күн</b>	<b>Күн тақырыбы</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
<b>3-апта. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер</b>			
<b>Алға ілгерілеуді бағалау және келесі қадам туралы ойлану</b>			
11	Зерттеу дағдыларын дамыту	1 Графикалық органайзерлерді табу, әзірлеу және қолдану	2
		2 Зерттеу дағдыларын қалыптастыру	2
		3 Зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығуларды әзірлеу Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2

		4 Зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығуларды көрсету Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
12	Мәтін түзу және өзгерту	1 Қолдау көрсету және күрделендіру мақсатында мәтінді түрлендіру Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
		2 Тиімді сұрақ-жауап	2
		3 Мәтін құруға арналған жазылым құрылымдарын әзірлеу Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2
		4 Мәтін құруға арналған жазылым құрылымдарын көрсету	2
13	Алға ілгерілеу және үлгерім	1 Табыс критерийлерін белгілеу Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2 Табыс критерийлерін белгілеу	2
		3 Бағалау жөніндегі нұсқаулық және табыс критерийі Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		4 Бағалау жөніндегі нұсқаулық және табыс критерийін көрсету Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
14	Тіл сабақтарын жоспарлау	1 Сабақ жоспарларын әзірлеу	2
		2 Сабақ жоспарларын әзірлеу Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2
		3 Сабақ жоспарларын көрсету	2
		4 Сабақ жоспарларын тексеру Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу	2
15	Алға ілгерілеу мен ойлауды бағамдау	1 Ықшамсабақ жаттығуларын жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2
		2 Ықшамсабақ	2
		3 Ықшамсабақ Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу	2
		4 Ықшамсабақты көрсету Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау	2
<b>Күн</b>	<b>Күн тақырыбы</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
<b>4-апта. Мектепте сабақ беруге дайындық</b>			
16	Материалдарға шолу жасау	1 Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарын шолу Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
		2 Материалдар мен жаттығуларды шолу	2
		3 Материалдар мен жаттығуларды шолу	2
		4 Оқу жоспарындағы бір тақырып бойынша орта мерзімді жоспар әзірлеу	2



		Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	
17	Мектептегі сабақтарды жоспарлау (1)	1 Оқу жоспарындағы 1-аптаның сабақтарын жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2
		2 Оқу жоспарындағы 2 және 3-апталардың сабақтарын жоспарлау	2
		3 Оқу жоспарындағы 2 және 3-апталардың сабақтарын жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		4 Өзара және өзін-өзі бағамдау Бағамдауға арналған жаттығу: Оқыту дағдылары	2
18	Мектептегі сабақтарды жоспарлау (2)	1 Оқу жоспарындағы 4 және 5-апталардың сабақтарын жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
		2 Оқу жоспарындағы 6 және 7-апталардың сабақтарын жоспарлау	2
		3 Оқу жоспарындағы 6 және 7-апталардың сабақтарын жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		4 Өзара және өзін-өзі бағамдау Бағамдауға арналған жаттығу: Оқыту дағдылары	2
19	Мектептегі сабақтарды жоспарлау (3)	1 Оқу жоспарындағы 8-аптаның сабақтарын жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		2 Критериалды бағалау Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		3 Өзара бағалау Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		4 Өзін-өзі бағамдау Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
20	Сыныпта білім беру бағдарламасын іске асыруға дайындық	1 Түзету Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
		2 Ширату және бүкіл топ орындайтын жаттығуларды әзірлеу және қолдану Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		3 Оқушылардың алға ілгерілеуін тексеру Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		4 Сабақ жоспарларын бағамдауға мүмкіндік беру	2
1 академиялық сағат – 45 минут. Барлығы – 160 академиялық сағат.			

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

### Дэвид Колбтың оқу циклі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

### Джером Брунердің спиральді оқу моделі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ;		

2) бейнелік суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу); 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	(1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.
--	--	---

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде казак тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Сыныптан сыныпқа көшуде оқытудың спиральділігі

5 - сынып	Мәтінді оқу және негізгі ақпаратты түсіну, мәтін бөлімтерін анықтау
6 - сынып	Негізгі және қосымша, таныс және бейтаныс ақпаратты анықтау
7 - сынып	Мәтінді оқу және негізгі ақпарат пен оның детальдарын түсіну, мәтіндегі негізгі және жасырын ақпаратты анықтай білу
8 - сынып	Мәтіндегі негізгі қорытындыларды түсіну және таныстыру, нақты көзқарасты растау
10 - сынып	Нақты көзқарасты растау үшін негізгі қорытындыларды іздеу мақсатында мәтінді оқу
11 - сынып	Түрлі жанр мен тақырыптарда жазылған күрделі мәтіндерді түсіну

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 2-қосымша

## Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша педагогика

кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту және қайта құру мақсатында жүргізіледі.

2. Бұл Бағдарлама орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәнінің білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәнінің мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## **2. Бағдарламаға шолу**

### 5. Бағдарламаның мақсаты

Орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

### 6. Бағдарламаның міндеттері

1) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен, мақсаттарымен және міндеттерімен таныстыру;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

### 7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мазмұнын, мақсаттарын және міндеттерін біледі және түсінеді;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

4) орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға "Оқу жоспары" 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.

#### 4. Пәнге шолу

13. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі және орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі бойынша жаңартылған білім беру бағдарламаларын әзірлеуде екі тілге арналған оқу жоспарлары ұқсас, барабар. Бұл тілді оқыту үдерісін айрықшалауға, жекелеуге жол бермейді.

14. Жаңартылған барлық құжаттардың жалпы құрылымы оқытуда басқа оқу бағдарламаларымен танысуға ықпал етеді. Сонымен қатар, жаңартылған оқу бағдарламалары оқытудың бір тілден екінші тілге көшуіне көмектесе отырып бар құзыреттіліктерін кеңейтеді (мысалы, мәтінді оқи білу). Төменде "тілдік жүйелілік" мақсатында жасалған жаңартылған оқу жоспарынан табуға болатын сипаттамалар берілген:

- 1) тілді оқу мақсатының ауқымын нақты айқындау;
- 2) тілді оқыту (тілдік қызмет түрлерінің атауы) мен сипаттауда (тұжырымдамалар мен жіктелімі) қолданылатын терминдерді біршама реттеу;
- 3) бағалау әдістерін реттеу ("Еуропадағы тілдік білім беру саясатын дамыту бойынша нұсқаулықтан").

15. Ана тілін оқыту немесе өзге тілді оқыту ұқсас білім беру үдерістеріне негізделеді: бір ғана айырмашылық – білім беру жағдайлары және оқушылардың қалыптасқан дағдылары жаңа тілді қабылдауды қалай қалыптастыратыны болып табылады.

16. Екінші тілді меңгеру үдерісінде тілдік қабілетті сипаттауда, осы Бағдарламаға 3-қосымшаға сәйкес, Шет тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық критерийлері қолданылады. Іс-әрекеттердің ретін анықтау мақсатында оқыту мен бағалау үдерісінде критерийлер қолданылады, бұл тәжірибенің жүйелілігін қамтамасыз етеді.

17. Бұл Бағдарламаның негізгі қағидаты қарым-қатынас тәсілі арқылы тілді оқыту мен оқу нысандары мен әдістерін кеңейту болып табылады.

18. Орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқыту барысында оқушылар:

- 1) қазақ тілінің әлеуметтік функциясымен танысады;
- 2) тілдік мәдениеттің әлеуметтік мәнін түсінеді;
- 3) әдеби тілдің тілдік және грамматикалық нормаларын үйренеді, сонымен бірге лексикалық бірлікті дұрыс жазуды және дыбыстауды үйренеді;
- 4) өз пікірін еркін, анық және түсінікті жеткізіп үйренеді (ауызша да, жазбаша нысанда да);
- 5) нақты жағдайларда қарым-қатынас жасау дағдыларын қолдана алады.

#### 5. Оқу бағдарламасын әзірлеу

19. Пән бойынша білім мен дағдылар оқу бағыттары бойынша ұйымдастырылған. Одан әрі бағыттар кіші бағыттарға бөлінеді, олар дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейінде орналастырылған. Оқу кезеңдеріне қатысты оқудан күтілетін нәтижелер бойынша кіші бағыттар пәннің оқу мақсатын құрайды. Оқу мақсаттары әрбір кіші бағыт шеңберіндегі алға ілгерілеуді көрсетеді. Бұл мұғалімдерге оқудың алдыңғы кезеңдері мен орындалуы қажетті тапсырмалар туралы оқушыларды хабардар ете отырып, оқытуды жоспарлауға және бағалауға мүмкіндік береді:

- 1) 1-бағыт: Тыңдалым;
- 2) 2-бағыт: Айтылым;
- 3) 3-бағыт: Оқылым;
- 4) 4-бағыт: Жазылым.

20. Одан әрі негізгі бағыттардағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіндегі бөлімдерге бөлінеді. Бөлімдер санат бойынша бөлінісін білдіріп, оқу мақсаттарын айқындайды. Оқу мақсаттары әрбір бағыт бойынша ілгерілеуді білдіріп, мұғалімдердің жоспарлауына және бағалауына, оқушылармен алдағы қадамдары туралы ойларымен бөлісуіне мүмкіндік береді.

21. Тыңдалым ауызша хабарламаларды, сөздер мен мәтіндердің мағынасын түсінуді, алдын ала бағалауды және ақпараттың негізгі және маңызды сәттерін анықтау мен әдеби нормаларды өзектендіруді қамтиды.

22. Айтылым сөздік қорды қолдануды, әңгімелеуді және тыңдалған немесе оқылған мәтінді сараптауды, ауызша өтініштерді құрастыру мен бағалауды және аудиобейне материалдар үшін негізделген дәлелдерді қамтиды.

23. Оқылым арқылы оқушылар мәтінді және оқу стратегиясының типтерін түсінуге, негізгі ойды анықтауға, негізгі ойды және мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауды, оқылған мәтін негізінде сұрақтар құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндердің салыстырмалы сараптамасын қолдануды үйренеді.

24. Жазылым сипаттау құралдарын, материалдарды оқу мен аудиобейне материалдарды, грамматикалық және сөздік нормаларды, орфографиялық қағидаттар мен пунктуациялық нормаларды және шығармашылықты қолдана отырып әртүрлі стильдегі және типтегі мәтіндерді құруды қарастырады.

25. Білім беру бағдарламасының негізіне алынған маңызды қағидат, осы Бағдарламаға 4-қосымшаға сәйкес, спиральді оқу үлгісі болып табылады. Спираль тәрізділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады:

- 1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат қайталанып бекітіліп отырады;

2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

3) оқушылар бұрын алған білімдерін курстың мақсатына жетуде жетістіктерге қол жеткізу үшін қолдана алады.

26. Білім беру бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Білім алу кезінде сыныптан сыныпқа ауыса отырып, осы Бағдарламаға "Сыныптан сыныпқа көшуде оқытудың спиральділігі" атты 5-қосымшаға сәйкес, оқушылар өз дағдыларын барлық бағыттарда жетілдіреді.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс  
тілінде  
оқытатын мектептердің "Қазақ тілі" пәні  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттырудың білім беру бағдарламасына  
1-қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн №	Күн тақырыбы	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе			
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1 Оқытуға кіріспе	2
		2 Жаңа қазақстандық білім беру бағдарламасы	2
		3 Үштілділік саясаты	2
		4 Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	2
2	Тиімді оқыту және оқу	1 Тиімді сабақ беру мен оқытудың сипаттамалары	2
		2 Белсенді оқу	2
		3 Белсенді оқу	2
3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## **2. Бағдарламаға шолу**

### 5. Бағдарламаның мақсаты:

Ағылшын тілі пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

### 6. Бағдарламаның міндеттері:

1) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

### 7. Күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

4) мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға "Оқу жоспары" 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер орыс тілінде оқытатын мектептердегі "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.

### **4. Оқу бағдарламасын әзірлеу**

13. Ағылшын тілін оқыту тұрғысынан білім мен дағдыны қатар игеру коммуникациялық актілерді жүзеге асыру үшін әлеуметтік мәнмәтінде

қатысымның өзге де қатысушыларымен немесе өз-өзімен қарым-қатынас жасау үшін аса жеке мәнмәтінде қолдану мақсатында тілге үйрену үдерісі болып табылатын, осы Бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес, Шет тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық критерийлері шеңберінде бекітілген " жасай аламын" тәсіліне сәйкес жүзеге асырылады. Қарым-қатынас жасау актілері тілдік қызмет нысандарынан тұрады. Мұндай нысандарды төрт ауқымды санатпен сипаттауға болады, олар:

- 1) қабылдау;
- 2) өндіру;
- 3) өзара әрекеттесу;
- 4) қайта құру.

14. Пән бойынша білім мен дағды осы Бағдарламаның 4-қосымшасына сәйкес , оқу бағыттары бойынша ұйымдастырылған. Одан әрі бағыттар кіші бағыттарға бөлінеді, олар дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейінде орналастырылған. Оқу кезеңдеріне қатысты оқудан күтілетін нәтижелер бойынша кіші бағыттар пәннің оқу мақсатын құрайды. Оқу мақсаттары әрбір кіші бағыт шеңберіндегі алға ілгерілеуді көрсетеді. Бұл мұғалімдерге оқудың алдыңғы кезеңдері мен орындалуы қажетті тапсырмалар туралы оқушыларды хабардар ете отырып, оқытуды жоспарлауға және бағалауға мүмкіндік береді.

15. Ағылшын тілі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымына негіз болған маңызды қағидат осы Бағдарламаның "Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі" атты 5-қосымшасында келтірілген спиральді оқу бағдарламасының тұжырымдамасы болып табылады. Білім беру бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "  
Ағылшын тілі"

пәні бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе және бағдарлама шеңберінде қолданылатын терминдермен таныстыру			
		1 Курсқа кіріспе	2
		2 Жаңартылған білім беру бағдарламасы	2

1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	3 Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	2
		4 Тілді дамыту	2
2	Тиімді оқыту мен оқу	1 Тиімді оқыту мен оқудың сипаттамалары	2
		2 Белсенді оқу (1)	2
		3 Белсенді оқу (2)	2
		4 Оқу ортасы	2
3	Критериалды бағалаудың түйінді тәсілдері	1 Бағалау қағидаттары	2
		2 Критериалды бағалау моделі	2
		3 Қалыптастырушы бағалау	2
		4 Ішкі жиынтық бағалау	2
4	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау және ресурстар	1 Жаңартылған білім беру бағдарламасы: оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары	2
		2 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау (1)	2
		3 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау (2)	2
		4 Ресурстар	2
5	Тілдік білім мен дағдыларды дамытудың маңызы	1 Оқу бағдарламасы шеңберінде лексиканы оқыту мен оқу	2
		2 Оқу бағдарламасы шеңберінде мазмұн мен мәнмәтіннің рөлі	2
		3 Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамыту	2
		4 Ықшамсабақ: тұлғалық-бағдарланған қызметке шоғырлану	2

Күн	Күн тақырыбы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
2-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер			
6	Бастауыш білім берудегі тілді оқыту әдістемесі Бастауыш білім берудегі тыңдалым және айтылым дағдылары	1 Мұғалімнің тілді түрлендіруі және стратегиялар	2
		2 Модельдеу, алу, өңдеу және қайта өңдеу әдістері	2
		3 Тыңдалым дағдысы бойынша тапсырмалар мен стратегиялардың түрлері	2
		4 Оқушылардың айтылым дағдысын дамыту және оның қызметі	2
7	Ерте жастан сауаттылыққа үйретудің әдіс-тәсілдері Бастауыш білім берудегі оқылым және жазылым дағдылары	1 Ағылшын тілінің негізгі қағидаттары туралы ақпарат беру	2
		2 Жазылым дағдысы, дұрыс жазу емлесі және мәтіннің мағынасын ажырату - оқушылардың оқуында кездесетін ықтимал қиындықтардың бірі	2
		3 Баланы ерте жастан оқуға үйрету қызметінің түрлері	2

		4 Баланы ерте жастан жазуға үйрету қызметінің түрлері	2
8	Бастауыш білім беруде оқу үдерісін басқару сипаттамалары	1 Сыныпта тілге қатысты қойылатын сұрақтардың түрлері және түзету әдістері	2
		2 Әңгіме әдісін қолдану	2
		3 Шығармашылық қызметті дамыту және көрсету	2
		4 Пәнаралық оқыту	2
9	Мұғалімнің тіл туралы түсінігін дамыту және орта сыныптарда ағылшын тілін тәжірибелік тұрғыдан меңгерту стратегияларын модельдеу	1 Оқу бағдарламасы бойынша тілдік дағдылар және оқудың мақсаты мен міндеттері	2
		2 Грамматика мен лексиканы оқыту: таныстырылым және тұжырымдаманы тексеру	2
		3 Оқушыларды оқыту әдістері: тілдік жазбалар мен қосымша анықтамалық ресурстарды пайдалану	2
		4 Тәжірибеде "жаңа" тілдік стратегияларды қолдану: мұғалімнің рөлі	2
10	Орта сыныптарда оқылым және жазылым дағдыларын дамыту стратегиялары	1 Оқығанын түсіну және оқу бағдарламасының шеңберінде дағдыларды талқылау	2
		2 Мәтінмен жұмыс істеу стратегиялары туралы оқушының түсінігін дамыту	2
		3 Жазылым дағдысының циклі: жазылым дағдысын дамыту сабақтарындағы ықшам кезеңдерді көрсету	2
		4 Оқушылардың жазбаша әрекетінің нәтижесіне қатысты кері байланыс жасау бағалау стратегиялары	2
Күн	Күн тақырыбы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
3-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер (жалғасы)			
Ілгерілеуді бағалау және рефлексия			
11	Сыныпты басқару, ықшам кезеңдердің нәтижелері, мониторинг және орта сыныптардағы тыңдалым мен айтылым дағдылары туралы пікірлер	1 Жаңартылған бағдарлама шеңберінде тыңдалым дағдыларын дамыту үлгілерін көрсету	2
		2 Тыңдалым дағдысын оқыту сабақтарының ықшам кезеңдері және тыңдалымның кіріктірілген нәтижелері	2
		3 Айтылым дағдысындағы топтық және бүкіл сыныптық қызмет түрлері	2
		4 Сыныптағы менеджмент, ауызекі сөйлеу тіліне арналған тапсырмаларға мониторинг жүргізу және кері байланыс орнату	2
		1 Кең көлемде қолданылатын ресурстардың түрлері және олардың оқу нәтижесіне ықпалы	2
		2 Пәндік-тілдік кіріктірілген оқудағы тәсілдер және пәндік-тілдік кіріктірілген оқудың әдістерін іздестіру	2

12	Ресурстарды іздестіруді дамыту, бейімдеу және бағдарлама үшін дағдыларды жете түсіну	3 Жаңартылған оқу бағдарламасы шеңберінде оқу мақсаттарына қатысты ресурстарды бағалау	2
		4 Тілді қолдануда тиісті қолдау көрсете отырып, сыныппен (әріптесімен) бірге пәнаралық байланысты көрсететін ресурсты таныстыру	2
13	Ілгерілеу және жетістіктер (сыныпты бағалау)	1 Табыс критерийлерінің сараланған және айқындалған түрлері	2
		2 Оқу мақсатының, сабақ мақсатының және табыс критерийлерінің арасындағы айырмашылықты анықтау	2
		3 Бағалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықты және табыс критерийлерін зерделеу	2
		4 Бағалау әдісін және кері байланысты пайдалану арқылы ықшамсабақты жүргізу	2
14	Тіл сабақтарын жоспарлау	1 Сабақ жоспарларының өлшемдері мен сипаттамаларына назар аудару	2
		2 Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлаудың ықшам кезеңдерін анықтау	2
		3 Оқу үшін бағалау, тұжырымдамаларды тексеру, шоғырлану, кері байланыс және жоспардағы түгел топтың қатысумен жүргізілетін талқылау	2
		4 Әріптестеріне ықшам жоспарлардың "негіздемесін" таныстыру	2
15	Оқушыларды оқу бағдарламасының мазмұнына тарту және ықшамсабаққа кіріспе	1 Оқушыларды тарту әдісі: сабақтың түйінді мәселелері, дербестендіру, "алмастырылған оқу" аралас оқыту моделі, бекіту түрлері	2
		2 Тапсырма-қойылым: өзара әрекеттесуге және ынталандыруға ықпал ету	2
		4 Ықшамсабақтың қағидаттары мен тәжірибесіне кіріспе. Көрсетілетін бейне сабақтарға шолу	2
		1 Ықшамсабақ: тізбектелген сабақтар топтамасына кіріспе	2
Күн	Күн тақырыбы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
16	Бастауыш сыныпқа арналған ресурстарға шолу Сабақтарды жоспарлау және өткізу (ықшамсабақ)	1 Бастауыш сыныптағы айтылым мен тыңдалым дағдыларына арналған материалдар мен ресурстарға шолу	2
		2 Бастауыш сыныптағы айтылым мен жазылым дағдыларын дамытуға арналған сабақтарды жоспарлау	2
		3 Ықшамсабақ: өзара бағалау және тренердің бағалауы	3,0
		1 Бастауыш сыныптағы оқылым мен жазылым дағдыларына арналған материалдарға шолу (грамматика)	2

17	Бастауыш сыныпқа арналған ресурстарға шолу Сабақтарды жоспарлау және өткізу (ықшамсабақ)	2 Оқылым мен жазылым дағдыларын дамытуға арналған сабақтарды жоспарлау	2
		3 Ықшамсабақ: өзара бағалау және тренердің бағалауы	3,0
18	Сабақтарды жоспарлау және өткізу (ықшамсабақ)	1 Оқылым мен жазылым дағдыларын дамытуға арналған материалдарға шолу және ағылшын тілін пайдалану (грамматика)	2
		2 Айтылым мен жазылым дағдыларын дамытуға арналған сабақтарды жоспарлау (грамматика)	2
		3 Ықшамсабақ: өзара бағалау және тренердің бағалауы	3,0
19	Сабақтарды жоспарлау және өткізу (ықшамсабақ)	1 Орта сыныптағы айтылым мен тыңдалым дағдыларына арналған материалдар мен ресурстарға шолу	2
		2 Оқылым мен жазылым дағдыларын дамытуға арналған сабақтарды жоспарлау	2
		3 Ықшамсабақ: өзара бағалау және тренердің бағалауы	3,0
20	Түйінді тұжырымдамаларға шолу Оқыту мен оқуды бағамдау	1 Оқу бағдарламасының құжаттамасына қатысты сұрақтар, іздеу және жауаптар	2
		2 Оқу бағдарламасының идеяларымен одан әрі кәсіби өзара байланыс орнату үшін әріптестеріне ресурстардың таныстырылымын жасау	2
		3 Курс барысында ұсынылған жаңартылған оқу бағдарламасының негізгі педагогикалық әдіс-тәсілдеріне шолу	2
		4 Оқыту мен оқуды бағалау және оқыту мен оқуды рефлексиялау үшін мүмкіндіктер туғызу	2

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ағылшын тілі" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу циклі





Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Ағылшын тілі" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Шет тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық критерийлері

Тәжірибелі қолданушы	C2	Кез келген естіген немесе оқыған хабарламаларды оңай түсінеді. Хабарламаны еске түсіре отырып, әртүрлі ауызша және жазбаша деректер арқылы ақпаратты қорытып талдай алады. Күрделі жағдайда қажетті мағыналық реңктерді айқындай отырып, ойын еркін жеткізе алады.
	C1	Әртүрлі тақырыптағы күрделі және көлемді мәтіндерді түсінеді, астарлы мағыналарын біледі. Сөз, сөз тіркестерін қолдану кезінде ешқандай кедергісіз өз ойын тез жеткізе алады. Тілді әлеуметтік, ішкі және кәсіби қызметінде шебер және тиімді қолданады. Күрделі тақырыптар бойынша нақты, құрылымдалған, жан-жақты мәтіндер құрастыруда лексикалық және грамматикалық бірлігі менгергенін көрсетеді.
	B2	Абстрактілі және нақты тақырыптардағы күрделі мәтіндердің, оның ішінде өзінің саласына қатысты техникалық мазмұндағы мәтіндерді талқылаулардың негізгі идеясын түсінеді. Өз ойын еркін жеткізе алады, тілдің өкілдерімен кедергісіз, еркін қарым-қатынас жасай алады. Әртүрлі тақырыптардағы нақты және негізгі мәселеде өз ойын анық білдіріп, әртүрлі нұсқалардың артықшылығы мен кемшілігін көрсете алады.

Тәуелсіз қолданушы	B1	Жұмыста, мектепте, демалыста және т.б. жағдайларда тұрақты түрде талқыланатын таныс тақырып стандартты хабарламалардың негізгі ойын түсінеді. Сол тілде сөйлейтін елге барғанда кездесуі көптеген жағдайларда оқым жағдайларда абыржымайды. Өзіне таныс немесе өзін қызықты тақырыптарға байланысты хабарламалар құрастыра алады. Өзінің тәжірибесін, оқиғаларды, арман сенімдерін, ұмтылысын қысқаша сипаттап, өзінің көзқарасы мен жоспарларын түсіндіре алады.
Базалық қолданушы	A2	Өмірдің негізгі салаларына байланысты жекелеген сөйлемдер мен жиі қолданылатын сөз тірк түсінеді (мысалы, өзінің жеке басына қатысты ақпарат, отбасы, сауда, жергілікті мекенжайы, ж орналасу және т.б. туралы). Қарым-қатынас барысында өзіне таныс немесе тұрмыстық тақыры қатысты тікелей ақпарат алмасуды қажет ететін қарапайым күнделікті міндеттерді шеше Қарапайым сөз тіркестерімен өзінің өмірі, өзінің жұмыс орнына қатысты, сондай-ақ өзге де тез қажет ететін мәселелерді талқылай алады.
	A1	Белгілі бір нақты бағыттағы қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған күнделікті өмірдегі таныс мен негізгі сөз тіркестерін түсінеді және қолданады. Өзін және өзге адамдарды таныстыра сондай-ақ жеке өміріне қатысты сұрақтар қойып, оларға жауап бере алады, мысалы, тұрғы мекенжайы, таныс адамдар және адамның нені меңгергендігі туралы. Егер адамдар ақырын жән сөйлесе, қарапайым деңгейде қарым-қатынас жасай алады, көмекке келуге дайындығын білдіреді.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ағылшын тілі" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Тіл бағыттары

1-бағыт: Мазмұн
<p>Бастауыш мектеп оқушылары оқу бағдарламасының әртүрлі контенттерін зерделейді, әсіресе әңгіме барысындағы қарым-қатынас пен негізгі идеяларды алмастыруға назар аударылады. Оқушылар өздерінің ойлау бейнесін айтылым дағдысы үдерісінде және басқа оқушылардың сөйлеу тілін түсіну арқылы жетілдіреді, өзімен оқитын оқушыларға деген жауапкершілікті сезінетін болады. Ағылшын тілінің мазмұнын зерделеу оқу жоспарындағы басқа да пәндерге қолданылған тұжырымдамаларды бекітуге ықпал етеді.</p> <p>Орта мектеп оқушылары академиялық пәндерді табысты зерделеуге қажетті дағдыларын жетілдіреді. Мұндай дағдыларға оқу мен талқылау арқылы мәдениетаралық түсінікті дамытудағы, ақпаратты нақты жүйелендірудегі, белгілі бір проблемаларды шешу мақсатындағы айтылым мен тыңдалым дағдыларын жатқызуға болады.</p>
2-бағыт: Тыңдалым
<p>Бастауыш мектеп оқушылары мәтін көлемінде тілдің барлық саласын қамтитын тыңдалым дағдысының түрлі нысандарымен танысатын болады – оқиғалар, әндер, тақпақтар, рөлдік ойындар, өлеңдер, жырлар және сипаттау. Бұл оларға осы салалардың өзара байланысын көруге мүмкіндік береді, қарапайым сөздерді түсінуге және нұсқаулыққа сүйене отырып, өздерінің тыңдалым дағдыларын жетілдіру шамасында өзге тілді игеруге және қабылдауға көмектеседі.</p> <p>Орта мектеп оқушылары оқу жоспарындағы әртүрлі қысқа әрі көлемді мәтіндерді және кең ауқымдағы тақырыптарды түсінуге және сезінуге үйренеді. Олар оқу жоспарында және ортақ тақырыптарда көрсетілген бірқалыпты қарқында айқын естілетін ұзақ сөздердің мәнін түсіну дағдысын жетілдіре алады.</p>
3-бағыт: Айтылым
<p>Бастауыш сынып оқушылары ағылшын тілінде топпен, жұппен әңгімелесе отырып, жалпы талқылауларға қатыса отырып, өзін бейресми және жартылай ресми жағдаяттарда елестете отырып, тілдік тәжірибеден өтеді. Олар өзінің жеке ойлары мен идеяларына талдау жасау үшін сұрақтар қою, адамдарды және</p>

заттарды сипаттау, оқиғалар туралы әңгімелеу және басқа адамдардың әңгімесін түсіну арқылы ағылшын тілінің дыбыстарын дұрыс дыбыстау дағдыларын жетілдіреді.

Орта мектеп оқушылары білімнің мәні мен мағынасын анықтау, айқындау, салыстыру және бағалау үшін жалпы және анағұрлым күрделі сұрақтар қоюға үйренеді. Олар сөйлемнің мағынасын айқын көрсету қабілеттерін дамытады, топпен және жұппен немесе бүкіл сыныппен оқу жоспарында көрсетілген тақырыптарда немесе ортақ тақырыптарда әңгімелесе отырып, пайымдауға, пікірлесуге үйренеді.

#### 4-бағыт: Оқылым

Бастауыш мектеп оқушылары ағылшын тіліндегі мәтіннің мағынасын түсінуге үйренеді және қоршаған орта мен анағұрлым кең әлеуметтік ортамен байланысты қысқа мәтіндерді жалпы және жан-жақты түсіну мақсатында оқылым дағдысын игереді.

Орта мектеп оқушылары орта көлемдегі көркем немесе басқа да бағыттағы мәтіндерді түсінеді және оларды талдау дағдыларын жетілдіреді. Олар оқу жоспарындағы тақырыптарда берілген немесе барлығына ортақ таныс тақырыптардағы мәтіндердің мағынасын түсінуді үйренеді.

#### 5-бағыт: Жазылым

Бастауыш мектеп оқушылары негізгі жазу және қолтаңбаны қалыптастыру дағдыларын игереді. Ағылшын орфографиясындағы үлгілерді қолдануға, көркем және басқа да бағыттағы қысқаша мәтіндерді жазуды үйренеді.

Орта мектеп оқушылары жоспар құру, жобаның қолжазбалық нұсқасын құру дағдыларын жетілдіреді, жиі қолданылатын лексиканың, дұрыс грамматика мен тыныс белгілерінің көмегімен мәтіндерді түзетуге үйренеді.

#### 6-бағыт: Ағылшын тілін қолдану

Бастауыш мектеп оқушылары балалардың көзқарасы тұрғысынан мағынаға ие болатындай жасырын тілдік бағыттылыққа ие мәнмәтінді талдау арқылы, ағылшын тілінің құзіретін пайдалану арқылы тәжірибе алады. Олар мағынаға және бастапқыда "тілдің бір үлесі" ретінде қабылдайтын нысандарды пайдалануға назар аударады.

Орта мектеп оқушылары жақсы лексикалық қатар мен тілдің сан алуандылығын, сонымен қатар дәлдіктің жоғары деңгейін пайдалана отырып, өз ойын білдіру дағдыларына үйренеді. Бұл кезеңнің басында оқушылардың көпшілігі абстрактілі терминдерде ойлау дағдыларын өндейді, сондықтан да олар тілді пән ретінде талдауға дайын болады. Мағына түзу және әлеуметтік өзара әрекеттесуді өңдеуге қосымша мұғалім нақты мәмәтіндегі тілге қатысты тілдік модельдер мен нұсқаулықтарды ұсынады. Оқушылар өткен шақ, осы шақ және келер шақ түрлерін, модальдық етістікті, негізгі етіс және ырықсыз етісті, тура және жанама сөздерді пайдаланады.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "  
Ағылшын тілі"  
пәні бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
5-қосымша

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;

бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.
--	--	---

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 6-қосымша

## **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) “Педагогикалық шеберлік орталығы” жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – ПШО ЖМ) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту және қайта құру мақсатында жүргізіледі.

2. Бұл Бағдарлама қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сыныптары бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

### **2. Бағдарлама шолу**

5. Бағдарламаның мақсаттары:

1) мұғалімдерді бастауыш сыныптарға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) мұғалімдердің бастауыш сыныптарға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді қалай әзірлеу керектігін түсінуін, қолдана және модельдей білуін қамтамасыз ету;

3) мұғалімдердің бастауыш сыныптарға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасынан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) жаңартылған білім беру бағдарламасы және онымен байланысты оқу жоспарлары мен критериалды бағалау туралы түсінік қалыптастыру;

2) мұғалімдердің жаңартылған оқу бағдарламасын оқыту үшін қажетті дағдыларды меңгеруін қамтамасыз ету.

7. Күтілетін нәтижелер:

Мұғалімдер:

1) білім беру бағдарламасының және онымен байланысты оқу жоспарларының құрылымын;

2) білім беру бағдарламасының мазмұны мен күрделілігінің өсу ретін;

3) білім беру бағдарламасымен және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен ресімделуін;

4) білім беру бағдарламасында қолданылатын бағалау моделін;

5) білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді біледі және түсінеді.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге бастауыш сынып пәндері бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.

13. Білім беру бағдарламалары осы Бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес, оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын Джером Брунердің спиральді оқу үлгісіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген.

14. Бастауыш сыныпқа арналған бұл оқу үлгісі мынадай мәнмәтінде түсіндіріледі және оқуға ұсынылады – оқу жоспарына сәйкестік тәсілін сипаттайтын пәннің шолуы. Бұдан кейін теория бойынша тараулар ұсынылады:

- 1) бастауыш сыныптардағы оқу жоспарының құрылымы;
- 2) бастауыш сыныптардағы педагогикалық тәсілдер;
- 3) бастауыш сыныптарда критериялды бағалауды пайдалану.

#### **4. Бағдарламаға шолу**

15. Бастауыш сыныпта оқытылатын әр пәннің мәні мен мақсаттары әр бастауыш сынып пәндерінің оқу бағдарламаларының 1.1 және 1.2-тарауларында жан-жақты сипатталған. 1-сыныпта ғана оқытылатын пәндердің оқу мақсаттары сол пәнге арналған оқу бағдарламаларында ұсынылады. Ал 2-4-сыныптарда оқытылатын пәндердің оқу мақсаттары бір оқу бағдарламасында, сол сияқты 1-4-сыныптарда оқытылатын пәндердің оқу мақсаттары бір оқу бағдарламасында қамтылатын болады. Бастауыш сыныптарда алты негізгі және 4 арнайы пән оқытылатын болғандықтан, жаңартылған білім беру бағдарламасында жан-жақты

және теңестірілген тәсіл қолданылады, олардың әрқайсысын оқыту үшін уақыт теңестіріліп бөлінген. Алайда Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы шеңберінде орыс тілі, бейнелеу өнері, музыка және ағылшын тілі пәндері қамтылмайды, бұл пәндер бойынша жеке біліктілікті арттыру курстары көзделген.

16. Әр пәнге бөлінген сағат саны тиісті оқу жоспарларында бейнеленеді, бұл оқу жоспарлары бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсы барысында пайдаланылатын болады. Жаттығулардың басым бөлігі әр оқу жоспарының 1-бөлімінен алынған:

- 1) Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі, 2-сынып, 1-бөлім;
- 2) Сауат ашу, 1-сынып, 1-бөлім;
- 3) Әдебиеттік оқу, 2-сынып, 1-бөлім;
- 4) Математика, 1-сынып, 1.1А бөлімі;
- 5) Жаратылыстану, 1-сынып, 1А бөлімі;
- 6) Дүниетану, 1-сынып, 1А бөлімі.

17. Осы Бағдарламаның "Оқудағы бағыттар" атты 4-қосымшасында көрсетілгендей, әр оқу бағдарламасының шеңберінде бірқатар оқу бағыттары көзделген.

18. Тілдік бағыттар - тыңдалым және айтылым, оқылым және жазылым. Бастауыш мектептегі тілдік пәндердің (қазақ тілі, сауат ашу және әдебиеттік оқу) оқу бағдарламаларының мақсаты – қазақ тілін үйренуге негіз қалау. Бұл әртүрлі қарым-қатынас салалары мен жағдайлары, стилистикалық ресурстар, дұрыс дыбыстау, орфографиялық және орфоэпиялық нормалар, сондай-ақ жанрлар мен стильдерді білуге қатысты құрылым мен функцияларды қамтиды. Бағдарламада әртүрлі қарым-қатынас салаларында және жағдайларда өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беретін айтылым және танымдық жаттығуларға, қарым-қатынас жасай білу қабілеті мен дағдыларына ерекше назар аударылады. Қазақ тілін оқу барысында оқушылар жалпы әлем мен адамзат туралы білім алады және тіл мен әдеби мұраның құндылығын түсінеді, соның арқасында кез-келген мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіре алады.

19. Осы Бағдарламаның "Тілдік бағыттар аспектілері" атты 5-қосымшасында көрсетілген тілдік пәндердің әрқайсысы үшін үш бағыт бірдей болып табылады: тыңдалым және айтылым, оқылым және жазылым. Алайда, бұл пәндер тілдің әртүрлі аспектілеріне бағытталғанына қарамастан, білім беру бағдарламасында, атап айтсақ болсақ, талап етілетін дағдылар бойынша ұқсастық бар. Бағдарламаның мазмұнындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтай отырып, мұғалім тиісті білім беру бағдарламаларын өзара байланыстырып, нығайтатын жаттығуларды жоспарлай алады. Мысалы, "әдебиеттік оқу"

пәніндегі мәтіндерді жазылым дағдысын дамытуға арналған мықты модель ретінде пайдалануға болады, ол орфографиялық және грамматикалық нормаларды қамтиды, сол себепті бұлар алдағы уақытта жазылым бойынша жаттығуға негіз бола алады.

20. Математика бағыты. Кішкентай балаларға бастауыш білім берудің маңызды мақсаттары мен мәселелерін шешуде пән ретінде математиканың қосатын үлесі зор. Математика тілінің негіздерін үйрену арқылы оқушылар басқа пәндер аясында, мысалы, жаратылыстануды оқу кезінде қажет болатын анағұрлым күрделі математиканы түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, математика әртүрлі мәселелерге қатысты қалай әрекет етіп, проблемаларды шешу жолдарын түсінуге көмектесе отырып, логикалық ойлау дағдыларын дамыту, арифметикалық алгоритмдерді қолдану, геометриялық құрылымдарды орындау және математикалық зерттеу жүргізу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқу мақсаттарына негізделі отырып, оқушылар сан, алгебра, геометрия және математикалық модельдеу туралы білу арқылы математиканы түсінетін болады. Математикалық талдауды орындау арқылы оқушылар өз сұрақтарына және басқа адамдардың сұрақтарына жауап беру үшін білімдерін, рәсімдерді, әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданады.

21. Жаратылыстану бағыты. Жаратылыстану пәні бойынша білім беру бағдарламасында ғылыми зерттеу жүргізу дағдылары мен біз өмір сүретін әлем туралы білімге ерекше назар аударылады. Бастауыш сыныпта жаратылыстануды зерделеу оқушыларға мынадай дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі:

- 1) зерттелетін тақырыпты тандау;
- 2) сұрақ қойып, оған жауап беру тәсілдерін табу;
- 3) зерттеу жүргізу жоспарын құру;
- 4) болжам жасау;
- 5) сұраққа жауап беру үшін зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижесінде алынған түрлі деректерді жинау, өңдеу және түсіндіру.

22. Жаратылыстану пәні бойынша білім беру бағдарламасы кіші жастағы оқушыларды жоғары сыныпқа барғанда және жоғары оқу орындарында биология, химия және физика салаларында зерттеу жүргізуге дайындайды.

23. Дүниетану бағыты. Дүниетану пәні бойынша білім беру бағдарламасы оқушылардың қиялын ояту арқылы олардың білімқұмарлығын ынталандыруды көздейді. Ол бізді қоршаған әлемде болып жатқан үдерістерді тарихи, географиялық және әлеуметтік тұрғыдан түсінудің маңызды бөлігі болып табылатын фактіге негізделген білімді және ақпараттық контентті дамытуға бағытталған. Білім беру бағдарламасы Қазақстандағы адамдардың әлеуметтік, моральдық, шығармашылық және қарым-қатынас тәжірибесін бейнелейді. Ол



гуманитарлық ғылымдар мен әлеуметтік ғылымдарды шынайы өмір жағдайында зерделеуге жол аша отырып, оқушыларға өзінің оқу үдерісін бақылауға мүмкіндік береді. Зерттеуге негізделген оқу стратегияларын пайдалану арқылы оқушылар ақпаратты жинап, талдап, ұсынатын алады, бұл оларға белсенді азаматтық ұстанымы бар адам болып өсуге көмектеседі.

24. Бастауыш сыныптың арнайы пәндері бағыты. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы шеңберінде орыс тілі, бейнелеу өнері, музыка және ағылшын тілі пәндері қамтылмайды, бұл пәндер бойынша жеке біліктілікті арттыру курстары көзделген.

## **5. Оқу бағдарламасын әзірлеу**

25. Барлық пәндердің бағыттары өз ішінде кіші бағыттарға бөлінеді, олар дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіне қарай жіктеледі. Кіші бағыттар сынып деңгейінде күтілетін нәтижелерді білдірген кезде оқу мақсаттары болып саналады. Осындай оқу мақсаттары оқушыларға оларға алда еңсеруге тура келетін белестерді белгілеп, мұғалімдерге жоспарлауға және бағалауға мүмкіндік бере отырып, әр кіші бағыттың аясындағы алға ілгерілеуді көрсетеді.

26. Оқушылар алға ілгерілеу шамасына қарай бір сыныптан келесі сыныпқа ауысқан сайын бұл тақырыптарды анағұрлым тереңірек түсінеді және онымен байланысты тиісті тұжырымдамаларды қолдануға мүмкіндік алады. Осы Бағдарламаның "Білік пен дағдылардың өсу реті" атты 6-қосымшасына сәйкес, бастауыш сыныптарға арналған математика пәні бойынша спиральді білім беру бағдарламасындағы ілгерілеуді оңай көруге болады, айталық оқушылар қосу және алу тұжырымдамаларының негізінде өткенді қайталайды және жаңа білім қалыптастырады.

27. Оқушылардың бойында өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бастауыш сыныпқа арналған пәндердің шеңберінде мұғалімдер әрбір оқу жылында нені оқыту керектігін және оқу сапасы қандай болу керектігін анық білгені абзал. Оқушылардың, сондай-ақ мұғалімдер мен мектептердің әралуандығын қамту үшін бастауыш сыныпқа арналған білім беру бағдарламасы айтарлықтай икемді. Туған тілі қазақ тілі болып табылатын оқушыларға арнап бай, құнарлы тілдік орта ұсына отырып, білім беру бағдарламасы мұғалімдердің тіл саласында туындап қалуы мүмкін проблемалар туралы барынша хабардар болуын қамтамасыз етуге тиіс. Оқушылар әртүрлі пәндердің шеңберінде қолдануға болатын білім алып, дағдылары мен мінез-құлқын қалыптастырады, бұл оқушыларға мектептен тыс өмірде қолдануға болатын дағдыларды меңгеруге

көмектеседі. Осындай дағдыларға сауаттылық, математикалық ойлау қабілеті, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау кіреді, бірақ бұл тізім бұлармен шектелмейді.

28. Бір пәнді бөліп-бөліп оқыту маңызды болып табылатынына қарамастан, пәнаралық байланыс жаттығулары пәндерді анағұрлым сапалы зерделеуге мүмкіндік береді. Білімдерді ықпалдастыру оқу үдесірін оқушы үшін анағұрлым байланысқан және маңызды етуге бағытталған.

## **6. Бастауыш сыныптардағы критериалды бағалау**

29. Оқушылардың бастауыш сынып пәндері бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқытудың бір бөлігі ретінде күнде қолданылады. Ішкі жиынтық бағалау оқу жылы бойында белгілі бір уақыт аралығында өткізіледі (1 және 2-сыныптарды ескермегенде). 1-сынып оқушыларының жасы мен ерекшеліктерін ескере отырып, осы кезеңде ішкі жиынтық бағалау жүргізілмейді. 1-сынып оқушыларының ілгерілеуінің барлық бағалары қалыптастырушы бағалауға негізделеді. 2-сыныпта оқу жылының соңында бір рет ішкі жиынтық бағалау өткізіледі, ол оқу жылының түгел мазмұнын қамтиды. Қосымша ақпаратты "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" құжатынан табуға болады.

30. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар);

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты қадағалау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

31. Біліктілікті арттыру курсы кезінде бастауыш сыныпта оқытылатын әрбір пәнге арналған Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жөніндегі

мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулыққа жүгіну қажет. Бұл құжаттар мұғалімдерге оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары тұрғысынан оқушылардың үлгерімінің дәлелдерін жинап, олар бойынша шешім шығаруға септігін тигізеді. Осы Бағдарламаның "Қалыптастырушы бағалау мөлшерлемесі" атты 7-қосымшасына сәйкес, бастауыш сыныпта оқыған кезде сыныптар бойынша келесі қалыптастырушы бағалау мөлшерлемесі пайдаланылады.

32. Ішкі жиынтық бағалау тоқсанды немесе сыныпты аяқтау кезінде оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың алған білімдері мен жинаған дағдыларының нәтижесін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалау нәтижелерін толықтырады. Әр тестінің құрылымы мен ұзақтығы туралы және оларды басқару әдістері туралы ақпаратты "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" әдістемелік құралынан табуға болады. Ішкі жиынтық бағалау аясындағы тестілеу сипаттамаларында сұрақтардың үлгілері мен бағалау сызбалары ұсынылған, одан мұғалімдер әртүрлі дағдылар қалай бағаланатындығын көре алады. Ішкі жиынтық бағалауды Қазақстанда Ұлттық білім академиясы енгізуде. Тест сипаттамаларында сұрақтар мен бағалау кестелерінің шаблондары қамтылған, мұғалімдер әртүрлі дағдылардың қалай бағаланатынын көре алады.

33. Осы Бағдарламаның "Жиынтық бағалау мөлшерлемесі" атты 8-қосымшасына сәйкес, бастауыш сыныпта оқыған кезде сыныптар бойынша келесі Ішкі жиынтық бағалау мөлшерлемесі пайдаланылады. Критериалды бағалау моделі және оны оқытуда қалай қолдану туралы толық ақпарат "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" әдістемелік құралында ұсынылған.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде казак  
тілінде  
оқытатын мектептердегі бастауыш сынып  
пәндері  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
1-қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе			
		Курсқа кіріспе	2
		Жаңартылған білім беру бағдарламасы	2

1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	2
		Тілді дамыту	2
2	Тиімді оқыту және оқу	Тиімді оқыту мен оқудың тәсілдері	2
		Белсенді оқу	2
		Белсенді оқу	2
		Оқу ортасы	2
3	Критериалды бағалауға арналған негізгі тәсілдер	Бағалау қағидаттары	2
		Критериалды бағалау моделі	2
		Қалыптастырушы бағалау	2
		Ішкі жиынтық бағалау, Нәтижелерді жариялау, Критериалды бағалауға дайындық және Критериалды бағалау материалдарын шолу	2
4	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау	Бастауыш сараптарға арналған білім беру бағдарламасына шолу	2
		Жаңартылған білім беру бағдарламасы: оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары	2
		Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
5	Дүниетану	Дүниетану пәні бойынша білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	2
		Дүниетану бойынша қажет құжаттама	2
		Дүниетану пәніндегі зерттеуге негізделген оқу	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; пән бойынша педагогикалық білім	2
2-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
2-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер			
6	Математика (1)	Математика пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	2
		Ресурстар - Сандар және алгебра	2
		Ресурстар - Геометрия және математикалық модельдеу	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
7	Математика (2)	Проблемаларды шешу	2
		Математика пәні бойынша оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру	2
		Математикадағы критериалды бағалау	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
8	Жоспарлау	Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы сабақты жоспарлау	2
		Математика сабағын жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау, оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру, пән бойынша педагогикалық білім	2

		Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау, оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру, пән бойынша педагогикалық білім	2
		Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау, оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру, пән бойынша педагогикалық білім	2
9	1-сынып. Сауат ашу	Сауат ашу бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	2
		Айтылым және тыңдалым: белсенді оқу	2
		Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым	2
		2-5-сыныптарға арналған тілді оқыту жөніндегі білім беру бағдарламасындағы ілгерілеу	2
10	2-5-сыныптарға арналған қазақ тілі және әдебиеттік оқу (1)	Қазақ тілі және әдебиеттік оқу бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын салыстыру	2
		Қазақ тілі бойынша білім беру бағдарламасындағы тиімді оқу	2
		Әдебиеттік оқу – Айтылым және тыңдалым	2
		Әдебиеттік оқу – Оқылым және жазылым	2
3-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
3-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер Алға ілгерілеуді бағалау және келесі қадам туралы ойлану			
11	2-5-сыныптарға арналған қазақ тілі және әдебиеттік оқу (2)	Қазақ тілі және әдебиеттік оқу сабақтарын жоспарлау	2
		Ықшамсабақ жаттығуын жоспарлау	
		Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және пән бойынша педагогикалық білім	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және пән бойынша педагогикалық білім	2
12	Жаратылыстану (1)	Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және пән бойынша педагогикалық білім	2
		Жаратылыстану бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	2
		Жаратылыстанудағы белсенді оқу жаттығулары	2
		Жаратылыстанудағы белсенді оқу жаттығулары	2
13	Жаратылыстану (2)	Жаттығуларды жоспарлау	2
		Ғылыми-зерттеу дағдыларын үйрету	2
		Тәжірибелік жаттығуларды ресурспен қамтамасыз ету	2
		Ғылыми-зерттеу дағдыларын бағалау	2
14	Жаратылыстану (3)	Ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды жоспарлау	2
		Жаратылыстану сабағының моделі	2
		Жаратылыстану сабағын жоспарлау	2
		Жаратылыстану сабағын жоспарлау	2
		Ықшамсабақты жоспарлау	2
		Мұғалімдерге арналған ықшамсабақ құндылығы	2

15	Ықшамсабақ	Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім (өзге критерийлерді тексеру)	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім (өзге критерийлерді тексеру)	2
		Біліктілікті арттыру курсына шолу жасау	2

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде казак тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу циклі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде казак тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына  
4-қосымша

## Оқу бағыттары

Бағыт	Қазақ тілі	Сауат ашу	Әдебиеттік оқу	Математика	Жаратылыстану	Дүниетану
1	Тыңдалым және айтылым	Тыңдалым және айтылым	Тыңдалым және айтылым	Сандар	Ғылыми зерттеу дағдылары	Абстрактілі ойлау дағдылары
2	Оқылым	Оқылым	Оқылым	Алгебра	Өсімдіктер	Тарихты білу және түсіну
3	Жазылым	Жазылым	Жазылым	Геометрия	Жануарлар	Тарихты білу және түсіну
4				Математикалық модельдеу	Адамдар	Қоғамды білу және түсіну
5					Материалдар және олардың қасиеттері	
6					Ғарыш	
7					Күш және қозғалыс	
8					Физикалық құбылыстар	

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ

тілінде  
оқытатын мектептердегі бастауыш сынып  
пәндері  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
5-қосымша

## Әрбір тілдік бағыт үшін талап етілетін мазмұн, білім мен дағдылар

Бағыт	Сауат ашу	Қазақ тілі	Әдебиеттік оқу
	Тек 1-сынып	2-5-сыныптар	2-5-сыныптар
Жалпы анықтамасы / неге назар аударады	<p>“Сауат ашу білім беру бағдарламасындағы аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. Жалпы білімнің негізін қалыптастырады”. (1.1-тараудан алынды)</p> <p>Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды)</p> <p>Әңгімелер мен қиялын пайдалана отырып, оқуға деген қызығушылығын ояту;</p> <p>Кез келген пәнді оқу үшін қажетті дағдыларды дамыту: ойлау/тыңдау, есте сақтау, елестету/шығармашылық, сондай-ақ оқылым және жазылым.</p>	<p>“Қазақ тілі білім беру бағдарламасындағы аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. Жалпы білімнің негізін қалыптастырады”.</p> <p>"Қазақ тілі - барлық мектеп пәндерінің тілі. Сондықтан басқа пәндерді түсінуі қазақ тілін білу деңгейіне тәуелді".</p> <p>(1.1-тараудан алынды)</p> <p>Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды)</p> <p>тілді, оның құрылымы мен функциясын түсінуді қалыптастыру; тіл дағдылары, соның ішінде сөйлеу мәнері, дұрыс дыбыстау, орфография, грамматика және лексика;</p> <p>... және жоғарыда айтылғандардың барлығы арқылы өз тілін құрметтеу, өз елін мақтан ету, басқаларға төзімділікпен қарау және оқушылардың кез-келген қоғамда өзін еркін ұстай білуі.</p>	<p>“Әдебиеттік оқу – оқушыларға қиялы мен тілін дамытуға, сөз өнерін түсінуге, әдеби және эстетикалық, сондай-ақ адамзат құндылықтарын түсінуге, олардың тілдік дағдылары мен оқылым дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін жалғыз пән. Ол түсініп оқу және сауатты сөйлеу, тәуелсіз сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырып, оқушының тұлға ретінде дамуына көмектеседі".</p> <p>(1.1-тараудан алынды)</p> <p>Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды)</p> <p>Қазақстанның әдеби мұрасын, мәдениетін, адамның мінез-құлқын, қиялын түсіну үшін әдебиетті пайдалану ("оқушының рухани құндылықтарын байыту");</p> <p>Тілді дамыту үшін әдебиетті пайдалану;</p> <p>Түрлі жанрларды, олардың ерекшеліктері мен құрылымын түсіну үшін әдебиетті пайдалану;</p> <p>"Классика" болып табылатын әдеби туындылар (мысалы, ауыз әдебиеті, ұлттық және әлемдік балалар әдебиетінің үздік үлгілері) туралы білім қалыптастыру;</p> <p>Оқу мәдениетін дамыту.</p>
		Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту	



Тыңдалым және айтылым	<p>Кез-келген пәнді оқу үшін талап етілетін айтылым және тыңдалым дағдыларына назар аударады.</p> <p>1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: ақпаратты тыңдау және түсіну қабілеті; дыбыс құрылымдарын, буындарды және сөздердің айтылуын түсіну; тіл нормаларын пайдалану арқылы пікірлерді салыстыру, сұрақ қою, оқиғаларды жорамалдау және өлендерді, мақалдарды, жұмбақтарды және мәнерлеп оқу үшін тілдік және коммуникациялық дағдыларын дамыту (дауыс ырғағы, кідіріс, үнсіз тілдесу)</p>	<p>арқылы тілге назар аударады.</p> <p>2-5 сыныптарда оқушылар: ауызша ақпаратты тыңдайды және мазмұнын/ идеяны, қолданылатын ишараларды түсінеді; ауызша материалдарды және тіл қалай пайдаланылғанын бағамдайды, мысалы, басқалардың көзін жеткізу үшін; әдеби тәсілдерді пайдаланады; тиісті тіл нормаларын, әдеби тәсілдерді, құрылымдық/ визуалдық материалдарды пайдалана отырып, диалогке араласады, материалдың мазмұнын айтады, тұжырым жасайды</p>	<p>Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы әдебиетке назар аударады.</p> <p>2-5 сыныптарда оқушылар: әдеби туындыларды талқылауға қатыса отырып, оның барысында әдеби мәтіндерді қалай түсінетінін көрсете алады (идеяларды анықтау, сұрақтар қою, өз пікірін айту, үзінділердің мазмұнын айту, оқиғалардың қалай өрбитінін жорамалдау арқылы) сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытады (1.1-тараудан алынды) / мәтіндерді бағамдайды.</p>
Оқылым	<p>Кез-келген пәнді оқу үшін қажет негізгі оқылым дағдыларына назар аударады.</p> <p>1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: мәтіндердегі негізгі ақпаратты оқу, түсіну және салыстыру дағдылары; мәтін бойынша қарапайым сұрақ қойып, жауап беру дағдылары; дыбыстар, олардың бірізділігі және тиісті әріптік құрылымдар туралы түсінік; түрлі оқылым тәсілдерін қолданып, мәтіннен ақпарат табу дағдылары.</p>	<p>Тілді дамыту мақсатында оқылымға назар аударады.</p> <p>2-5 сыныптарда оқушылар: бірқатар оқылым тәсілдерін пайдалана отырып, мәтінді оқиды; мәтін мазмұнын және оларда пайдаланылған тілдің түрін, стилін және құрылымын түсінеді; мәтінде синтаксистік және лексикалық бірліктердің қалай қолданылғанын түсінеді; оқылған мәтінді талдайды, салыстырады және үзінді ала алады.</p>	<p>Әдебиет туралы және тіл қалай пайдаланылатыны туралы білім алу мақсатында оқылымға назар аударады.</p> <p>2-5 сыныптарда оқушылар: мәтіннің жанры, құрылымы және балама әдеби түрлері арасындағы айырмашылықты тани отырып, бірқатар әдеби туындыларды оқиды және түсінеді; бірқатар оқылым тәсілдерін құрады және мәтіннен қажетті ақпаратты алу үшін оларды пайдаланады; оқылым арқылы сипаттау және сезімін білдіру үшін пайдаланылатын тіл бірліктері туралы білімін тереңдетеді.</p>
		Жазылым дағдыларын (құрылымы,	

Жазылым	<p>Кез-келген пәнді оқу үшін қажет негізгі жазылым дағдыларына назар аударады.</p> <p>1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: негізгі жазылым дағдылары: қаламды ұстаудан бастап қарапайым сөйлемдерді ұқыптап жазу, тақырыптарды, сөздерді, графиктерді/ диаграммаларды, кішкентай және бас әріптерді пайдалануға дейін)</p> <p>қарапайым тыныс белгілерін (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі), орфографиялық және грамматикалық ережелерді пайдалану дағдылары</p>	<p>грамматика, тыныс белгілері) дамытуға назар аударады.</p> <p>2-5 сыныптарда оқушылар: тиісті лексика мен таныстырылым тәсілдерін пайдалана отырып, мәтіндердің әралуан түрлері мен стильдерін құрылымдайды (жоспарлайды) және жазады;</p> <p>шығармашылық жұмыс үшін және естіген немесе оқыған материалды қорыту үшін жазылым дағдыларын пайдаланады; мәтіндерді салыстырады; орфографиялық, грамматикалық және тыныс белгілері ережелерін қолданады;</p> <p>мәтіндерді дұрыстау және түзету үшін тіл туралы білімін пайдаланады.</p>	<p>Шығармашылық жұмысқа назар аударады.</p> <p>2-5 сыныптарда оқушылар: шығармашылық жұмыс жазуда өзінің әдебиет бойынша білімін пайдаланады және әдеби туындыларын басқа нысанда, мысалы, сурет, анимация түрінде ұсынады;</p> <p>Өз жұмысын дұрыстау және түзету үшін өзінің тіл туралы білімін пайдаланады.</p>
---------	---	---	--

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде казак тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына б-қосымша

## Білік мен дағдылардың өсу реті

1-сынып	Қосу және алу элементтерін білу
2-сынып	Оқыған және жазған кезде қосу және алу элементтерінің атауларын пайдалану
3-сынып	Көп таңбалы сандарды жазбаша қосу және алу (ондықтарды ауыстыру арқылы)
4-сынып	Оқыған және жазған кезде қосу, алу, көбейту және бөлу элементтерінің атауларын пайдалану
5-сынып	Аралас сандарды теріс бөлшектерге және кері ауыстыра білу, бөлшектерді қоса және ала білу.

Қазақстан Республикасында орта білім

мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ  
тілінде  
оқытатын мектептердегі бастауыш сынып  
пәндері  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
7-қосымша

## Қалыптастырушы бағалау мөлшерлемесі

Бастауыш сынып	Қалыптастырушы бағалау
1	100%
2	75%
3	50%
4	50%

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ  
тілінде  
оқытатын мектептердегі бастауыш сынып  
пәндері  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
8-қосымша

## Ішкі жиынтық бағалау мөлшерлемесі

Бастауыш сынып	Ішкі жиынтық бағалау
1	0%
2	25%
3	50%
4	50%

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 7-қосымша

**Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде  
орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша  
педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру  
бағдарламасы**

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) “Педагогикалық шеберлік орталығы” жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – ПШО ЖМ) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту және қайта құру мақсатында жүргізіледі.

2. Бұл Бағдарлама орыс тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сыныптары бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты орыс тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## **2. Бағдарлама шолу**

5. Бағдарламаның мақсаттары:

1) Мұғалімдерді бастауыш сыныптарға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) Мұғалімдердің бастауыш сыныптарға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді қалай әзірлеу керектігін түсінуін, қолдана және модельдей білуін қамтамасыз ету;

3) Мұғалімдердің бастауыш сыныптарға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасынан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) жаңартылған білім беру бағдарламасы және онымен байланысты оқу жоспарлары мен критериалды бағалау туралы түсінік қалыптастыру;

2) мұғалімдердің жаңартылған оқу бағдарламасын оқыту үшін қажетті дағдыларды меңгеруін қамтамасыз ету.

7. Күтілетін нәтижелер:

Мұғалімдер:

- 1) білім беру бағдарламасының және онымен байланысты оқу жоспарларының құрылымын;
- 2) білім беру бағдарламасының мазмұны мен күрделілігінің өсу ретін;
- 3) білім беру бағдарламасымен және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен ресімделуін;
- 4) білім беру бағдарламасында қолданылатын бағалау моделін;
- 5) білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді біледі және түсінеді.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге бастауыш сынып пәндері бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер орыс тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған

теория ("абстракттілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады

13. Білім беру бағдарламалары осы Бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес, оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын Джером Брунердің спиральді оқу үлгісіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген.

14. Бастауыш сыныпқа арналған бұл оқу үлгісі мынадай мәнмәтінде түсіндіріледі және оқуға ұсынылады – оқу жоспарына сәйкестік тәсілін сипаттайтын пәннің шолуы. Бұдан кейін теория бойынша тараулар ұсынылады:

- 1) бастауыш сыныптардағы оқу жоспарының құрылымы;
- 2) бастауыш сыныптардағы педагогикалық тәсілдер;
- 3) бастауыш сыныптарда критериалды бағалауды пайдалану.

#### **4. Бағдарламаға шолу**

15. Бастауыш сыныпта оқытылатын әр пәннің мәні мен мақсаттары әр бастауыш сынып пәндерінің оқу бағдарламаларының 1.1 және 1.2-тарауларында жан-жақты сипатталған. 1-сыныпта ғана оқытылатын пәндердің оқу мақсаттары сол пәнге арналған оқу бағдарламаларында ұсынылады. Ал 2-4-сыныптарда оқытылатын пәндердің оқу мақсаттары бір оқу бағдарламасында, сол сияқты 1-4-сыныптарда оқытылатын пәндердің оқу мақсаттары бір оқу бағдарламасында қамтылатын болады. Бастауыш сыныптарда алты негізгі және 4 арнайы пән оқытылатын болғандықтан, жаңартылған білім беру бағдарламасында жан-жақты және теңестірілген тәсіл қолданылады, олардың әрқайсысын оқыту үшін уақыт теңестіріліп бөлінген. Алайда Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы шеңберінде қазақ тілі, бейнелеу өнері, музыка және ағылшын тілі пәндері қамтылмайды, бұл пәндер бойынша жеке біліктілікті арттыру курстары көзделген.

16. Әр пәнге бөлінген сағат саны тиісті оқу жоспарларында бейнеленеді, бұл оқу жоспарлары бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсы барысында пайдаланылатын болады. Жаттығулардың басым бөлігі әр оқу жоспарының 1-бөлімінен алынған:

- 1) Орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі, 2-сынып, 1-бөлім;
- 2) Сауат ашу, 1-сынып, 1-б өлім;
- 3) Әдебиеттік оқу, 2-сынып, 1-бөлім;
- 4) Математика, 1-сынып, 1.1А б өлімі;

5) Жаратылыстану, 1-сынып, 1А б өлімі;

6) Дүниетану, 1-сынып, 1А бөлімі.

17. Осы Бағдарламаның "Оқудағы бағыттар" атты 4-қосымшасында көрсетілгендей, әр оқу бағдарламасының шеңберінде бірқатар оқу бағыттары көзделген.

18. Тілдік бағыттар - тыңдалым және айтылым, оқылым және жазылым. Бастауыш мектептегі тілдік пәндердің (орыс тілі, сауат ашу және әдебиеттік оқу) оқу бағдарламаларының мақсаты – орыс тілін үйренуге негіз қалау. Бұл әртүрлі қарым-қатынас салалары мен жағдайлары, стилистикалық ресурстар, дұрыс дыбыстау, орфографиялық және орфоэпиялық нормалар, сондай-ақ жанрлар мен стильдерді білуге қатысты құрылым мен функцияларды қамтиды. Бағдарламада әртүрлі қарым-қатынас салаларында және жағдайларда өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беретін айтылым және танымдық жаттығуларға, қарым-қатынас жасай білу қабілеті мен дағдыларына ерекше назар аударылады. Орыс тілін оқу барысында оқушылар жалпы әлем мен адамзат туралы білім алады және тіл мен әдеби мұраның құндылығын түсінеді, соның арқасында кез-келген мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіре алады.

19. Осы Бағдарламаның "Тілдік бағыттар аспектілері" атты 5-қосымшасында көрсетілген тілдік пәндердің әрқайсысы үшін үш бағыт бірдей болып табылады: тыңдалым және айтылым, оқылым және жазылым. Алайда, бұл пәндер тілдің әртүрлі аспектілеріне бағытталғанына қарамастан, білім беру бағдарламасында, атап айтсақ болсақ, талап етілетін дағдылар бойынша ұқсастық бар. Бағдарламаның мазмұнындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтай отырып, мұғалім тиісті білім беру бағдарламаларын өзара байланыстырып, нығайтатын жаттығуларды жоспарлай алады. Мысалы, "әдебиеттік оқу" пәніндегі мәтіндерді жазылым дағдысын дамытуға арналған мықты модель ретінде пайдалануға болады, ол орфографиялық және грамматикалық нормаларды қамтиды, сол себепті бұлар алдағы уақытта жазылым бойынша жаттығуға негіз бола алады.

20. Математика бағыты. Кішкентай балаларға бастауыш білім берудің маңызды мақсаттары мен мәселелерін шешуде пән ретінде математиканың қосатын үлесі зор. Математика тілінің негіздерін үйрену арқылы оқушылар басқа пәндер аясында, мысалы, жаратылыстануды оқу кезінде қажет болатын анағұрлым күрделі математиканы түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, математика әртүрлі мәселелерге қатысты қалай әрекет етіп, проблемаларды шешу жолдарын түсінуге көмектесе отырып, логикалық ойлау дағдыларын дамыту, арифметикалық алгоритмдерді қолдану, геометриялық құрылымдарды орындау және математикалық зерттеу жүргізу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқу мақсаттарына негізделі отырып, оқушылар сан, алгебра, геометрия

және математикалық модельдеу туралы білу арқылы математиканы түсінетін болады. Математикалық талдауды орындау арқылы оқушылар өз сұрақтарына және басқа адамдардың сұрақтарына жауап беру үшін білімдерін, рәсімдерді, әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданады.

21. Жаратылыстану бағыты. Жаратылыстану пәні бойынша білім беру бағдарламасында ғылыми зерттеу жүргізу дағдылары мен біз өмір сүретін әлем туралы білімге ерекше назар аударылады. Бастауыш сыныпта жаратылыстануды зерделеу оқушыларға мынадай дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі:

- 1) зерттелетін тақырыпты таңдау;
- 2) сұрақ қойып, оған жауап беру тәсілдерін табу;
- 3) зерттеу жүргізу жоспарын құру;
- 4) болжам жасау;

5) сұраққа жауап беру үшін зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижесінде алынған түрлі деректерді жинау, өңдеу және түсіндіру.

22. Жаратылыстану пәні бойынша білім беру бағдарламасы кіші жастағы оқушыларды жоғары сыныпқа барғанда және жоғары оқу орындарында биология, химия және физика салаларында зерттеу жүргізуге дайындайды.

23. Дүниетану бағыты. Дүниетану пәні бойынша білім беру бағдарламасы оқушылардың қиялын ояту арқылы олардың білімқұмарлығын ынталандыруды көздейді. Ол бізді қоршаған әлемде болып жатқан үдерістерді тарихи, географиялық және әлеуметтік тұрғыдан түсінудің маңызды бөлігі болып табылатын фактіге негізделген білімді және ақпараттық контентті дамытуға бағытталған. Білім беру бағдарламасы Қазақстандағы адамдардың әлеуметтік, моральдық, шығармашылық және қарым-қатынас тәжірибесін бейнелейді. Ол гуманитарлық ғылымдар мен әлеуметтік ғылымдарды шынайы өмір жағдайында зерделеуге жол аша отырып, оқушыларға өзінің оқу үдерісін бақылауға мүмкіндік береді. Зерттеуге негізделген оқу стратегияларын пайдалану арқылы оқушылар ақпаратты жинап, талдап, ұсынатын алады, бұл оларға белсенді азаматтық ұстанымы бар адам болып өсуге көмектеседі.

24. Бастауыш сыныптың арнайы пәндері бағыты. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы шеңберінде қазақ тілі, бейнелеу өнері, музыка және ағылшын тілі пәндері қамтылмайды, бұл пәндер бойынша жеке біліктілікті арттыру курстары көзделген.

## **5. Оқу бағдарламасын әзірлеу**



25. Барлық пәндердің бағыттары өз ішінде кіші бағыттарға бөлінеді, олар дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіне қарай жіктеледі. Кіші бағыттар сынып деңгейінде күтілетін нәтижелерді білдірген кезде оқу мақсаттары болып саналады. Осындай оқу мақсаттары оқушыларға оларға алда еңсеруге тура келетін белестерді белгілеп, мұғалімдерге жоспарлауға және бағалауға мүмкіндік бере отырып, әр кіші бағыттың аясындағы алға ілгерілеуді көрсетеді.

26. Оқушылар алға ілгерілеу шамасына қарай бір сыныптан келесі сыныпқа ауысқан сайын бұл тақырыптарды анағұрлым тереңірек түсінеді және онымен байланысты тиісті тұжырымдамаларды қолдануға мүмкіндік алады. Осы Бағдарламаның "Білік пен дағдылардың өсу реті" атты б-қосымшасына сәйкес, бастауыш сыныптарға арналған математика пәні бойынша спиральді білім беру бағдарламасындағы ілгерілеуді оңай көруге болады, айталық оқушылар қосу және алу тұжырымдамаларының негізінде өткенді қайталайды және жаңа білім қалыптастырады.

27. Оқушылардың бойында өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бастауыш сыныпқа арналған пәндердің шеңберінде мұғалімдер әрбір оқу жылында нені оқыту керектігін және оқу сапасы қандай болу керектігін анық білгені абзал. Оқушылардың, сондай-ақ мұғалімдер мен мектептердің әралуандығын қамту үшін бастауыш сыныпқа арналған білім беру бағдарламасы айтарлықтай икемді. Туған тілі орыс тілі болып табылатын оқушыларға арнап бай, құнарлы тілдік орта ұсына отырып, білім беру бағдарламасы мұғалімдердің тіл саласында туындап қалуы мүмкін проблемалар туралы барынша хабардар болуын қамтамасыз етуге тиіс. Оқушылар әртүрлі пәндердің шеңберінде қолдануға болатын білім алып, дағдылары мен мінез-құлқын қалыптастырады, бұл оқушыларға мектептен тыс өмірде қолдануға болатын дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Осындай дағдыларға сауаттылық, математикалық ойлау қабілеті, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау кіреді, бірақ бұл тізім бұлармен шектелмейді.

28. Бір пәнді бөліп-бөліп оқыту маңызды болып табылатынына қарамастан, пәнаралық байланыс жаттығулары пәндерді анағұрлым сапалы зерделеуге мүмкіндік береді. Білімдерді ықпалдастыру оқу үдесірін оқушы үшін анағұрлым байланысқан және маңызды етуге бағытталған.

## **6. Бастауыш сыныптардағы критериалды бағалау**

29. Оқушылардың бастауыш сынып пәндері бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқытудың бір бөлігі ретінде күнде

қолданылады. Ішкі жиынтық бағалау оқу жылы бойында белгілі бір уақыт аралығында өткізіледі (1 және 2-сыныптарды ескермегенде). 1-сынып оқушыларының жасы мен ерекшеліктерін ескере отырып, осы кезеңде ішкі жиынтық бағалау жүргізілмейді. 1-сынып оқушыларының ілгерілеуінің барлық бағалары қалыптастырушы бағалауға негізделеді. 2-сыныпта оқу жылының соңында бір рет ішкі жиынтық бағалау өткізіледі, ол оқу жылының түгел мазмұнын қамтиды. Қосымша ақпаратты "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" құжатынан табуға болады.

30. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар);

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты қадағалау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

31. Біліктілікті арттыру курсы кезінде бастауыш сыныпта оқытылатын әрбір пәнге арналған Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жөніндегі мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулыққа жүгіну қажет. Бұл құжаттар мұғалімдерге оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары тұрғысынан оқушылардың үлгерімінің дәлелдерін жинап, олар бойынша шешім шығаруға септігін тигізеді. Осы Бағдарламаның "Қалыптастырушы бағалау мөлшерлемесі" атты 7-қосымшасына сәйкес, бастауыш сыныпта оқыған кезде сыныптар бойынша келесі қалыптастырушы бағалау мөлшерлемесі пайдаланылады.

32. Ішкі жиынтық бағалау тоқсанды немесе сыныпты аяқтау кезінде оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың алған білімдері мен жинаған дағдыларының нәтижесін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалау нәтижелерін толықтырады. Әр тестінің құрылымы мен ұзақтығы туралы және оларды басқару әдістері туралы ақпаратты "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" әдістемелік құралынан табуға болады. Ішкі жиынтық бағалау аясындағы тестілеу сипаттамаларында сұрақтардың үлгілері мен бағалау

сызбалары ұсынылған, одан мұғалімдер әртүрлі дағдылар қалай бағаланатындығын көре алады. Ішкі жиынтық бағалауды Қазақстанда Ұлттық білім академиясы енгізуде. Тест сипаттамаларында сұрақтар мен бағалау кестелерінің шаблондары қамтылған, мұғалімдер әртүрлі дағдылардың қалай бағаланатынын көре алады.

33. Осы Бағдарламаның "Жиынтық бағалау мөлшерлемесі" атты 8-қосымшасына сәйкес, бастауыш сыныпта оқыған кезде сыныптар бойынша келесі Ішкі жиынтық бағалау мөлшерлемесі пайдаланылады. Критериалды бағалау моделі және оны оқытуда қалай қолдану туралы толық ақпарат "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" әдістемелік құралында ұсынылған.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе			
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	Курсқа кіріспе	2
		Жаңартылған білім беру бағдарламасы	2
		Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	2
		Тілді дамыту	2
2	Тиімді оқыту және оқу	Тиімді оқыту мен оқудың тәсілдері	2
		Белсенді оқу	2
		Белсенді оқу	2
		Оқу ортасы	2
3	Критериалды бағалауға арналған негізгі тәсілдер	Бағалау қағидаттары	2
		Критериалды бағалау моделі	2
		Қалыптастырушы бағалау	2
		Ішкі жиынтық бағалау, Нәтижелерді жариялау, Критериалды бағалауға дайындық және Критериалды бағалау материалдарын шолу	2
		Бастауыш сараптарға арналған білім беру бағдарламасына шолу	2

4	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау	Жаңартылған білім беру бағдарламасы: оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары	2
		Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
5	Дүниетану	Дүниетану пәні бойынша білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	2
		Дүниетану бойынша қажет құжаттама	2
		Дүниетану пәніндегі зерттеуге негізделген оқу	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; пән бойынша педагогикалық білім	2
2-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
2-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер			
6	Математика (1)	Математика пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	2
		Ресурстар - Сандар және алгебра	2
		Ресурстар - Геометрия және математикалық модельдеу	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
7	Математика (2)	Проблемаларды шешу	2
		Математика пәні бойынша оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру	2
		Математикадағы критериалды бағалау	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
8	Жоспарлау	Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы сабақты жоспарлау	2
		Математика сабағын жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау, оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру, пән бойынша педагогикалық білім	2
		Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау, оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру, пән бойынша педагогикалық білім	2
		Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау, оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру, пән бойынша педагогикалық білім	2
9	1-сынып. Сауат ашу	Сауат ашу бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	2
		Айтылым және тыңдалым: белсенді оқу	2
		Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым	2
		2-5-сыныптарға арналған тілді оқыту жөніндегі білім беру бағдарламасындағы ілгерілеу	2
10	2-5-сыныптарға арналған орыс тілі және әдебиеттік оқу (1)	Орыс тілі және әдебиеттік оқу бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын салыстыру	2
		Орыс тілі бойынша білім беру бағдарламасындағы тиімді оқу	2
		Әдебиеттік оқу – Айтылым және тыңдалым	2

		Әдебиеттік оқу – Оқылым және жазылым	2
3-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
3-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер Алға ілгерілеуді бағалау және келесі қадам туралы ойлану			
11	2-5-сыныптарға арналған орыс тілі және әдебиеттік оқу (2)	Орыс тілі және әдебиеттік оқу сабақтарын жоспарлау	2
		Ықшамсабақ жаттығуын жоспарлау	
		Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және пән бойынша педагогикалық білім	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және пән бойынша педагогикалық білім	2
12	Жаратылыстану (1)	Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және пән бойынша педагогикалық білім	2
		Жаратылыстану бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	2
		Жаратылыстанудағы белсенді оқу жаттығулары	2
		Жаратылыстанудағы белсенді оқу жаттығулары	2
13	Жаратылыстану (2)	Жаттығуларды жоспарлау	2
		Ғылыми-зерттеу дағдыларын үйрету	2
		Тәжірибелік жаттығуларды ресурспен қамтамасыз ету	2
		Ғылыми-зерттеу дағдыларын бағалау	2
14	Жаратылыстану (3)	Ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды жоспарлау	2
		Жаратылыстану сабағының моделі	2
		Жаратылыстану сабағын жоспарлау	2
		Жаратылыстану сабағын жоспарлау	2
15	Ықшамсабақ	Ықшамсабақты жоспарлау	2
		Мұғалімдерге арналған ықшамсабақ құндылығы	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім (өзге критерийлерді тексеру)	2
		Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім (өзге критерийлерді тексеру)	2
		Біліктілікті арттыру курсына шолу жасау	2

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

# Колбтың оқу циклі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
		1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;

1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу)

;

2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу)

;

3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу)

.

1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;

2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;

3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Оқу бағыттары

Бағыт	Орыс тілі	Сауат ашу	Әдебиеттік оқу	Математика	Жаратылыстану	Дүниетану
1	Тыңдалым және айтылым	Тыңдалым және айтылым	Тыңдалым және айтылым	Сандар	Ғылыми зерттеу дағдылары	Абстрактілі ойлау дағдылары
2	Оқылым	Оқылым	Оқылым	Алгебра	Өсімдіктер	Тарихты білу және түсіну
3	Жазылым	Жазылым	Жазылым	Геометрия	Жануарлар	Тарихты білу және түсіну
4				Математикалық модельдеу	Адамдар	Қоғамды білу және түсіну
5					Материалдар және олардың қасиеттері	
6					Ғарыш	
7					Күш және қозғалыс	
8					Физикалық құбылыстар	

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 5-қосымша

## Әрбір тілдік бағыт үшін талап етілетін мазмұн, білім мен дағдылар

Бағыт	Сауат ашу	Орыс тілі	Әдебиеттік оқу
	Тек 1-сынып	2-4-сыныптар	2-4-сыныптар



<p>Жалпы анықтамасы / неге назар аударады</p>	<p>“Сауат ашу білім беру бағдарламасындағы аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. Жалпы білімнің негізін қалыптастырады”. (1.1-тараудан алынды) Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды) Әңгімелер мен қиялын пайдалана отырып, оқуға деген қызығушылығын ояту; Кез келген пәнді оқу үшін қажетті дағдыларды дамыту: ойлау/ тыңдау, есте сақтау, елестету/ шығармашылық, сондай-ақ оқылым және жазылым.</p>	<p>“Орыс тілі білім беру бағдарламасындағы аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. Жалпы білімнің негізін қалыптастырады”. "Орыс тілі - барлық мектеп пәндерінің тілі. Сондықтан басқа пәндерді түсінуі орыс тілін білу деңгейіне тәуелді". (1.1-тараудан алынды) Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды) тілді, оның құрылымы мен функциясын түсінуді қалыптастыру; тіл дағдылары, соның ішінде сөйлеу мәнері, дұрыс дыбыстау, орфография, грамматика және лексика; және жоғарыда айтылғандардың барлығы арқылы өз тілін құрметтеу, өз елін мақтан ету, басқаларға төзімділікпен қарау және оқушылардың кез-келген қоғамда өзін еркін ұстай білуі.</p>	<p>дамытуға, сөз өнерін түсінуге, әдеби және эстетикалық, сондай-ақ адамзат құндылықтарын түсінуге, олардың тілдік дағдылары мен оқылым дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін жалғыз пән. Ол түсініп оқу және сауатты сөйлеу, тәуелсіз сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырып, оқушының тұлға ретінде дамуына көмектеседі". (1.1-тараудан алынды) Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды) Қазақстанның әдеби мұрасын, мәдениетін, адамның мінез-құлқын, қиялын түсіну үшін әдебиетті пайдалану ("оқушының рухани құндылықтарын байыту"); Тілді дамыту үшін әдебиетті пайдалану; Түрлі жанрларды, олардың ерекшеліктері мен құрылымын түсіну үшін әдебиетті пайдалану; "Классика" болып табылатын әдеби туындылар (мысалы, ауыз әдебиеті, ұлттық және әлемдік балалар әдебиетінің үздік үлгілері) туралы білім қалыптастыру; Оқу мәдениетін дамыту.</p>
<p>Тыңдалым және айтылым</p>	<p>Кез-келген пәнді оқу үшін талап етілетін айтылым және тыңдалым дағдыларына назар аударады. 1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: ақпаратты тыңдау және түсіну қабілеті; дыбыс құрылымдарын, буындарды және сөздердің айтылуын түсіну; тіл нормаларын пайдалану арқылы пікірлерді салыстыру, сұрақ қою, оқиғаларды жорамалдау және өлеңдерді, мақалдарды, жұмбақтарды және мәнерлеп оқу үшін тілдік және</p>	<p>Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы тілге назар аударады. 2-5 сыныптарда оқушылар: ауызша ақпаратты тыңдайды және мазмұнын/ идеяны, қолданылатын ишараларды түсінеді; ауызша материалдарды және тіл қалай пайдаланылғанын бағамдайды, мысалы, басқалардың көзін жеткізу үшін; әдеби тәсілдерді пайдаланады; тиісті тіл нормаларын, әдеби тәсілдерді, құрылымдық/ визуалдық материалдарды</p>	<p>Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы әдебиетке назар аударады. 2-5 сыныптарда оқушылар: әдеби туындыларды талқылауға қатыса отырып, оның барысында әдеби мәтіндерді қалай түсінетінін көрсете алады (идеяларды анықтау, сұрақтар қою, өз пікірін айту, үзінділердің мазмұнын айту, оқиғалардың қалай өрбитінін жорамалдау арқылы) сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытады (1.1-</p>

	коммуникациялық дағдыларын дамыту (дауыс ырғағы, кідіріс, үнсіз тілдесу)	пайдалана отырып, диалогке араласады, материалдың мазмұнын айтады, тұжырым жасайды	тараудан алынды) / мәтіндерді бағамдайды.
Оқылым	Кез-келген пәнді оқу үшін қажет негізгі оқылым дағдыларына назар аударады. 1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: мәтіндердегі негізгі ақпаратты оқу, түсіну және салыстыру дағдылары; мәтін бойынша қарапайым сұрақ қойып, жауап беру дағдылары; дыбыстар, олардың бірізділігі және тиісті әріптік құрылымдар туралы түсінік; түрлі оқылым тәсілдерін қолданып, мәтіннен ақпарат табу дағдылары.	Тілді дамыту мақсатында оқылымға назар аударады. 2-5 сыныптарда оқушылар: бірқатар оқылым тәсілдерін пайдалана отырып, мәтінді оқиды; мәтін мазмұнын және оларда пайдаланылған тілдің түрін, стилін және құрылымын түсінеді; мәтінде синтаксистік және лексикалық бірліктердің қалай қолданылғанын түсінеді; оқылған мәтінді талдайды, салыстырады және үзінді ала алады.	Әдебиет туралы және тіл қалай пайдаланылатыны туралы білім алу мақсатында оқылымға назар аударады. 2-5 сыныптарда оқушылар: мәтіннің жанры, құрылымы және балама әдеби түрлері арасындағы айырмашылықты тани отырып, бірқатар әдеби туындыларды оқиды және түсінеді; бірқатар оқылым тәсілдерін құрады және мәтіннен қажетті ақпаратты алу үшін оларды пайдаланады; оқылым арқылы сипаттау және сезімін білдіру үшін пайдаланылатын тіл бірліктері туралы білімін тереңдетеді.
Жазылым	Кез-келген пәнді оқу үшін қажет негізгі жазылым дағдыларына назар аударады. 1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: негізгі жазылым дағдылары: қаламды ұстаудан бастап қарапайым сөйлемдерді ұқыптап жазу, тақырыптарды, сөздерді, графиктерді/ диаграммаларды, кішкентай және бас әріптерді пайдалануға дейін) қарапайым тыныс белгілерін ( нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі) , орфографиялық және грамматикалық ережелерді пайдалану дағдылары	Жазылым дағдыларын ( құрылымы, грамматика, тыныс белгілері) дамытуға назар аударады. 2-5 сыныптарда оқушылар: тиісті лексика мен таныстырылым тәсілдерін пайдалана отырып, мәтіндердің әралуан түрлері мен стильдерін құрылымдайды ( жоспарлайды) және жазады; шығармашылық жұмыс үшін және естіген немесе оқыған материалды қорыту үшін жазылым дағдыларын пайдаланады; мәтіндерді салыстырады; орфографиялық, грамматикалық және тыныс белгілері ережелерін қолданады; мәтіндерді дұрыстау және түзету үшін тіл туралы білімін пайдаланады.	Шығармашылық жұмысқа назар аударады. 2-5 сыныптарда оқушылар: шығармашылық жұмыс жазуда өзінің әдебиет бойынша білімін пайдаланады және әдеби туындыларын басқа нысанда, мысалы, сурет, анимация түрінде ұсынады; Өз жұмысын дұрыстау және түзету үшін өзінің тіл туралы білімін пайдаланады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып

пәндері  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
6-қосымша

## Білік пен дағдылардың өсу реті

1-сынып	Қосу және алу элементтерін білу
2-сынып	Оқыған және жазған кезде қосу және алу элементтерінің атауларын пайдалану
3-сынып	Көп таңбалы сандарды жазбаша қосу және алу (ондықтарды ауыстыру арқылы)
4-сынып	Оқыған және жазған кезде қосу, алу, көбейту және бөлу элементтерінің атауларын пайдалану
5-сынып	Аралас сандарды теріс бөлшектерге және кері ауыстыра білу, бөлшектерді қоса және ала білу.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс  
тілінде  
оқытатын мектептердің бастауыш сынып  
пәндері  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
7-қосымша

## Қалыптастырушы бағалау мөлшерлемесі

Бастауыш сынып	Қалыптастырушы бағалау
1	100%
2	75%
3	50%
4	50%

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс  
тілінде  
оқытатын мектептердің бастауыш сынып  
пәндері  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
8-қосымша

## Ішкі жиынтық бағалау мөлшерлемесі

Бастауыш сынып	Ішкі жиынтық бағалау
1	0%
2	25%

3	50%
4	50%

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 8-қосымша

## **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) “Педагогикалық шеберлік орталығы” жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту және қайта құру мақсатында жүргізіледі.

2. Бұл Бағдарлама "Бейнелеу өнері" пәні бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты "Бейнелеу өнері" пәні мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

### **2. Бағдарламаға шолу**

5. Бағдарламаның мақсаты:

"Бейнелеу өнері" пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

4) мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге "Бейнелеу өнері" пәні бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер "Бейнелеу өнері" пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді

қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.

13. "Бейнелеу өнері" пәні бойынша 1-5 сыныптарға арналған оқу мақсаттары оқу бағдарламасында (білім беру бағдарламасының негізгі құжаты болып табылады) берілген. Ұсынылған оқу жоспары бойынша оқу әрекетінде оқушылардың осы мақсаттарына жетуіне көмектесу үшін мұғалімдерге арналған сәйкес педагогикалық әдіс-тәсілдер ұсынылады. Кіріктірілген бағалау стратегиясы оқу мақсатына жету барысында оқушының ілгерілеу үдерісінің бағытын анықтауға арналған қосымша әдіс-тәсілдерді пайдалануды болжайды.

14. "Бейнелеу өнері" пәніне арналған бұл оқу үлгісі мынадай мәнмәтінде түсіндіріледі және оқуға ұсынылады – оқу жоспарына сәйкестік тәсілін сипаттайтын пәннің шолуы. Бұдан кейін теория бойынша тараулар ұсынылады:

- 1) "Бейнелеу өнері" пәні бойынша оқу жоспарының құрылымы;
- 2) "Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагогикалық тәсілдер;
- 3) "Бейнелеу өнері" пәні бойынша критериялды бағалау.

#### **4. Бағдарламаға шолу**

15. "Бейнелеу өнері" пәнінің білім беру бағдарламасы арқылы оқушылар өз бойында осы пәннің өзіне тән білім, білік және дағдыларын дамытатын болады. Сондай-ақ, оқушылардың аталған пәнді оқу барысында игерген білім көлемі бастауыш сыныптарға арналған білім беру бағдарламасының басқа да салаларын оқытуда пайдаланылуы мүмкін. Оқушыларды түрлі көркемөнер туындыларымен таныстыру арқылы олардың бойында білімнің түрлі салалары туралы көзқарастары қалыптасады. Себебі, бейнелеу өнері ең алдымен, визуалды оқыту құралы болып табылатындықтан білім беру бағдарламасында түрлі көркемөнер туындыларының бір қатарымен өзара байланыс жасау арқылы оқушылардың білімін дамытуға және "бұл не?", "мұны қалай пайдалану керек?" сияқты сұрақтарға сәйкес түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

16. Дербестікті және қабылдау сезімін дамыту олардың қоршаған ортаны елестетуі және оны бағалауы үшін идеяларын, ойларын және сезімдерін қалыптастыру барысында оқушыларға қолдау көрсету - бейнелеу өнерін оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

17. "Бейнелеу өнері" пәнінің білім беру бағдарламасының негізгі идеясы бірегей өнер тілі арқылы шығармашылық ойлар мен әрекеттердің туындауына бағытталған оқушылардың әлеуетін дамыту болып табылады. Бейнелеу өнері мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың креативті ойлауын дамыту және түсініктерін нығайту мақсатында пәнді сындарлы зерделеуге ынталандыратын шығармашылықты дамытуға арналған мүмкіндіктерді арттыру.

18. Осы бағдарламаның "Бейнелеу өнері" пәнін оқытудағы мақсаты көркемөнерді оқытумен байланысты үдерістен көрініс табады, оның құрамына идеяларды зерттеу және әзірлеу, өнер туындыларының суретін салу және жасау, сонымен қатар, идеялармен бірге алынған нәтижелерге де шолу жасау, талдау және бағалау да кіреді. Оқушылар бұл дағдыларды суретшілердің, қолөнер шеберлерінің және дизайнерлердің жұмыстары арқылы өз жұмысын жасау үшін идеялар мен материалдардың көмегімен табиғи және жасанды зерттеу нәтижелері негізінде дамытатын болады. Өнер туралы әңгімелесу, сұрақтар қою және өзгелердің көзқарасын тыңдау арқылы оқушылар түрлі әдіс-тәсілдер, стиль және идеялар туралы білетін болады, сонымен қатар басқалардың да пікірін бағалайтын болады. Бұл үдеріс бейнелеу өнеріндегі дербес түсіндірудің маңыздылығын сезінуге, сондай-ақ, жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл әдіс оқушылардың дәйекті әрі жеке таңдау жасау қабілеттерін дамытуға, дұрыс жауапты іздестірудің орнына ұсынылған идеяларды дамытуға ықпал етеді. Білім беру бағдарламасының құрылымы аталған салаларға мейлінше үдемелі әрі таңдаулы тәсілмен 1-сыныптан 4-сыныпқа дейін оқушыларды тартуды қарастырады.

19. "Бейнелеу өнері" пәні бойынша білім беру бағдарламасының негізіне салынған педагогикалық тәсілге белсенді оқу мен эксперименттік оқу кіреді. Оқушылар материалдармен тікелей жұмыс жасай отырып, өздерінің оқуымен белсенді әрі мақсатты түрде айналысады

20. Мұғалімдер қарастырылған тақырыптардың шеңберінде тапсырмаларды таңдайды, бейімдейді, жобаларды жоспарлайды және оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтары туралы білімнің негізінде оқытады.

21. Оқушылардың қызығушылығына негізделген жұмысты жоспарлау саралауды қолдайтын "оқушылардың хабардарлығын қалыптастыратын оқуды" болжайды. Мұғалімдер жекелеген оқушылардың дамуын қадағалайды және олардың мақсатқа жетуінде қолдау көрсетеді. Оқушылар өздігінен, жұпта және топта білім алатын болады. Оқу үдерісі басқа адамдармен өзара қарым-қатынасқа

негізделген әлеуметтік қызмет болып табылады. Оқушылар өздерінің идеяларымен бөліседі, алдыңғы тәжірибеге сүйенеді, жаңа білім алады, рефлексия жасаудың әр түрлі әдістерінің көмегімен дағдылары мен қабілеттерін қалыптастырады. Өзгелермен әріптестікте болу бөлінген таным қағидатына негізделген және бір-бірімен жұмыс істеу барысында түсіндіру және болжау арқылы, әсіресе сыныптастарына сұрақтар қою барысында оқушылар өздерінің түсініктерін кеңейте алады. Оқушылар бейнелеу өнерін оқу барысында өздерінің сенімділігін және дербестігін кезең-кезеңмен дамытатын болады деп болжануда. Топта жұмыс істеу және кері байланысты жүйелі түрде ұсынумен және өзін өзі бағалаумен қатар оқытудағы бірлескен тәсіл аталған бағыт бойынша алға ілгерілеуге көмектеседі.

22. Оқушылардың "Бейнелеу өнері" пәнін оқудағы үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқытудың бір бөлігі ретінде күнде қолданылады. Мұғалімдер бағалау әдісін оқушылардың оқуын жақсартатын оқу циклінің бір бөлігі ретінде қарастырғаны маңызды болмақ. Ішкі жиынтық бағалау әр тоқсанның соңында және оқу жылының соңында оқушылардың үлгерімін бағалау үшін қолданылады.

## **5. Оқу бағдарламасын әзірлеу**

23. "Бейнелеу өнері" пәнінің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары үш бөлімге бөлінеді:

- 1) 1-б өлім: Идеяларды зерттеу және дамыту;
- 2) 2-б өлім: Жасау және дайындау;
- 3) 3-б өлім: таныстырылым, талдау және бағалау

24. 1-бөлімде оқушының бейнелеу өнері бойынша өзінің жеке жұмысын жоспарлау, дайындау және жасау барысында оған қажетті білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсатын көздейді, 2-бөлімде жоғарыдағы іс-әрекеттер жүзеге асырылады. 3-бөлімде оқушы бейнелеу өнері бойынша өзінің жұмысына және сыныптастарының жұмыстарына деген идеяларын ұсынады, шолу жасайды.

25. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсатында әр бөлімшелерде мұғалімге өз жұмысын жоспарлауына және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқудың келесі кезеңдерінде оларды ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

26. "Бейнелеу өнері" пәні бағдарламасының мақсаты – оқушылардың шығармашыл тұлға ретінде өз ойын білдіруі және қалыптасуы негізінде



рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, бейнелі көркем ойлауын, көркем білім негізін қалыптастыру. Сонымен қатар, "Бейнелеу өнері" пәнінің оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады.

27. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы осы Бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес Джером Брунердің танымдық теориясына негізделеді. Оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы моделіне негізделеді, оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқан сайын зерделенетін материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр. Оқу үдерісіндегі ілгерілеуді көру үшін оқу мақсаттары бөлім мен бөлімшелерге топтастырылған.

28. Себебі оқушылар сыныптан сыныпқа көшу барысында олардың түсініктері қалыптасып, дағдылары шыңдалған сайын, сурет салу қабілеттеріне деген сенімі артады. "Бейнелеу өнерін қабылдау, талдау және бағалау" бөлімінде спиральді білім беру бағдарламасындағы алға ілгерілеу нақты көрінуі мүмкін, себебі оқушылар өздерінің бейнелеу өнеріні бағамдау дағдыларын қайта қарастырып, соның негізінде тұжырым жасайды.

29. Білім беру бағдарламасындағы "Бейнелеу өнері" пәнінің негізгі ерекшелігі оқушылардың шығармашылығына ықпал ету болып табылады. Оқушылардың шығармашылық идеяларының дамуына қолдау көрсететін оқудағы мүмкіндіктер арқылы суретші тұрғысынан ойлау және әрекет ету ұсынылады. Осы Бағдарламаның "Білік пен дағдылардың өсу реті" атты 4-қосымшасында "Идеяларды зерттеу және дамыту" бөлімінің осы Бағдарламаның 5-қосымшасына сәйкес 1.6 "Дереккөздер және зерттеулер" бөлімшесінде оқушылардың сыныптан сыныпқа ауысуы барысында олардың креативтілігі қалай танылатындығы және айқындалатындығы көрсетілген.

30. Оқушылардың әр сынып шеңберінде "Бейнелеу өнері" пәніне арналған білім беру бағдарламасы бойынша не істей алу керектігі туралы толық ақпарат алу үшін "Бейнелеу өнері" пәні бойынша оқу бағдарламасының 2.1-тарауын қараңыз.

## **6. Критериалды бағалау**

31. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл нормаға негізделген бағалаудан өзгеше. Нормаға негізделген бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі олардың сыныптастарының үлгерімімен салыстырылып қойылады. Оқушылардың үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау күнделікті

оқытудың бір бөлігі ретінде күнде қолданылады. Ішкі жиынтық бағалау оқу жылы бойында белгілі бір уақыт аралығында өткізіледі.

32. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиоға көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан бейнелеу өнерілік көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар);

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты қадағалау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

33. Біліктілікті арттыру курсы кезінде "Бейнелеу өнері" пәніне арналған "Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жөніндегі мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулыққа" жүгіну қажет. Бұл құжат мұғалімдерге оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары тұрғысынан оқушылардың үлгерімінің дәлелдерін жинап, олар бойынша шешім шығаруға септігін тигізеді.

34. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады.

35. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері шеңберінде оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді.

36. Ішкі жиынтық бағалау тоқсанды немесе сыныпты аяқтау кезінде оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың алған білімдері мен жинаған дағдыларының

нәтижесін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалау нәтижелерін толықтырады. Әр тестінің құрылымы мен ұзақтығы туралы және оларды басқару әдістері туралы ақпаратты тест спецификациясы әдістемелік құралынан табуға болады. Ішкі жиынтық бағалау аясындағы тест спецификацияларында сұрақтардың үлгілері мен бағалау сызбалары ұсынылған, одан мұғалімдер әртүрлі дағдылар қалай бағаланатындығын көре алады.

38. Критериалды бағалау моделі және оны оқытуда қалай қолдану туралы толық ақпарат "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" әдістемелік құралында ұсынылған.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1 Жаңартылған білім беру бағдарламасына шолу	2
		2 "Бейнелеу өнері" пәнінің оқу бағдарламасы мен оқу жоспарлары	2
		3 "Бейнелеу өнері" пәнінің оқу жоспары: қысқа мерзімді жоспар	2
		4 Бастауыш сынып пәндері арасындағы байланыс Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
2	Тиімді оқыту және оқу	1 Тиімді оқыту мен оқудың тәсілдері	2
		2 Белсенді оқу (1)	2
		3 Белсенді оқу (2)	2
		4 Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және ойлау сипаты	2
3	Жаңартылған білім беру бағдарламасын-дағы негізгі тәсілдер	1 Критериалды бағалау Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2 Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3 Тиімді сұрақ-жауап	2
		4 Оқытуды саралау	2
		1 Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		2 Сабакты жоспарлау (1)	2

4	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау	3 Сабақты жоспарлау (2) Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау	2
		4 Ықшамсабақты жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау	2
5	Ықшамсабақ	1 Ықшамсабаққа дайындық	2
		2 Ықшамсабақ (1)	2
		3 Ықшамсабақ (2) Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім (өзге критерийлерді тексеру)	2
		4 Біліктілікті арттыру курсына шолу	2

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу циклі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Білік пен дағдылардың өсу реті

1 - сынып	Өз жұмысы туралы қарапайым түсініктеме жасау;
2 - сынып	Өз жұмысын жақсарту туралы қарапайым пікірлер, қысқаша түсініктеме жасау;
3 - сынып	Өзінің және өзгелердің жұмысы туралы сындарлы ұсыныс жасау және қабылдау; өз жұмысын жақсарту үшін идея ұсыну және түсіндіру;
4 - сынып	Өз жұмысы мен басқалардың жұмысын жақсарту үшін сындарлы пікір қабылдау және негізделген ұсыныс енгізу;

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Бейнелеу өнері" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 5-қосымша

## "Ресурстар мен зерттеулер" атты 1.6 бөлімшеге арналған зерттеулер мен идеяларды әзірлеу

1 - сынып	Өзіндік және басқалардың тәжірибелері негізінде, қарапайым тәсілмен шығармашылық идеяларын жасай бастау;
2 - сынып	Ақпарат жинақтау барысында шешім қабылдау үшін, өзіндік және басқалардың тәжірибелері негізінде шығармашылық идеяларды жасау және дамыту; идеяларды әртүрлі формаларда көрсетуге болатынын түсіну;
	Әртүрлі дереккөздерден, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып ақпарат жинау, шешім қабылдау үшін өзінің және басқалардың тәжірибелері негізінде

3 - сынып	шығармашылық идеяларын дамыту және жасау; идеяларды құрылымдауға және әртүрлі тәсілдермен көрсетуге болатынын түсіну;
4 - сынып	Әртүрлі дереккөздерді, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, шешім қабылдау үшін, түрлі ақпаратты топтастыра және іріктей отырып, рет-ретімен жинақтау, өздігінен зерттеуді бастау, шығармашылық идеяны дамыту және жасау;

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 9-қосымша

## **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Музыка" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Музыка" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) “Педагогикалық шеберлік орталығы” жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту және қайта құру мақсатында жүргізіледі.

2. Бұл Бағдарлама "Музыка" пәні бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты "Музыка" пәні мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

### **2. Бағдарламаға шолу**

5. Бағдарламаның мақсаты:

"Музыка" пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

4) мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге "Музыка" пәні бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер "Музыка" пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.

13. "Музыка" пәні бойынша 1-5 сыныптарға арналған оқу мақсаттары оқу бағдарламасында (білім беру бағдарламасының негізгі құжаты болып табылады) берілген. Ұсынылған оқу жоспары бойынша оқу әрекетінде оқушылардың осы мақсаттарына жетуіне көмектесу үшін мұғалімдерге арналған сәйкес педагогикалық әдіс-тәсілдер ұсынылады. Кіріктірілген бағалау стратегиясы оқу мақсатына жету барысында оқушының ілгерілеу үдерісінің бағытын анықтауға арналған қосымша әдіс-тәсілдерді пайдалануды болжайды.

14. "Музыка" пәніне арналған бұл оқу үлгісі мынадай мәнмәтінде түсіндіріледі және оқуға ұсынылады – оқу жоспарына сәйкестік тәсілін сипаттайтын пәннің шолуы. Бұдан кейін теория бойынша тараулар ұсынылады:

- 1) "Музыка" пәні бойынша оқу жоспарының құрылымы;
- 2) "Музыка" пәні бойынша педагогикалық тәсілдер;
- 3) "Музыка" пәні бойынша критериалды бағалау.

#### **4. Оқу бағдарламасын әзірлеу**

15. "Музыка" пәнінің білім беру бағдарламасы арқылы оқушылар өз бойында осы пәннің өзіне тән білім, білік және дағдыларын дамытатын болады. Сондай-ақ, оқушылардың аталған пәнді оқу барысында игерген білім көлемі бастауыш сыныптарға арналған білім беру бағдарламасының басқа да салаларын оқытуда пайдаланылуы мүмкін.

16. "Музыка" пәні бойынша оқу бағдарламасында оқу мақсаттары төрт бөлімге бөлінген:



1) 1-бөлім: Орындау.

2) 2-бөлім: Түрлі құралдар, сонымен қатар цифрлік музыкалық технологияларды қолдана отырып музыкалық композицияларды жасау.

3) 3-бөлім: Музыканы тыңдау және сезімін жеткізу.

4) 4-бөлім: Музыканы қабылдау, талдау және бағалау.

Бұл бөлімдер дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейлері болып табылатын бөлімшелерге бөлінген:

1) 1-бөлім: Орындау:

а) 1.1-бөлімше: Ән айту және аспапта ойнау (жеке және топ құрамында);

б) 1.2-бөлімше: Музыкалық түсінікті дамыту.

2) 2-бөлім: Түрлі құралдар, сонымен қатар цифрлік музыкалық технологияларды қолдана отырып музыкалық композицияларды жасау:

а) 2.1-бөлімше: Композиция, импровизация және өңдеу;

б) 2.2-бөлімше: Идеяларды ұйымдастыру және материалдарды жинау.

3) 3-бөлім: Музыканы тыңдау және сезімін жеткізу:

а) 3.1-бөлімше: Музыканы тыңдау және сезімін жеткізу;

б) 3.2-бөлімше: Терминологияны пайдалану.

4) 4-бөлім: Музыканы қабылдау, талдау және бағалау:

а) 4.1-бөлімше: Музыканы қабылдау, талдау және бағалау;

б) 4.2-бөлімше: Музыкалық сауаттылықты дамыту.

Кіші бағыттар сыныпқа қатысты күтілетін нәтижелермен байланысқан кезде оқу мақсаттарын түзеді.

17. Оқу мақсаты әр бағыт аясындағы ілгерілеуді көрсетіп, ұстаздарға алдағы қадамдарын жоспарлауға және бағалауға, оқушыларға алдағы қадамдар туралы ойлануға мүмкіндік береді.

18. Оқудың жетекші қағидалардың бірі – "Сыныпта ойналатын музыка – негізгі жаттығу және мектеп бағдарламасынан тыс музыка осы жерден бастау алуы керек". Музыканы мектепте үйрену арқылы барлық балалар музыкалық білімге қол жеткізеді және бұл тек жеке адамдар тобына ғана немесе шамасы келетіндерге ғана қолжетімді білім емес. Музыкалық білім беру бағдарламасының жалпы мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттері, музыкалық мәдениеті, әртістік және эстетикалық сезімдерін дамыту. Сонымен қатар, осы Бағдарламаның "Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі" атты 3-қосымшасына сәйкес "Музыка" пәні бойынша оқу бағдарламасын әзірлеуге негіз болған басты қағида – спиральді білім беру бағдарламасы тұжырымдамасы.

19. Оқу бағдарламасы спиральді білім беру бағдарламасы моделіне негізделеді, оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқан сайын зерделенетін материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр. Оқу үдерісіндегі ілгерілеуді көру үшін оқу мақсаттары бөлімдер мен

бөлімшелерге топтастырылған. Мысалы, осы Бағдарламаның "Білік пен дағдылардың өсу реті" атты 4-қосымшасына сәйкес, "Музыканы қабылдау, талдау және бағалау" бөлімінде спиральды білім беру бағдарламасындағы алға ілгерілеу нақты көрінуі мүмкін, себебі оқушылар өздерінің музыканы бағамдау дағдыларын қайта қарастырып, соның негізінде тұжырым жасайды.

20. Музыка шын мәнісінде тәжірибелік пән. Білім беру бағдарламасындағы "Музыка" пәнінің негізгі жетекші қағидаларының бірі "Музыка туралы ақпарат беруге қарағанда, музыкалық туынды жасау әлдеқайда маңызды". Музыкалық қимылдан бастап, оқушылар музыканы әр қырынан аша бастайды, осылайша аса маңызды білім мен түсінік қалыптастырады, ал бұл оларға өз музыкалық тәжірибелері жайлы хабардар болуға және, ең соңында, жақсы музыкант болуға көмектеседі. "Музыка" пәні бойынша білім беру бағдарламасының басты аспектісі – оқушыларға өз музыкасын жасауға мүмкіндік беру. Осы Бағдарламаның "Білік пен дағдылардың өсу реті 2" атты 5-қосымшасына сәйкес, 1-сыныптан бастап 4-сыныпқа дейін оқушылар өз идеяларын құрылымдап, берілген/таңдалған ынталандырушы материалдарға қатысты музыкалық идеяларды дамытуға шынығады. Бұл бұған дейінгі білім, білік және дағдыларының негізінде бүкіл бөлім бойы дамытылады.

21. "Музыка" пәні бойынша білім беру бағдарламасы – оқушыларға шығармашыл болуға, өз идеяларын зерттеп, музыкантқа тән дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытуға мол мүмкіндік беретін кең және кешенді бағдарлама. Бұл мұғалім тарапынан жетекшілік етілетін, оқушыларға дағдыларды зерттеуге және дамытуға, мысалы, ән салуға және музыкалық аспаптарда ойнауға көмектесетін барынша ашық шығармашыл оқуды қамтиды.

## **5. Критериалды бағалау**

22. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл нормаға негізделген бағалаудан өзгеше. Нормаға негізделген бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі олардың сыныптастарының үлгерімімен салыстырылып қойылады. Оқушылардың үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқытудың бір бөлігі ретінде күнде қолданылады. Ішкі жиынтық бағалау оқу жылы бойында белгілі бір уақыт аралығында өткізіледі.

23. Біліктілікті арттыру курсы кезінде "Музыка" пәніне арналған Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жөніндегі мұғалімге

арналған әдістемелік нұсқаулыққа жүгіну қажет. Бұл құжат мұғалімдерге оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары тұрғысынан оқушылардың үлгерімінің дәлелдерін жинап, олар бойынша шешім шығаруға септігін тигізеді.

24. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады.

25. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады.

26. Ішкі жиынтық бағалау тоқсанды немесе сыныпты аяқтау кезінде оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың алған білімдері мен жинаған дағдыларының нәтижесін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалау нәтижелерін толықтырады. Әр тестінің құрылымы мен ұзақтығы туралы және оларды басқару әдістері туралы ақпаратты "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" әдістемелік құралынан табуға болады. Ішкі жиынтық бағалау аясындағы тест спецификацияларында сұрақтардың үлгілері мен бағалау сызбалары ұсынылған, одан мұғалімдер әртүрлі дағдылар қалай бағаланатындығын көре алады.

35. Критериалды бағалау моделі және оны оқытуда қалай қолдану туралы толық ақпарат "Критериалды бағалау моделі: Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған басшылық" әдістемелік құралында ұсынылған.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "Музыка"  
пәні  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
1-қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабқтың тақырыбы	Сағат саны
		1 Жаңартылған білім беру бағдарламасына шолу	2

1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	2 "Музыка" пәнінің оқу бағдарламасы мен оқу жоспарлары	2
		3 "Музыка" пәнінің оқу жоспары: қысқа мерзімді жоспар	2
		4 Бастауыш сынып пәндері арасындағы байланыс Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
2	Тиімді оқыту және оқу	1 Тиімді оқыту мен оқудың тәсілдері	2
		2 Белсенді оқу (1)	2
		3 Белсенді оқу (2)	2
		4 Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және ойлау сипаты	2
3	Жаңартылған білім беру бағдарламасын-дағы негізгі тәсілдер	1 Критериалды бағалау Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2 Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3 Тиімді сұрақ-жауап	2
		4 Оқытуды саралау	2
4	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау	1 Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		2 Сабақты жоспарлау (1)	2
		3 Сабақты жоспарлау (2) Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау	2
		4 Ықшамсабақты жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау	2
5	Ықшамсабақ	1 Ықшамсабаққа дайындық	2
		2 Ықшамсабақ (1)	2
		3 Ықшамсабақ (2) Бағамдауға арналған жаттығу – Пән бойынша педагогикалық білім (өзге критерийлерді тексеру)	2
		4 Біліктілікті арттыру курсына шолу	2

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Музыка" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

**Колбтың оқу циклі**



Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "Музыка"  
пәні  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
3-қосымша

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "Музыка"  
пәні

бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
4-қосымша

## Білік пен дағдылардың өсу реті

1 - сынып	Өз жұмысы туралы пікірін айта білу;
2 - сынып	Өз жұмысын жақсарту мақсатында түсіндірме бере алуы және ұсыныстар келтіру;
3 - сынып	Өзінің және өзге оқушылардың жұмыстарын түсіндіре білу;
4 - сынып	Өзінің және өзге оқушылардың жұмысын жақсарту мақсатында түсіндірме бере алуы және түрлі ұсыныстар келтіру;
5 - сынып	Өзінің және өзге оқушылардың жұмысын жақсарту мақсатында түсіндірме беру және негізделген ұсыныстар.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "Музыка"  
пәні  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
5-қосымша

## Білік пен дағдылардың өсу реті 2

1-сынып	Музыкалық қойылымдарды көрсету үшін идеяларды жинақтау;
2-сынып	Импровизация арқылы музыкалық идеяларды ұйымдастырудың түсінігін көрсету;
3-сынып	Материалдар мен идеяларды музыкалық қойылымдардың көрсетілімі үшін жүйелеу;
4-сынып	Идеяларды қарапайым музыкалық қойылымдарда жаңаша түрлендіріп, көрсету;
5-сынып	Идеяларды күрделірек музыкалық қойылымдарда жаңаша түрлендіріп, көрсету.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 10-қосымша

## Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика

кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) “Педагогикалық шеберлік орталығы” жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту және қайта құру мақсатында жүргізіледі.

2. Бұл Бағдарлама "Жоба жұмысы" пәні бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## **2. Бағдарламаға шолу**

5. Бағдарламаның мақсаты:

"Жоба жұмысы" пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

4) мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге "Жоба жұмысы" пәні бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.



13. "Жоба жұмысы" пәні бойынша оқу мақсаттары оқу бағдарламасында (білім беру бағдарламасының негізгі құжаты болып табылады) берілген. Ұсынылған оқу жоспары бойынша оқу әрекетінде оқушылардың осы мақсаттарына жетуіне көмектесу үшін мұғалімдерге арналған сәйкес педагогикалық әдіс-тәсілдер ұсынылады. Кіріктірілген бағалау стратегиясы оқу мақсатына жету барысында оқушының ілгерілеу үдерісінің бағытын анықтауға арналған қосымша әдіс-тәсілдерді пайдалануды болжайды.

14. "Жоба жұмысы" пәні бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы пәнге шолу бөлімінде және ықпалдастырылған білім беру бағдарламасының тәсілдерін сипаттауда ұсынылады. Бұдан кейін теория бойынша тараулар ұсынылады:

- 1) "Жоба жұмысы" пәні бойынша оқу жоспарының құрылымы;
- 2) "Жоба жұмысы" пәні бойынша педагогикалық тәсілдер;
- 3) "Жоба жұмысы" пәні бойынша критериалды бағалау.

#### **4. Пәнге шолу**

15. Жоба жұмысының негізгі қозғаушы тетігі түрлі шешім нұсқалары бар тапсырмалар болып табылады, ал оқу жаттығуларының негізінде осындай тапсырмаларды қалай шешу туралы түсінік жатады. Оқу бағдарламасында ұсынылған жоба жұмысының оқу мақсаттарында жобаларды жоспарлау, орындау, талдау және бағалауға бағытталған үдерістерге ерекше назар аударылады. Оқушылардың бойында бұл дағдыларды дамыту нақты міндеттер мен проблемаларды зерделеу арқылы және мұғалімнің оқушылар жеткен нәтижелерді емес, олардың қолданған тәсілдері мен әрекеттерін бағалауы арқылы іске асырылады.

16. Оқу бағдарламасында жоба жұмысының оқу мақсатына, жобаларды жоспарлау, орындау, талдау және бағалауға қатысы бар үдерістерге көңіл бөлінеді. Оқушыларда осы дағдылардың дамуы шынайы өмірдегі мәселелерді зерттеу деңгейіне байланысты жүзеге асады және мұғалім олардың жеткен жетістігін емес, олардың қолданған тәсілдері мен әрекеттерін бағалайды. Оқыту моделі білім алушылардан жай дәлелдерді құрастыру мен бағалауды талап етеді.

17. "Жоба жұмысы" пәні бойынша оқу жоспарында әр тоқсан бойынша жобалар мен жаттығулар қамтылады. Тақырыптар пәнаралық байланысқа негізделіп таңдалады: белгілі бір тақырыпты зерделеу үшін немесе проблеманы шешу үшін бірнеше оқу пәнін меңгеру барысында алынған білім мен деректерді қамтиды. Нақты айтқанда, оқушылар математика және жаратылыстану сабақтарында орындайтын жаттығуларға көп көңіл бөлінеді, сондай-ақ қосымша басқа оқу пәндерімен пәнаралық байланыс іске асырылады.

18. Жоба жұмысын дайындау барысында топтық жұмысты қолдану идеясы бөлінген оқу қағидатына негізделген, оған сәйкес оқушылар өз білімдері мен түсініктерімен алмасып, бір-бірінің көмегімен білімдерін нығайтады. Олар өз түсініктерін ұсынады және сол түсініктерге негізделген өз болжамдарын ұсыну арқылы өздері де мәселені айқын түсіне алады, әсіресе, бұған сұрақтардың өз құрдастары тарапынан қойылуы зор ықпал етеді. Мұғалімнің рөлі ынталандырушы материалдар мен ресурстарды қолдана отырып, қажет болған жағдайда, оқушыларға мақсатқа сай қолдау көрсету болып табылады. Топтық жұмыс және бірлескен оқу оқытудағы тұрақты кері байланысты және өзін-өзі бағалау мүмкіндігін қамти отырып, мектеп тәжірибесіне осы оқу пәнін табысты енгізуге мүмкіндік береді.

19. "Жоба жұмысы" пәні бойынша бағалау стратегиясы қалыптастырушы бағалау мен ішкі жиынтық бағалауды қамтиды. Қалыптастырушы бағалау оқыту және оқу барысында пәндік бағдарламадағы білім беру мақсаттарын тұрақты бағалауды сипаттайды (мысалы, оқушылардың жобалар мен оның бөлімдерін жоспарлауы, жүзеге асыруы және бағалауы кезінде). Оқу жылы барысында әрбір оқушы бір семестр ішінде кем дегенде бір жобаны аяқтайды. Мұндай жоба ішкі жиынтық бағалаудың стандарттарына сәйкес бағаланатын болады.

## **5. Оқу бағдарламасын әзірлеу**

20. "Жоба жұмысы" пәні бойынша 6-9-сыныптарда оқыту алты бөлім бойынша ұйымдастырылған. Бұл бөлімдер жобаның жүзеге асу кезеңдерін сипаттайды:

- 1) 1-бөлім: Зерттеу сұрағы
- 2) 2-бөлім: Дереккөздермен жұмыс
- 3) 3-бөлім: Эксперименттік жұмыс
- 4) 4-бөлім: Деректерді талдау және өңдеу
- 5) 5-бөлім: Нәтижелерді ұсыну
- 6) 6-бөлім: Жобаны басқару.

21. Бөлімдер ары қарай дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіндегі бөлімшелерге бөлінеді. Оқу жылы бойындағы оқудан күтілетін нәтижелер түріндегі бөлімшелер оқу мақсаттарын құрайды. Оқу мақсаттары мұғалімдерге оқушылардың меңгеруі тиіс әрекеттерді жоспарлауға, бағалауға және көрсетуге мүмкіндік беріп, әрбір бөлімше бойынша алға ілгерілеуді көрсетеді.

22. Ұйымдастырудың бірнеше деңгейін "Жоба жұмысы" пәні бойынша бағдарламаның үлгісінен көруге болады. 1-5-бағыттардың жоба кезеңдерін айқындайтын өзіндік тәртібі бар. Сонымен қатар, "Жоба жұмысы" пәні бойынша

бағдарлама моделін айқындайтын маңызды қағидат спиральді оқу бағдарламасы тұжырымдамасы болып табылады.

23. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы осы Бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес Джером Брунердің танымдық теориясына негізделеді. Оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, осы Бағдарламаның "Білік пен дағдылардың өсу реті" атты 4-қосымшасына сәйкес, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Білім алушылар бір сыныптан екінші сыныпқа ауысқан кезде жоба бөлімдерінің мағынасын және өздерінің идеяны құрастыру және бағалау мүмкіндіктерін жақсы түсіне бастайды.

24. Ойлау қабілеттерінің жоғары деңгейде дамуы және қолданылуы "Жоба жұмысы" бойынша оқу бағдарламасының негізгі аспектісі болып табылады. Ойлау қабілеттерін дамытудың негізгі әдістерінің бірі дәлелдеме болып табылады. Дәлелдеме зерттеу жобаларын құрастыру, жүргізу және бағалау үшін маңызды болып табылады. Осы Бағдарламаның "Тулминнің дәлелдеу моделі" атты 5-қосымшасында көрсетілгендей, ол жаңартылған оқу бағдарламасында басты көңіл бөлінетін бірнеше құндылықтар мен дағдыларды дамытудың негізгі әдісі болып табылады, мысалы, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, коммуникациялық дағдылар. Қарапайым дәлелде бір ғана тұжырым шешуші қорытынды болуы мүмкін, ал одан күрделірек дәлелде бірнеше тұжырым соңғы қорытынды жасауға негіз болады.

25. "Жоба жұмысы" пәнінің оқу бағдарламасында осы Бағдарламаның "Дәлелдің негізгі компоненттері" атты 6-қосымшасына сәйкес дәлелдің негізгі компоненттері білім алушылардың ақпарат көздерін талдау, талқылау және өз нәтижелерін ұсыну кезінде құрастырылады.

26. Оқушылар төменгі сыныптарда талапты (немесе қорытындыны) анықтайды және ұсынады. Олар "талаптар" мен "негіздемелер" арасында байланыс орнатады. 9-сыныпқа келгенде оқушылар сын тұрғысынан бағалау дағдыларын қолданады, соның негізінде олар негізгі дәлелдің үш бөлігін де ұсынуы керек, нақтырақ айтсақ "талаптар (немесе қорытындылар)", "дәлел" және "негіздеме". Мысалы, 6-сынып оқушысы тек қана талап немесе қорытындыны ғана ұсына алады: "Менің ойымша, химиялық реакциялар жоғарғы температурада жылдамырақ жүреді". 7-сыныпта оқушы дәлел мен қорытындыны қамтитын қарапайым негіздемені ұсына алады: "Менің ойымша, химиялық реакциялар жоғарғы температурада жылдамырақ жүреді (қорытынды), себебі, мен салқын сірке суына қарағанда, жылы сірке суына ас содасын қосқанда, көпіршіктер көбірек болатынын байқадым (дәлел)". Сыни бағалауды көрсететін

дәлелдеме, мысалы, 9-сынып оқушысы дәлел, негіздеме және қорытынды ұсына алады: "Менің ойымша, химиялық реакциялар жоғарғы температурада жылдамырақ жүреді (қорытынды), себебі мен салқын сірке суына қарағанда, жылы сірке суына ас содасын қосқанда көбірек көпіршік болатынын көрдім (дәлел). Көпіршік ас содасы мен сірке суының арасындағы химиялық реакция кезінде көмірқышқыл газының бөліну нәтижесінде пайда болады. Белгілі бір уақытта неғұрлым көп көпіршік пайда болса, соғұрлым тез химиялық реакция жүреді (негіздеме)". Дәлелдеменің бөліктері автордың таңдауына байланысты әртүрлі ретте ұсынылуы мүмкін. Мысалы: "Көпіршік ас содасы мен сірке суының арасындағы химиялық реакция кезінде көмірқышқыл газының бөліну нәтижесінде пайда болады. Белгілі бір уақытта неғұрлым көп көпіршік пайда болса, соғұрлым тез химиялық реакция жүреді (негіздеме). Мен салқын сірке суына қарағанда, жылы сірке суына ас содасын қосқанда көбірек көпіршік болатынын көрдім (дәлел). Сол себепті, менің ойымша, химиялық реакциялар жоғарғы температурада жылдамырақ жүреді (қорытынды)".

27. "Жоба жұмысы" курсына оқушылар ғылыми мәнмәтінде дәлелдеме жасау шеберлігін дамытады (әсіресе биология, химия және физика пәндерінде). Ол оқушылардың жобалау дағдыларын дамытумен қатар, олардың ғылымның ерекшеліктерін толық бағалауына мүмкіндік береді.

28. Осы Бағдарламаның "Оқу бағдарламасының өзара байланысты бағыттарын көрсететін ғалымдар мен техниктер қызметінің үш саласы" атты 7-қосымшасында "Жоба жұмысы" пәнінің оқу бағдарламасының бөлімдері тараудың негізгі мақсатына негізделген қызметтің үш саласына қосылған. "Дереккөздермен жұмыс" атты 2-бағыт екі салада қамтылады, өйткені қолданылып жүрген теориялар мен модельдер түсінігімен байланысты оқу мақсаттарын қамтиды және болжамдарды құрастыру үшін, сонымен қатар, дереккөздерді талдау және сынау үшін қолданылады. Бұл ғылыми (инженерлік) модель ғылыми білімнің жаңа идеяларды қолда бар деректер деңгейіне сай құрастыру, зерттеу және тексеруге байланысты дамитынын атап көрсетеді. Деректер болжамды қолдауы немесе теріске шығаруы үшін, сол мәліметтер сын тұрғысынан талдаудан өтуі қажет. Сол себепті жоба жұмысымен айналысып жүрген оқушы тәуелсіз өзгермелінің тәуелді өзгермеліге әсер етуін жоюға бағытталған экспериментті белгілеу және модельдеу дағдыларын дамытады.

29. Сонымен, 6-9-сыныптардағы "Жоба жұмысы" пәні бойынша оқу бағдарламасының моделі оқушыларда жобалау, жүзеге асыру, бағалау және жобаларды ұсыну дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жаратылыстану ғылымдары мен математиканың оқу жоспарларымен байланысы бар бірнеше жобаға қатысу барысында оқушылар ғылым мен техниканың өзіндік ерекшеліктерін бағалай білуге үйренеді.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "Жоба  
жұмысы"  
пәні бойынша  
жаратылыстану-математикалық  
цикл педагогика кадрларының біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
1-қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе және бағдарлама шеңберінде қолданылатын терминдермен таныстыру			
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1 Курсқа кіріспе	2
		2 Жаңартылған білім беру бағдарламасы	2
		3 Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы (1)	2
		4 Жобаның нәтижесі және ілгерілеу Бағамдауға арналған жаттығу – жаңартылған оқу бағдарламасын түсіну	2
2	Критериалды бағалау және белсенді оқу	1 Критериалды бағалау (жалпы сипаттамасы)	2
		2 Жобаны бағалау Бағамдауға арналған жаттығу – критериалды бағалау	2
		3 Белсенді оқу Бағамдауға арналған жаттығу – белсенді оқу	2
		4 Тәжірибе жүзіндегі зерттеу жұмыстары арқылы белсенді оқу Бағамдауға арналған жаттығу – белсенді оқу	2
3	Тиімді жоба жұмысы	1 Тәжірибе жүзіндегі зерттеу жұмысы Бағамдауға арналған жаттығу – пән бойынша педагогикалық білім	2
		2 Жобаны оқытуға арналған оқу ортасы Бағамдауға арналған жаттығу – пән бойынша педагогикалық білім	2
		3 Тиімді сауалнама Бағамдауға арналған жаттығу – мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		4 Қалыптастырушы бағалау Бағамдауға арналған жаттығу – Критериалды бағалау	2
4	"Жоба жұмысы" пәнінің сабақтарын жоспарлау және өткізу	1 Оқыту стратегиялары	2
		2 Сабақ жоспары	2
		3 Пән бойынша педагогикалық білімге шолу Бағамдау – ойлау сипаты, пән бойынша педагогикалық білім	2
		4 Ықшамсабақты жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу – жоспарлау, жаңартылған оқу бағдарламасын түсіну, белсенді оқу, пән бойынша педагогикалық білім	2

5	Ықшамсабақ және курстың нәтижесін бүкіл топпен талқылау	1 Ықшамсабақ Бағамдауға арналған жаттығу – педагогикалық шеберлік, белсенді оқу, пән бойынша педагогикалық білім, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		Ықшамсабақ Бағамдауға арналған жаттығу – педагогикалық шеберлік, белсенді оқу, пән бойынша педагогикалық білім, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3 Ықшамсабақ Бағамдауға арналған жаттығу – педагогикалық шеберлік, белсенді оқу, пән бойынша педагогикалық білім, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		4 Бүкіл топпен талқылау	2

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жанарту шеңберінде "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Колбтың оқу циклі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.


Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Білік пен дағдылардың өсу реті

6-сынып	"Болжам" түсінігін білу және ғылыми болжамға мысалдар келтіру
7-сынып	Тақырып бойынша қарапайым болжам жасау
8-сынып	Академиялық терминологияны пайдалана отырып, болжамды тұжырымдай алу
9-сынып	Академиялық терминологияны пайдалана отырып, болжамды және зерттеу сұрақтарын тұжырымдай алу

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 5-қосымша

## Тулминнің дәлелдеу моделі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жанарту шеңберінде "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына б-қосымша


## Дәлелдің негізгі компоненттері

	Бөлімше	
	Ақпаратпен және дереккөздермен жұмыс істеу әдістері	Нәтижелер мен қорытындыларды талқылау
6 - сынып	Дереккөздің негізгі идеясын белгілеу	Алынған мәліметтерді ауызша немесе жазбаша қорытындылау
7 - сынып	Ақпараттық дереккөздерден зерттеу мәселесі бойынша маңызды деректерді айқындау	Ғылыми пікірталастың этикалық нормаларын сақтай отырып, өзінің көзқарасын ұстану
8 - сынып	Дереккөздің негізді идеясын белгілеу және зерттеу мәселесі бойынша маңызды деректерді айқындау	Алынған деректерді зерттеу болжамдарымен салыстыру
9 - сынып	Зерттеу мәселесі бойынша маңызды деректерді айқындау және талдау	Көрсеткіштердің нәтижелерін сын тұрғысынан бағалау

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жанарту шеңберінде "Жоба жұмысы"



## Ғалымдар мен техниктер қызметінің үш саласы



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 11-қосымша

## Қазақстан Республикасына орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) “Педагогикалық шеберлік орталығы” жекеменшік мекемесі (

бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Біліктілікті арттыру курсы жаңартылған білім беру бағдарламасының Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға айтарлықтай үлес қосуына мүмкіндік береді.

2. Бұл Бағдарлама "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

4. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## **2. Бағдарламаға шолу**

5. Бағдарламаның мақсаты:

"Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

4) мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мұғалімдерге "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

10. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

11. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

12. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған

теория ("абстракттілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.

13. "Бейнелеу өнері" пәні бойынша 1-5 сыныптарға арналған оқу мақсаттары оқу бағдарламасында (білім беру бағдарламасының негізгі құжаты болып табылады) берілген. Ұсынылған оқу жоспары бойынша оқу әрекетінде оқушылардың осы мақсаттарына жетуіне көмектесу үшін мұғалімдерге арналған сәйкес педагогикалық әдіс-тәсілдер ұсынылады. Кіріктірілген бағалау стратегиясы оқу мақсатына жету барысында оқушының ілгерілеу үдерісінің бағытын анықтауға арналған қосымша әдіс-тәсілдерді пайдалануды болжайды.

14. "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы пәнге шолу бөлімінде және ықпалдастырылған білім беру бағдарламасының тәсілдерін сипаттауда ұсынылады. Бұдан кейін теория бойынша тараулар ұсынылады:

1) "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша оқу жоспарының құрылымы;

2) "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогикалық тәсілдер;

3) "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша критериалды бағалау.

#### **4. Пәнге шолу**

15. "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні арқылы оқушылар қазіргі қарқынды өзгертін әлемде өмірлік маңызы бар және басқа пәндер шеңберінде әрі жұмыс орнында қолдануға болатын көптеген дағдыларды меңгереді. Аталған пән шеңберінде оқушылар ғаламдық деңгейде өлшенетін проблемалар туралы өзінің түсінігін кеңейте алады. Оқушы тұрғысынан алғанда, "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні оларға жаттығу орындауға негізделген қызықты жұмыспен айналысуға жол ашады. Бұл гуманитарлық пән әлеуметтік ғылымдарды шынайы өмір жағдайын қарастырып, оларды зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл пән 6-9-сыныптарға арналған "Жоба жұмысы" пәні шеңберінде дамытылатын дағдылар негізінде құрылған.

16. Оқу жоспарында зерделеуге арналған бірнеше тақырып ұсынылған. Мысалы, 10-сыныпта демография, дін, адам құқықтары, демократия және мемлекеттік басқару сапасы, білім беру, экономика және бюджет, кедейлік және теңсіздік, кедейлікпен күрес, дау-жанжал, бейбітшілік, қауіпсіздік және қарусыздандыру, заң және қылмыс сияқты тақырыптар қарастырылады. Бұл тақырыптардың барлығы бойынша оқушы өз тәжірибесін зерделеп, өз пікірін

ұсынады және жергілікті, ұлттық және дүниежүзілік тұрғыдан оларды талдап, бағамдауға талпыныс жасайды.

17. "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәнінде оқу ашық проблемалар шеңберінде құрылымдалған; жаттығулар осы проблемаларды түсініп, олардың шешімін ұсынуға негізделген. Оқытудың өзін-өзі басқара отырып, проблемаларды шешу тәсілі оқу нәтижелерін жақсарту үшін құрылған (Blumenfeld, 1991). "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары зерттеуді немесе жобаны жоспарлау, жүргізу, талдау және бағамдауды көздейтін үдеріс екенін атап өту қажет. Оқушылар шынайы өмірден алынған проблемаларды зерделеу арқылы осы дағдыларды дамытады, сондай-ақ бұл ретте олардың алатын жауаптарынан гөрі, олар пайдаланатын тәсілдер мен ұсынатын айғақ-дәлелдері бағаланады. Осы Бағдарламаның "Тулминнің дәлелдеу моделі" атты 3-қосымшасына сәйкес, білім беру бағдарламасының құрылымы оқушылардың өз дәйектерін үнемі күрделендіре отырып ұсынуын және бағамдауын талап етеді.

18. Осы Бағдарламаның "Жобалардың түрлері және олардың жіктелімі" атты 4-қосымшасына сәйкес, орындалатын негізгі жаттығу, күтілетін нәтиже, үйлестірілу деңгейі, қамтылатын салалар саны, қатысушылар саны және жобаның ұзақтығына қарай жобаларды түрліше жіктеуге болады. Бір жобаның шеңберінде бұл ерекшеліктердің бірнешеуі көрініс табуы мүмкін. "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша оқушылар әртүрлі жоба жұмыстарын орындауға тиіс.

19. 10-11-сыныптарда жоба жұмысы пәні көбінесе оқушылардың гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар сабақтарында орындайтын жұмыстарына негізделіп, басқа академиялық пәндермен тығыз байланыста болады. Тақырып таңдау пәнаралық байланыс қағидатына негізделеді: тақырыпты зерттеу немесе проблеманы шешу үшін бірнеше академиялық пән бойынша білімі мен түсініктерін бір уақытта қолдану.

## **5. Оқу бағдарламасын әзірлеу**

20. "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні алты бағыт шеңберінде ұйымдастырылған. Бұл бағыттар жүргізілген жобаның кезеңдері түрінде бейнеленген:

- 1) 1-бағыт. Зерттеу сұрағы;
- 2) 2-бағыт. Дереккөздермен жұмыс;
- 3) 3-бағыт. Зерттеу мен эксперимент;
- 4) 4-бағыт. Деректерді талдау және өңдеу;
- 5) 5-бағыт. Нәтижелерді таныстыру;

б) 6-бағыт. Жобаны басқару.

21. Бұл бағыттар дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейлері болып табылатын кіші бағыттарға бөлінген. Кіші бағыттар сыныпқа қатысты күтілетін нәтижелермен байланысқан кезде оқу мақсаттарын түзеді. Оқу мақсаты әр бағыт аясындағы ілгерілеуді көрсетіп, ұстаздарға алдағы қадамдарын жоспарлауға және бағалауға, оқушыларға алдағы қадамдар туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

22. "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәнінің құрылымынан ұйымдастырудың бірнеше кезеңін көруге болады. 1-5-бағыттар жоба кезеңдерін көрсететін ішкі тәртіпті бейнелейді. Сонымен қатар, "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәніне арналған оқу бағдарламасының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады.

23. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы осы Бағдарламаның 5-қосымшасына сәйкес Джером Брунердің танымдық теориясына негізделеді. Оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, осы Бағдарламаның "Білік пен дағдылардың өсу реті" атты 6-қосымшасына сәйкес, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген. Білім алушылар бір сыныптан екінші сыныпқа ауысқан кезде жоба бөлімдерінің мағынасын және өздерінің идеяны құрастыру және бағалау мүмкіндіктерін жақсы түсіне бастайды.

24. Тулминнің жемісті жұмысы білім беру саласындағы зерттеулерге, соның ішінде зерттеуге негізделген оқуды пайдалануды бағамдауға ықпал етті. Тулминнің моделі осы Бағдарламаның 3-қосымшасында ұсынылған.

25. "Жоба жұмысы" (6-9-сыныптар) және "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" (10-11-сыныптар) пәндеріне арналған оқу бағдарламалары шеңберінде дәлелдеудің негізгі құрамдас бөлшектері 6-9-сыныптарда ұсынылған, себебі оқушылар ақпарат көздерін талдап, өздерінің нәтижелерін ұсынады. 10-11-сыныптарда оқу мақсаттарының күрделілігі артады, яғни оқушылар дәлелдеудің анағұрлым күрделі құрамдас бөліктерін анықтап, қолданып, бағамдау керек.

26. Жалпы, "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы оқушылардың күрделі жобаларды әзірлеу, өткізу, есебін дайындау және ұсыну дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Оқушыларға сын тұрғысынан ойлау, тұлғааралық қарым-қатынас және жобаларды басқару дағдылары сияқты бірнеше дағдыларды дамытуға қолдау көрсетіледі.

Ғаламдық  
перспективалар және жоба жұмысы" пәні  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта. Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе және бағдарлама шеңберінде қолданылатын терминдермен таныстыру			
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1 Курсқа кіріспе	2
		2 Жаңартылған білім беру бағдарламасы (1)	2
		3 Жаңартылған білім беру бағдарламасы (2) Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
		4 Оқыту әдіс-тәсілдері туралы хабардар ету Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
2	Тиімді оқыту және оқу	1 Сабақта қарама-қайшы тақырыптарды қарастыру Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		2 Сабақ үлгісі	2
		3 Белсенді оқу Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу	2
		4 Оқу ортасы	2
3	Оқушыларды бағалау және басқару	1 Критериалды бағалау	2
		2 Қалыптастырушы бағалау жүргізу Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		3 Жобаны бағалау Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		4 Белсенді және тиімді оқушыларды басқару	2
4	Қысқа және орта мерзімді жоспарлау	1 Тиімді жоба жұмысын жоспарлау (1)	2
		2 Тиімді жоба жұмысын жоспарлау (2)	2
		3 Әртүрлі оқушы және әртүрлі жоба Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		4 Сабақ құрылымы Бағамдауға арналған жаттығулар: Жоспарлау; жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; белсенді оқу; пән бойынша педагогикалық білім	2
		1 Сын тұрғысынан ойлау Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		2 Оқытуды саралау әдістері	

5	Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқытуды саралау	Бағамдауға арналған жаттығулар: Жоспарлау; жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; белсенді оқу; пән бойынша педагогикалық білім	2
		3 Ықшамсабақты (1) жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығулар: Жоспарлау; жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; белсенді оқу; пән бойынша педагогикалық білім	2
		4 Ықшамсабақты (1) жоспарлау және бүкіл топ орындайтын жұмыс Бағамдауға арналған жаттығулар: Жоспарлау; жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; белсенді оқу; пән бойынша педагогикалық білім	2
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
2-апта. "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша білім беру бағдарламасын оқыту			
6	Ықшамсабақ және топтық жұмыс	1 Ықшамсабақ (1) өткізу Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім	2
		2 Ықшамсабақ (1) өткізу (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім	2
		3 Ықшамсабақ (1) өткізу (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім	2
		4 Топтық жұмыс	2
7	Зерттеу және рефлексиялау дағдыларын оқыту	1 Дереккөздермен жұмыс – зерттеу дағдылары	2
		2 Зерттеу түрлері Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		3 Зерттеу дағдылары, деректерді талдау және өңдеу Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		4 Рефлексия Бағамдауға арналған жаттығулар: Белсенді оқу; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
8	Қарым-қатынас дағдылары және ықшамсабақты жоспарлау	1 Қарым-қатынас дағдылары Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		2 Қарым-қатынас және технологиялар	2
		3 Ықшамсабақты (2) жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау, жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; белсенді оқу; пән бойынша педагогикалық білім; критериалды бағалау	2
		4 Ықшамсабақты (2) жоспарлау (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығу – Жоспарлау, жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; белсенді оқу; пән бойынша педагогикалық білім; критериалды бағалау	2
		1 Ықшамсабақ (2) өткізу	



9	Ықшамсабақ	Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу ; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім, критериалды бағалау	2
		2 Ықшамсабақ (2) өткізу (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу ; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім, критериалды бағалау	2
		3 Ықшамсабақ (2) өткізу (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу ; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім, критериалды бағалау	2
		4 Ықшамсабақ (2) өткізу (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу ; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім, критериалды бағалау	2
10	Алдағы оқу жылын жоспарлау	1 Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау (1) Бағамдауға арналған жаттығулар: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну; критериалды бағалау	2
		2 Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау (1) Бағамдауға арналған жаттығулар: Жоспарлау; критериалды бағалау	2
		3 Іс-шаралар жоспары және бүкіл топ орындайтын жұмыс Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		4 Өзін-өзі бағамдауға арналған жаттығу және бүкіл топ орындайтын жұмыс	2

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу циклі



Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "  
Ғаламдық  
перспективалар және жоба жұмысы" пәні  
бойынша педагогика кадрларының  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
3-қосымша

## Тулминнің дәлелдеу моделі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Жобалардың түрлері және олардың жіктелімі

Жоба	Пән салалары және ұзақтығы	Күтілетін нәтиже(лер)	Қатысушылар саны
<p><b>Зерттеу жобасы.</b> Нақты сұрақтарға жауап беру үшін оқушылар бастапқы зерттеу жүргізеді</p> <p><b>Ақпараттық жоба.</b> Оқушылар белгілі бір тақырып бойынша қолжетімді ақпаратты жинап талдайды.</p> <p><b>Шығармашылық жоба.</b> Оқушыларға қысқаша шығармашылық тапсырма беріледі.</p> <p><b>Рөлдік ойын жобасы.</b> Оқушыларға рөл беріледі. Оқушылар топ болып өз рөлдерін ойнау арқылы жобаны аяқтайды.</p> <p><b>Тәжірибеге бағдарланған жоба.</b> Жобадан күтілетін нәтижеге оқушының өзі</p>	<p>Бір пән ("моножоба")</p> <p>Екі немесе одан да көп сала.</p> <p>Қысқа мерзімді</p> <p>Орта мерзімді</p> <p>Ұзақ мерзімді</p>	<p>Жазбаша нәтиже (мысалы, есеп, эссе, каталог, хат, газет мақаласы, альманах).</p> <p>Визуалды нәтиже (мысалы, альбом, жоспар, карта, сызба, диаграмма, постер, сурет, мультфильм).</p> <p>Ауызша нәтиже (мысалы, таныстырылым, дебат, сахналық көрініс, бейнежазба).</p> <p>Өнім (мысалы, өнімнің шағын көшірмесі, 3D модель).</p>	<p>Жеке адам;</p> <p>Жұп;</p> <p>Топ;</p> <p>Түрлі мектептердің/елдердің өкілдері қатысатын топ.</p>

мүдделі немесе оның әлеуметтік маңызы бар.	Іс-шара (мысалы, көрме, сапар, консервация жобасы, әлеуметтік жоба).
--	--

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 5-қосымша

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 6-қосымша

## Білік пен дағдылардың өсу реті

6-сынып	Болжамның анықтамасын білу және ғылыми болжамның мысалдарын ұсыну
7-сынып	Тақырып бойынша қарапайым болжау ұсыну
8-сынып	Академиялық сөздік қорды пайдалана отырып болжамды тұжырымдай алу
9-сынып	Академиялық сөздік қорды пайдалана отырып болжам мен зерттеу сұрағын тұжырымдай алу
10-сынып	Ұсынылған ой-пікірлердің негізінде болжам мен зерттеу сұрағын түзету
11-сынып	Рефлексиялық тәжірибенің негізінде жаңа болжам мен зерттеу сұрағын тұжырымдай алу.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 12-қосымша

# **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) жаңартылған оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының негізінде “Педагогикалық шеберлік орталығы” жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген.

2. Педагогика кадрларының біліктілігін арттырудың бұл курсының жалпы мақсаты "Музыка" пәні мұғалімдерін оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін және критериалды бағалауды енгізу арқылы жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Критериалды бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

3. Бұл Бағдарлама Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға көмектеседі.

## **2. Бағдарламаға шолу**

4. Бағдарламаның мақсаты:

"Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4) мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

6. Оқудан күтілетін нәтижелер

1) мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

4) мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

7. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

8. Мұғалімдерге "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

9. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, олардың осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге қатысты алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

10. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model)

негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

11. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады.

#### **4. Пәнге шолу**

12. "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері келесі бөлімдерден көрініс табады:

- 1) Пәннің маңыздылығы;
- 2) Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
- 3) Үш тілділік саясатын жүзеге асыру;
- 4) Пәнді оқыту үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 5) Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдер;
- 6) Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрметпен қарауды қалыптастыру;
- 7) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттілігі;
- 8) Оқушылардың коммуникациялық дағдыларын дамыту;
- 9) Оқушылардың оқу жетістігін бағалау туралы.

13. Бөлімдер ары қарай дағды немесе тақырып, білім және түсінік деңгейіндегі бөлімшелерге бөлінеді. Оқу жылы бойындағы оқудан күтілетін нәтижелер түріндегі бөлімшелер оқу мақсаттарын құрайды. Оқу мақсаттары мұғалімдерге оқушылардың меңгеруі тиіс әрекеттерді жоспарлауға, бағалауға және көрсетуге мүмкіндік беріп, әрбір бөлімше бойынша алға ілгерілеуді көрсетеді. Оқу бағдарламасының көрсетілген бөлімдері білім беру деңгейі бойынша оқу материалдарынан тұрады. Оқу бағдарламасына ұсынымдамалық сипаттағы ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлаудан тұратын оқу жоспары қосымша беріледі. Оқу мақсаттары жүйесі мен тәсілдеріне негізделген оқу жоспарларында мұғалімдерге тақырыптар мен бөлімдер, сабақты ұйымдастыру бойынша өткізілетін сабақтарға ұсынымдамалар берілген, сонымен қатар оқу ресурстары да енгізілген (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне және дыбыстық материалдар және т.б.).

14. "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндерін оқыту үдерісінде іске асырылатын маңызды міндеттер:

1) теориялық білімі мен тәжірибелік біліктерін қалыптастыру, сондай-ақ информатика, алгоритмдеу, бағдарламалау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық модельдер саласындағы дағдыларын дамыту;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқушылардың алгоритмдік, операциялық және сын тұрғысынан ойлауын, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

3) жеке, топпен және дербес жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру;

4) ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану барысында этикалық және құқықтық нормаларды сақтауға жауапкершілікпен қарау;

5) алуан түрлі ақпараттарды өз бетімен іздеу және оларға терең талдау жасау дағдыларын игеру.

15. Бастауыш сыныптарда оқушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқытудың ерекшелігі – оқушылардың қарапайым деңгейдегі қауіпсіздік техникасының ережесін қолдану дағдылары мен біліктерін игерту, компьютердің енгізу-шығару құрылғыларын атау және айырмашылығын түсіндіру: пайдаланылатын қолданбалы бағдарламалардың нысандарымен операциялар орындау және тағы басқалар болып табылады. 5-9-сыныптарда информатиканы оқытудың ерекшелігі: информатиканың іргелі негіздерін ерте жастан үйрету, алгоритмдеу дағдыларын дамыту. 10-11-сыныптарда бейіндік бағытта информатиканы оқытудың мақсаты – заманауи ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін меңгерту және визуалды бағдарламалау, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудағы нақты дағдыларды меңгеру, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды ұдайы жетілдіріп отыруға тәрбиелеу, танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамыту. 10-11-сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытта есептерді шешу негізінде жүйелік және алгоритмдік ойлауды дамыту жалғасады. Осы тапсырмалар жаттықтыру сабақтарында жалғасады.

16. Қоғамдық-гуманитарлық сыныптарда информатиканы оқытудың ерекшелігі – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды анағұрлым терең зерделеу болып табылады. Әрбір бөлім аяқталған соң, жоба жұмысына арналған сағаттар қарастырылған. Информатикаға аса қызығушылық танытқан оқушыларға мектепте таңдау курсына сағат санын ұлғайту арқылы мүмкіндік беріледі. Пәннің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған.

## **5. Оқу бағдарламасын әзірлеу**



17. Курс абстракция, модельдеу және бағдарламалау жолдары арқылы ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалана отырып, басқа білім беру салаларынан және өмірден алынған мәселелерді шешу мақсатында оқу үдерісінде тәжірибелік дағдыларын дамытуға көп уақыт беруді көздейді. Сонымен қатар, пән бойынша оқушылардың академиялық тілін және ұғымдарын дамыту маңызды рөл атқарады.

18. "АКТ" және "Информатика" бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары оқушылардың АКТ құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Оқушылардың пайдалану үшін қажетті ең жақсы қосымшаларды анықтауда саналы таңдау жасауына мүмкіндік берілуі керек. Бағдарламаның тағы бір маңызды мақсаты оқушыларды бағдарламалық қосымшалар ғылыми, коммерциялық, инженерлік және мәдени мақсаттар үшін қолданылатынын түсіндіру және ақпараттық технологияларды қолдану саласында жан-жақты біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Жаңа білім және міндетті шешу әдістерін жинақтау адам қызметінің барлық салаларында есептеу мен ойлау амалын талап ететін маңызды үдеріс болып табылады. Есептеу үдерістері ғылыми, әлеуметтік және тұрмыстық жетістіктер мен өнертабыстар негізінде жатыр, оның ішінде медицина, экономика және білім беру сияқты салалар бар. Ақпараттық технологияларсыз адамзаттың қол жеткен жетістіктерін салалардың кең ауқымында пайдалану мүмкін болмас еді. Осы пәнді оқыту оқушылардың логикалық, алгоритмдік және есептеу, ойлау қабілеттерін дамытуға ықпалын тигізеді.

19. Жаңартылған типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары "Назарбаев Зияткерлік мектептерінің" инновациялық тәжірибелерін ескере отырып жетілдірілді. "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндерінің оқу бағдарламаларында көрсетілген оқыту мақсаты "оқушыларды қазіргі заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын, біліктері мен базалық білімдерін қамтамасыз ету" деп атап көрсетілген. Пәнді оқытудың міндеті оқушылардың жобалық шешімдерді, бағдарламалық қосымшаларды, жүйелерді талдауына, жүйелерді өндеуіне және өз өнімдерін бағалауына бағытталған. Бағдарлама оқушылардың ақпараттық үдерістердің, техникалық мүмкіндіктердің рөлі туралы түсініктерін қалыптастыруға және адамзат іс әрекетінің әртүрлі салаларында ақпараттық технологияларды пайдаланудың келешегіне мүмкіндік береді. Пәнді оқыту оқушылардың жалпыға ортақ ережелерді сақтай отырып, этика мен мораль тұрғысынан және адамдар мен бүкіл қазақстандық қоғамның мүддесі тұрғысынан әрекет ете отырып, технологиялармен жұмыс жасауға ұқыпты болуына бағытталған, сонымен қатар талдау, абстракциялау, модельдеу және бағдарламалау негізінде көптеген кәсіптерде құнды болатын ақпараттарға өз үлесін қосу мүмкіндігін береді, сондай-ақ, сандық технологияларды үйде, мектепте, жұмыста, бос уақытта және

қарым-қатынас жасау үшін сенімді әрі сыни түрде пайдалану үшін қажетті құзыреттіліктерін қалыптастырады. Оқушылар пәнді оқу барысында Ақпараттық коммуникациялық технологиялар бойынша ақпаратты жинау, құру және басқару негізінде ресурстармен және идеялармен бірлесе жұмыс істей отырып, өз жұмысын бағалап, түзетіп, сонымен қатар, бірқатар құрылғылар мен қосымшаларды пайдалана отырып, өздерінің дағдыларын дамытатын болады.

20. "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндерінің мазмұны оқушылардың бойында компьютер құрылғысын пайдалана отырып, қауіпсіздік техникасын сақтауға, ақпараттық қызметтің құқықтық және этикалық нормаларын сақтауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді, сонымен қатар жоба жасауда ұжыммен жұмыс істеу тәжірибесін қалыптастырады. Аталған пәндерді игеру нәтижесінде оқушылардың бойында сандық технологияларды пайдалану (технологияларды пайдалануға үйрету) дағдысы қалыптасады деп болжанады. "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндерін оқу арқылы оқушылар:

1) компьютер, заманауи технологиялар туралы бастапқы ақпарат алады және олардың қоғам өміріндегі рөлі туралы біледі;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, сан алуан нысанда ақпаратты іздейді, жинақтайды, өңдейді, сақтайды және жібереді;

3) нақты жүйелер мен оқиғалардың модельдерін эзірлейді, талдайды және түрлендіреді, сонымен қатар түрлі бағдарламалардың қосымшаларын пайдалана отырып, өз идеясын ұсынады;

4) пән бойынша әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, логикалық, алгоритмдік, жүйелік, сонымен қатар сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытады;

5) ақпараттық коммуникациялық технологиялар құралдарын қарым-қатынас жасау үшін, ақпарат алмасу және серіктестік орнату үшін пайдаланады;

6) авторлық құқықты құрметтейді және компьютермен жұмыс істеу барысында техникалық қауіпсіздік шараларын сақтайды;

7) абстракциялау, алгоритмдеу және бағдарламалау арқылы талдау жасайды және модельдейді;

8) информатика курсынан алған білімі ғылымның, техниканың, медицинаның, білімнің және мәдениеттің дамуына әсер ететіндігін түсінеді;

9) бағдарламалау дағдыларын пайдалану ағымдағы іс-әрекетті жақсарту үшін қосымшаларды құруға және жаңа идеялардың туындауына мүмкіндік беретінін түсінеді.

21. "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндерінің оқу бағдарламаларын үш тілділік саясаты ережесінің негізінде жүзеге асыру болжануда. Үш тілді - қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілін меңгеру

тілдік дағдылардың төрт түрін (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) дамыту арқылы оқушылардың коммуникациялық дағдыларын қалыптастыруға және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік саласында тұлғаның функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Сонымен, оқу бағдарламасының "Оқушылардың коммуникациялық дағдыларын дамыту" бөлімінде мұғалімдердің "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша қатысым дағдыларын (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) қалай дамытатындығы туралы қарастырылатын болса, "Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау туралы" бөлімде бағалау тілі, моделі және түрі айқындалады.

22. "Ақпараттық қауіпсіздік" және "Техника қауіпсіздігі және эргономика" бөлімшелерінде:

1) плагиаттың этикалық аспектілері, авторлық құқық және мәліметтерге қол жетімділік, сондай-ақ жеке азаматтарға ықпал ету;

2) мәдениаралық тәжірибе алмасу мүмкіндіктері және басқа мәдениеттерді дүниежүзілік компьютерлік желінің көмегімен танып білу;

3) компьютердің жеке тұлғаға, оның денсаулығына әсері, қауіпсіздік және электрондық қауіпсіздік мәселелері қамтылады.

23. Басқа тарауларда:

1) адам-машина интерфейс жобасында әртүрлі мәдениеттер мен тілдерді сыйлауды қадағалай отырып қолдану қағидалары;

2) басқа тұлғалар орындаған жұмысты бағалау үшін жеке тұлғаларға арналған басшылық;

3) тілдердің алуан түрлілігін танып, түрлі пікірлерді әділ көрсететін құжаттарды, кестелерді, таныстырылымдар мен бағдарламаларды әзірлеу.

24. "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндерін оқытудағы ортақ мәселелердің бірі – сандық технологияларды пайдалану құзыреттілігі жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін технологияларды сенімді әрі сын тұрғысынан қолдануды қамтиды. Ол Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың түбегейлі дағдыларына негізделген. Оқушылар ақпаратты тауып, құрастырып, әрі пайдалана отырып, бірлесе еңбек етіп, ақпарат пен ойларды хабарлап, өз жұмысын бағалап, содан соң жетілдіріп, алуан түрлі жабдықтар мен қосымшалардың көмегімен Ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнінен өз дағдыларын оқу бағдарламасы бойынша дамытады.

25. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар және информатика бойынша оқу бағдарламасына мыналар кіреді:

1) тәжірибелік есептерді шешуде және мәліметтерді ұйымдастыру мен сақтауда ақпараттық технологияларды пайдаланудың шығармашылық тәсілдерін білу;

2) ойлау икемділігі, өз бетінше оқу және кәсіби даму дағдылары;

3) цензура, вирус, сандық қолтаңба мен компьютерге тәуелділік мәселелері туралы дүниетанымын, жеке құндылықтары мен өмірлік ұстанымдарын дамыту;

4) белгілі бір мақсат пен аудиторияға арналған түрлі ақпарат көздерінен алынған материалдарды жинақтауды қамтитын таныстырылымдар дайындау дағдыларын дамыту;

5) электрондық қарым-қатынас құралдары арқылы тақырыптар бойынша материалдарды жинау және бірлескен жұмыс барысында алмасу, қолдану;

6) нақты өмірлік жағдайларда компьютерлік модельдерді қолдану және дамыту, жағдаяттарды түсіну үшін оқып, зерттеу;

7) жазба жұмысында мәтінді өңдеу үшін қажетті бағдарлама мен дизайн және тағы да басқаларын таңдай білу қабілеті мен дағдылары;

8) күнделікті өмірде және оқыту үдерісінде әртүрлі ақпараттарды (мәтіндік, сандық, графикалық, дыбыстық, құрама) өңдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау және қолдануды қамтиды;

9) тәжірибелік міндеттерді шешу үшін мәтінді өңдеуде, анимация құруда, видеоны өңдеуде бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану;

10) логикалық және есептеу қабілеттерін талап ететін, жоғары деңгей тілінде бағдарламалар әзірлеу;

11) мәтіндерді, кестелерді, графиктерді, мультимедиялық ресурстарды әзірлеу үдерісінде ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру, компьютерлік модельдеу, жоба құру.

26. Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

1) пән мазмұнын жобалаудың күрделілік (спираль тәрізділік) ұстанымы;

2) тану заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша жіктелімге негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

3) білім беру деңгейлері бойынша және тұтас оқыту курсы бойына педагогикалық мақсаттар қою ішкі пәндік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

4) пәндер арасындағы "ортақ тақырыптардың" бір білімдік сала ішіндегі тақырып ретіндегі болмысын танып, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;

5) пәннің бөлім мазмұндары мен тақырыптарының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назарды шоғырландыру;

6) ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде оқу үдерісін технологияландыру.

27. Осы Бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес, "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндерінің мазмұны спираль тәрізділік қағидатына негізделе отырып, 3 сатыдан тұрады:

- 1) "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" - 3-4-сыныптар;
- 2) "Информатика" – 5-9-сыныптар;
- 3) "Информатика" –10-11-сыныптар.

28. 3-4-сыныптарға арналған пәннің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде бірізділікті, сабақтастықты айқындайды. Мұғалім мен оқушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік береді.

29. 5-9-сыныптарға арналған "Информатика" пәнінің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде бірізділікті, сабақтастықты айқындайды. Мұғалім мен оқушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік береді.

36. 10-11-сыныптарға арналған "Информатика" пәнінің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде бірізділікті, сабақтастықты айқындайды. Мұғалім мен оқушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын  
жаңарту шеңберінде "  
Ақпараттық-коммуникациялық  
технологиялар" және "Информатика"  
пәндері бойынша  
педагогика кадрларының біліктілігін  
арттыру  
курсының білім беру бағдарламасына 1-  
қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта. Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе және бағдарлама шеңберінде қолданылатын педагогикалық тәсілдер			

1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1 Курсқа кіріспе. Орта білім мазмұнын жаңартудың әлеуметтік және педагогикалық мәні мен маңызы	2
		2 "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының құрылымымен танысу (1)	2
		3 "Ақпараттық коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының құрылымымен танысу (2)	2
		4 Бағамдауға арналған жаттығу: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну	2
2 2	Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұндық ерекшелігі және тиімді оқыту	1 Білім деңгейі бойынша педагогикалық мақсатты тұжырымдау	2
		2 Пән мазмұнын жобалаудағы спиральділік қағидаты	2
		3 Пәнаралық тақырыптарды тиімді пайдалану Бағамдауға арналған жаттығу: Пән бойынша педагогикалық білім	2
		4 Білім беруде пәнаралық байланысты жүзеге асыру	2
3 3	Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жоспарлау ерекшеліктері	1 Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары	2
		2 Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		3 Орта мерзімді жоспарлаудың қысқа мерзімді жоспарлаудан айырмашылығы	2
		4 Сабақты жоспарлау Бағамдауға арналған жаттығулар: Жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну, Жоспарлау	2
4 4	Белсенді және тиімді оқу	1 Тиімді оқыту мен оқу тәсілдері	2
		2 Белсенді оқу	2
		3 Белсенді және табысты оқушыларды басқару	2
		4 Бағамдауға арналған жаттығу: Белсенді оқу және ойлау сипаты	2
5 5	Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру	1 Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру. Оқытуды саралау Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		2 Зерттеу дағдыларын қалыптастыру	2
		3 Сабақ жоспарларын ресурспен қамтамасыз ету Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		4 Оқу ортасы	2
2-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
2-апта. Алға ілгерілеуді бағалау және рефлексия. Мұғалімдерді оқуды түрлендіруге даярлау			
6 1 1	Критериалды бағалау жүйесі	1 Критериалды бағалау моделі Бағалауға арналған жаттығу – Критериалды бағалау	2
		2 Табыс критерийлерін анықтау	2
		3 Табыс критерийлерін әзірлеу	2
		4 Қалыптастырушы бағалау қағидаттарын модельдеу	2

7	Қалыптастырушы бағалау әдістері.	1 Қалыптастырушы бағалау әдістері	2
		2 Қалыптастырушы бағалау әдістері	2
2	Ішкі жиынтық бағалау	3 Ішкі жиынтық бағалау	2
		4 Ішкі жиынтық бағалау: тест спецификациясы	2
8 3	Өзара бағалау және өзін-өзі бағалау. Ықшамсабақты жоспарлау	1 Ықшамсабақты жоспарлау	2
		2 Ықшамсабақ өткізу (1)	2
		3 Ықшамсабақ өткізу (1) Бағамдауға арналған жаттығулар: Пән бойынша педагогикалық білім, критериалды бағалау	2
		4 Рефлексия және бағамдау	2
9 4	Сабақ жоспарларын әзірлеу және талқылау	1 Сабақ жоспарларын әзірлеу (1)	2
		2 Сабақ жоспарларын әзірлеу (2)	2
		3 Сабақ жоспарларын көрсету және талқылау Бағамдауға арналған жаттығу: Жоспарлау	2
		4 Сабақ жоспарларын көрсету және талқылау Бағамдауға арналған жаттығулар: Жоспарлау; белсенді оқу	2
15	Ықшамсабақ өткізу	1 Ықшамсабақ (2) өткізу Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім	2
		2 Ықшамсабақ (2) өткізу (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім	2
		3 Ықшамсабақ (2) өткізу (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім	2
		4 Ықшамсабақ (2) өткізу (жалғасы) Бағамдауға арналған жаттығулар: Оқыту дағдылары; белсенді оқу; оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; пән бойынша педагогикалық білім	2

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ақпараттық -коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу циклі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде " Ақпараттық -коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "



Ақпараттық  
-коммуникациялық технологиялар" және  
"Информатика" пәндері бойынша  
педагогика  
кадрларының біліктілігін арттыру  
курсының  
білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Б.Блумның таксономиясы



Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде "  
Ақпараттық  
-коммуникациялық технологиялар" және  
"Информатика" пәндері бойынша  
педагогика  
кадрларының біліктілігін арттыру  
курсының  
білім беру бағдарламасына 5-қосымша

## Үш саты

Сынып	Бөлімдер	Бөлімшелер
3	Компьютер	1.1 Компьютер құрылғылары
		1.2 Программалық қамтамасыз ету
3	Ақпарат және оны өңдеу	2.1 Ақпараттың ұсынылуы
		2.2 Ақпаратты өңдеу
		2.3 Объектілермен жұмыс
4	Модельдеу	3.1 Графикалық модельдер
		3.2 Сөздік модельдер
		3.3 Анимация және 3D-модельдеу

4	Компьютерлік желілер және қауіпсіздік	4.1 Ақпаратты алмасу құралдары
		4.2 Желідегі қауіпсіздік
		4.3 Авторлық құқық
	Бөлімдер	Бөлімшелер
5	Компьютер	1.1 Аппараттық қамтамасыз ету
		1.2 Программалық қамтамасыз ету
		1.3 Денсаулық және қауіпсіздік
6	Ақпарат және ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты ұсыну және өлшеу
		2.2 Ақпараттық үдерістер
		2.3 Ақпараттық модельдер
7	Алгоритмдер және программалау	3.1 Алгоритмдер
		3.2 Логика
		3.3 Программалау тәсілдері
8	Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	4.1 Мәтіндер
		4.2 Кестелер
		4.3 Графика
		4.4 Мультимедиа
9	Компьютерлік жүйелер	5.1 Компьютерлік желілер
		5.2 Ақпараттық қауіпсіздік және авторлық құқық
	Бөлімдер	Бөлімшелер
10	Ақпарат және ақпараттық үдерістер	1.1 Ақпараттық процестер
		1.2 Ақпараттық қауіпсіздік
10	Ақпараттық модельдер және жүйелер	2.1 Ақпараттық модельдер
		2.2. Ақпараттық жүйелер
		2.3 Деректер қоры
10	Компьютер	3.1 Компьютер архитектурасы
		3.2 Программалық қамтамасыз ету
		3.3 Файлдар және файлдық жүйелер
		3.4 Компьютерлік желілер
		3.5 Техника қауіпсіздігі және эргономика
11	Программалау	4.1 Алгоритмдер
		4.2 Программалау
11	Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	5.1 Мәтіндер
		5.2 Кестелер
		5.3 Графика
		5.4 Мультимедиа
		5.5 Жобалау

## **Облыстық, Алматы, Астана қалаларының білім басқармалары, аудандық және қалалық білім бөлімдері мен әдістемелік кабинет мамандарының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

### **1. Кіріспе**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, аудандық және қалалық білім бөлімдері мен әдістемелік кабинет мамандарының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама ) Қазақстанның орта білім беру жүйесіне педагогикалық жаңалықтарды енгізу мәнмәтінінде "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі әзірлеген. Бұл Бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру мамандарға орта білім мазмұнын жаңарту және Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде оқыту әдістері мен технологияларын жаңарту үдерісін тиімді іске асыруға үлес қосуға көмектеседі.

2. Бұл біліктілікті арттыру курсының жалпы мақсаты қазақстандық орта білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан педагогикалық жаңалықтарды зерделеу және Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың төмендегі бағдарламаларын іске асыру үдерісінде мектеп мұғалімдері мен басшыларына қолдау көрсету болып табылады:

1) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары (бұдан әрі - Деңгейлі бағдарлама);

2) Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы (бұдан әрі - директорлар бағдарламасы);

3) орта білім беру мазмұнын жаңарту, критериялды бағалау жүйесін енгізу аясындағы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламалары.

3. Мамандардың біліктілігін арттыру бағдарламасының мазмұны жоғарыда аталған Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларының материалдарына негізделген. Бағдарламада педагог қызметкерлерді оқыту мен кәсіби дамытудағы жаңа педагогикалық тәсілдер, деңгейлі бағдарламалар мен мектеп басшыларының бағдарламаларын іске асыру негізінде жалпы білім беретін мектептерді дамыту қарастырылады. Сондай-ақ осы Бағдарламада мектептің жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны қарастырылады, атап айтқанда, Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын

жаңарту шеңберіндегі пәндер бойынша оқу бағдарламаларының, оқу жоспарларының, әдістері мен тәсілдерінің, критералды бағалау жүйесінің сипаттамасы берілген.

4. Біліктілікті арттыру курсы барысында мамандарға түрлі жаттығуларды орындап, олар туралы ойлануға, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушыларға барынша тиімді қолдау көрсетуге бағытталған әдіс-тәсілдерді әзірлеуге мүмкіндік беріледі.

5. Мамандарды оқыту ұзақтығы 20 күн, әр күн 2 сағаттық төрт сабақтан тұрады. Әр сабақ бойынша толық ақпарат осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес, оқу жоспарында ұсынылған.

## **2. Бағдарламаға шолу**

### **6. Бағдарламаның мақсаты:**

Қазақстанның орта білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан педагогикалық жаңалықтар тұрғысынан білім басқармалары, білім бөлімдері мен әдістемелік кабинет мамандарының педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

### **7. Бағдарламаның міндеттері:**

1) жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) критералды бағалау жүйесін түсінуін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары мен жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасының құрылымымен, мазмұнымен, кезеңдерімен және құралдарымен таныстыру.

5) мамандардың мұғалімдерге жаңартылған білім беру бағдарламасын енгізуде қолдау көрсету үшін қажетті әдістемелік білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту.

### **8. Оқудан күтілетін нәтижелер**

1) жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді түсінеді;

3) жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критералды бағалау жүйесін түсінеді;

4) орта білім мазмұнын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерістерінің мониторингін жүргізу мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, кезеңдері мен құралдарын біледі және түсінеді;

5) Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңартуды енгізуде қолдау көрсету үшін қажетті білім, түсінік және дағдыларын дамытады.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

9. Осы Бағдарлама жетекшілік ететін тұжырымдамалық идеялар мектептің педагогикалық үдерісін және мамандардың кәсіби қызметін іске асырудағы сындарлылық, жүйелік-қызметтік, құзыреттілік және тәжірибеге бағдарланғандық тәсілдеріне негізделеді.

10. Мамандарды оқыту Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

11. Осы Бағдарламаны ойдағыдай игеру мақсатында мамандар оқу мақсаттарын шолудан бастап, жалпы білім беруді реформалау жөніндегі кең ауқымды жұмыстарға қарай көшеді. Колб цикліне сәйкес, оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар эксперимент болып табылады және "рефлексия" және талқылау кезеңдерімен ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі - ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу цикілінің түрлі кезеңдері қайта қаралады. Мысалы, мамандар ықшамсабақтарды жоспарлайды және жүзеге асырады, мамандар өз тәжірибесін көрсететін ықшамсабақ элементтерін критериалды бағалайды. Ықшамсабақтың келесі кезеңінде мамандар өтілген тақырып бойынша рефлексия жасап, әріптестерінен кері байланыс алады және үйренгендерін өзінің дағдылары мен біліктерін одан әрі жетілдіруге пайдаланады. Кейіннен бұл түсінікті маман ретіндегі тәжірибелік қызметінде эксперимент жүргізуге қолдана алады.

12. Осы Бағдарлама шеңберінде біліктілікті арттыру курсының мақсатына қол жеткізу үшін тыңдаушылар қазақстандық орта білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан педагогикалық жаңалықтардың теориялық негіздерін, орта білім беру мазмұнын жаңарту үдерісінде мектеп мұғалімдері мен басшыларына қолдау көрсетуге арналған тәжірибелік тәсілдер мен әдістерді, оқыту әдістемелерін, оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау жүйесін, мектеп мұғалімдері мен басшыларының үздіксіз кәсіби даму тәсілдерін, мектепті және мектептер желісін басқару әдістері мен тәсілдерін зерделейді.

13. Бағдарламаны игеру мамандардан мынадай салалардағы көптеген ғылыми-тәжірибелік материалдарды зерделеп талдауды талап етеді:

- 1) мектеп мұғалімдері мен басшыларының кәсіби дамуы;
- 2) қазіргі мектепті басқару;
- 3) орта білім мазмұнын жаңарту;
- 4) оқыту әдістемесі;
- 5) критериалды бағалау әдістемесі.

14. Әріптестерімен және тренерлермен өз оқуының нәтижелерін пайдалану тәжірибесі мәселелері бойынша кәсіби пікірталастарда мамандар өзінің кәсіби қызметін жобалайды.

#### **4. Бағдарламаның құрылымы**

15. Бағдарлама Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту тұрғысынан оқу мақсаттарын шолудан басталады. Осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес, оқу жоспарында көрсетілгендей, Бағдарлама өзара байланысты екі бөлімнен тұрады:

- 1) деңгейлі бағдарламалар мен жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасының педагогикалық тәсілдері;
- 2) орта мектептің жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны және критериалды бағалау жүйесі.

16. Бағдарламаның бұл екі бөлімі бір-бірімен тығыз кіріктірілген, себебі педагогикалық тәсілдердегі жаңашыл өзгерістер жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін қажет. Бағдарламаны игеруге бөлінген жалпы сағат саны 160 сағат. Бастапқы 80 сағат деңгейлі бағдарламаның негізгі қағидаттары мен жалпы құрылымы бағдарламаның мазмұнын түсінуді негіздеу мақсатында талқыланады. Материалдар тындаушылардың түсінуі мен меңгеруін дамытуға бағытталған жаттығулар арқылы Бағдарламаның негізгі идеялары туралы түсінігін дамытуға көмектеседі. Мамандарға Бағдарлама идеяларымен байланысты педагогикалық тәжірибені жүзеге асыру мен қолдануда мұғалімдер мен мектептерге қолдау көрсету жолдарын қарастыруда көмек көрсетіледі.

17. Бағдарламада оқыту әдістемесіне, мектеп мұғалімдері мен басшыларының кәсіби дамуына, деңгейлі бағдарламалар мен жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасының жаңа тәсілдерін ықпалдастыру арқылы мектепті және мектептер қоғамдастығын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Мұғалімнің әдістемелік және зерттеушілік құзыреттерін дамыту мақсатында мұғалімнің өзінің оқыту мен оқу тәжірибесін зерттеудегі жаңашыл тәсілдер, айталық, "Іс-әрекеттегі зерттеу" мен "Сабакты зерттеу" сияқты тәсілдер қарастырылады. Мамандарға мектеп мұғалімдері мен басшыларының кәсіби жетілуіне көмектесу мақсатында іс-әрекеттегі зерттеуді жоспарлау және іске асыру жұмыстарының стратегиялары мен әдістері ұсынылады. Деңгейлі

бағдарламалар мен жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде мамандар коучинг, тәлімгерлік, желілік қоғамдастық сияқты жұмыс түрлері арқылы мектепте мұғалімдердің кәсіби дамуын ұйымдастырудың жаңа стратегиялары мен тәсілдерін қарастырып, танысады. Мамандар мектептің бүкіл педагогикалық ұжымының қатысуымен мектепті дамыту жоспарын және жалпымектептік іс-әрекеттегі зерттеуді әзірлеу арқылы әдістемелік бірлестік пен жалпы мектептің жұмысына өзгеріс енгізу мәселелерін зерделейді. Мамандар ықшамсабақты бірлесіп жоспарлау, әзірлеу және бағалау кезінде педагогикалық тәсілдерді өзгертіп, мектепті дамытуды іске асыруда мұғалімдер мен мектепке қалай қолдау көрсетуді қарастырады.

18. Бағдарламаның бұдан кейінгі 80 сағатында мамандар жаңартылған білім беру бағдарламасының нақты аспектілерімен және әр пәннің негізгі қызметтерімен танысады. Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мамандардың білім беру бағдарламасының негізін құрайтын теорияны түсінуін және бұл теорияны мұғалімдердің оқу бағдарламасын қолдануда белсенді және тәжірибеде жүзеге асыру барысында қолдай алады. Оқытудың маңызды аспектілері жоспарлау, оқушылардың өз құрдастарын бағалауын қамтитын ықшам педагогикалық жаттығуларды қолдана білуді қамтиды. Сабақтар критерийлерге негізделген критериалды бағалау моделі бойынша жүргізілетін бағалауды үйренуге арналады.

19. Бағдарламаның құрылымы өзара байланысты үш блоктан тұрады, Осы бағдарламаның "Бағдарламаны құрылымдаудың тұжырымдамалық негіздері" атты 3-қосымшасына сәйкес, мамандар оларды рет-ретімен оқиды:

- 1) ойлау жолдары;
- 2) жұмыс құралдары;
- 3) жұмыс әдістері.

20. Күн сайын кешке және Бағдарламаны аяқтаған соң оқудың аяғында мамандар өзіндік рефлексия және метатану тапсырмаларын үйлестіре отырып, біліктілікті арттыру курсының оқу мақсаттары тұрғысынан өздерінің алға ілгерілеуін қарастырады.

## **5. Критериалды бағалау**

21. Қазақстандағы орта білім беруге жасалған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының шолуында бағаны неғұрлым әділ және оқушылар үшін маңызды ету үшін барлық бастауыш және орта мектептерде оқыту нәтижелерін критерийлердің негізінде бағалауды енгізу ұсынылады.

22. Критериалды бағалауда оқушы өнімділігі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына қарағанда өзгеше өлшенеді. Бұл

оқушылардың жетістіктері сыныптағы басқа оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға таңылған бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушылары қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдаулар жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибенің насихатталуына кепілдік береді.

23. Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін - мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалау мүмкіндіктерін анықтау үшін уақыт бөлу, нәтижелерді ақылға салып, салыстырып және жазып алғаннан кейін ақпараттың оқыту мен оқудың сапасын арттыру жолында дұрыс қолданылу үшін берілуінің маңызы зор.

24. Критериалды бағалау моделінің шеңберінде оқушылардың оқу жылы бойындағы ілгерілеуін қамтитын бағалаудың үш түрі бар. Әрбір пәнде қолданылатын Қалыптастырушы бағалау және Ішкі жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы қалыпты іс-әрекеттің бөлігі ретінде тұрақты түрде орын алады. Ішкі жиынтық бағалау тоқсанның аяғында немесе сынып соңында өткізіледі. Кейбір пәндерде бағалаудың үшінші түрі бар - сыртқы жиынтық бағалау, ол мектептерден тыс белгіленеді және өткізіледі.

25. Критериалды бағалау моделі және оны сыныптарда қалай қолдану қажеттігі туралы толық ақпаратты "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық" және "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Бұл нұсқаулық құралдар мұғалімдер үшін әзірленген. Олар бағалаудың негізгі қағидағтары, тәсілдері және негізгі терминдердің анықтамасымен қоса, бағалау моделі бойынша басшылыққа алынатын құрал болып табылады. Оларға сонымен қатар, бұл модельді ұсыну кезінде мұғалімдерді қолдау бойынша практикалық ұсыныстар да енгізілген.

26. Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары үйрету мақсаттары ретіндегі оқу мақсаттарын нақты мазмұндайды және оқу жоспарларындағы іс-шаралар ауқымы түсінік пен ілгерілеуді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар мұғалімдерге критериалды бағалау моделін дайындау мен жүзеге асыруда қалай көмек көрсетуді түсіну үшін оқыту барысында қолданылады.

27. Табыс критерийлері оқушылардың белгілі бір оқу міндеттеріне "жеткенін" білдіретін талап етілетін стандартты сипаттайды (пән бағдарламасы бойынша). Табыс критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы, бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттігін белгілейтіндей соншалықты нақты болмауы тиіс. Табыс критерийлері сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиісті жағдайларда оқу мақсатының бір бөлігін ( біртұтас мақсаттың орнына) қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.



28. Жақсы табыс критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Сонымен қатар, табыс критерийлерін алып тастау арқылы емес, енгізу арқылы айқындаған анағұрлым пайдалы. Оқушылар 'X' жасай алатынын көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс "бағыттағы жұмыс үшін" табыс критерийлері олар 'X' жасай алмайтындай болмауы тиіс. Табыс критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттауы керек.

29. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар);

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты бақылау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

30. Табыс критерийлерін жазған кезде мұғалімдер қалыптастырушы бағалау арқылы жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін ескеруге тиіс.

31. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады. Модерацияның талаптары анағұрлым қатал, ол жыл сайын ағымдағы шынайы деректерді белгілей отырып, мектепшілік және мектепаралық кездесу өткізуді талап етеді.

32. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері аясында оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да он, әсер ететіні дәлелденді. Стандарттау мен модерацияның критериалды бағалау моделінде қалай қолданылатыны

туралы "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық" және "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Қалыптастырушы бағалау туралы қосымша ақпараттар мен ұсыныстар осы бағдарламаның соңында ұсынылған.

33. Бұл біліктілік арттыру курсына қатысушы мұғалімдерге әр оқу жылының соңында қабылданатын ішкі жиынтық бағалауда қолданылатын элементтерді дамытуға өз үлестерін қосу ұсынылады. Оқу барысында тест сипаттамаларына сілтеме жасалады. Тест сипаттамалары ішкі жиынтық бағалау жүргізу үшін негіз болып табылады.

34. Ішкі жиынтық бағалау оқушылардың тоқсан бойына оқу мақсаттарының мазмұндары мен дағдыларын қаншалықты нәтижелі меңгергенін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалауды толықтырады. Мұғалімдер мен оқушылар алға ілгерілеуді өлшеу үшін бағалау нәтижелерін қолдана алады. Әрбір пән мен сыныпқа арналған тест спецификациясында келесі ақпараттар қамтылған:

- 1) әрбір сынып бойынша тест ұзақтығы;
- 2) әрбір сынып бойынша әр тест бойынша бағалардың саны;
- 3) бағалау мақсаттарына сәйкес бағалардың теңгерімі;
- 4) сұрақтардың үлгілері мен бағалар сызбалары;
- 5) әрбір тестті басқаруға арналған тәжірибелік талаптар.

35. Кейбір пәндер бойынша 11-сыныпта сыртқы жиынтық бағалау да бар, ол белгілі бір пәндер үшін маңызды кезеңдерде, белгілі бір оқу модельдерінде және бағалау модельдерінде жүзеге асырылады және мектептерден тыс жүргізіліп, бағаланады.

36. Кез келген бағалау, оның ішінде тестілеу түріндегі, сынып негізіндегі немесе сырттай белгіленетін және өткізілетін кез келген бағалау нақты, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және барлық оқу үдерісі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалау барысында қолданылады.

37. Оқыту ең үздік халықаралық тәжірибемен үйлесімді сындарлылық, тұлғаға бағдарланған тәсілдермен байланысты критерийлер негізінде бағалау әдістеріне сүйенетін болады.

Облыстық, Алматы, Астана қалаларының  
білім  
басқармалары, аудандық және қалалық  
білім  
бөлімдері мен әдістемелік кабинет  
мамандарының  
біліктілігін арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта. Педагогикалық шеберлік орталығының бағдарламаларына кіріспе			
1	Педагогикалық шеберлік орталығының бағдарламаларының қағидаттары мен құрылымы	1. XXI ғасыр қажеттіліктеріне жауап беру үшін педагогикаға өзгеріс енгізу	2
		2. Педагогикалық шеберлік орталығының бағдарламаларының негізгі қағидаттары	2
		3. Педагогикалық шеберлік орталығының бағдарламаларының құрылымы	2
		4 Өзгерістерді қолдаудағы мамандардың рөлі	2
2	Барлық оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	1. Оқудың әлеуметтік, эмоциялық және танымдық факторлары	2
		2. Барлық оқушылардың дарыны мен талантын тану	2
		3. Оқу мен оқытуда жас ерекшеліктерін ескеру	2
		4 Өртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыруда мұғалімдерді қолдау	2
3	Сын тұрғысынан ойлауды дамыту	1. Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу және оқыту	2
		2. Диалогтік оқу және оқыту – сұрақтарды қолдану	2
		3. Диалогтік оқу және оқыту – оқушылардың әңгімесін дамыту	2
		4 Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда мұғалімдерді қолдау	2
4	Оқушылар дербес білім алушы ретінде	1 Өздігінен реттелетін оқу	2
		2. Оқу үшін бағалау – табыс критерийлері	2
		3. Оқу үшін бағалау - өзара және өзін-өзі бағалау	2
		4. Дербес білім алушыларды дамытуда мұғалімдерге қолдау көрсету	2
5	Өзгерістерді жоспарлау	1. Оқу мен оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану	2
		2. Тізбектелген төрт сабақ шеңберінде 7 модульді біріктіру	2
		3. Оқу мен оқытудағы оң өзгерістер туралы дәлел жинау	2
		4. Өзгеріс енгізу және тиімділік дәлелдерін жинауда мұғалімдерге қолдау көрсету	2
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
2-апта. Сынып аясындағы және сыныптан тыс өзгерістерді енгізу және бағамдау: эмпирикалық тәсіл			
		1. Іс-әрекеттегі зерттеу циклі	2

6	Іс-әрекеттегі зерттеу оқыту тәжірибесін өзгерту тетігі ретінде	2. Сыныптық зерттеулерде қарастырылатын мәселелерді анықтау	2
		3. Оқу мен оқытудағы өзгерістердің тиімділігінің дәлелдерін жинау	2
		4. Өзгеру үшін тетік ретінде Іс-қмылдарды зерттеуді пайдалануда мұғалімдерді қолдау	2
7	Коучинг пен менторинг арқылы өзгерістер енгізу кезінде әріптестерге қолдау көрсету	1. Коучинг және тәлімгерлік: мақсаты, үдерістер және қасиеттері	2
		2. Тиімді кәсіби әңгіме	2
		3. Lesson Study	2
		4. Мектептерде коучинг пен менторингті қолдау	2
8	Мектепті дамыту жоспары және іс-әрекеттегі зерттеу арқылы басқарма немесе бүкіл мектеп деңгейінде өзгеріс енгізу	1. Мектепті дамыту жоспарының тиімділігінің дәлелдерін жинау	2
		2. Мектепті дамыту жоспарын құру (1)	2
		3. Мектепті дамыту жоспарын құру (2)	2
		4. Мектепті дамыту жоспарын құру, іске асыру және бағамдауда мұғалімдерге қолдау көрсету мақсатында мамандарға қолдау көрсету	2
9	Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген біліктілікті арттыру курстарынан өткен мектеп директорлары мен мұғалімдердің өзгеріс енгізудегі ортақ жұмыстары	1. Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдер қоғамдастығындағы мектеп директорларының рөлі	2
		2. Мектептер арасындағы Білім алушылардың кәсіби қоғамдастығына қолдау көрсетудегі мектеп директорлары мен басқа тұлғалардың рөлдері	2
		3. Коучинг және тәлімгерлік мектепті дамыту жоспары жүзеге асыру тетігі ретінде	2
		4. Мектеп директорлары мен 3, 2 және 1 деңгей бағдарламасы бойынша оқыған мұғалімдердің дамыту жұмысын қамтамасыз етуде мамандарға қолдау көрсету	2
10	Өзгеріс: өткенге көзқарас, болашаққа көзқарас	1. Сыныптағы өзгерісті қадағалау және дәлелдеу	2
		2. Ықшамсабақты жоспарлау, жүзеге асыру және бағамдау (1)	2
		3. Ықшамсабақты жоспарлау, жүзеге асыру және бағамдау (2)	2
		4. Барлық мұғалімдер мен мектеп директорларына басқару мен өзгеріс енгізуде қолдау көрсету	2
Күн	Күн тақырыбы	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
3-апта. Жаңартылған білім беру бағдарламасы, бағдарлама шеңберінде қолданылатын терминдер және педагогикалық тәсілдер			
		1. Жаңартылған білім беру бағдарламасы	2
		2. Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	2

11	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	3 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау (1)	2
		4 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау (2)	2
12	Тіл	1. T1, T2 және ағылшын тілі – Жалпыеуропалық тілдік құзыреттіліктер жүйесі (CEFR) және негізгі ерекшеліктер	2
		2. T1, T2 және ағылшын тілі бойынша оқылым және жазылым	2
		3. T1, T2 және ағылшын тілі бойынша тыңдалым және айтылым	2
		4. Сыныптан сыныпқа тілдік дағдылардың дамуы	2
13	Бастауыш сынып	1. Барлық пәндер бойынша бастауыш сыныпқа арналған білім беру бағдарламасына шолу	2
		2. Дүниетану: зерттеуге негізделген оқу	2
		3. Математика: проблеманы шешу	2
		4. Қазақ тілі (орыс тілі): мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым	2
14	Бастауыш сынып және жоба жұмысы	1. Жаратылыстану: ғылыми зерттеу дағдылары	2
		2. Бастауыш сынып пәндері арасындағы байланыс: музыка және бейнелеу өнері	2
		3. "Жоба жұмысы" мен "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәндеріне кіріспе	2
		4. Жобаларды бағалау	2
15	Мұғалімдерге жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру және өзгеріс енгізуде қолдау көрсету	1. Мұғалімдерге оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуде қолдау көрсету. Жоспарлау <i>Ықшамсабақты қалай жоспарлау керек</i>	2
		2. Мұғалімдерге оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуде қолдау көрсету. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды модельдеу, қадағалау және тәжірибені бағамдау (1) <i>Ықшамсабақты қалай басқару қажет</i>	2
		3. Мұғалімдерге оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуде қолдау көрсету. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды модельдеу, қадағалау және тәжірибені бағамдау (2) <i>Ықшамсабақты қалай басқару қажет</i>	2
		4. Мамандардың тәжірибесін зерделеу және болашақтағы іс-шараларды жоспарлау.	2
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
4-апта. Бағалаудағы өзгерістер және мамандар үшін мәні			
		1. Критериалды бағалау моделі: шолу және негізгі компоненттері	2

16	Критериалды бағалау	2. Барлық мұғалімдердің (а) және бағалау жөніндегі жетекші мұғалімдердің (ә) бағалауға қатысты рөлдерін талқылау	2
		3. Критериалды бағалау тәсілінің барлық мұғалімдер үшін мәні және олардың сыныптағы рөліне ықпалы	2
		4. Рефлексия: мамандар үшін мәні – жүзеге асыру қиындық тудыруы мүмкін салаларды талдау	2
17	Критериалды бағалауды іске асыру: қалыптастырушы бағалау	1. Бағалау жөніндегі жетекші мұғалімдер бағалаудан не күтеді?	2
		2. Қалыптастырушы бағалау (1)	2
		3. Қалыптастырушы бағалау (2)	2
		4. Рефлексия: мамандар үшін мәні	2
18	Критериалды бағалауды іске асыру: ішкі жиынтық бағалау	1. Критериалды бағалау моделіндегі ішкі жиынтық бағалаудың орны	2
		2. Ішкі жиынтық бағалау (1)	2
		3. Ішкі жиынтық бағалау (2)	2
		4. Рефлексия: мамандар үшін мәні	2
19	Бағалау бойынша ақпаратты қолдану	1. Ықшамсабақ: бағалау үдерісінде жиналған ақпарат пен дәлелдердің сипаты мен сапасы туралы идея ұсыну және жинау (1)	2
		2. Ықшамсабақ: бағалау үдерісінде жиналған ақпарат пен дәлелдердің сипаты мен сапасы туралы идея ұсыну және жинау (2)	2
		3. Мамандардың, мектептер мен мұғалімдердің бағалаудан алынған ақпаратты қолдану тәсілдері: ағымдағы болжамдар мен тың идеялар	2
		4. Рефлексия: мамандар үшін мәні	2
20	Мамандар: критериалды бағалауды іске асыруда қолдау көрсету	1. Мектептегі бағалау жөніндегі жетекші мұғалімдерге мамандар қалай көмектеседі?	2
		2. Мамандар күтілетін нәтижелерді қалай хабарлап, мұғалімдер мен басшыларға қалай түрткі болып, оларды қалай жігерлендіреді?	2
		3. Пікірталас: мамандар бұл бастамалардың стандарттарды жетілдіретініне қалай көз жеткізеді?	2
		4. Маманның алдағы қадамдары – кім, неліктен, қалай, қашан?	2
Барлығы: 160			

Облыстық, Алматы, Астана қалаларының  
білім  
басқармалары, аудандық және қалалық  
білім  
бөлімдері мен әдістемелік кабинет  
мамандарының  
біліктілігін арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына 2-қосымша

# Дэвид Колбтың оқу циклі



Облыстық, Алматы, Астана қалаларының білім басқармалары, аудандық және қалалық білім бөлімдері мен әдістемелік кабинет мамандарының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Бағдарламаны құрылымдаудың қағидаттық негіздері



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 14-қосымша

## Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "

## Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама ) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме ) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне критериалды бағалау моделін енгізуді қамтамасыз етуге көмектесу мақсатында жүргізіледі.

2. Бағдарламада білім беру бағдарламасына шолу жасалып, Бағдарламаның құрылымы және критериалды бағалау моделі қарастырылады.

### 2. Бағдарламаға шолу

3. Бағдарламаның мақсаты:



Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді енгізуге ықпал ету.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) мұғалімдердің критериалды бағалау моделі туралы білімі мен түсінігін қалыптастыру;

2) мұғалімдердің критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінуін қамтамасыз ету;

3) мұғалімдердің критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру;

4) мұғалімдердің қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін қалыптастыру;

5) мұғалімдердің критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қолдау көрсету дағдыларын меңгеруін қамтамасыз ету.

5. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) Мұғалімдер:

а) критериалды бағалау моделінің мақсаттарын біледі және түсінеді;

ә) критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінеді.

2) Мұғалімдер іске асырыла алады:

а) қалыптастырушы бағалауға арналған бағалау критерийлерін әзірлейді және бағалай алады;

ә) критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді әзірлейді және қолданады;

б) қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін тәжірибеде қолдана біледі;

в) критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қажетті қолдау көрсете алады.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

6. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаның 1-қосымшасында көрсетілген оқу жоспарында жаңартылған білім беру бағдарламасы, оның құрылымы, тиімді оқу үдерісін жүргізуге қажетті педагогикалық әдістемелермен және қолданылатын бағалау тетіктерімен жүйелі түрде таныстыруды қамтамасыз ету мақсатында бірнеше пәндермен бірқатар ұқсас сабақтар бар.

7. Мұғалімдерге оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі. Бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді оқу кезеңі болып табылады, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

8. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Мұғалімдер оқу барысында курста оқу бағдарламасының аясындағы ықшамсабақтарға қатысады. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, өздерінің осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізудегі алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

9. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

10. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" мен талқылау кезеңдеріне ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу циклінің түрлі кезеңдері қайта қарастырылады.

#### **4. Критериалды бағалау моделі**

11. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Қазақстандағы орта білім беру жүйесіне шолуында оқушылар үшін бағаны неғұрлым әділ және маңызды ету үшін барлық бастауыш және орта мектептерде оқыту нәтижелерін критериалды бағалауды енгізу ұсынылады.

12. Критериалды бағалауда оқушының үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына сәйкес өлшенеді. Бұл оқушылардың үлгерімі сыныптағы басқа оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушыларының қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдау жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибені жетілдіруіне кепілдік береді.

13. Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін – мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалаудың мүмкіндіктерін анықтау, қорытындылау, модерация және

нәтижелерді тіркеу үшін уақыт бөлу арқылы оқыту мен оқудың сапасын арттыруда тиімді қолдануға болатын маңызы зор.

14. Критериалды бағалау моделінің шеңберінде оқушылардың оқу жылы бойындағы ілгерілеуін қамтитын бағалаудың үш түрі бар. Оның екі түрі – қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау мектептегі бағалауды жүргізу мақсатында өзара бірлестікте қолданылады. Кейбір пәндерде бағалаудың үшінші түрі бар – сыртқы жиынтық бағалау, ол мектептерден тыс белгіленеді және өткізіледі.

15. "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша оқушылардың ілгерілеуі қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау арқылы бағаланады. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы күнделікті оқыту әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты түрде іске асырылады. Тоқсанның аяғында ішкі жиынтық бағалау арқылы оқу барысында қол жеткізілуі тиіс оқу мақсаттары анықталады.

16. Критериалды бағалау моделі және оны сыныптарда қалай қолдану қажеттігі туралы толық ақпаратты "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық" және "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Бұл нұсқаулық құралдар мұғалімдер үшін әзірленген. Олар бағалаудың негізгі қағидаттары, тәсілдері және негізгі терминдердің анықтамасымен қоса, бағалау моделі бойынша басшылыққа алынатын құрал болып табылады. Оларға сонымен қатар, бұл модельді ұсыну кезінде мұғалімдерді қолдау бойынша практикалық ұсыныстар да енгізілген.

17. Оқу бағдарламалары оқу мақсаттарын нақтылауда негізгі бағдар болып табылады және оқу жоспарларындағы іс-шаралар ауқымы түсінік пен ілгерілеуді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар мұғалімдерге критериалды бағалау моделін дайындау мен жүзеге асыруда қалай көмек көрсетуді түсіну үшін оқыту барысында қолданылады.

18. Табыс критерийлері оқушылардың белгілі бір оқу міндеттеріне "жеткенін" білдіретін талап етілетін стандартты сипаттайды (пән бағдарламасы бойынша). Табыс критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы, бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттігін белгілейтіндей соншалықты нақты болмауы тиіс. Табыс критерийлері сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиісті жағдайларда оқу мақсатының бір бөлігін (біртұтас мақсаттың орнына) қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.

19. Дұрыс табыс критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Сонымен қатар, табыс критерийлерін алып тастау арқылы емес, енгізу арқылы айқындаған анағұрлым пайдалы. Оқушылар 'X' жасай алатынын

көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс "бағыттағы жұмыс үшін" табыс критерийлері олар ' X' жасай алмайтындай болмауы тиіс. Табыс критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттауы керек.

20. Пән бойынша біліктілік арттыру курстарына қатысқан мұғалімдерге " Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықты" негізге ала отырып, "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша қалыптастырушы бағалауды қолдану ұсынылады. Оқыту барысында 10-сыныпқа арналған " Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" пәні бойынша Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауға арналған нұсқаулыққа сілтеме жасалады. Бұл басшылыққа алынатын құжаттар деректерді жинау мен пайдалануда пән бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкес қалай сипаттауға болатынының үлгісі бола алады.

21. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар );

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты бақылау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

22. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады.

23. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін

жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері шеңберінде оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді. Стандарттау мен шектеуліліктің критериалды бағалау моделінде қалай қолданылатыны туралы "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" және "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Қалыптастырушы бағалау туралы қосымша ақпараттар мен ұсыныстар осы бағдарламаның соңында ұсынылған.

24. Біліктілікті арттыру курсына қатысушы мұғалімдерге әр тоқсанның соңында оқушылар орындайтын жобаларды бағалауда қолданылатын элементтерді дамытуға өз үлестерін қосу ұсынылады. Оқу барысында тест спецификациясына сілтеме жасалады. Тест спецификациясы ішкі жиынтық бағалау жасау үшін негіз болып табылады. Тест спецификацияларының үлгісі бұл құжаттардың ішкі жиынтық бағалаудың пішімі мен мазмұндық саласын қалай сипаттайтынын көрсету үшін мұғалімдерді оқыту барысында қамтылады.

25. "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері аясындағы ішкі жиынтық бағалау оқушылардың тоқсан бойына оқу мақсаттарының мазмұндары мен дағдыларын қаншалықты нәтижелі меңгергенін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалауды толықтырады. Мұғалімдер мен оқушылар алға ілгерілеуді өлшеу үшін бағалау нәтижелерін қолдана алады. Әрбір тесттің құрылымы мен ұзақтығы және оны қалай қолдану қажеттігі туралы ақпаратты әрбір пән мен сыныпқа арналған ішкі жиынтық бағалау тест спецификациясынан табуға болады. Әрбір пән мен сыныпқа арналған тест спецификациясында келесі ақпараттар қамтылған:

- 1) әрбір сынып бойынша тест ұзақтығы;
- 2) әрбір сынып бойынша әр тест бойынша бағалардың саны;
- 3) бағалау мақсаттарына сәйкес бағалардың теңгерімі;
- 4) сұрақтардың үлгілері мен бағалар сызбасы;
- 5) әрбір тестті ұйымдастыруға қатысты практикалық талаптар.

26. Кейбір пәндер бойынша 11-сыныпта сыртқы жиынтық бағалау да қолданылады, ол белгілі бір пәндер үшін маңызды кезеңдерде, белгілі бір оқу модельдерінде және бағалау модельдерінде жүзеге асырылады және мектептерден тыс жүргізіліп, бағаланады. Бұл "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша қолданылмайды, бірақ біліктілік арттыру курсына қатысатын мұғалімдер оның басқа пәндерде қолданылатыны туралы білуі керек.

27. Кез келген бағалау, оның ішінде тестілеу түріндегі ішкі жиынтық бағалау, сынып негізіндегі қалыптастырушы бағалау немесе сырттай белгіленетін және өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау кез келген бағалау нақты, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және барлық оқу үдерісі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалау барысында қолданылады.

28. Оқыту ең үздік халықаралық тәжірибемен үйлесімді сындарлы, тұлғаға бағдарланған тәсілдермен байланысты критериалды бағалау әдістеріне сүйенетін болады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе және критериалды бағалау моделіне қысқаша сипаттама	1. Курсқа кіріспе және мақсаты	2
		2. Бағалаудың мақсаты және орны. Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		3. Критериалды бағалау моделі	2
		4. Бағалауға дайындық	2
2	Қалыптастырушы бағалау (1-бөлім)	1. Қалыптастырушы бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2. Табыс критерийлерін анықтау	2
		3. Жаңа табыс критерийлерін әзірлеу	2
		4. Бағалау туралы тұжырым жасау үшін дәлел жинау	2
3	Қалыптастырушы бағалау (2-бөлім) Ішкі жиынтық бағалау (1-бөлім)	1. Шағынмодерация (1)	2
		1. Шағынмодерация (2) Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		3. Ішкі жиынтық бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2

		4. Дағдылар топтары мен тест спецификациясына кіріспе	2
4	Ішкі жиынтық бағалау (2-бөлім)	1. Тест сұрақтарын жинау дегеніміз не және оны қолдану жолдары	2
		2. Негізді және шынайы бағалау жүргізу	2
		3. Тест сұрақтарын құрастыру (1)	2
		4. Тест сұрақтарын құрастыру (2)	2
5	Бағалауды жүзеге асыру	1. Ішкі жиынтық бағалау жүргізу	2
		2. Ішкі жиынтық бағалаудың тиімділігі Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3. Оқу сапасын арттыру үшін критерийлерді пайдалану	2
		4. Бағдарламаға шолу және келесі қадамдар	2
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут Барлығы: 40 академиялық сағат			

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" және "Информатика" пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-косымша

## Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 15-қосымша

## **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша тілдік пәндер бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша тілдік пәндер бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне критериалды бағалау моделін енгізуді қамтамасыз етуге көмектесу мақсатында жүргізіледі.

2. Бағдарламада білім беру бағдарламасына шолу жасалып, Бағдарламаның құрылымы және тілдік пәндер бойынша критериалды бағалау моделі қарастырылады.



## **2. Бағдарламаға шолу**

### 3. Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында тілдік пәндер бойынша оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді енгізуге ықпал ету.

### 4. Бағдарламаның міндеттері:

1) мұғалімдердің критериалды бағалау моделі туралы білімі мен түсінігін қалыптастыру;

2) мұғалімдердің критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінуін қамтамасыз ету;

3) мұғалімдердің критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру;

4) мұғалімдердің қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін қалыптастыру;

5) мұғалімдердің критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қолдау көрсету дағдыларын меңгеруін қамтамасыз ету.

### 5. Бағдарламаның нәтижелері:

#### 1) Мұғалімдер:

а) критериалды бағалау моделінің мақсаттарын біледі және түсінеді;

ә) критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінеді.

#### 2. Мұғалімдер іске асырыла алады:

а) қалыптастырушы бағалауға арналған бағалау критерийлерін әзірлейді және бағалай алады;

ә) критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді әзірлейді және қолданады;

б) қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін тәжірибеде қолдана біледі;

в) критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қажетті қолдау көрсете алады.

## **3. Бағдарламаның құрылымы**

6. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оның құрылымы, тиімді оқу үдерісін жүргізуге қажетті педагогикалық әдістемелермен және қолданылатын бағалау тетіктерімен жүйелі түрде таныстыруды қамтамасыз ету мақсатында бірнеше пәнде бірқатар ұқсас сабақтар бар.

7. Мұғалімдерге оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі. Бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді оқу кезеңі болып табылады, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

8. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Мұғалімдер оқу барысында курста оқу бағдарламасының аясындағы ықшамсабақтарға қатысады. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, өздерінің осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізудегі алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

9. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

10. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" мен талқылау кезеңдеріне ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу циклінің түрлі кезеңдері қайта қарастырылады.

#### **4. Критериалды бағалау моделі**

11. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Қазақстандағы орта білім беру жүйесіне шолуында оқушылар үшін бағаны неғұрлым әділ және маңызды ету үшін барлық бастауыш және орта мектептерде оқыту нәтижелерін критериалды бағалауды енгізу ұсынылады.

12. Критериалды бағалауда оқушының үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына сәйкес өлшенеді. Бұл оқушылардың үлгерімі сыныптағы басқа оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушыларының қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдау жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибені жетілдіруіне кепілдік береді.

13. Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін – мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалаудың мүмкіндіктерін анықтау, қорытындылау, модерация және

нәтижелерді тіркеу үшін уақыт бөлу арқылы оқыту мен оқудың сапасын арттыруда тиімді қолдануға болатын маңызы зор.

14. Критериалды бағалау моделінің шеңберінде оқушылардың оқу жылы бойындағы ілгерілеуін қамтитын бағалаудың үш түрі бар. Оның екі түрі – қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау мектептегі бағалауды жүргізу мақсатында өзара бірлестікте қолданылады. Кейбір пәндерде бағалаудың үшінші түрі бар – сыртқы жиынтық бағалау, ол мектептерден тыс белгіленеді және өткізіледі.

15. Тілдік пәндер бойынша оқушылардың ілгерілеуі қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау арқылы бағаланады. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы күнделікті оқыту әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты түрде іске асырылады. Тоқсанның аяғында ішкі жиынтық бағалау арқылы оқу барысында қол жеткізілуі тиіс оқу мақсаттары анықталады.

16. Критериалды бағалау моделі және оны сыныптарда қалай қолдану қажеттігі туралы толық ақпаратты "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық" және "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Бұл нұсқаулық құралдар мұғалімдер үшін әзірленген. Олар бағалаудың негізгі қағидаттары, тәсілдері және негізгі терминдердің анықтамасымен қоса, бағалау моделі бойынша басшылыққа алынатын құрал болып табылады. Оларға сонымен қатар, бұл модельді ұсыну кезінде мұғалімдерді қолдау бойынша практикалық ұсыныстар да енгізілген.

17. Оқу бағдарламалары оқу мақсаттарын нақтылауда негізгі бағдар болып табылады және оқу жоспарларындағы іс-шаралар ауқымы түсінік пен ілгерілеуді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар мұғалімдерге критериалды бағалау моделін дайындау мен жүзеге асыруда қалай көмек көрсетуді түсіну үшін оқыту барысында қолданылады.

18. Табыс критерийлері оқушылардың белгілі бір оқу міндеттеріне "жеткенін" білдіретін талап етілетін стандартты сипаттайды (пән бағдарламасы бойынша). Табыс критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы, бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттігін белгілейтіндей соншалықты нақты болмауы тиіс. Табыс критерийлері сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиісті жағдайларда оқу мақсатының бір бөлігін ( біртұтас мақсаттың орнына) қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.

19. Дұрыс табыс критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Сонымен қатар, табыс критерийлерін алып тастау арқылы емес, енгізу арқылы айқындаған анағұрлым пайдалы. Оқушылар 'X' жасай алатынын көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс "бағыттағы жұмыс үшін" табыс критерийлері олар '

X' жасай алмайтындай болмауы тиіс. Табыс критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттауы керек.

20. Пән бойынша біліктілік арттыру курстарына қатысқан мұғалімдерге "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықты" негізге ала отырып, қалыптастырушы бағалауды қолдану ұсынылады. Оқыту барысында 1 және 10-сыныптарға арналған ағылшын тілі, орыс тілі (Т2), қазақ тілі (Т2), 10 және 2-сыныптарға арналған орыс тілі (Т1), 10-сыныпқа арналған қазақ тілі (Т1) пәндері бойынша Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауға арналған нұсқаулыққа сілтеме жасалады. Бұл басшылыққа алынатын құжаттар деректерді жинау мен пайдалануда пән бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкес қалай сипаттауға болатынының үлгісі бола алады.

21. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар);

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты бақылау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

22. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады.

23. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады. Модерацияның талаптары анағұрлым қатал, ол жыл сайын ағымдағы шынайы деректерді белгілей отырып, мектепшілік және мектепаралық кездесу өткізуді талап етеді. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер

катысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері аясында оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді. Стандарттау мен шектеуліліктің критериалды бағалау моделінде қалай қолданылатыны туралы "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Қалыптастырушы бағалау туралы қосымша ақпараттар мен ұсыныстар осы бағдарламаның соңында ұсынылған.

24. Біліктілікті арттыру курсына қатысушы мұғалімдерге оқушылар әр тоқсанның соңында дайындайтын жобаларды жүзеге асыру үдерісіне қолдау көрсету ұсынылады. Оқу барысында ішкі жиынтық бағалауды жүзеге асыруда негізге алынатын тест спецификациясы қарастырылады.

25. Тілдік пәндер аясындағы ішкі жиынтық бағалау оқушылардың тоқсан бойына оқу мақсаттарының мазмұндары мен дағдыларын қаншалықты нәтижелі меңгергенін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалауды толықтырады. Мұғалімдер мен оқушылар алға ілгерілеуді өлшеу үшін бағалау нәтижелерін қолдана алады. Әрбір тесттің құрылымы мен ұзақтығы және оны қалай қолдану қажеттігі туралы ақпаратты әрбір пән мен сыныпқа арналған ішкі жиынтық бағалаудың тест спецификациясынан табуға болады. Әрбір пән мен сыныпқа арналған тест спецификациясында келесі ақпараттар қамтылған:

- 1) әрбір сынып бойынша тест ұзақтығы;
- 2) әрбір сынып бойынша әр тест бойынша бағалардың саны;
- 3) бағалау мақсаттарына сәйкес бағалардың теңгерімі;
- 4) сұрақтардың үлгілері мен бағалар сызбалары;
- 5) әрбір тестіні басқаруға арналған практикалық талаптар.

26. "Қазақ тілі" пәні бойынша 11-сыныпта сыртқы жиынтық бағалау қолданылады, ол белгілі бір пәндер үшін түйінді кезеңдерде, белгілі бір оқу модельдерінде және бағалау модельдерінде жүзеге асырылады және мектептерден тыс жүргізіліп, бағаланады.

27. Кез келген бағалау, оның ішінде тестілеу түріндегі ішкі жиынтық бағалау, сынып негізіндегі қалыптастырушы бағалау немесе сырттай белгіленетін және өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау шынайы, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және барлық оқу үдерісі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалау барысында қолданылады.

28. Оқыту ең үздік халықаралық тәжірибемен үйлесімді сындарлы, тұлғаға бағдарланған тәсілдермен байланысты критериалды бағалау әдістеріне сүйенетін болады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша тілдік пәндер бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе және критериалды бағалау моделіне қысқаша сипаттама	1. Курсқа кіріспе және мақсаты	2
		2. Бағалаудың мақсаты және орны. Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		3. Критериалды бағалау моделі	2
		4. Бағалауға дайындық	2
2	Қалыптастырушы бағалау (1-бөлім)	1.Қалыптастырушы бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2. ҚБ арналған табыс критерийлерін анықтау	2
		3. Жаңа табыс критерийлерін әзірлеу	2
		4. Бағалау туралы тұжырым жасау үшін дәлел жинау	2
3	Қалыптастырушы бағалау (2-бөлім) Ішкі жиынтық бағалау (1-бөлім)	1. Шағынмодерация (1)	2
		1. Шағынмодерация (2) Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		3. Ішкі жиынтық бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		4. Дағдылар топтары мен тест спецификациясына кіріспе	2
4	Ішкі жиынтық бағалау (2-бөлім)	1. Тест сұрақтарын жинау дегеніміз не және оны қолдану жолдары	2
		2. Негізді және шынайы бағалау жүргізу	2
		3. Тест сұрақтарын құрастыру (1)	2
		4. Тест сұрақтарын құрастыру (2)	2
		1. Ішкі жиынтық бағалау жүргізу	2
		2. Ішкі жиынтық бағалаудың тиімділігі	

5	Бағалауды жүзеге асыру	Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3. Оқу сапасын арттыру үшін критерийлерді пайдалану	2
		Бағдарламаға шолу және келесі қадамдар	2
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут Барлығы: 40 академиялық сағат			

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша тілдік пәндер бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 16-қосымша

# **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама республикада орта білім мазмұнын жаңарту аясында қайта қаралған оқу бағдарламаларын мектептерге енгізуге септігін тигізеді.

2. Бағдарламада оның құрылымына шолу жасалып, критериалды бағалау моделі қарастырылады.

## **2. Бағдарламаға шолу**

### **3. Бағдарламаның мақсаты:**

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында бастауыш сынып пәндері бойынша оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді енгізуге ықпал ету.

### **4. Бағдарламаның міндеттері:**

1) мұғалімдердің критериалды бағалау моделі туралы білімі мен түсінігін қалыптастыру;

2) мұғалімдердің критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінуін қамтамасыз ету;

3) мұғалімдердің критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру;

4) мұғалімдердің қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін қалыптастыру;

5) мұғалімдердің критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қолдау көрсету дағдыларын меңгеруін қамтамасыз ету.

### **5. Бағдарламаның нәтижелері:**

#### **1) Мұғалімдер:**

а) критериалды бағалау моделінің мақсаттарын біледі және түсінеді;

ә) критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінеді.

#### **2) Мұғалімдер іске асырыла алады:**



а) қалыптастырушы бағалауға арналған бағалау критерийлерін әзірлейді және бағалай алады;

ә) критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді әзірлейді және қолданады;

б) қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін тәжірибеде қолдана біледі;

в) критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қажетті қолдау көрсете алады.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

6. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оның құрылымы, тиімді оқу үдерісін жүргізуге қажетті педагогикалық әдістемелермен және қолданылатын бағалау тетіктерімен жүйелі түрде таныстыруды қамтамасыз ету мақсатында бірнеше пәнде бірқатар ұқсас сабақтар бар.

7. Мұғалімдерге оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі. Бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді оқу кезеңі болып табылады, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

8. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Мұғалімдер оқу барысында курста оқу бағдарламасының аясындағы ықшамсабақтарға қатысады. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, өздерінің осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізудегі алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

9. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

10. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" мен талқылау кезеңдеріне ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу циклінің түрлі кезеңдері қайта қарастырылады.

#### 4. Критериалды бағалау моделі

11. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Қазақстандағы орта білім беру жүйесіне шолуында оқушылар үшін бағаны неғұрлым әділ және маңызды ету үшін барлық бастауыш және орта мектептерде оқыту нәтижелерін критериалды бағалауды енгізу ұсынылады.

12. Критериалды бағалауда оқушының үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына сәйкес өлшенеді. Бұл оқушылардың үлгерімі сыныптағы басқа оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушыларының қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдау жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибені жетілдіруіне кепілдік береді.

13. Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін – мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалаудың мүмкіндіктерін анықтау, қорытындылау, модерация және нәтижелерді тіркеу үшін уақыт бөлу арқылы оқыту мен оқудың сапасын арттыруда тиімді қолдануға болатын маңызы зор.

14. Критериалды бағалау моделінің шеңберінде оқушылардың оқу жылы бойындағы ілгерілеуін қамтитын бағалаудың үш түрі бар. Оның екі түрі – қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау мектептегі бағалауды жүргізу мақсатында өзара бірлестікте қолданылады. Кейбір пәндерде бағалаудың үшінші түрі бар – сыртқы жиынтық бағалау, ол мектептерден тыс белгіленеді және өткізіледі.

15. Бастауыш сыныптардағы бағалау барысында оқушылардың ілгерілеуі қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау арқылы бағаланады. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы күнделікті оқыту әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты түрде іске асырылады. Тоқсанның аяғында ішкі жиынтық бағалау арқылы оқу барысында қол жеткізілуі тиіс оқу мақсаттары анықталады.

16. Критериалды бағалау моделі және оны сыныптарда қалай қолдану қажеттігі туралы толық ақпаратты "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Бұл нұсқаулық құралдар мұғалімдер үшін әзірленген. Олар бағалаудың негізгі қағидаттары, тәсілдері және негізгі терминдердің анықтамасымен қоса, бағалау моделі бойынша басшылыққа алынатын құрал болып табылады. Оларға сонымен қатар, бұл модельді ұсыну кезінде мұғалімдерді қолдау бойынша практикалық ұсыныстар да енгізілген.

17. Оқу бағдарламалары оқу мақсаттарын нақтылауда негізгі бағдар болып табылады және оқу жоспарларындағы іс-шаралар ауқымы түсінік пен ілгерілеуді

бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар мұғалімдерге критериалды бағалау моделін дайындау мен жүзеге асыруда қалай көмек көрсетуді түсіну үшін оқыту барысында қолданылады.

18. Табыс критерийлері оқушылардың белгілі бір оқу міндеттеріне "жеткенін" білдіретін талап етілетін стандартты сипаттайды (пән бағдарламасы бойынша). Табыс критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы, бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттігін белгілейтіндей соншалықты нақты болмауы тиіс. Табыс критерийлері сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиісті жағдайларда оқу мақсатының бір бөлігін ( біртұтас мақсаттың орнына) қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.

19. Дұрыс табыс критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Сонымен қатар, табыс критерийлерін алып тастау арқылы емес, енгізу арқылы айқындаған анағұрлым пайдалы. Оқушылар 'X' жасай алатынын көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс "бағыттағы жұмыс үшін" табыс критерийлері олар ' X' жасай алмайтындай болмауы тиіс. Табыс критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттауы керек.

20. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар );

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты бақылау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

21. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады.

22. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады. Модерацияның талаптары анағұрлым қатал, ол жыл сайын ағымдағы шынайы деректерді белгілей отырып, мектепшілік және мектепаралық кездесу өткізуді талап етеді.

23. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері аясында оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді. Стандарттау мен шектеуліліктің критериалды бағалау моделінде қалай қолданылатыны туралы "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Қалыптастырушы бағалау туралы қосымша ақпараттар мен ұсыныстар осы бағдарламаның соңында ұсынылған.

24. Біліктілік арттыру курсына қатысушы мұғалімдерге оқушылар әр тоқсанның соңында дайындайтын жобаларды жүзеге асыру үдерісіне өз үлестерін қосу ұсынылады. Оқу барысында ішкі жиынтық бағалауды жүзеге асыруда негізге алынатын тест спецификациясы қарастырылады.

25. Бастауыш сыныптардағы оқыту аясында ішкі жиынтық бағалау оқушылардың тоқсан бойына оқу мақсаттарының мазмұндары мен дағдыларын қаншалықты нәтижелі меңгергенін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалауды толықтырады. Мұғалімдер мен оқушылар алға ілгерілеуді өлшеу үшін бағалау нәтижелерін қолдана алады. Әрбір пән мен сыныпқа арналған тест спецификациясында келесі ақпараттар қамтылған:

- 1) әрбір сынып бойынша тест ұзақтығы;
- 2) әрбір сынып бойынша әр тест бойынша бағалардың саны;
- 3) бағалау мақсаттарына сәйкес бағалардың теңгерімі;
- 4) сұрақтардың үлгілері мен бағалар сызбалары;
- 5) әрбір тестті басқаруға арналған практикалық талаптар.

26. Кез келген бағалау, оның ішінде тестілеу түріндегі ішкі жиынтық бағалау, сынып негізіндегі қалыптастырушы бағалау немесе сырттай белгіленетін және өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау шынайы, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және барлық оқу үдерісі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалау барысында қолданылады.

27) Оқыту ең үздік халықаралық тәжірибемен үйлесімді сындарлы, тұлғаға бағдарланған тәсілдермен байланысты критерийлер негізінде бағалау әдістеріне сүйенетін болады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе және критериалды бағалау моделіне қысқаша сипаттама	1. Курсқа кіріспе және мақсаты	2
		2. Бағалаудың мақсаты және орны. Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		3. Критериалды бағалау моделі	2
		4. Бағалауға дайындық	2
2	Қалыптастырушы бағалау (1-бөлім)	1. Қалыптастырушы бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2. Табыс критерийлерін анықтау	2
		3. Жаңа табыс критерийлерін әзірлеу	2
		4. Бағалау туралы тұжырым жасау үшін дәлел жинау	2
3	Қалыптастырушы бағалау (2-бөлім) Ішкі жиынтық бағалау (1-бөлім)	1. Шағынмодерация (1)	2
		1. Шағынмодерация (2) Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		3. Ішкі жиынтық бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		4. Дағдылар топтары мен тест спецификациясына кіріспе	2
4	Ішкі жиынтық бағалау (2-бөлім)	1. Тест сұрақтарын жинау дегеніміз не және оны қолдану жолдары	2
		2. Негізді және шынайы бағалау жүргізу	2
		3. Тест сұрақтарын құрастыру (1)	2
		4. Тест сұрақтарын құрастыру (2)	2
		1. Ішкі жиынтық бағалау жүргізу	2
		2. Ішкі жиынтық бағалаудың тиімділігі	

5	Бағалауды жүзеге асыру	Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3. Оқу сапасын арттыру үшін критерийлерді пайдалану	2
		4. Бағдарламаға шолу және келесі қадамдар	2
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут Барлығы: 40 академиялық сағат			

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 17-қосымша

# **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне критериалды бағалау моделін енгізуді қамтамасыз етуге көмектесу мақсатында жүргізіледі.

2. Бағдарламада оның құрылымына шолу жасалып, критериалды бағалау моделі қарастырылады.

## **2. Бағдарламаға шолу**

### **3. Бағдарламаның мақсаты:**

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді енгізуге ықпал ету.

### **4. Бағдарламаның міндеттері:**

1) мұғалімдердің критериалды бағалау моделі туралы білімі мен түсінігін қалыптастыру;

2) мұғалімдердің критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінуін қамтамасыз ету;

3) мұғалімдердің критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру;

4) мұғалімдердің қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін қалыптастыру;

5) мұғалімдердің критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қолдау көрсету дағдыларын меңгеруін қамтамасыз ету.

### **5. Бағдарламаның нәтижелері:**

#### **1) Мұғалімдер:**

а) критериалды бағалау моделінің мақсаттарын біледі және түсінеді;

ә) критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінеді.

2) Мұғалімдер іске асырыла алады:

а) қалыптастырушы бағалауға арналған бағалау критерийлерін әзірлейді және бағалай алады;

ә) критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді әзірлейді және қолданады;

б) қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін тәжірибеде қолдана біледі;

в) критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қажетті қолдау көрсете алады.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

6. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оның құрылымы, тиімді оқу үдерісін жүргізуге қажетті педагогикалық әдістемелермен және қолданылатын бағалау тетіктерімен жүйелі түрде таныстыруды қамтамасыз ету мақсатында бірнеше пәнде бірқатар ұқсас сабақтар бар.

7. Мұғалімдерге оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі. Бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді оқу кезеңі болып табылады, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

8. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Мұғалімдер оқу барысында курста оқу бағдарламасының аясындағы ықшамсабақтарға қатысады. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, өздерінің осы Бағдарлама бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізудегі алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

9. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

10. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "эксперимент" болып табылады және "рефлексия" мен талқылау кезеңдеріне ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("



абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу циклінің түрлі кезеңдері қайта қарастырылады.

#### **4. Критериалды бағалау моделі**

11. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Қазақстандағы орта білім беру жүйесіне шолуында оқушылар үшін бағаны неғұрлым әділ және маңызды ету үшін барлық бастауыш және орта мектептерде оқыту нәтижелерін критериалды бағалауды енгізу ұсынылады.

12. Критериалды бағалауда оқушының үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына сәйкес өлшенеді. Бұл оқушылардың үлгерімі сыныптағы басқа оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушыларының қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдау жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибені жетілдіруіне кепілдік береді.

13. Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін – мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалаудың мүмкіндіктерін анықтау, қорытындылау, модерация және нәтижелерді тіркеу үшін уақыт бөлу арқылы оқыту мен оқудың сапасын арттыруда тиімді қолдануға болатын маңызы зор.

14. Критериалды бағалау моделінің шеңберінде оқушылардың оқу жылы бойындағы ілгерілеуін қамтитын бағалаудың үш түрі бар. Оның екі түрі – қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау мектептегі бағалауды жүргізу мақсатында өзара бірлестікте қолданылады. Кейбір пәндерде бағалауды үшінші түрі бар – сыртқы жиынтық бағалау, ол мектептерден тыс белгіленеді және өткізіледі.

15. "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша оқушылардың ілгерілеуі қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау арқылы бағаланады. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы күнделікті оқыту әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты түрде іске асырылады. Токсанның аяғында ішкі жиынтық бағалау арқылы оқу барысында қол жеткізілуі тиіс оқу мақсаттары анықталады.

16. Критериалды бағалау моделі және оны сыныптарда қалай қолдану қажеттігі туралы толық ақпаратты "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық" және "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Бұл нұсқаулық құралдар мұғалімдер үшін әзірленген. Олар бағалаудың

негізгі қағидаттары, тәсілдері және негізгі терминдердің анықтамасымен қоса, бағалау моделі бойынша басшылыққа алынатын құрал болып табылады. Оларға сонымен қатар, бұл модельді ұсыну кезінде мұғалімдерді қолдау бойынша практикалық ұсыныстар да енгізілген.

17. Оқу бағдарламалары оқу мақсаттарын нақтылауда негізгі бағдар болып табылады және оқу жоспарларындағы іс-шаралар ауқымы түсінік пен ілгерілеуді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар мұғалімдерге критериалды бағалау моделін дайындау мен жүзеге асыруда қалай көмек көрсетуді түсіну үшін оқыту барысында қолданылады.

18. Табыс критерийлері оқушылардың белгілі бір оқу міндеттеріне "жеткенін" білдіретін талап етілетін стандартты сипаттайды (пән бағдарламасы бойынша). Табыс критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы, бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттігін белгілейтіндей соншалықты нақты болмауы тиіс. Табыс критерийлері сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиісті жағдайларда оқу мақсатының бір бөлігін ( біртұтас мақсаттың орнына) қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.

19. Дұрыс табыс критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Сонымен қатар, табыс критерийлерін алып тастау арқылы емес, енгізу арқылы айқындаған анағұрлым пайдалы. Оқушылар 'X' жасай алатынын көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс "бағыттағы жұмыс үшін" табыс критерийлері олар 'X' жасай алмайтындай болмауы тиіс. Табыс критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттауы керек.

20. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар );

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты бақылау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

21. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады.

22. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады. Модерацияның талаптары анағұрлым қатал, ол жыл сайын ағымдағы шынайы деректерді белгілей отырып, мектепшілік және мектепаралық кездесу өткізуді талап етеді.

23. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері аясында оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді.

Стандарттау мен шектеуліліктің критериалды бағалау моделінде қалай қолданылатыны туралы "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Қалыптастырушы бағалау туралы қосымша ақпараттар мен ұсыныстар осы бағдарламаның соңында ұсынылған.

24. Біліктілікті арттыру курсына қатысушы мұғалімдерге оқушылар әр тоқсанның соңында дайындайтын жобаларды жүзеге асыру үдерісіне өз үлестерін қосу ұсынылады. Оқу барысында ішкі жиынтық бағалауды жүзеге асыруда негізге алынатын тест спецификациясы қарастырылады.

25. Оқу барысында "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыруға қатысты нұсқаулықты қарастыру ұсынылады. Бұл құжат мұғалімдердің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың ілгерілеуінің дәлелдерін қалай жинақтайтыны және пайдаланатыны туралы нұсқауларды қамтиды.

26. Кез келген бағалау, оның ішінде тестілеу түріндегі ішкі жиынтық бағалау, сынып негізіндегі қалыптастырушы бағалау немесе сырттай белгіленетін және өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау шынайы, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және барлық оқу үдерісі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалау барысында қолданылады.

27. Оқыту ең үздік халықаралық тәжірибемен үйлесімді сындарлы, тұлғаға бағдарланған тәсілдермен байланысты критериалды бағалау әдістеріне сүйенетін болады.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша " Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе және критериалды бағалау моделіне қысқаша сипаттама	1. Курсқа кіріспе және мақсаты	2
		2. Бағалаудың мақсаты және орны. Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		3. Критериалды бағалау моделі	2
		4. Бағалауға дайындық	2
2	Қалыптастырушы бағалау (1-бөлім)	1.Қалыптастырушы бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2. Табыс критерийлерін анықтау	2
		3. Жаңа табыс критерийлерін әзірлеу	2
		4. Бағалау туралы тұжырым жасау үшін дәлел жинау	2
3	Қалыптастырушы бағалау (2-бөлім) Ішкі жиынтық бағалау (1-бөлім)	1. Шағынмодерация (1)	2
		1. Шағынмодерация (2) Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		3. Ішкі жиынтық бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		4. Дағдылар топтары мен тест спецификациясына кіріспе	2
4	Ішкі жиынтық бағалау (2-бөлім)	1. Негізді және шынайы бағалау жүргізу	2
		2. Критериалды бағалау жүйесі және оны бағалау түйіндемесін қолдану	2
		3. Қосымша бағалау жүйелері	2
		4. Тәжірибені бағалау	2
		1. Ішкі жиынтық бағалау жүргізу	2

5	Бағалауды жүзеге асыру	2. Ішкі жиынтық бағалаудың тиімділігі Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3. Оқу сапасын арттыру үшін критерийлерді пайдалану	2
		4. Бағдарламаға шолу және келесі қадамдар	2
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут Барлығы: 40 академиялық сағат			

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша " Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі



**Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне критериалды бағалау моделін енгізуді қамтамасыз етуге көмектесу мақсатында жүргізіледі.

2. Бағдарламада оның құрылымына шолу жасалып, критериалды бағалау моделі қарастырылады.

**2. Бағдарламаға шолу**

3. Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында "Жоба жұмысы" пәні бойынша оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді енгізуге ықпал ету.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) мұғалімдердің критериалды бағалау моделі туралы білімі мен түсінігін қалыптастыру;

2) мұғалімдердің критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінуін қамтамасыз ету;

3) мұғалімдердің критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру;

4) мұғалімдердің қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін қалыптастыру;

5) мұғалімдердің критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қолдау көрсету дағдыларын меңгеруін қамтамасыз ету.

5. Бағдарламаның нәтижелері:

1) Мұғалімдер:

- а) критериалды бағалау моделінің мақсаттарын біледі және түсінеді;
  - ә) критериалды бағалау жүйесінің мән-маңызын түсінеді.
- 2) Мұғалімдер іске асырыла алады:
- а) қалыптастырушы бағалауға арналған бағалау критерийлерін әзірлейді және бағалай алады;
  - ә) критериалды бағалауды енгізуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді әзірлейді және қолданады;
  - б) қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері туралы түсінігін тәжірибеде қолдана біледі;
  - в) критериалды бағалауды іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қажетті қолдау көрсете алады.

6. Барлық оқу материалдары және оқу үдерісі "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылыққа" негізделеді және төмендегі жаңартылған оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының негізінде әзірленген:

- 1) "Жоба жұмысы" пәні бойынша 6-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы ;
- 2) "Жоба жұмысы" пәні бойынша 6-9-сыныптарға арналған оқу жоспарлары;
- 3) "Жоба жұмысы" пәні бойынша 6-9-сыныптарда ішкі жиынтық бағалауға арналған тест спецификациясы.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

7. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Бағдарламаның 1-қосымшасындағы оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оның құрылымы, тиімді оқу үдерісін жүргізуге қажетті педагогикалық әдістемелермен және қолданылатын бағалау тетіктерімен жүйелі түрде таныстыруды қамтамасыз ету мақсатында бірнеше пәнде бірқатар ұқсас сабақтар бар.

8. Мұғалімдерге оқу бағдарламасының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі. Бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді оқу кезеңі болып табылады, сондай-ақ мұғалімдердің оқу бағдарламасына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

9. Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Мұғалімдер оқу барысында курста оқу бағдарламасының аясындағы ықшамсабақтарға қатысады. Күнделікті оқудың аяғында өзіндік рефлексия жүргізіліп, өздерінің осы Бағдарлама бойынша оқу

мақсаттарына қол жеткізудегі алға ілгерілеуді қарастыру және оларды өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтау мақсатында тренердің тапсырмаларын орындайды.

10. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

11. Оқудың бастапқы бірнеше күніндегі ықшамсабақтар "тәжірибе" болып табылады және "рефлексия" мен талқылау кезеңдеріне ұласады. Оқу барысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде жаңартылған теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынады, ол оқудың кейінгі кезеңі – ықшамсабақта қолданылады. Бүкіл оқу барысында оқу циклінің түрлі кезеңдері қайта қарастырылады.

#### **4. Критериалды бағалау моделіне шолу**

12. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Қазақстандағы орта білім беру жүйесіне шолуында оқушылар үшін бағаны неғұрлым әділ және маңызды ету үшін барлық бастауыш және орта мектептерде оқыту нәтижелерін критериалды бағалауды енгізу ұсынылады.

13. Критериалды бағалауда оқушының үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына сәйкес өлшенеді. Бұл оқушылардың үлгерімі сыныптағы басқа оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушыларының қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдау жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибені жетілдіруіне кепілдік береді.

14. Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін – мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалаудың мүмкіндіктерін анықтау, қорытындылау, модерация және нәтижелерді тіркеу үшін уақыт бөлу арқылы оқыту мен оқудың сапасын арттыруда тиімді қолдануға болатын маңызы зор.

15. Критериалды бағалау моделінің шеңберінде оқушылардың оқу жылы бойындағы ілгерілеуін қамтитын бағалаудың үш түрі бар. Оның екі түрі – қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау мектептегі бағалауды жүргізу мақсатында өзара бірлестікте қолданылады. Кейбір пәндерде бағалауды үшінші түрі бар – сыртқы жиынтық бағалау, ол мектептерден тыс белгіленеді және өткізіледі.



16. "Жоба жұмысы" пәні бойынша оқушылардың ілгерілеуі қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау арқылы бағаланады. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы қалыпты іс-әрекеттің бөлігі ретінде тұрақты түрде іске асырылады. 4-тоқсанның аяғында ішкі жиынтық бағалау арқылы жоба жұмысын бағалау іске асырылады. Бұл бағалау сыныптағы оқу барысында қол жеткізілуі тиіс оқу мақсаттарын тексереді.

17. Критериалды бағалау моделі және оны сыныптарда қалай қолдану қажеттігі туралы толық ақпаратты "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Бұл нұсқаулық құралдар мұғалімдер үшін әзірленген және бағалаудың негізгі қағидаттары, тәсілдері және негізгі терминдердің анықтамасымен қоса, бағалау моделі бойынша басшылыққа алынатын құрал болып табылады. Сонымен қатар, олар бағалау моделін ұсыну кезінде мұғалімдерге қолдау көрсетуге қатысты практикалық ұсыныстарды қамтиды.

18. Оқу бағдарламалары оқу мақсаттарын нақтылауда негізгі бағдар болып табылады және оқу жоспарларындағы іс-шаралар ауқымы түсінік пен ілгерілеуді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар мұғалімдерге критериалды бағалау моделін дайындау мен жүзеге асыруда қалай көмек көрсетуді түсіну үшін оқыту барысында қолданылады.

19. Табыс критерийлері оқушылардың белгілі бір оқу міндеттеріне "жеткенін" білдіретін талап етілетін стандартты сипаттайды (пән бағдарламасы бойынша). Табыс критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы, бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттігін белгілейтіндей соншалықты нақты болмауы тиіс. Табыс критерийлері сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиісті жағдайларда оқу мақсатының бір бөлігін (біртұтас мақсаттың орнына) қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.

20. Дұрыс табыс критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Сонымен қатар, табыс критерийлерін алып тастау арқылы емес, енгізу арқылы айқындаған анағұрлым пайдалы. Оқушылар 'X' жасай алатынын көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс "бағыттағы жұмыс үшін" табыс критерийлері олар 'X' жасай алмайтындай болмауы тиіс. Табыс критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттауы керек.

21. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының

үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар);

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты бақылау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

22. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады.

23. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады. Модерацияның талаптары анағұрлым қатал, ол жыл сайын ағымдағы шынайы деректерді белгілей отырып, мектепшілік және мектепаралық кездесу өткізуді талап етеді.

24. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері аясында оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді. Стандарттау мен шектеуліліктің критериалды бағалау моделінде қалай қолданылатыны туралы "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Қалыптастырушы бағалау туралы қосымша ақпараттар мен ұсыныстар осы бағдарламаның соңында ұсынылған.

25. Біліктілікті арттыру курсына қатысушы мұғалімдерге тоқсанның соңында оқушылардың жоба жұмысын ішкі жиынтық бағалауда қолданылатын элементтерді дамытуға өз үлестерін қосу ұсынылады. Оқу барысында тест спецификацияларына сілтеме жасалады. Тест спецификациялары ішкі жиынтық бағалау жасау үшін негіз болып табылады.

26. "Жоба жұмысы" пәні аясындағы ішкі жиынтық бағалау оқушылардың сынып бойындағы оқу мақсаттарының мазмұндары мен дағдыларын қаншалықты нәтижелі меңгергенін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалауды толықтырады. Мұғалімдер мен оқушылар алға ілгерілеуді өлшеу үшін бағалау нәтижелерін қолдана алады. Әрбір жобаның құрылымы мен ұзақтығы және оны қалай қолдану қажеттігі туралы ақпаратты жоба жұмысының әрбір түріне арналған ІЖБ тест спецификациясынан табуға болады. Әрбір сыныпқа арналған тест спецификациясында келесі ақпараттар қамтылған:

- 1) әрбір сынып бойынша жоба жұмысының күтілетін нәтижелері;
- 2) әрбір сыныптағы әрбір жоба бойынша бағалардың саны;
- 3) бағалау мақсаттарына сәйкес бағалардың теңгерімі;
- 4) бағалау сызбасы;
- 5) әрбір жобаны бағалауға арналған практикалық талаптар.

27. Кез келген бағалау, оның ішінде тестілеу түріндегі ішкі жиынтық бағалау, сынып негізіндегі қалыптастырушы бағалау немесе сырттай белгіленетін және өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау бағалау шынайы, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және барлық оқу үдерісі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалау барысында қолданылады.

28. Оқыту ең үздік халықаралық тәжірибемен үйлесімді сындарлы, тұлғаға бағдарланған тәсілдермен байланысты критериалды бағалау әдістеріне сүйенетін болады.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде  
критериалды  
бағалау жүйесін енгізу бойынша "Жоба  
жұмысы"  
пәні бойынша жаратылыстану-  
математикалық цикл  
педагогика кадрларының біліктілігін  
арттыру  
курсының білім беру бағдарламасына 1-  
қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе және критериалды бағалау моделіне қысқаша сипаттама	1. Курска кіріспе және мақсаты	2
		2. Бағалаудың мақсаты және орны. Бағамдауға арналған жаттығу: Ойлау сипаты	2
		3. Критериалды бағалау моделі	2

		4. Бағалауға дайындық	2
2	Қалыптастырушы бағалау (1-бөлім)	1.Қалыптастырушы бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		2. Табыс критерийлерін анықтау	2
		3. Жаңа табыс критерийлерін түсіну	2
		4. Бағалау туралы тұжырым жасау үшін дәлел жинау	2
3	Қалыптастырушы бағалау (2-бөлім) Ішкі жиынтық бағалау (1-бөлім)	1. Шағынмодерация (1)	2
		1. Шағынмодерация (2) Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		3. Ішкі жиынтық бағалау дегеніміз не? Бағамдауға арналған жаттығу: Критериалды бағалау	2
		4. Дағдылар топтары мен тест спецификациясына кіріспе	2
4	Ішкі жиынтық бағалау (2-бөлім)	1. Негізді және шынайы бағалау жүргізу	2
		2. Критериалды бағалау жүйесі және оны бағалау түйіндемесін қолдану	2
		3. Қосымша бағалау жүйелері	2
		4. Тәжірибені бағалау	2
5	Бағалауды жүзеге асыру	1. Ішкі жиынтық бағалау жүргізу	2
		2. Ішкі жиынтық бағалаудың тиімділігі Бағамдауға арналған жаттығу: Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		3. Оқу сапасын арттыру үшін критерийлерді пайдалану	2
		4. Бағдарламаға шолу және келесі қадамдар	2
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут Барлығы: 40 академиялық сағат			

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша "Жоба жұмысы" пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 19-қосымша

## **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту және қайта құру мақсатында жүргізіледі.

2. Бағдарламада білім беру бағдарламасына шолу жасалып, Бағдарламаның құрылымы және критериалды бағалау моделі қарастырылады.

### **2. Бағдарламаға шолу**

### 3. Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру ұйымдарының басшыларының педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

### 4. Бағдарламаның міндеттері:

1) жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді және оқу материалдарын түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету ;

3) критериалды бағалау жүйесін түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету ;

4) Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

5) педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына сәйкес педагогикалық тәсілдерді және оқу материалдарын түсінуін және қолдана білуін және орта білім беру бағдарламасын жаңарту жағдайында мұғалімдер ұжымына қолдау көрсетуін қамтамасыз ету.

### 5. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) жалпы білім беру ұйымдарының басшылары жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді және оқу материалдарын қолданады;

3) жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолданады;

4) орта білім беру бағдарламасын жаңарту жағдайында мұғалімдер ұжымына қолдау көрсету дағдылары мен жолдарын біледі.

## **3. Бағдарламаның құрылымы**

6. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім мазмұнын жаңарту жөніндегі мазмұнды шолудан басталады. Осы Бағдарламаның 1-қосымшасындағы оқу жоспарында көрсетілгендей, алғашқы үш күн Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру бағдарламасы мен Бағдарлама бойынша педагогикалық тәсілдерді қарастыруға арналады, ал одан кейінгі күндерде критериалды бағалау жүйесі қарастырылады.

7. Бағдарлама бойынша оқу курсының соңында мектеп басшылары өзіндік рефлексия және метатанымдық жаттығуларды пайдалана отырып, біліктілікті арттыру курсының оқу мақсаттары тұрғысынан өздерінің алға ілгерілеуін қарастырады.

8. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың эмпирикалық моделінің негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

9. Біліктілікті арттыру курсы барысында мектеп басшылары Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында пәндер бойынша жаңа оқу бағдарламаларымен, педагогикалық тәсілдермен және критериалды бағалау моделімен танысады. Одан кейінгі сабақтарда тыңдаушылар жаңа бағдарламалар мен критериалды бағалау моделін қолдануға арналған тапсырмалар мен жаттығуларды орындайды.

10. Курс барысындағы ықшамсабақтар өздерінің оқыту тәжірибесіне "эксперимент" жасау болмақ, ол рефлексия және талқылау кезеңдерімен ұласады. Пәннің ерекшеліктері қарастырылатын сабақтар кезінде жаңа теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынылып, ол ықшамсабақтардың келесі сатысында іс жүзінде қолданылады. Циклдің әртүрлі кезеңдері оқыту барысында қайта қарастырылатын болады.

11. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын 3-қосымшадағы "Джером Брунердің спиральді оқу үлгісіне" негізделген спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелерге біріктірілген.

12. Бөлімдер одан әрі дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіндегі бөлімшелерге бөлінеді. Оқу жылы бойындағы оқудан күтілетін нәтижелер түріндегі бөлімшелер оқу мақсаттарын құрайды. Оқу мақсаттары мұғалімдерге оқушылардың меңгеруі тиіс әрекеттерді жоспарлауға, бағалауға және көрсетуге мүмкіндік беріп, әрбір бөлімше бойынша алға ілгерілеуді көрсетеді.

#### **4. Критериалды бағалау моделі**

13. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Қазақстандағы орта білім беру жүйесіне шолуында оқушылар үшін бағаны неғұрлым әділ және маңызды ету үшін барлық бастауыш және орта мектептерде оқыту нәтижелерін критериалды бағалауды енгізу ұсынылады.

14. Критериалды бағалауда оқушының үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына сәйкес өлшенеді. Бұл оқушылардың үлгерімі сыныптағы басқа оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушыларының қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдау жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибені жетілдіруіне кепілдік береді.

15. Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін – мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалаудың мүмкіндіктерін анықтау, қорытындылау, модерация және нәтижелерді тіркеу үшін уақыт бөлу арқылы оқыту мен оқудың сапасын арттыруда тиімді қолдануға болатын маңызы зор.

16. Критериалды бағалау моделінің шеңберінде оқушылардың оқу жылы бойындағы ілгерілеуін қамтитын бағалаудың үш түрі бар. Оның екі түрі – қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау мектептегі бағалауды жүргізу мақсатында өзара бірлестікте қолданылады. Кейбір пәндерде бағалаудың үшінші түрі бар – сыртқы жиынтық бағалау, ол мектептерден тыс белгіленеді және өткізіледі.

17. Оқу барысында оқушылардың ілгерілеуі қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау арқылы бағаланады. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы күнделікті оқыту әрекетінің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты түрде іске асырылады. Тоқсанның аяғында ішкі жиынтық бағалау арқылы оқу барысында қол жеткізілуі тиіс оқу мақсаттары анықталады.

18. Критериалды бағалау моделі және оны сыныптарда қалай қолдану қажеттігі туралы толық ақпаратты "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық" және "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Бұл нұсқаулық құралдар мұғалімдер үшін әзірленген. Олар бағалаудың негізгі қағидаттары, тәсілдері және негізгі терминдердің анықтамасымен қоса, бағалау моделі бойынша басшылыққа алынатын құрал болып табылады. Оларға сонымен қатар, бұл модельді ұсыну кезінде мұғалімдерді қолдау бойынша практикалық ұсыныстар да енгізілген. Мектеп басшыларының да бағалаудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін және шарттарының анықтамасымен қоса, бағалау моделін түсінуінің маңызы зор, себебі олар бұл модельді ұсыну кезінде мұғалімдерге қолдау көрсете алады.

19. Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары үйрету мақсаттары ретіндегі оқу мақсаттарын нақты мазмұндайды және оқу жоспарларындағы іс-шаралар



ауқымы түсінік пен ілгерілеуді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар мұғалімдерге критериалды бағалау моделін дайындау мен жүзеге асыруда қалай көмек көрсетуді түсіну үшін оқыту барысында қолданылады.

20. Табыс критерийлері оқушылардың белгілі бір оқу міндеттеріне "жеткенін" білдіретін талап етілетін стандартты сипаттайды (оқу бағдарламасы бойынша). Табыс критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы, бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттігін белгілейтіндей соншалықты нақты болмауы тиіс. Табыс критерийлері сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиісті жағдайларда оқу мақсатының бір бөлігін ( біртұтас мақсаттың орнына) қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.

21. Дұрыс табыс критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Сонымен қатар, табыс критерийлерін алып тастау арқылы емес, енгізу арқылы айқындаған анағұрлым пайдалы. Оқушылар 'X' жасай алатынын көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс "бағыттағы жұмыс үшін" табыс критерийлері олар ' X' жасай алмайтындай болмауы тиіс. Табыс критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттауы керек.

22. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);

2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);

3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар );

4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты бақылау жазбалары;

5) ата-аналардың пікірлері.

23. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады.

24. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады. Модерацияның талаптары анағұрлым қатал, ол жыл сайын ағымдағы шынайы деректерді белгілей отырып, мектепшілік және мектепаралық кездесу өткізуді талап етеді.

25. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері аясында оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді. Стандарттау мен модерацияның критериалды бағалау моделінде қалай қолданылатыны туралы "Бастауыш/ Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Қалыптастырушы бағалау туралы қосымша ақпарат пен ұсыныстар осы бағдарламаның соңында ұсынылған.

26. Бұл біліктілік арттыру курсына қатысушы мектеп басшыларына әр оқу жылының соңында қабылданатын ішкі жиынтық бағалауда қолданылатын элементтерді дамытуға өз үлестерін қосу ұсынылады. Оқу барысында тест сипаттамаларына сілтеме жасалады. Тест сипаттамалары ішкі жиынтық бағалау жасау үшін негіз болып табылады. Тест спецификацияларының үлгісі бұл құжаттардың Ішкі жиынтық бағалау пішімі мен мазмұндық саласын қалай сипаттайтынын көрсету үшін мектеп басшыларын оқыту барысында қамтылады.

27. Ішкі жиынтық бағалау оқушылардың тоқсан бойына оқу мақсаттарының мазмұндары мен дағдыларын қаншалықты нәтижелі меңгергенін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалауды толықтырады. Мұғалімдер мен оқушылар алға ілгерілеуді өлшеу үшін бағалау нәтижелерін қолдана алады. Әрбір тесттің құрылымы мен ұзақтығы және оны қалай қолдану қажеттігі туралы ақпаратты әрбір пән мен сыныпқа арналған Ішкі жиынтық бағалау тест спецификациясынан табуға болады. Әрбір пән мен сыныпқа арналған тест спецификациясында келесі ақпараттар қамтылған:

- 1) әрбір сынып бойынша тест ұзақтығы;
- 2) әрбір сынып бойынша әр тест бойынша бағалардың саны;
- 3) бағалау мақсаттарына сәйкес бағалардың теңгерімі;
- 4) сұрақтардың үлгілері мен бағалар сызбалары;
- 5) әрбір тестті басқаруға арналған практикалық талаптар.

27. Кейбір пәндер бойынша 11-сыныпта сыртқы жиынтық бағалау бар, ол белгілі бір пәндер бойынша білім беру бағдарламасында және бағалау

модельдерінде белгіленген түйінді кезеңдерде жүзеге асырылады және мектептен тыс жүргізіліп, бағаланады.

28. Кез келген бағалау, оның ішінде тестілеу түріндегі ішкі жиынтық бағалау, сынып негізіндегі қалыптастырушы бағалау немесе сырттай белгіленетін және өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау шынайы, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және оқу үдерісі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалау барысында қолданылады.

29. Оқыту ең үздік халықаралық тәжірибемен үйлесімді сындарлы, тұлғаға бағдарланған тәсілдермен байланысты критериалды бағалау әдістеріне сүйенетін болады.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде  
жалпы білім беру ұйымдары  
басшыларының  
біліктілігін арттыру курсының  
білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы, тиісті оқыту тәсілдері және критериалды бағалау жүйесі			
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе. Тілдік пәндердің оқу бағдарламалары	1 Жаңартылған білім беру бағдарламасы. Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	2
		2 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		3 Ана тілін оқыту, екінші тілді оқыту және ағылшын тілі. Жалпыеуропалық тілдік құзыреттіліктер жүйесі. Негізгі ерекшеліктері	2
		4 Негізгі тілдік дағдылар және сыныптан сыныпқа тілдік дағдыларды дамыту	2
2	Бастауыш сынып және жоба жұмысы	1 Бастауыш сынып пәндерінің оқу бағдарламаларына шолу. Дүниетану: зерттеуге негізделген оқу. Математика: проблема шешу	2
		2 Ана тілін оқыту: мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылым. Жаратылыстану: зерттеу дағдылары. Бастауыш сынып пәндері арасындағы пәнаралық байланыс: музыка және бейнелеу өнері	2
		3 "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" және "Жоба жұмысы" пәндеріне кіріспе	2
		4 Жобаларды бағалау	2
		1 Өзгеріс енгізуде мұғалімдерге қолдау көрсету. Жоспарлау. Ықшамсабақ жаттығуларын жоспарлау	2

3	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру және өзгеріс енгізу кезінде мұғалімдерге қолдау көрсету	2 Өзгеріс енгізуде мұғалімдерге қолдау көрсету. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды модельдеу, тәжірибені қадағалау және бағалау. Ықшамсабақты басқару	2
		3 Өзгеріс енгізуде мұғалімдерге қолдау көрсету. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды модельдеу, тәжірибені қадағалау және бағалау. Ықшамсабақты басқару	2
		4 Тәжірибе туралы рефлексия. Алдағы шараларды жоспарлау . Тренер тәжірибесін бағалау және мектеп басшыларын өзіндік рефлексияға ынталандыру	2
4	Критериалды бағалау моделін енгізу: қалыптастырушы және жиынтық бағалау	1 Критериалды бағалау моделі: критериалды бағалау моделінің мәні мен сипаттамасы, оның оқудағы рөлі	2
		2 Критериалды бағалау моделін іске асыру және бағалау жөніндегі жетекші мұғалімдердің рөлі	2
		3 Қалыптастырушы бағалау	2
		4 Ішкі жиынтық бағалау	2
5	Оқу сапасын басқару және мониторинг: критериалды бағалау моделін енгізуге ынталандыру	1 Ықшамсабақ: ақпараттың мазмұны мен сапасы туралы идея тудыру және осындай ақпаратты жинау, сондай-ақ бағалау барысында жиналған дәлелдер	2
		2 Мұғалімдердің баға қоюын бақылау және мектептегі бағалау жөніндегі жетекші мұғалімнің бағалауы	2
		3 Мектепте критериалды бағалауды іске асыруға мектеп басшыларының қолдау көрсетуі	2
		4 Рефлексия: мектеп басшылары білім беру стандарттарын жақсартуға қалай ықпал ете алады?	2
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут Барлығы: 40 академиялық сағат			

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі



Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

### Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығына 20-қосымша

# **Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшылары орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшылары орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама республикада орта білім мазмұнын жаңарту аясында қайта қаралған оқу бағдарламаларын мектептерге енгізуге септігін тигізеді.

2. Бағдарламада жалпы білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарларының біліктілігін арттыруда оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдермен таныстыру және жаңартылған білім беру бағдарламалары мен критериалды бағалауды іске асыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған. Критериалды бағалау бағалаудың сапалық сипаттамасы ретінде оқушыларды алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалауды көздейтін оқу үдерісінің маңызды компоненті болып табылады.

3. Бұл Бағдарламада бастауыш сыныптардың, тілдік пәндер мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарының құрылымын, критериалды критериалды бағалауды, күтілетін нәтижелер мен оқытуда қолданылатын әдістердің теориялық базасын талқылау ұсынылған.

## **2. Бағдарламаға шолу**

### **4. Бағдарламаның мақсаты:**

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру ұйымдары басшылары орынбасарларының педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

### **5. Бағдарламаның міндеттері:**

1) жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді және оқу материалдарын түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету ;

3) критериалды бағалау жүйесін түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету ;

### **6. Оқудан күтілетін нәтижелер:**

1) жалпы білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламасының құрылымын, мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін біледі және түсінеді;

2) жаңартылған білім беру бағдарламаларына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолданады;

3) жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолданады;

4) орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мұғалімдер ұжымына қолдау көрсету дағдылары мен жолдарын біледі.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

7. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім беру мазмұнын жаңартуды шолудан басталады. Осы Бағдарламаның "Оқу жоспары" 1-қосымшасындағы оқу жоспарында көрсетілгендей, алғашқы үш күн Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру бағдарламасы мен Бағдарлама бойынша педагогикалық тәсілдерді қарастыруға арналады, ал одан кейінгі күндерде критериалды бағалау жүйесі қарастырылады. Бағдарламаның бұл екі бөлігі өзара тығыз байланыста кіріктірілген, себебі педагогикалық тәсілдердегі өзгерістер жаңартылған білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажет.

8. Бағдарлама бойынша оқу курсының соңында мектеп басшыларының орынбасарлары өзіндік рефлексия және метатанымдық жаттығуларды пайдалана отырып, біліктілікті арттыру курсының оқу мақсаттары тұрғысынан өздерінің алға ілгерілеуін қарастырады және өзінің тәжірибелік қызметінде іске асыруға бағытталған әрекеттерді анықтайды.

9. Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған. Біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары қауіпсіз және ұжымдасқан оқу ортасында білім беруде өзгерістер енгізуге бағытталған жаттығуларды орындайды. Осыдан кейінгі жаттығулар бойынша өзіндік рефлексия кейде оқу барысында, кейде үй тапсырмасы түрінде орындалады. Бұл өзіндік рефлексияға арналған жаттығулар әріптестер тарапынан талқыланып, тыңдаушыларға кері байланыс ұсынылады, бұл өзінің орындағаны мен меңгерген білімінің арасын салыстыруға мүмкіндік беретін абстрактілі тұжырымдауды жеңілдетеді. Келесі сабақтарда тыңдаушылар күннің тақырыбына қатысты жаңа жаттығу түрлеріне қатысты жаңа түсініктерді қолдана отырып, эксперимент жасай алады.

10. Білім беру ұйымдары басшылары орынбасарларының Колб циклы бойынша нақты тәжірибені көрсететін сабақ бөліктерін жоспарлауды және бағалауды жүзеге асыратын болады. Осындай жаттығулардан кейін мектеп басшыларының орынбасарлары бір-бірінің сабақтарына кері байланыс ұсынады және олардың тұжырымдалған пікірлерін ненің ойдағыдай болғанын, ал нені әлі де жақсарту қажет екендігін түсіндіру үшін қолданады. Олар бұл тұжырымдалған түсініктемелерді өздерінің алдағы оқыту тәжірибесіне эксперимент жүргізуді енгізу үшін қолданатын болады. Циклдің әртүрлі кезеңдері оқыту барысында қайта қарастырылатын болады.

## **5. Бағдарламаның мазмұны**

11. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын 3-қосымшада көрсетілген спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелерге біріктірілген.

12. Бөлімдер одан әрі дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіндегі бөлімшелерге бөлінеді. Оқу жылы бойындағы оқудан күтілетін нәтижелер түріндегі бөлімшелер оқу мақсаттарын құрайды. Оқу мақсаттары мұғалімдерге оқушылардың меңгеруі тиіс әрекеттерді жоспарлауға, бағалауға және көрсетуге мүмкіндік беріп, әрбір бөлімше бойынша алға ілгерілеуді көрсетеді.

13. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелер аясында ұйымдастырылған.

14. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Олар мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін оқушылардың алға жылжуына айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді.



15. Білім беру бағдарламасы, оқыту тәсілдері және бағалау дәлелдерді құрудың оңтайлы оқу ортасына арналып құрылымдалуы тиіс.

1) Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалауы, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс.

2) Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін оқыту тәсілдерін қолданады.

3) Білім беру бағдарламасы проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс.

4) Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді бағалауда білікті болуы тиіс және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.

5) Оқушылар білімді меңгеру барысында өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және талдай білуі тиіс.

6) Оқушылардың диалогке және бірлескен оқуға қатысу мүмкіндігі болуы тиіс.

16. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындауға мүмкіндіктері болуы аса маңызды болып табылады.

17. Пәндер аясындағы педагогикалық тәсіл белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқуға негізделеді. Бұл тәсіл аясында оқушылар оқу үдерісіне белсенді атсалысады, сол арқылы өздері үшін оқудың маңызын өздері анықтайды. Бұл мұғалім селқос қана тыңдап отырған оқушыларға өтіліп жатқан тақырыпты хабарлағанға қарағанда, анағұрлым қуатты құрал болып табылады. Сабақ жүргізуде қолданылатын педагогикалық тәсілдердің басым бөлігі зерттеуге негізделген оқу стратегияларынан тұрады. Мұғалімдер өз оқушыларының қызығушылықтары туралы білімдері мен бүкіл білім беру бағдарламасын ескере отырып, орындалатын жаттығуларды өзі таңдауға ерікті. Жаттығуларды оқушылардың мүдделері негізінде жоспарлау "оқушылар туралы хабардарлықтың негізінде оқытуға" түрткі болады, ал бұл өз алдында саралауды қолдануға жол ашады. Мұғалім оқушылардың оқу үлгерімін бақылап, оларға мақсаттарына жетуге қолдау көрсетеді.

18. Топтағы (мектеп аясындағы және мектептер арасындағы мұғалімдер топтары) бірлескен жұмыс бөлінген таным қағидатына негізделеді, оның ауқымында мұғалімдер бір-бірімен білімімен және түсінігімен бөлісе отырып, бірлесіп жұмыс істейді. Олар түсініктеме беріп, болжамдарын ұсынады, осылайша әсіресе бірлескен сұрақ-жауап кезінде өз түсінігін кеңейтеді. Біліктілікті арттыру курсы барысындағы кері байланыс ұсынып, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік беретін топтық жұмыс пен бірлескен тәсіл мұғалімдерге кәсіби құзыреттіліктің және/немесе жетілдірудің кез келген саласын түсінуге көмектеседі. Бастауыш сыныпта мұғалімнің рөлі оқушылардың үлгерімін қадағалап және есепке ала отырып, олар үшін "белсенділендіргіш" рөлін орындауға негізделеді. Оқу үдерісін белсенділендіру үшін мұғалімдер ынталандырғыш материал ұсынып, оқу үдерісіне таңдамалы түрде араласады, осылайша оқушылардың бойында танымдық өзгерістердің орын алуына ықпал етеді. Сыныптан сыныпқа ауысқан сайын оқушылар анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өз бетінше әрекет етуге үйрену керек.

19. Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары біліктілікті арттыру курсы барысында оқу жоспарындағы жаттығуларды орындай отырып, әріптестерінің көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізуіне қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін бірқатар педагогикалық тәсілдерді меңгереді. Кіріктірілген бағалау стратегиясы (критериалды бағалау моделі ретінде де мәлім) оқушылардың оқу мақсаттарына жетудегі ілгерілеуін анықтау үшін қосымша тәсілдерді пайдаланады.

20. Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын мұндай тәсілдерге топтық жұмыс, ойын "баламалары" және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойындар кіреді. Оқыту барысында ойын шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Домино және карта сияқты дәстүрлі ойындар математика сабақтарындағы кездейсоқтық пен ықтималдық мәселесін қарастыруда оңтайлы болмақ. Шарада, тақтада сөздерді біріктіру немесе сөздерді жіктеу сияқты ойындар – тіл үйренуді қамтамасыз етудің және оны көрсетудің бірден-бір қызықты әрі тартымды тәсілдерінің бірі. Көптеген стратегиялық ойындарды (мысалы, "Алға" деп аталатын ежелгі қытай ойыны) тұрғындар мен қоғамның өсуін модельдеу үшін пайдалануға болады.

21. Бастауыш сыныпта оқыту үшін ұсынылатын бірқатар тәсілдер:

- 1) Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылым;
- 2) Коммуникативтік қарым-қатынас жаттығуларын пайдалану;

- 3) Проблема шешу мақсатында жеке және топта жұмыс істеу;
- 4) Орындау арқылы білім алу (әрекет ету арқылы);
- 5) Ашық сұрақтарды пайдалану;
- 6) Дәлел ұсынуға ынталандыру;
- 7) Зерттеу барысында бірлесіп жұмыс істеу;

8) Зерттеуге негізделген оқу, оның барысында оқушылар мәселені жеке өздері зерделейді.

22. ЖАДА қағидаты оқушылар жалғыз жұмыс істегеннен гөрі, (мұғалім қолдау көрсететін) сабақта анағұрлым жақсы үйренеді деген ойға негізделеді.

23. Терең зерттеу мұғалімдердің оқушылардың алған білімдерін алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, пайдалануын бақылау дағдыларына сүйенеді. Бұл үдеріс әр оқушының жеке дағдысы мен қабілеттеріне байланысты әртүрлі мәнге ие. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын анықтап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекелеген оқушыларды үнемі бағалап отыруы керек. Оқудың келесі қадамдарын анықтау үшін үнемі бақылап, ал осы бақылаудан алынған ақпаратты пайдалану соңғы 20 жыл ішінде халықаралық деңгейде кеңінен танылды және метаталдаудың көмегімен білім беруге өзгеріс енгізудің табысты түрлерінің бірі ретінде атап көрсетілді.

24. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және кері байланыс. Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру жанартылған білім беру бағдарламасының оқу жоспарын әзірлеуде маңызды болып табылады. Бірінші кезеңде оқушылардың қазіргі кездегі мықты тұстары мен олар кездестіретін қиындықтар анықталады. Бұл көп жағдайда оқушылардың тапсырмаларды қалай орындайтынын бақылау арқылы, яғни ауызша жауаптарын бақылау және жазбаша жұмыстарын тексеру арқылы жүзеге асады. Содан кейін бұл ақпарат әр оқушының үлгерімін жақсартуға көмектесетін жаттығуларды жоспарлау үшін пайдаланылады.

25. Іс-әрекеттегі зерттеуді өзгеріс енгізу тетігі ретінде қолдану. Мектептегі тәжірибеге негізделген іс-әрекеттегі зерттеу – үйренушілер мектеп базасындағы проблемаларды ойлап, әрекет ететін үдеріс. Мұғалімдер өзінің тәжірибесін зерделеу және жетілдіру үшін өзіндік рефлексия жүргізеді. Іс-әрекеттегі зерттеу оқу бағдарламасын өзгерту, педагогикалық тәжірибені зерделеу және үздіксіз міндет қою, деректер жинау, талдау және әрекет ету үдерістерінің көмегімен әлеуметтік өзгерістер енгізу бағытында жұмыс жасау үшін қолданылады. Оның тұрақты сипатына байланысты бұл үдеріс цикл немесе спираль түрінде қарастырылады.

26. Деңгейлі бағдарлама бойынша жұмыс істейтін барлық мұғалімдер сыныпта іс-әрекеттегі зерттеулерді тәжірибедегі дәлелдер негізінде өзгерістердің

маңыздылығын түсіну үшін жүргізеді. Бағдарлама мұғалімдерге не жасау керек екендігін айтып беруге тырыспайды, керісінше, оларды жаңа идеялар мен инновацияларға және іс-тәжірибені бағалауға ынталандырады. Мұғалімдер өз сыныптарында әртүрлі сыныптарда сабақ беретін бірнеше мұғалімнің қатысуымен іс-әрекеттегі зерттеу жүргізеді.

27. Білім беру ұйымдары басшылары орынбасарлары уәждеуге және мұғалімдердің қабілеттеріне ықпал ете отырып және өздері жұмыс жасайтын және оқитын орта мен ондағы ахуалға ықпал ете отырып, мектеп нәтижелерін жақсартуда маңызды рөл атқарады. Бұл үшін мектеп басшылары орынбасарларының негізгі ықпалы мұғалімдердің өсуін қолдау, барлық мұғалімдер үшін коучинг пен тәлімгерлік жүргізу және ұйымдастыру, мұғалімдердің кәсіби дамуын жоспарлау және команда мен ортақ оқытудағы жұмысты басқару арқылы көрінеді. Табысты мектеп жүйелері тиімді тәжірибе қоғамдастығын құру жолындағы оқыту көшбасшылары ретінде мектеп басшыларының жұмысына қолдау көрсетеді, мұндай ортада мұғалімдерді үздіксіз кәсіби дамыту неғұрлым күрделеніп, мектептің жұмыс тәртібіне етене енгізілген бөлім ретінде қалыптасады.

28. Кәсіби қоғамдастықтар қазіргі заманның маңызды ерекшелігі болып табылады және білім беру саласында ұйымдастырудағы оқшаулау оқытуға кедергі келтіреді деген пікір қалыптасқан. Сол себепті тек өз мектептерінде ғана емес, барлық оқушылардың игілігі үшін "білім алушылар қоғамдастығына" қатысу арқылы бірлесе жұмыс істеудің барған сайын маңыздылығы артып келеді.

## **5. Критериалды бағалау моделіне шолу**

29. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Қазақстандағы орта білім беру жүйесіне шолуында оқушылар үшін бағаны неғұрлым әділ және маңызды ету үшін барлық бастауыш және орта мектептерде оқыту нәтижелерін критериалды бағалауды енгізу ұсынылады (2014).

30. Критериалды бағалауда оқушының үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің бекітілген жиынтығына сәйкес өлшенеді. Бұл оқушылардың үлгерімі сыныптағы басқа оқушылардың жетістіктеріне қатысты бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Критериалды бағалау мұғалімдердің өз оқушыларының қол жеткізген жетістіктері туралы сенімді, дұрыс, ақиқатқа негізделген пайымдау жасай алуына және сыныпта тиімді тәжірибені жетілдіруіне кепілдік береді.

31. Критериалды бағалау моделі барлық мүдделі тараптар үшін – мектеп басшылары, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар үшін құнды ақпараттар ұсынады. Бағалаудың мүмкіндіктерін анықтау, қорытындылау, модерация және

нәтижелерді тіркеу үшін уақыт бөлу арқылы оқыту мен оқудың сапасын арттыруда тиімді қолдануға болатын маңызы зор.

32. Критериалды бағалау моделінің шеңберінде оқушылардың оқу жылы бойындағы ілгерілеуін қамтитын бағалаудың үш түрі бар. Оның екі түрі – қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау мектептегі бағалауды жүргізу мақсатында өзара бірлестікте қолданылады. Кейбір пәндерде бағалаудың үшінші түрі бар – сыртқы жиынтық бағалау, ол мектептерден тыс белгіленеді және өткізіледі.

33. Критериалды бағалау моделі және оны сыныптарда қалай қолдану қажеттігі туралы толық ақпаратты "Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылық" және "Бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Бұл нұсқаулық құралдар мұғалімдер үшін әзірленген. Олар бағалаудың негізгі қағидаттары, тәсілдері және негізгі терминдердің анықтамасымен қоса, бағалау моделі бойынша басшылыққа алынатын құрал болып табылады. Оларға сонымен қатар, бұл модельді ұсыну кезінде мұғалімдерді қолдау бойынша практикалық ұсыныстар да енгізілген.

34. Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары үйрету мақсаттары ретіндегі оқу мақсаттарын нақты мазмұндайды және оқу жоспарларындағы іс-шаралар ауқымы түсінік пен ілгерілеуді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттар мұғалімдерге критериалды бағалау моделін дайындау мен жүзеге асыруда қалай көмек көрсетуді түсіну үшін оқыту барысында қолданылады.

35. Табыс критерийлері оқушылардың белгілі бір оқу міндеттеріне "жеткенін" білдіретін талап етілетін стандартты сипаттайды (оқу бағдарламасы бойынша). Табыс критерийлері талап етілетін білім тереңдігі мен ауқымы анық болатындай деңгейде өзгеше болуы, бірақ оқудың нақты қалай көрсетілуі қажеттігін белгілейтіндей соншалықты нақты болмауы тиіс. Табыс критерийлері сыныпқа және сәйкес келуі қажет және тиісті жағдайларда оқу мақсатының бір бөлігін ( біртұтас мақсаттың орнына) қанағаттандыратын табысты қарастыра алады.

36. Дұрыс табыс критерийлері нақты және өлшеулі талаптар қояды, қысқа және анық идеяларды мазмұндайды, ауқымды көлемдегі қосымша жұмысты қажет етпейді. Сонымен қатар, табыс критерийлерін алып тастау арқылы емес, енгізу арқылы айқындаған анағұрлым пайдалы. Оқушылар 'X' жасай алатынын көрсетсе, мақсатқа жетуі тиіс "бағыттағы жұмыс үшін" табыс критерийлері олар 'X' жасай алмайтындай болмауы тиіс. Табыс критерийлері олардың не жасай алатынын сипаттауы керек.

37. Пән бойынша бағалау курстарына қатысқан мұғалімдерге пән мұғалімдері үшін қалыптастырушы бағалауды енгізу барысында қолданылатын пән бойынша және қалыптастырушы бағалауға өз үлестерін қосу ұсынылады. Оқыту

барысында оқу іс-шараларын көрсету үшін тренердің белгілі бір тақырып пен соған сәйкес құжатты (Таңдалған пән мен сынып үшін қалыптастырушы бағалау бойынша нұсқаулық) таңдауы маңызды. Тренер мектеп басшылары орынбасарларының өздерінің оқуы барысында баса мән бергісі келетін пәндерді таңдай алатынын ескертуі қажет. Осылайша, мектеп басшылары орынбасарларының жұмыс барысында басшылыққа алынатын бұл құжаттарды пәндері мен сыныптарына қарай таңдай алуы қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл басшылыққа алынатын құжаттар деректерді жинау мен пайдалануды пән бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сәйкес қалай сипаттауға болатынының үлгісі бола алады.

38. Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына "жеткендігінің" немесе "талпынатындығының" дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

- 1) жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);
- 2) фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);
- 3) электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар);
- 4) мұғалімнің жазбалары немесе сабақты бақылау жазбалары;
- 5) ата-аналардың пікірлері.

39. Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады.

40. Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері аясында оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді.

41. Стандарттау мен модерацияның критериалды бағалау моделінде қалай қолданылатыны туралы "Бастауыш/ Негізгі және жоғары мектептің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша басшылықтан" табуға болады. Қалыптастырушы бағалау туралы қосымша ақпарат пен ұсыныстар осы бағдарламаның соңында ұсынылған.

42. Ішкі жиынтық бағалау. Бұл біліктілік арттыру курсына қатысушы мұғалімдерге әр оқу жылының соңында қабылданатын ішкі жиынтық бағалауда қолданылатын элементтерді дамытуға өз үлестерін қосу ұсынылады. Оқу барысында тест спецификациясына сілтеме жасалады. Тест спецификациялары ішкі жиынтық бағалау жасау үшін негіз болып табылады. Тест спецификацияларының үлгісі бұл құжаттардың ішкі жиынтық бағалау пішімі мен мазмұндық саласын қалай сипаттайтынын көрсету үшін мектеп басшыларының орынбасарларын оқыту барысында қамтылады. Ішкі жиынтық бағалау оқушылардың тоқсан бойына оқу мақсаттарының мазмұндары мен дағдыларын қаншалықты нәтижелі меңгергенін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалауды толықтырады. Мұғалімдер мен оқушылар алға ілгерілеуді өлшеу үшін бағалау нәтижелерін қолдана алады. Әрбір тестінің құрылымы мен ұзақтығы және оны қалай қолдану қажеттігі туралы ақпаратты әрбір пән мен сыныпқа арналған ішкі жиынтық бағалаудың тест спецификациясынан табуға болады. Әрбір пән мен сыныпқа арналған тест спецификациясында келесі ақпараттар қамтылған:

- 1) әрбір сынып бойынша тест ұзақтығы;
- 2) әрбір сынып бойынша әр тест бойынша бағалардың саны;
- 3) бағалау мақсаттарына сәйкес бағалардың теңгерімі;
- 4) сұрақтардың үлгілері мен бағалар сызбалары;
- 5) әрбір тестті басқаруға арналған практикалық талаптар.

43. Кейбір пәндер бойынша 11-сыныпта сыртқы жиынтық бағалау бар, ол белгілі бір пәндер бойынша білім беру бағдарламасында және бағалау модельдерінде белгіленген түйінді кезеңдерде жүзеге асырылады және мектептен тыс жүргізіліп, бағаланады.

44. Кез келген бағалау, оның ішінде тестілеу түріндегі ішкі жиынтық бағалау, сынып негізіндегі қалыптастырушы бағалау немесе сырттай белгіленетін және өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау шынайы, сенімді, қолайлы болуы тиіс және сыныптағы тәжірибе мен оқыту үшін оң әсері болуы тиіс. Бұл ұғымдар критериалды бағалау моделінде маңызды болып табылады және оқу үдерісі барысында мұғалімдердің бағалау нысандарын бағалау барысында қолданылады.

45. Оқыту ең үздік халықаралық тәжірибемен үйлесімді сындарлы, тұлғаға бағдарланған тәсілдермен байланысты критерийлер негізінде бағалау әдістеріне сүйенетін болады.

мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы  
білім  
беру ұйымдары басшылары  
орынбасарларының  
біліктілігін арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

1-апта			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы, тиісті оқыту тәсілдері және критериалды бағалау жүйесі			
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе. Тілдік пәндердің оқу бағдарламалары	1 Жаңартылған білім беру бағдарламасы. Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	2
		2 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		3 Ана тілін оқыту, екінші тілді оқыту және ағылшын тілі. Жалпыеуропалық тілдік құзыреттіліктер жүйесі. Негізгі ерекшеліктері	2
		4 Негізгі тілдік дағдылар және сыныптан сыныпқа тілдік дағдыларды дамыту	2
2	Бастауыш сынып және жоба жұмысы	1 Бастауыш сынып пәндерінің оқу бағдарламаларына шолу. Дүниетану: зерттеуге негізделген оқу. Математика: проблема шешу	2
		2 Ана тілін оқыту: мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылым. Жаратылыстану: зерттеу дағдылары. Бастауыш сынып пәндері арасындағы пәнаралық байланыс: музыка және бейнелеу өнері	2
		3 "Ғаламдық перспективалар және жоба жұмысы" және "Жоба жұмысы" пәндеріне кіріспе	2
		4 Жобаларды бағалау	2
3	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру және өзгеріс енгізу кезінде мұғалімдерге қолдау көрсету	1 Өзгеріс енгізуде мұғалімдерге қолдау көрсету. Жоспарлау. Ықшамсабақ жаттығуларын жоспарлау	2
		2 Өзгеріс енгізуде мұғалімдерге қолдау көрсету. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды модельдеу, тәжірибені қадағалау және бағалау. Ықшамсабақты басқару	2
		3 Өзгеріс енгізуде мұғалімдерге қолдау көрсету. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды модельдеу, тәжірибені қадағалау және бағалау. Ықшамсабақты басқару	2
		4 Тәжірибе туралы рефлексия. Алдағы шараларды жоспарлау. Тренер тәжірибесін бағалау және мектеп басшыларының орынбасарларын өзіндік рефлексияға ынталандыру	2
4		1 Критериалды бағалау моделі: критериалды бағалау моделінің мәні мен сипаттамасы, оның оқудағы рөлі	2
		2 Критериалды бағалау моделін іске асыру және бағалау жөніндегі жетекші мұғалімдердің рөлі	2



	Критериалды бағалау моделін енгізу: қалыптастырушы және жиынтық бағалау	3 Қалыптастырушы бағалау	2
		4 Ішкі жиынтық бағалау	2
5	Оқу сапасын басқару және мониторинг: критериалды бағалау моделін енгізуге ынталандыру	1 Ықшамсабақ: ақпараттың мазмұны мен сапасы туралы идея тудыру және осындай ақпаратты жинау, сондай-ақ бағалау барысында жиналған дәлелдер	2
		2 Мұғалімдердің баға қоюын бақылау және мектептегі бағалау жөніндегі жетекші мұғалімнің бағалауы	2
		3 Мектепте критериалды бағалауды іске асыруға мектеп басшыларының орынбасарларының қолдау көрсетуі	2
		4 Рефлексия: мектеп басшыларының орынбасарлары білім беру стандарттарын жақсартуға қалай ықпал ете алады?	2
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут Барлығы: 40 академиялық сағат			

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшылары орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі



## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 21-қосымша

## Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу "Назарбаев Зияткерлік мектептерінде" тәрбие жұмысын ұйымдастыру қағидаттарымен таныстыру мақсатында жүргізіледі.

2. Бағдарлама жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру бағдарламасы туралы, оның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды. Бағдарлама аясында ұсынылған ресурстар мектеп басшыларының тәрбие ісі

жөніндегі орынбасарларына Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыруда көмек көрсетуге ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, мектеп басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысымен танысу, жобаларды талқылауға қатысу және тәрбие жұмысының жоспарларын өз мектебі үшін бейімдеу мүмкіндігіне ие болады.

3. Бағдарламада Зияткерлік мектептердің оқушыларға тәрбие беру саясатына, тәрбие жұмысының негізгі бағыттары мен тәсілдеріне қатысты теориялық және тәжірибелік материалдарды қолдануға қатысты кеңестер берілген.

## **2. Бағдарламаға шолу**

### **4. Бағдарламаның мақсаты**

Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының педагогикалық шеберлігін жетілдіру және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбие үдерісін ұйымдастыру қағидаттарымен танысу.

### **5. Бағдарламаның міндеттері**

1) мектеп басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларын Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының құрылымымен, мазмұнымен, мақсаттарымен және міндеттерімен таныстыру;

2) Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарына сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын түсінуді және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3) мектеп басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының жалпы білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті дағдыларын қалыптастыру.

### **6. Күтілетін нәтижелер**

1) мектеп басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының құрылымын, мазмұнын, мақсаты мен міндетін білуі және түсінуі;

2) Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының негізгі тәсілдеріне сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын пайдалана білу;

3) жалпы білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті білік пен дағдыны игеру.

## **3. Бағдарламаның құрылымы**

7. Бағдарламаның құрылымы Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының оқу мақсаттары мен мазмұнына шолудан басталады. Осы Бағдарламаның 1-қосымшасындағы оқу жоспарында көрсетілгендей, әр күннің сабақтары

теориялық және практикалық негізге сүйеніп, тиімді оқуды қамтамасыз ету үшін қажетті педагогикалық білімді, сондай-ақ бағалау тетіктерін қамтиды.

8. Мектеп басшыларының орынбасарларына оқу бағдарламаларының белгілі бір аспектілерін қарастыруға мүмкіндік беріледі – бұл кезең тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді, сондай-ақ олардың Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысына негіз болған теорияны түсінуін, содан кейін бұл теорияны тәжірибе жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

9. Зияткерлік мектептердегі тәрбие жүйесінің ерекшеліктері тәрбие жұмысы бойынша жобаларды құру және жылдың шешуші оқиғалары арқылы білім құндылықтарын іске асыру болып табылады. Шешуші оқиғалар – бұл тәрбие жұмысының әрбір бағыты бойынша қорытындылаушы жалпы желілік іс-шаралар. Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының іс-әрекеті оқушылардың оқумен қатар, өздері білетінін және қолдан келетінін істей алуына бағытталған. Осы аспектіде мақсаттар, міндеттер және оқу мен тәрбиелеудің күтілетін нәтижелері жалпы мүддеге ие болады – яғни алынған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу.

10. Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру бағдарламасы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының мынадай дағдыларды дамытуына көмектесуге бағытталған:

- 1) пәндік және ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру;
- 2) кез келген қабылданған ақпаратқа қатысты қалыптасқан сыни көзқарасты шеше білу;
- 3) өзіндік рефлексияны және тәуелсіз ойлауды қолдау;
- 4) оларға өзінің өмірінде және жұмыс барысында кездестіруге тура келетін кейбір өзекті ғаламдық мәселелерді түсіну және өзара әрекет ету.

11. Сабақтағы және сабақтан тыс тапсырмаларды ұйымдастыра отырып, оқушылар өздерінің түсінігі мен мүмкіндіктерін кеңейте алады, жергілікті, жеке, ұлттық және ғаламдық деңгейлерде маңызды мәнге ие болатын тақырыптарды таңдай және зерделей алады. Оқушылар өз тұжырымдарын қорғай білуге, жауапкершілікті қабылдауға, басқалардың көзқарасы мен дәлелдерін қарастыруға үйренеді, сондай-ақ жобаларды дайындау мен зерттеуге үйренеді. Олар дамуды қолдайды, өзінің көзқарасы мен пікірлерін мұқият және сенімді білдіре бастайды. Оқушылар талдау, жинақтау және дәлелдерді бағалау секілді дағдыларды қалыптастырады, сондай-ақ өз жобасының салдарлары туралы ойланады. Олар өз қорытындыларын, идеялары мен жобаларын талқылауға, қоршаған әлемде дұрыс бағдар таңдауға және өзінің кейінгі білім алу бағытын зерделеуге үйренеді.

12. Жобалар әдісінің негізінде оқушылардың танымдық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрылымдай білу шеберлігін, ақпараттық кеңістікте дұрыс бағдар таңдай білу икемділігін дамыту, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлауды дамыту жатыр. Жобалар әдісі – егер белгілі пән шеңберінде пайдаланылатын болса, бұл дидактика, жеке әдістеме саласына қатысты болады.

13. Жоба жұмысының негізгі қозғаушы тетігі түрлі шешім нұсқалары бар тапсырмалар болып табылады, ал оқу жаттығуларының негізінде осындай тапсырмаларды қалай шешу туралы түсінік жатады. Кейбір мәліметтерге сәйкес, мұндай тәсіл оқыту үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді (Блуменфилд және тағы басқа, 1991жыл). Оқу бағдарламасында ұсынылған жоба жұмысының оқу мақсаттарында жобаларды жоспарлау, орындау, талдау және бағалауға бағытталған үдерістерге ерекше назар аударылады. Оқушылардың бойында бұл дағдыларды дамыту нақты міндеттер мен проблемаларды зерделеу арқылы және мұғалімнің оқушылар жеткен нәтижелерді емес, олардың қолданған тәсілдері мен әрекеттерін бағалауы арқылы іске асырылады.

14. Кез келген жобаның өзіндік сипаттамалары болады. Бағдарламаның 2-қосымшасында көрсетілгендей, оқушылардың барлығы әртүрлі жобаларға қатысуға бағдарланған.

15. Тәрбие жұмысындағы жобалау үнемі іске асырылатын және қатысушыларының шығармашылық әрекеті негізінде өзгеріп отыратын, кезеңді, кешенді циклді білдіреді.

16. Тәрбие үдерісінің құрылымы осы Бағдарламаның 3-қосымшасында көрсетілгендей, оның негізгі элементтерінің – мақсаттары, міндеттері мен мазмұны, қағидаттары, әдістері мен құралдары, бағыттары, сондай-ақ қол жеткен нәтижелерінің заңды өзара байланысын білдіреді.

#### **4. Тәрбие жұмысында қолданылатын педагогикалық тәсілдер**

17. Негізгі тәсіл оқушының жеке тұлғасын біртұтас (тән, ақыл және жан) дамытуға бағытталған оқыту мен тәрбиелеуді үйлесімді бірлікте қолдану болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеудің арасын нақты ажырату мүмкін емес, өйткені бұл – біртұтас білім беру үдерісі. Тәрбие жұмысы жеке-дара белгіленбейді және іске асырылмайды. Зияткерлік мектептерде тәрбиелеу және оқыту үдерісі білім беру бағдарламаларының мазмұны арқылы іске асырылады (мысалы, биология сабағында оқушылар Қазақстанның өсімдік аумақтарын зерделейді, саяхат жасайды, өсімдіктерді, жануарларды бақылайды, бұл туған өлкені тануға ықпалын тигізеді немесе "өнер" пәні оқушылардың шығармашылық және эстетикалық тәрбиесіне ықпалын тигізеді, қолөнер мен сәндік өнерге үйретеді, көркемөнерді және музыка мәдениетін бағалай білуге үйретеді).

18. Оқыту мен тәрбиенің мақсаты білімнің, фактілердің, теориялардың және т.б. жиынтығын меңгеру емес, өз бетімен оқу нәтижесінде оқушының жеке тұлғасының өзгеруі болуы тиіс. Мектеп пен тәрбиенің міндеті – жеке тұлғаның дамуына, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беру, дербестігіне қол жеткізуге, адамның маңызға ие болуына ықпал ету. Жай ғана фактілерді жинақтау емес, оқушының, оның мінез-құлқының, оның Мен-тұжырымдамасының өзгеруіне мүмкіндік беретін, оқушының қызығушылығын тудыратын оқу "адам үшін маңызды оқу" болып табылады.

19. Мектептегі тәрбие жұмыстарын жоспарлау үдерісінде жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары көптеген тармақтарды назарға алуы керек. Олар тәрбие мен оқуды "жандандыру", оқушылардың уәжділігін қолдау және қарым-қатынас дағдыларын дамыту тәсілдерін дамыту үшін қажетті тәсілдерді анықтауы қажет. Оқыту әдістемесінің негізіне алынатын белсенді оқу оқытуға сындарлы көзқарас туралы тұжырымдамаларға негізделген

20. Жоба жұмысын дайындау барысында топтық жұмысты қолдану идеясы бөлінген оқу қағидатына негізделген, оған сәйкес оқушылар өз білімдері мен түсініктерімен алмасып, бір-бірінің көмегімен білімдерін нығайтады. Олар өз түсініктерін ұсынады және сол түсініктерге негізделген өз болжамдарын ұсыну арқылы өздері де мәселені айқын түсіне алады, әсіресе, бұған сұрақтардың өз құрдастары тарапынан қойылуы зор ықпал етеді. Мұғалімнің рөлі ынталандырушы материалдар мен ресурстарды қолдана отырып, қажет болған жағдайда, оқушыларға мақсатқа сай қолдау көрсету болып табылады.

21. Командалық жұмыс және оқу мен тәрбиедегі бірлескен тәсіл тұрақты кері байланыспен және өзін-өзі бағалау мүмкіндіктерімен қатар тәрбие үдерісін мектеп тәжірибесінде табысты іске асыруға ықпалын тигізеді.

22. Мектепте жағымды мәдениетті (ахуалды) қалыптастыру. Тәрбиенің маңызды аспектісі мектепте ізгі ниетті, шығармашыл, дамытушы ортаны қалыптастыру болып табылады. Қолайлы орта достық ниеттегі, қамқор, құрметтейтін ортаны құру арқылы, білім беру үдерісінің әрбір мүшесіне тең мүмкіндіктер ұсыну арқылы құрылады. Тек мұғалім ғана емес, ал барлық ересек адамдар тәрбие үдерісіне атсалысып, балаларға жақсы үлгі көрсетуі қажет. Оқушылар ересектер мен басқа оқушылардың жағымды өнегесін бақылау арқылы тәрбиеленеді.

23. Тұтас ұжым басшылыққа алатын және мінез-құлық аясын айқындап, жақсы тәртіпті қалыптастыруға ықпал ететін мектеп ережесінің кешені қажет. Зияткерлік мектептердің тәжірибесі көрсеткендей, тәрбиенің маңызды аспектісі мектепте ізгі ниетті, шығармашыл, дамыған ортаны құру болып табылады. Сондықтан Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмыстарының негізгі тәсілдері:

- 1) оқушылармен жұмыс;
- 2) педагог қызметкерлермен жұмыс;
- 3) ата-аналармен жұмыс;
- 4) қоғаммен қарым-қатынас.

24. Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өз жұмысында жоғары нәтижелерге жету үшін, көшбасшылық дағдылармен қатар, соңғы жаңалықтардан хабардар болуы және терең білім мен түсініктерді игеруі қажет.

25. Бұл жүйедегі психологиялық аспектінің ақырғы нәтижесі – қалыптасқан қасиет және біртұтас жеке тұлға. Қазіргі кезде тәрбиені басқарудың психологиялық тетігін аяқталған тұжырым түрінде сипаттауға болмайды, ол туралы түсінік енді қалыптаса бастаған. Тәрбие үдерісі барысында тәрбиеленушінің тәртібін сырттан басқару өзін-өзі реттеудің, өзін басқарудың және өзін-өзі тәрбиелеудің ішкі тетігіне айналатыны туралы пікір қалыптасқан.

26. Педагог қызметкерлермен жұмыс. Мұғалім тәрбиелеу субъектісі ретінде. Тәрбиелеудегі ең жоғары рөлді оқытушы атқарады, ол оқушыларға өзінің өнегесімен және сөйлеу мәдениетімен, сыпайылығымен және талапшылдығымен, жүйелілігімен және әділдігімен, қоршаған адамдарға қарым-қатынасымен жақсы үлгі көрсетеді. Өзінің оқушыларға қарым-қатынасымен, іс-әрекетімен және қылықтарымен ол жақсы мінез-құлықтың қалыптасуына, ықпал етіп, қамқорлық пен өзара сыйластық ортасын қалыптастырады.

27. Мұғалімдер академиялық пәндерді оқыту арқылы негізгі моральдық құндылықтарды қалыптастырып, оқушылардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдана отыра, мұғалім ұжымдаса жұмыс істеу дағдыларын дамытады, академиялық жауапкершілікті тәрбиелейді және оқуға ынтымақтасын арттырады. Сыныпта демократиялық қарым-қатынастарды орнатады, олардың ережесі мен нормаларын барлық оқушылар ұстанады. Оқылым, жазылым, талқылау және пікірталас арқылы оқушылардың бойына құндылықтарды сіңіреді және тәрбиелейді, сондай-ақ оқушыларды дау-дамайларды әділ және бейбіт жолмен шешуге үйретеді. Кәсіби келеңсіздіктер мен қарым-қатынастағы кедергілерді айқындайды және тиімді шешеді.

28. Мектеп қоғамдастықтары. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы оқушылардың қоғамдық белсенділігі мен әлеуметтік жауапкершілігін тәрбиелеу мен дамытудың маңызды нысаны және ықпалды құралы болып табылады. Мектеп қоғамдастығының мақсаты мектептің ахуалы жақсарту, қоғамдық маңызы бар құндылықтарды қалыптастыру, оқушыларды мектеп өміріне тарту, ынтымақтастық рухын дамыту, командада жұмыс істей білу дағдысын дамыту.

29. Тәрбие жұмысына арналған шарттар. Тиімді тәрбие жұмысын іске асыру үшін төмендегідей жағдайлар қамтамасыз етілуі қажет:

1) мектепте қарым-қатынас аумақтарын ұйымдастыру: белсенділік және қарым-қатынас орталықтары, кітапханалардың жағдайларын жақсарту (топтық және жеке жұмыс аймақтары, медиатека, ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету);

2) мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту: жабдықтау (спорт залдары, үйірме жұмыстарына арналған студиялар), ресурстар (сахналық костюмдер, безендіру, құралдар, шығыс материалы);

3) үйірмелерді мектептің негізгі кестесіне қосу, қосымша білім үшін уақыт бөлу;

4) күн тәртібіне ертеңгілік жиынды енгізу (қарым-қатынас, жаңалықтармен алмасу, іс-шаралар жоспарын талқылау, жаңалықтарды оқу үшін 20 минут).

30. Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тәрбие істері жөніндегі орынбасарының рөлі:

1) тәрбие жұмысын жүргізу үшін жағымды ахуал қалыптастыру, барлық оқушыларды мектептің тәрбие үдерісіне жұмылдыру;

2) оқушылардың бойында сенімділік, жауапкершілік, өзін-өзі талдау, жаңашылдық пе белсенділікті тәрбиелеуге ұмтылу;

3) тәрбиелеудің дұрыс әдістерін ұстану және мектептен тыс шараларды оқушылардың дағдыларын дамыту үшін тиімді қолдану;

4) жеке, топтық, сыныптағы және мектепішілік іс-шараларды ұйымдастыру, басқару және жоспарлау, белгіленген мақсаттарға сәйкес жоспарланған шараларды жүргізу үшін материалдарды, ресурстар мен қосалқы материалдарды тиімді пайдалану;

5) әріптестермен және оқушылармен қарым-қатынаста, нұсқаулар беруде, маңызын түсіндіруде және оқушыларды мадақтауда қарапайым, түсінікті тілді пайдалану;

6) оқушыларды бақылау және тәрбие мәселелері бойынша кері байланыс ұсыну.

31. Ата-аналармен жұмыс жүргізу нысанын өзгерту. Мектеп тәрбие мақсаттарына жеке-дара қол жеткізе алмайды. Бұл өскелең ұрпақты тәрбиелеуде барлық мүдделі тараптардың: ата-аналардың, мектептің, жастар ұйымдарының, БАҚ-тың және тұтас қоғамның бірлескен жауапкершілігі болып табылады. Зерттеулер ата-аналардың мектептегі тәрбие жұмыстарына қатыстырылуы мен оқушылардың жақсы жетістіктерінің арасындағы оң арақатынасты көрсетеді. Ата-аналардың мектеп ісіне қатысуы оқушылардың оқу үлгеріміне оң ықпал етіп, мектептегі білім беру ортасын жақсартады.



мазмұнын жанарту шеңберінде жалпы  
білім  
беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасарларының біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Сабақ тақырыбы	Сабақ мазмұны	Сағат саны
1	Тәрбие ісінің мазмұнын жанарту	Тәрбие ісінің тұжырымдамалық негіздері. Тәрбие ісіндегі заманауи үрдістер мен проблемалар	2
		Тәрбие әдіснамасы. НЗМ оқушыларының дағдылары. Тәрбие құндылықтары, қағидаттары	2
		Тұлға тәрбиелеу теориясы (командадағы жұмыс, оқу мен тәрбиенің сабақтастығы)	2
		Тәрбие жұмысының негізгі тәсілдері: - оқушылармен жұмыс; - педагог кадрлармен жұмыс; - ата-аналармен жұмыс; - жеке тұлға мен топтың өзара қатынасы	2
2	НЗМ-дағы тәрбие жұмысының негізгі тәсілдері	НЗМ тәрбие жұмысының құрылымы. Тәрбие жұмысының бағыттары	2
		Патриоттық тәрбие. Қоғамға қызмет ету.	2
		Зияткерлік даму	2
		Кәсіби бағдар	2
3	Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары	Өнегелілік тәрбие	2
		Эстетикалық-көркемдік тәрбие	2
		Физикалық және психологиялық даму	2
		Көпмәдениетті даму	2
4	Оқушы үні. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы	Бөлінген көшбасшылық. Көшбасшыға тән қасиеттерді дамыту. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы. "Шаңырақ" оқушылар қоғамдастығы бағдарламасы. Мектептің тәртіп саясаты	2
		НЗМ тәрбие жобалары.	2
		НЗМ жобаларына шолу (әлеуметтік, зияткерлік, техникалық және т.б.)	2
		Табиғи жағдай мен мектептің адам ресурстарын ескере отырып жоба тақырыптарын белгілеу	2
5	Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлау	Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлау. Топтық жұмыс	4
		Әзірленген тәрбие жоспарларын таныстыру және талқылау	2
		Жобаларды түзету және соңғы нұсқасын бекіту	2

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жанарту шеңберінде жалпы  
білім  
беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі

## Жоба әзірлеу

Негізгі жаттығулар түрі бойынша	Қамтылатын пәндердің саны бойынша:	Жобаның күтілетін нәтижелері бойынша:	Қатысушылардың саны бойынша:
<p>Зерттеушілік жоба. Оқушылар нақты сұрақтарға жауап алу үшін негізгі зерттеуді қолданады (көп жағдайда қосымша зерттеумен бірге). Мұндай жобалар көбінде күрделі құрылымдалған болып табылады.</p> <p>Ақпараттық жоба. Білім алушылар белгіленген нақты бір тақырып бойынша ақпарат жинайды және бар ақпаратты талдайды. Олар басқаларға ақпарат беру үшін қолдануға болатын ақпаратты жинақтайды және қорытады.</p> <p>Шығармашылық жоба. Оқушыларға шығармашылық тапсырманың қысқаша сипаттамасы ұсынылады (мысалы, газетке мақала жазу, сценарий жазу, видео түсіру). Оқушылар мұндай тапсырманы қалай орындау керектігін өздері таңдайды.</p> <p>Жобалық-рөлдік ойын. Оқушыларға рөлдік ойындар бөлініп беріледі (мысалы, бизнес рөлдер немесе әдеби кейіпкер). Ары қарай білім алушылар жобаны орындайды, көбінде өздерінің рөлдерін топпен бірге ойнайды.</p> <p>Тәжірибеге бағдарланған жоба. Жобаның күтілетін нәтижелері оқушылар үшін жеке қызығушылығын туғызатын және/немесе әлеуметтік мәні бар тақырыптар болуы мүмкін.</p>	<p>Бір пән ("дара жоба" деп те аталады);</p> <p>Пәнаралық.</p>	<p>Жоба жұмысының жазбаша қорытындылар (мысалы, есеп, эссе, тізімдеме, хат, газет мақаласы, альманах Визуалды қорытындылар (мысалы, альбом, жоспар, карта, сызбалық диаграмма, плакат, сурет, анимация);</p> <p>Ауызша қорытындылар (мысалы, таныстырылым, пікірталастар, драмалар, жазба, видео);</p> <p>Өнім түріндегі қорытындылар (мысалы, жобалау талабына сай өнім, 3D үлгі)</p> <p>Іс-шара түріндегі қорытындылар (мысалы, көрме, еңбекті қорғау бойынша жобалар, әлеуметтік жоба).</p>	<p>Жеке;</p> <p>Жұптық;</p> <p>Топтық;</p> <p>Өртүрлі мектептерден/ мемлекеттерден қатысушыларды тарту арқылы іске асырылатын топтық (байланыстың электронды құралдарын пайдалану арқылы).</p>

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім

беру ұйымдары басшыларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Тәрбие жұмыстары жүйесінің құрылымы

ШАҢЫРАҚ		
Шаңырақ мектеп өмірінің шағын қоғамдастығын білдіреді, ол оқушылардың ұжымда ТОПТЫҚ БЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ сезінуіне мүмкіндік береді		
	Кураторлар	
1-Шаңырақ 12 және 9	2-Шаңырақ 11 және 8	3-Шаңырақ 10 және 7
Шаңырақтар арасындағы жарыстар:		Жыл соңында "ӨРКЕН" КУБОГІ және бүкіл жыл бойына чемпион титулы + жүлде (Қазақстанның табиғаты әдемі өңіріне, халықаралық балалар лагеріне жолдама)
Оқушылардың оқу үлгерімі; Зияткерлік марафондар; Шығармашылық конкурстар (үйірме сабақтарының жетістіктерін көрсету) Мінез-құлық және тәртіп; Спорттық жарыстар, спартакиада Ересектерге және бір-біріне көмектесу Әлеуметтік жобалар мен тәжірибелік шараларға қатысу		
Шаңырақтардың негізгі идеясы – әртүрлі жастағы балалар арасындағы қарым-қатынас және ересектердің кішілерге қамқорлық жасауы		

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 22-қосымша

## Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мониторинг ұйымдастыратын мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мониторинг ұйымдастыратын мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) "Педагогикалық шеберлік орталығы" жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) әзірлеген. Біліктілікті арттыру курсы жаңартылған білім беру бағдарламасының Қазақстандағы орта білім беру мазмұнын реформалауға қосатын үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

2. Бұл Бағдарламада Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыруға қатысты толық мәлімет ұсынылған.

3. Бұл біліктілікті арттыру курсының жалпы мақсаты оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіне

арналған орта білім мазмұнын жаңартуға бағытталған бағдарламаның тиімділігін анықтау қызметін ұйымдастыру және мониторингін ұйымдастыратын мамандарды жұмыс бағыттарымен таныстыру болып табылады.

4. Бағдарламада Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өзгерістердің шарттары мен алғышарттары қарастырылады.

## **2. Бағдарламаға шолу**

5. Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізуді іске асырудың мониторингін жүргізуге қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру, пилоттық мектептердің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2) жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін қамтамасыз ету;

3) жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру аясында критериалды бағалау жүйесін түсінуін қамтамасыз ету;

4) орта білім мазмұнын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерістерінің мониторингін жүргізу мақсаттарымен, міндеттерімен, құрылымымен, мазмұнымен, кезеңдерімен және құралдарымен таныстыру.

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мамандар жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, мазмұны мен мақсаттарын біледі және түсінеді;

2) жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді түсінеді;

3) жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді;

4) орта білім мазмұнын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерістерінің мониторингін жүргізу мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, кезеңдері мен құралдарын біледі және түсінеді.

## **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарламаның құрылымы оқу мақсаттарын және орта білім беру мазмұнын жаңартуға шолудан басталады. Осы Бағдарламаның 1-қосымшасындағы оқу жоспарында көрсетілгендей, алғашқы төрт күн жаңартылған білім беру бағдарламасына, оның құрылымына, тиімділікті

қамтамасыз етуге арналған педагогикалық білімге келіскен түрде кірігуді қамтамасыз ету мақсатында барлық пәндерде бірдей болып табылады, содан кейін бағалау тетігі қолданылады.

9. Мамандар оқу барысында білім беру бағдарламасына негіз болған теориялық аспектілермен танысады және бұл теорияны тәжірибе жүзінде іске асыру мүмкіндіктерін зерделейді. Бағдарлама бойынша оқу курсының соңында мамандар өзара рефлексия және метатанымдық жаттығуларды қолдана отырып, біліктілікті арттыру курсының оқу мақсаттары тұрғысынан өздерінің алға ілгерілеуін қарастырады.

10. Бұл Бағдарлама шеңберінде оқу үдерісі 1984 жылы әзірленген Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің (Experiential Learning Model) негізінде іске асырылады. Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

11. Мысалы, курс барысында орындалатын жаттығулар өздерінің оқыту тәжірибесіне "эксперимент" жасау болмақ, ол рефлексия және талқылау кезеңдерімен ұласады. Мониторингіні ұйымдастыру қызметінің ерекшеліктері қарастырылатын сабақтар кезінде жаңа теория ("абстрактілі ұғыну") ұсынылып, тәжірибелік жаттығуларды орындау сатысында олар іс жүзінде қолданылады.

#### **4. Бастауыш сынып пәндері бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу**

12. Бастауыш сыныпта оқытылатын әр пәннің мәні мен мақсаттары осы Бағдарламаның 3-қосымшасындағы "Негізгі және арнайы пәндер бойынша оқу жоспарының сағаттық кестесінде" және бастауыш сынып пәндерінің оқу бағдарламаларының 1.1 және 1.2-тарауларында жан-жақты сипатталған. 1-сыныпта ғана оқытылатын бірқатар негізгі пәндердің оқу мақсаттары сол пәнге арналған оқу бағдарламаларында ұсынылады. Ал кейбір пәндердің оқу мақсаттары тек 2-4-сыныптарға қатысты, сол сияқты 1-4-сыныптарда оқытылатын пәндердің оқу мақсаттары бір оқу бағдарламасында қамтылатын болады. Бастауыш сыныптарда 6 негізгі және 4 арнайы пән оқытылатын болғандықтан, жаңартылған білім беру бағдарламасында кешенді және теңестірілген тәсіл қолданылады, олардың әрқайсысын оқыту үшін уақыт теңестіріліп бөлінген. Алайда Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында орыс тілі, бейнелеу өнері, музыка және ағылшын тілі пәндері қамтылмайды, бұл пәндер бойынша жеке біліктілікті арттыру курстары көзделген.

13. Әр пәнге бөлінген сағат саны тиісті оқу жоспарларында бейнеленеді, бұл оқу жоспарлары бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсы

барысында пайдаланылатын болады. Әр оқу бағдарламасының аясындағы негізгі оқу бағыттары оқу бағдарламаларының 1-бөлімінен алынған.

14. Осы Бағдарламаның 4-қосымшасындағы "Тілдік бағыттар" кестесінде көрсетілгендей, бастауыш мектептегі тілдік пәндердің (қазақ тілі, сауат ашу және әдебиеттік оқу) оқу бағдарламаларының мақсаты – қазақ тілін үйренуге негіз қалау. Бұл әртүрлі қарым-қатынас салалары мен жағдайлары, стилистикалық ресурстар, дұрыс дыбыстау, орфографиялық және орфоэпиялық нормалар, сондай-ақ жанрлар мен стильдерді білуге қатысты құрылым мен функцияларды қамтиды. Бағдарламада әртүрлі қарым-қатынас салаларында және жағдайларда өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беретін айтылым және танымдық жаттығуларға, қарым-қатынас жасай білу қабілеті мен дағдыларына ерекше назар аударылады. Қазақ тілін оқу барысында оқушылар жалпы әлем мен адамзат туралы білім алады және тіл мен әдеби мұраның құндылығын түсінеді, соның арқасында кез келген мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіре алады.

15. Бағдарламаның мазмұнындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтай отырып, мұғалім тиісті білім беру бағдарламаларын өзара байланыстырып, нығайтатын жаттығуларды жоспарлай алады. Мысалы, "Әдебиеттік оқу" пәніндегі мәтіндерді жазылым дағдысын дамытуға арналған белсенді модель ретінде пайдалануға болады, ол осы Бағдарламаның "Тілдік бағыттар бойынша оқу бағдарламаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары" атты 5-қосымшасына сәйкес орфографиялық және грамматикалық нормаларды қамтиды, сол себепті бұлар алдағы уақытта жазылым бойынша жаттығуға негіз бола алады.

16. Математика негіздерін үйрену арқылы оқушылар басқа пәндер аясында, мысалы, жаратылыстануды оқу кезінде қажет болатын анағұрлым күрделі математиканы түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, математика әртүрлі мәселелерге қатысты қалай әрекет етіп, проблемаларды шешу жолдарын түсінуге көмектесе отырып, логикалық ойлау дағдыларын дамыту, арифметикалық алгоритмдерді қолдану, геометриялық құрылымдарды орындау және математикалық зерттеу жүргізу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқу мақсаттарына негізделі отырып, оқушылар сан, алгебра, геометрия және математикалық модельдеу туралы білу арқылы математиканы түсінетін болады. Математикалық талдауды орындау арқылы оқушылар өз сұрақтарына және басқа адамдардың сұрақтарына жауап беру үшін білімдерін, рәсімдерді, әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданады.

17. "Жаратылыстану" пәні бойынша білім беру бағдарламасында ғылыми зерттеу жүргізу дағдылары мен біз өмір сүретін әлем туралы білімге ерекше назар аударылады. Бастауыш сыныпта жаратылыстануды зерделеу оқушыларға төмендегідей дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі:

- 1) зерттелетін тақырыпты таңдау;
- 2) сұрақ қойып, оған жауап беру тәсілдерін табу;
- 3) зерттеу жүргізу жоспарын құру;
- 4) болжам жасау;

5) сұраққа жауап беру үшін зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижесінде алынған түрлі деректерді жинау, өңдеу және түсіндіру.

18. Бастауыш сынып оқушыларына арналған "Жаратылыстану" пәні бойынша білім беру бағдарламасы оларды жоғары сыныптарда және жоғары оқу орындарында биология, химия және физика саласында одан әрі оқуға дайындайды.

19. "Дүниетану" пәні бойынша білім беру бағдарламасы оқушылардың қиялын ояту арқылы олардың білімқұмарлығын ынталандыруды көздейді. Ол бізді қоршаған әлемде болып жатқан үдерістерді тарихи, географиялық және әлеуметтік тұрғыдан түсінудің маңызды бөлігі болып табылатын фактіге негізделген білімді және ақпараттық контентті дамытуға бағытталған. Білім беру бағдарламасы Қазақстандағы адамдардың әлеуметтік, моральдық, шығармашылық және қарым-қатынас тәжірибесін бейнелейді. Ол гуманитарлық ғылымдар мен әлеуметтік ғылымдарды шынайы өмір жағдайында зерделеуге жол аша отырып, оқушыларға өзінің оқу үдерісін бақылауға мүмкіндік береді. Зерттеуге негізделген оқу стратегияларын пайдалану арқылы оқушылар ақпаратты жинап, талдап, ұсынатын алады, бұл оларға белсенді азаматтық ұстанымы бар адам болып өсуге көмектеседі.

20. Ескертпе: Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында "Орыс тілі", "Бейнелеу өнері", "Музыка" және "Ағылшын тілі" пәндері қамтылмайды, осы Бағдарламаның "Бастауыш сыныптың арнайы пәндері бағыты" атты б-қосымшасында көрсетілген бұл пәндер бойынша жеке біліктілікті арттыру курстары көзделген,

21. Барлық пәндер бойынша оқу бағдарламасының бөлімдері өз ішінде бөлімшелерге бөлінеді, олар дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіне қарай жіктеледі. Оқу жылы бойындағы оқудан күтілетін нәтижелер түріндегі бөлімшелер оқу мақсаттарын құрайды. Осындай оқу мақсаттары оқушыларға оларға алда еңсеруге тура келетін белестерді белгілеп, мұғалімдерге жоспарлауға және бағалауға мүмкіндік бере отырып, әр бөлімшенің аясындағы алға ілгерілеуді көрсетеді

22. Осы Бағдарламаның 7-қосымшасына сәйкес "Джером Брунердің спиральді оқу үлгісіне" негізделген спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы "*Білім беру үдерісі*" атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді, оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа

ауысқан сайын зерделенетін материалдар мен білім қайталанып, күрделеніп отырады деген тұжырым жатыр. Оқушылар сыныптан сыныпқа көшу барысында олардың түсініктері қалыптасып, дағдылары шыңдалған сайын, өздерінің қабілеттеріне деген сенімі артады. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелерге топтастырылған.

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде  
мониторинг  
ұйымдастыратын мамандардың  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
1-қосымша

## Оқу жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1. Жаңартылған білім беру бағдарламасына шолу	2
		2. Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары	2
		3. Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау	2
		4. Сабақты жоспарлау және ресурстар	2
2	Тиімді оқыту және оқу	1. Тиімді оқыту мен оқудың кейбір тәсілдері	2
		2. Белсенді оқу	2
		3. Оқытуды саралау және оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру	2
		4. Критериалды бағалау	2
3	Мониторинг үдерісі	1. Мониторинг мақсаты мен міндеттері	2
		2. Қатысушылар	2
		3. Мониторинг бөлімдері	2
		4. Мониторингден күтілетін нәтижелер	2
4	Мониторинг құралдары	1. Дерек жинау әдістері мен тәсілдері	2
		2. Деректерді өңдеу және ұсыну. Сауалнама	2
		3. Сабақты қадағалау	2
		4. Сабақты қадағалау	2
5	Мониторингін ұйымдастыру	1. Сұхбат	2
		2. Сұхбат	2
		3. Мектепке сапар	2
		4. Курсты қорытындылау	2

Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде  
мониторинг  
ұйымдастыратын мамандардың  
біліктілігін



## Дэвид Колбтың оқу үдерісінің эмпирикалық моделі



Қазақстан Республикасында орта білім  
мазмұнын жаңарту шеңберінде  
мониторинг  
ұйымдастыратын мамандардың  
біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына  
3-қосымша

## Негізгі және арнайы пәндер бойынша оқу жоспарының сағаттық кестесі

Пәндер	Аптадағы сағат саны			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Қазақ тілі		4	4	3
Сауат ашу	6			
Әдебиеттік оқу		3	3	3

Математика	4 x 35 мин	4 x 45 мин	4 x 45 мин	4 x 45 мин
Жаратылыстану	2	2	2	2
Дүниетану	1 x 35 мин	1 x 45 мин	1 x 45 мин	1 x 45 мин
*Орыс тілі	3	3	3	4
*Бейнелеу өнері	1	1	1	1
*Музыка	1	1	1	1
*Ағылшын тілі	2 x 35 мин	3 x 45 мин	3 x 45 мин	4 x 45 мин

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мониторинг ұйымдастыратын мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Тілдік бағыттар

Бағыт	Қазақ тілі	Сауат ашу	Әдебиеттік оқу	Математика	Жаратылыстану	Дүниетану
1	Тыңдалым және айтылым	Тыңдалым және айтылым	Тыңдалым және айтылым	Сандар	Ғылыми зерттеу дағдылары	Абстрактілі ойлау дағдылары
2	Оқылым	Оқылым	Оқылым	Алгебра	Өсімдіктер	Тарихты білу және түсіну
3	Жазылым	Жазылым	Жазылым	Геометрия	Жануарлар	Тарихты білу және түсіну
4				Математикалық модельдеу	Адамдар	Қоғамды білу және түсіну
5					Материалдар және олардың қасиеттері	
6					Ғарыш	
7					Күш және қозғалыс	
8					Физикалық құбылыстар	

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мониторинг ұйымдастыратын мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 5-қосымша

## Тілдік бағыттар бойынша оқу бағдарламаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары

--	--	--	--

	Сауат ашу Тек 1-сынып	Қазақ тілі 2-4-сыныптар	Әдебиеттік оқу 2-4-сыныптар
Жалпы анықтамасы / неге назар аударады	<p>"Сауат ашу білім беру бағдарламасындағы аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. Жалпы білімнің негізін қалыптастырады". (1.1-тараудан алынды)</p> <p>Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды)</p> <p>Әңгімелер мен қиялын пайдалана отырып, оқуға деген қызығушылығын ояту;</p> <p>Кез келген пәнді оқу үшін қажетті дағдыларды дамыту: ойлау/тыңдау, есте сақтау, елестету/шығармашылық, сондай-ақ оқылым және жазылым.</p>	<p>"Қазақ тілі білім беру бағдарламасындағы аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. Жалпы білімнің негізін қалыптастырады".</p> <p>"Қазақ тілі - барлық мектеп пәндерінің тілі. Сондықтан басқа пәндерді түсінуі қазақ тілін білу деңгейіне тәуелді". (1.1-тараудан алынды)</p> <p>Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды)</p> <p>тілді, оның құрылымы мен функциясын түсінуді қалыптастыру;</p> <p>тіл дағдылары, соның ішінде сөйлеу мәнері, дұрыс дыбыстау, орфография, грамматика және лексика;</p> <p>және жоғарыда айтылғандардың барлығы арқылы өз тілін құрметтеу, өз елін мақтан ету, басқаларға төзімділікпен қарау және оқушылардың кез-келген қоғамда өзін еркін ұстай білуі</p>	<p>"Әдебиеттік оқу – оқушыларға қиялы мен тілін дамытуға, сөз өнерін түсінуге, әдеби және эстетикалық, сондай-ақ адамзат құндылықтарын түсінуге, олардың тілдік дағдылары мен оқылым дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін жалғыз пән. Ол түсініп оқу және сауатты сөйлеу, тәуелсіз сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырып, оқушының тұлға ретінде дамуына көмектеседі". (1.1-тараудан алынды)</p> <p>Мыналарға назар аударады (1.2-тараудан алынды) Қазақстанның әдеби мұрасын, мәдениетін, адамның мінез-құлқын, қиялын түсіну үшін әдебиетті пайдалану ("оқушының рухани құндылықтарын байыту");</p> <p>Тілді дамыту үшін әдебиетті пайдалану;</p> <p>Түрлі жанрларды, олардың ерекшеліктері мен құрылымын түсіну үшін әдебиетті пайдалану;</p> <p>"Классика" болып табылатын әдеби туындылар (мысалы, ауыз әдебиеті, ұлттық және әлемдік балалар әдебиетінің үздік үлгілері) туралы білім қалыптастыру;</p> <p>Оқу мәдениетін дамыту</p>
		Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы тілге назар аударады.	

<p>Тыңдалым және айтылым</p>	<p>Кез-келген пәнді оқу үшін талап етілетін айтылым және тыңдалым дағдыларына назар аударады.</p> <p>1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: ақпаратты тыңдау және түсіну қабілеті; дыбыс құрылымдарын, буындарды және сөздердің айтылуын түсіну; тіл нормаларын пайдалану арқылы пікірлерді салыстыру, сұрақ қою, оқиғаларды жорамалдау және өлеңдерді, мақалдарды, жұмбақтарды және т.б. мәнерлеп оқу үшін тілдік және коммуникациялық дағдыларын дамыту (дауыс ырғағы, кідіріс, үнсіз тілдесу).</p>	<p>2-4 сыныптарда оқушылар: ауызша ақпаратты тыңдайды және мазмұнын/ идеяны, қолданылатын ишараларды түсінеді; ауызша материалдарды және тіл қалай пайдаланылғанын бағамдайды, мысалы, басқалардың көзін жеткізу үшін; әдеби тәсілдерді пайдаланады; тиісті тіл нормаларын, әдеби тәсілдерді, құрылымдық/ визуалдық материалдарды пайдалана отырып, диалогке араласады, материалдың мазмұнын айтады, тұжырым жасайды.</p>	<p>Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы әдебиетке назар аударады.</p> <p>2-4-сыныптарда оқушылар: әдеби туындыларды талқылауға қатыса отырып, оның барысында әдеби мәтіндерді қалай түсінетінін көрсете алады (идеяларды анықтау, сұрақтар қою, өз пікірін айту, үзінділердің мазмұнын айту, оқиғалардың қалай өрбитінін жорамалдау арқылы); сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытады (1.1-тараудан алынды) / мәтіндерді бағамдайды.</p>
			<p>Әдебиет туралы және тіл қалай пайдаланылатыны туралы білім алу мақсатында оқылымға назар аударады.</p> <p>2-4-сыныптарда оқушылар: мәтіннің жанры, құрылымы және балама әдеби түрлері арасындағы айырмашылықты тани отырып, бірқатар әдеби туындыларды оқиды және түсінеді; бірқатар оқылым тәсілдерін құрады және мәтіннен қажетті ақпаратты алу үшін оларды пайдаланады;</p>

<p>Оқылым</p>	<p>Кез-келген пәнді оқу үшін қажет негізгі оқылым дағдыларына назар аударады.</p> <p>1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: мәтіндердегі негізгі ақпаратты оқу, түсіну және салыстыру дағдылары; мәтін бойынша қарапайым сұрақ қойып, жауап беру дағдылары; дыбыстар, олардың бірізділігі және тиісті әріптік құрылымдар туралы түсінік; түрлі оқылым тәсілдерін қолданып, мәтіннен ақпарат табу дағдылары.</p>	<p>Тілді дамыту мақсатында оқылымға назар аударады.</p> <p>2-4-сыныптарда оқушылар: бірқатар оқылым тәсілдерін пайдалана отырып, мәтінді оқиды; мәтін мазмұнын және оларда пайдаланылған тілдің түрін, стилін және құрылымын түсінеді мәтінде синтаксистік және лексикалық бірліктердің қалай қолданылғанын түсінеді; оқылған мәтінді талдайды, салыстырады және үзінді ала алады.</p>	<p>оқылым арқылы сипаттау және сезімін</p>
---------------	---	--	--

			білдіру үшін пайдаланылатын тіл бірліктері туралы білімін тереңдетеді.
Жазылым	<p>Кез-келген пәнді оқу үшін қажет негізгі жазылым дағдыларына назар аударады.</p> <p>1-сыныпта оқушылар мыналарды дамытады: негізгі жазылым дағдылары: қаламды ұстаудан бастап қарапайым сөйлемдерді ұқыптап жазу, тақырыптарды, сөздерді, графиктерді/ диаграммаларды, кішкентай және бас әріптерді пайдалануға дейін қарапайым тыныс белгілерін (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі), орфографиялық және грамматикалық ережелерді пайдалану дағдылары</p>	<p>Жазылым дағдыларын (кұрылымы, грамматика, тыныс белгілері) дамытуға назар аударады.</p> <p>2-4-сыныптарда оқушылар: тиісті лексика мен таныстырылым тәсілдерін пайдалана отырып, мәтіндердің әралуан түрлері мен стильдерін құрылымдайды (жоспарлайды) және жазады; шығармашылық жұмыс үшін және естіген немесе оқыған материалды қорыту үшін жазылым дағдыларын пайдаланады; мәтіндерді салыстырады; орфографиялық, грамматикалық және тыныс белгілері ережелерін қолданады; мәтіндерді дұрыстау және түзету үшін тіл туралы білімін пайдаланады.</p>	<p>Шығармашылық жұмысқа назар аударады.</p> <p>2-4-сыныптарда оқушылар: шығармашылық жұмыс жазуда өзінің әдебиет бойынша білімін пайдаланады және әдеби туындыларын басқа нысанда, мысалы , сурет, анимация түрінде ұсынады</p> <p>Өз жұмысын дұрыстау және түзету үшін өзінің тіл туралы білімін пайдаланады.</p>

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мониторинг ұйымдастыратын мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 6-қосымша

## Бастауыш сыныптың арнайы пәндері бағыты

--	--	--	--

Бағыт	Орыс тілі	Бейнелеу өнері	Музыка	Ағылшын тілі
1	Тыңдалым	Идеяларды зерделеу және дамыту	Орындау	Тыңдалым
2	Оқылым	Әзірлеу және жасау	Бірқатар құралдардың, соның ішінде музыкалық технологиялардың көмегімен әзірлеу	Оқылым
3	Айтылым	Шолу, талдау және бағамдау	Әуенді тыңдау және оған сәйкес әрекет ету	Айтылым
4	Жазылым		Әрекет етуге шолу және бағамдау	Жазылым
5				Ағылшын тілін пайдалану

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мониторинг ұйымдастыратын мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 7-қосымша

## Джером Брунердің спиральді оқу үлгісі

Оқу кезеңдері	Негізгі ерекшеліктері	Спиральді оқудың артықшылықтары
1) белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу) ; 2) бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу) ; 3) таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) .	1) оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; 2) әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; 3) жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.	1) оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; 2) спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; 3) оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 23-қосымша

## "Тиімді оқыту мен оқу" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. "Тиімді оқыту мен оқу" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мұғалімнің

біліктілігін жетілдіруге бағытталған және қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық жоспарларының мақсаттарына сәйкес заманауи ғылыми зерттеулер мен озық оқыту тәжірибесінің үлгілерін насихаттайды.

2. Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру кәсіби ынтымақтастық пен бірлескен оқудың белсенді ортасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін нақты үш кезеңге бөлінген: "Бетпе-бет" оқыту кезеңі, мектептегі тәжірибе кезеңі және екінші "Бетпе-бет" оқыту кезеңі.

3. Бағдарламаны іске асырудың бірінші "Бетпе-бет" кезеңінің тақырыптық мазмұны ЮНЕСКО мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұсыныстарының негізгі қағидаттарымен үйлеседі, сондай-ақ олар Бағдарламаның жеті модулі мәнмәтінінде мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстарды қамтиды:

- 1) Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- 2) Сын тұрғысынан ойлауға үйрету;
- 3) Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау;
- 4) Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- 5) Талантты және дарынды балаларды оқыту;
- 6) Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- 7) оқытуды басқару және көшбасшылық.

4. Бағдарламаның мазмұнында қамтылған жаңа тәсілдердің бірі мұғалімнің өзінің кәсіби тәжірибесі туралы жүйелі түрде ойлана білуі және сынып деңгейінде тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлап өткізуі талап етілуі болып табылады. Мұғалімдерге өздерінің өткізген сабақтарының нәтижелерін қорытып тұжырымдауда ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету мақсатында Бағдарламада ұсынылған ғылыми-теориялық әдебиеттерге сілтеме беруді рәсімдеу ережелері ұсынылған.

## **1. Бағдарламаға шолу**

5. Бағдарламаның мақсаты:

Тиімді оқыту мен оқуды іске асыру мақсатында мұғалімнің кәсіби дамуын жетілдіру.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) Бағдарламаның теориялық негіздері бойынша тұжырымдамалық білім мен түсінік қалыптастыру.

2) Бағдарламаның негізгі бағыттары мен мазмұнына сәйкес мұғалімнің тәжірибелік дағдылары мен біліктілігін жетілдіру:



- а) оқушыларды оқу үдерісіне тарту;
- ә) оқыту мен оқу үдерісін жоспарлау;
- б) тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және іс жүзінде жүзеге асыру ;
- в) оқушыларды тиімді түрде жүйелі бағалау;
- г) оқыту мен оқу үдерісі туралы рефлексия.
- д) мұғалімді мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы аясында белсенді жұмыс істеуге дайындау.

#### 7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

- 1) мұғалімде тұжырымдамалық түсінік пен тәжірибелік дағдылар негізі қалыптасады;
- 2) мұғалім өз тәжірибесі туралы сын тұрғысынан ойлану (рефлексия) дағдыларын, өзін-өзі жетілдіру қабілетін иеленеді;
- 3) мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы аясында белсенді жұмыс істеуге дайын болады.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Бағдарлама құрамдастырылған білім беру бағдарламасы болып табылады, Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес оның құрамында оқу-әдістемелік материалдар кешені мен онлайн-білім беру платформасы қамтылған.

9. Осы Бағдарламаның 2-қосымшасындағы оқу жоспары Бағдарламаның түйінді идеяларын көрсететін тақырыптардың, тараулардың ұсынылу ретін, оларды оқу кезеңдері бойынша бөлуді, оны меңгеруге берілетін уақыт мөлшері бойынша жиынтық деректерді белгілейді.

9. Оқу жоспарын Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетінің сарапшыларымен бірлесіп әзірлеген. Оқу жоспарында көзделген тақырыптарды зерделеу реті олардың сабақтастығына негізделген және олардың арасындағы логикалық байланыс пен тәуелділікке сәйкес анықталады, ал олар өз кезегінде түйінді білім мен түсініктер тізбесіне, олардың реті, бағыты мен қалыптастыру мерзімдеріне сүйенеді.

10. Бағдарлама 9 аптаға созылатын үш кезеңнен тұрады:

- 1) Бірінші "Бетпе-бет" аудиториялық кезең – төрт апта;
- 2) Мектептегі тәжірибе – төрт апта;
- 3) Екінші "Бетпе-бет" аудиториялық кезең – бір апта.

11. Бірінші "Бетпе-бет" кезеңі Бағдарламаның түйінді идеяларына және оларды мектеп тәжірибесіне енгізу әдістемесіне шолу жасайды. Бұл кезеңде мұғалімдер мынадай тапсырмаларды орындайды:

1) Оқу үдерісі қалай жүретіні және сапалы оқыту дегеніміз не екендігі туралы материалдарды зерделеу;

2) Оқыту мен оқудың қалай жүру керектігі туралы өзінің білімі мен ұстанымдарын талдап, бұл саладағы таптаурындарға қатысты күмән тудыру;

3) Сыныптағы жұмыс тәсілдерін модельдеу арқылы белсенді оқуға қатысу. Бұл бірлескен топтық жұмыстан, талқылаудан, таныстырылымдар мен жеке зерттеулерден тұрады;

4) Бағдарламаның жеті модулі аясында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді зерделеу;

5) Оқыту тәжірибесіне енгізілуге тиісті Бағдарламаның идеяларын пайдалана отырып, төрт сабақтан тұратын тізбектелген сабақтар топтамасын (төрт сабақ көлемінде) жоспарлау.

12. Мектептегі тәжірибе: (5–8-апта). Оқудың екінші кезеңінде (мектептегі тәжірибе) Бағдарламаның негізгі идеялары тәжірибеде іске асырылатын болады. Бұл кезең екі бағытта іске асырылады.

1) Бірінші бағыт – өзінің күнделікті оқыту тәжірибесінде алдын ала жасалған тізбектелген сабақтар топтамасының жоспары бойынша жаңа тәсілдерді қолдану.

2) Екінші бағыт – бірінші "Бетпе-бет" кезеңінде алған "Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалармен" жұмыс. Мұғалім іске асыратын оқыту мен оқудағы өзгерістер мектептегі тәжірибе кезінде жүйелі бағаланып отырады. Сонымен қатар білім беру порталындағы форум арқылы мұғалімге тренер тарапынан қолдау көрсетіледі (синхронды емес оқыту).

13. Бұл кезеңде мұғалімдер мынадай тапсырмаларды орындайды:

1) Тізбектелген сабақтар топтамасын өткізіп, бұл сабақтарда балалардың білім алуы туралы деректерді жинақтау;

2) Мектеп жағдайында Бағдарламаның идеяларын сынамалау және зерделеуге бағытталған мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған сегіз тапсырманы орындау;

3) Мектептегі тәжірибе кезеңіне арналған тапсырмаларды орындау барысы туралы рефлексия жасау арқылы бірінші "Бетпе-бет" кезеңінде алған білімдерін бекіту және тереңдету;

4) Өзінің оқыту тәжірибесіне Бағдарлама идеяларының енгізілуін талдау;

5) Жүргізілген рефлексиялық талдау негізінде өз портфолиосының толық нұсқасын әзірлеу.

14. Екінші "Бетпе-бет" аудиториялық кезең: (9-апта). Қорытынды "Бетпе-бет" кезеңі мұғалім іске асыратын оқыту мен оқудағы өзгерістер туралы өздігінен және өзара рефлексия жасауға, олардың баланы оқытуға және оның түсінігін дамытуға ықпал ету деңгейін белгілеу мақсатында бұл өзгерістердің нәтижелерін өздігінен және өзара бағамдауға бағытталған. Екінші "Бетпе-бет" кезеңінде

калыптастырушы және кейіннен жиынтық бағалау арқылы тренерлер мұғалімдердің "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде әзірлеген портфолио мен таныстырылымдарын бағалайды.

15. Бұл кезеңде мұғалімдер мынадай тапсырмаларды орындайды:

- 1) Алған білімдеріне қатысты таныстырылым ұсыну;
- 2) Портфолио мазмұнына өз бағасын беру және өзара бағалау;
- 3) Жиынтық бағалауға арналған портфолиомен жұмысты аяқтау;
- 4) Ұсынылған таныстырылымдар бойынша өзара бағалау жүргізіп, өз түсініктемелерін беру;
- 5) Жиынтық бағалауға арналған таныстырылымдарды аяқтау;
- 6) Таныстырылымдарды жиынтық бағалау.

16. Мұғалімдерге ұсынылатын оқу-әдістемелік материалдар Бағдарламаның теориялық негіздерін құрайды және Бағдарламаның құрамдас бөлігі болып табылады.

17. Күнделікті сабақтар 9:00-ден 12:30-ға дейін және 14:00-ден 17:15-ке дейін құрылымдалған, олар зерттелген тәжірибеге негізделген жазбаша материалдарды пайдалану арқылы жүргізілетін интербелсенді лекциялар мен тәжірибелік сабақтар кешенін қамтиды.

18. Әрбір тренер мен мұғалімге білім беру порталындағы қолжетімді онлайн-материалдармен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттердің қағазға басылған көшірмелері берілетін болады. Онлайн-материалдарды пайдаланудың мақсаты – Бағдарламаның барлық кезеңдерін игеру және білім беру платформасы арқылы әріптестерімен ынтымақтастық жүргізу барысында тренерлер мен мұғалімдерге өткізілетін зерттеулер негізінде өздерінің жеке оқу материалдарын жасауға мүмкіндік беру болып табылады.

### **3. Бағдарламаның мазмұны**

19. Бағдарламаның негізгі міндеті мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерін бағамдауға және жетілдіруге көмектесу болып табылады. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесімен және кәсіби мәнмәтінмен өзара байланыста қарастырылады. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады. Осы Бағдарламаның негізгі қағидаты тәжірибелік қызметті нақты ғылыми зерттеулердің дәлелденген нәтижелерімен кіріктіру болып табылады. Яғни мұғалімдер педагогиканың тиісті аспектілеріне қатысты ғылыми (зерттеу) материалдармен танысатын болады. Мұндай жұмыс мұғалімдер Бағдарламаға

кіргізілген оқыту мен оқудағы стратегия мен тәсілдерді қарастыру (таңдау, зерттеу, танысу және тағы басқалар) барысында сүйенетін теориялық негіздемені қамтамасыз ету үшін қажет.

20. Оқуға арналған негізгі материалдар "Мұғалімге арналған нұсқаулық", "Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар" және "Курсалды тапсырмалар" болып табылады. Құрылымдалған үлестірме материалдар мен қосымша онлайн-материалдар тиісті сабақтар барысында беріліп отырады. Бағдарлама мен жоғарыда аталған материалдар Бағдарламаның біртұтас оқу-әдістемелік кешенін құрайды. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда және мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктеріне қарай Бағдарламада пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттерді өз беттерінше оқи алады. "Мұғалімге арналған нұсқаулықтағы" негізгі материал тиісті сабақтарда қарастырылатын жеті модульге сараланған. Алайда осы жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта қолданылатын жекеленген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болады.

21. Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны жеке жеті модуль түрінде берілген, олар оқыту барысында кешенді түрде қарастырылады.

#### **4. Бағалауға арналған портфолио**

22. Бағдарламаның түйінді идеялары мен мазмұны қазақстандық мұғалімдердің тиісті сапалық деңгейге қол жеткізуіне бағытталған. Ол сапалық деңгей мұғалім өзін кәсіби тұрғыдан ой толғауға қабілетті, өзінің оқыту және оқу тәжірибесін өзгертуге, сондай-ақ Бағдарламаның идеяларын іске асыруға, талдауға және бағалауға дайын маман ретінде таныту үшін қажет. Бірінші "Бетпе-бет" кезеңінің өн бойында мұғалімдер Бағдарламаның өзара байланысты жеті модулінің идеяларымен танысады. Олар бұл жеті модульді тізбектелген сабақтар топтамасының жоспарына қосу арқылы өзінің тәжірибелік қызметі тұрғысынан жеті модульдің тұжырымдамалық идеяларын түсінетіндігін көрсетулері керек. "Мектептегі тәжірибе" кезеңінің төрт аптасында мұғалімдер бірінші "Бетпе-бет" кезеңінде жоспарлаған сабақтарын өткізіп, бағалайды. Одан кейінгі төрт аптада – екінші "Бетпе-бет" кезеңінде мұғалімдер тізбектелген сабақтар топтамасын өткізу және "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде орындауға арналған тапсырмаларды орындау нәтижесінде не үйренгені туралы ой толғап, талқылап, оқыған-тоқығаны туралы жазбалар жүргізеді. Олар сабақ өткізгенін, бағалау жүргізгенін көрсететін портфолио қалыптастырады. Мұғалімнің Бағдарламаны табысты игерудің төмендегі үш критерийіне сәйкестік деңгейін анықтауда портфолионы бағалау айрықша мәнге ие болады:

1) Бағдарламаның түйінді идеяларын білу және түсіну;

2) Өзінің оқыту және оқу тәжірибесінде Бағдарламаның түйінді идеяларын қолдану;

3) Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді енгізу туралы ойлану және одан әрі дамытуға арналған тәсілдер мен идеяларды белгілеу.

23. Портфолио мен портфолио мазмұны бойынша жасалған таныстырылымды бағалау рәсіміндегі ең маңыздысы мұғалімнің өзінің оқыту және оқу тәжірибесінде Бағдарламаның идеяларын пайдалана білу қабілетін анықтау болып табылады. Себебі бұл көрсеткіштер олардың оқыту және оқу тәжірибесі өзгергендігін көрсетеді, Бағдарламаның басты мақсаты осы.

24. Портфолиоға қойылатын негізгі талаптар төменде жазылған. Дегенмен, бағаланатын деректер тұрғысынан, болмаса өздерінің терең білімі мен кәсіби дамуын дәлелдейтін құжат ретінде мұғалімдер портфолио мазмұнына қосымша материалдар қоса алады. Мұғалімдер ұсынған қосымша материалдар әріптестерімен және топ тренерлерімен пікірталас жүргізуге көмектеседі. Екінші "Бетпе-бет" кезеңінде мұғалімдер бағалауға дайындау үшін өз портфолиосының жекелеген деректерін іріктеп, пысықтайды. Тренерлер портфолионың мазмұны, құрылымы бойынша, сондай-ақ портфолионы қорытынды бағалауға арналған деректерді әзірлеуде өз тобының мұғалімдеріне кеңес беріп, қолдау көрсете отырып, ұстаздарға барынша көмек беретін болады.

25. Портфолио мазмұны:

1) Тізбектелген сабақтар топтамасы туралы рефлексиялық есеп (3000 сөз).

а) тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулін енгізуді негіздеу және оларды енгізуде қолданылған әдістеме;

ә) Оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізілгенін және ол басқарылғанын растайтын тізбектелген сабақтар топтамасы өткізілгенін және оның тиімділігін талдау.

2) Өзінің оқыту және оқу тәжірибесіне Бағдарламаның жеті модулі қалай енгізілгені көрсетілген тізбектелген сабақтар топтамасының (кем дегенде төрт сабақ) орта мерзімді жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

3) Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулі ықпалдастырылған бір сабақтың жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

26. Таныстырылымды бағалау қағидаттары. Екінші "Бетпе-бет" кезеңінде мұғалімдер өз портфолиосының құрамына қатысты бір таныстырылым ұсынады. Таныстырылым мұғалімнің өз портфолиосын өзінің жасағанын анықтауға және олардың таныстырылымдық дағдыларын көрсетуге мүмкіндік береді. Таныстырылым Бағдарлама идеяларының мұғалімнің тәжірибесіне енгізілуіне арналатын болады. Бағалау кезінде негізінен мұғалімнің Бағдарламаның жеті

модулінің идеяларын өз тәжірибесіне ықпалдастыра алғандығына, өзінің оқыту тәжірибесінде бұл идеяларды іске асыра алғандығы туралы сын тұрғысынан рефлексия жасай алғандығына көңіл аударылатын болады.

34. Таныстырылымның мазмұны. Өз тәжірибесіне өзгеріс енгізу және ол өзгерістерді басқару туралы рефлексия (6 слайд, 20-22 минут). Бұл таныстырылым төмендегі мәселелерді көрсететін алты слайд немесе алты плакаттан тұрады:

1) Бағдарламаның жеті модулі тізбектелген сабақтар топтамасына қалай енгізілгенін негіздеу;


2) модульдердің бірі немесе бірнешеуі бір сабаққа қалай және неліктен енгізілді;

3) оқушының білім алғандығын растайтын дәлелдер;

4) оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс қалай және неге енгізілді, алдағы шаралар туралы қорытынды (алдағы уақытта кәсіби тәжірибеге қандай өзгеріс енгізу керек).

"Тиімді оқыту мен оқу" педагогика  
кадрларының біліктілігін арттыру  
курсының  
білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Мұғалімнің білім алып, тәжірибе жинақтауы



"Тиімді оқыту мен оқу" педагогика  
кадрларының біліктілігін арттыру  
курсының  
білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Оқу жоспары

"Бетпе-бет" кезеңі (4 апта)			

Күн №	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта			
1	Кіріспе: оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттігін негіздеу. Оқытуды басқару және көшбасшылық.	1-сабақ: Бірлескен және топтық жұмыс. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі. Білім беру порталымен танысу. 2-4-сабақтар: Сыныптағы оқу үдерісі мен ондағы өзгерістерді басқару. Оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізу қажеттілігін негіздеу. Мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары.	8
2	Мектеп пен сыныптағы мәдениет.	1-2-сабақтар: Сыныпты қадағалау әдістемесі. 3-4-сабақтар: Мұғалімдерге нені білу міндет? Сынып мәдениеті мен оқу ортасы.	8
3	Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы және оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы пікірі.	1-2-сабақтар: Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу. 3-4-сабақтар: Оқушылардың пікірі бойынша құзырлы мұғалімнің сипаттамасы қандай? Мұғалімнің оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу.	8
4	Құндылықтар, көзқарастар, ықпал ету тәсілдері.	1-2-сабақтар: Бұдан әрі даму бағыттары мен басымдықтарын анықтау үшін жеке тұлғаның құндылықтары мен көзқарастарын нақтылау. 3-4-сабақтар: Оқыту және оқу әдістемесін жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізу қажеттігін негіздеу және мойындау. Сыныптағы психологиялық ахуал.	8
5	Оқушыларды ынталандыру.	1-сабақ: Оқудағы кедергілерді анықтау. 2-3-сабақтар: Оқудың аффекттік теориясы. Оқушыларды ынталандыру. 4-сабақ: Оқушылардың оқу туралы пікірін анықтау (оқушыдан кеңес алу).	8
2-апта			
1	Әлеуметтік өзара іс-қимыл.	1-2-сабақтар: Оқудағы әлеуметтік өзара іс-қимыл, әлеуметтік өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту. 3-4-сабақтар: Сабақтың интербелсенді және инклюзивті болуын қамтамасыз ету.	8
2	Оқудағы кедергілер. Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу.	1-2-сабақтар: Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудағы кедергілерді, соның ішінде жас ерекшеліктері проблемаларын жену мақсатындағы педагогикалық тәсілдерді таңдау және нақтылау. 3-4-сабақтар: Оқушылардың қабілеттері және оқуға жағымды көзқарастары.	8
3	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: қалай оқу керектігін үйрету.	1-4-сабақтар: <i>Қалай оқу керектігін үйрену</i> дегеніміз не? Мұғалімнің оқушылардың қалай оқу керектігін үйрену қабілеттерін дамыту жөніндегі әрекеттері.	8
4		1-4-сабақтар: Бүкіл зейінді және педагогикалық амал-тәсілдерді оқушыларға бағыттау және оларға қалай оқу керектігін үйренуде көмек көрсету. Қалай оқу керектігін үйренуге қатысты оқыту әдістері мен тәсілдеріне басты назар аудару.	8
	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар:	1-сабақ: Диалогтік оқыту дегеніміз не?	

5	әңгімелесу және диалогтік оқыту.	2-4-сабақтар: Оқу сапасын жақсарту мақсатында сабақта әңгімелесуді пайдалану әдістемесі.	8
3-апта			
1	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: сын тұрғысынан ойлау.	1-4-сабақтар: <i>Сын тұрғысынан ойлау</i> дегеніміз не? Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану.	8
2 және 3	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.	1-4-сабақтар: Бағалау үдерісінің мақсаты. Оқу үшін бағалау дегеніміз не? 1-4-сабақтар: Оқытуды жоспарлауда оқу үшін бағалау әдістемесін пайдалану. Сабақта оқу үшін бағалау әдістемесін пайдалану.	8 8
4	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: талантты және дарынды балаларды оқыту.	1-3-сабақтар: Сабақта тиісті тәсілдерді қолдану. 4-сабақ: Талантты және дарынды оқушыларды жандандыру үшін оқытуды даралау.	8
5	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану.	1-4-сабақтар: Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мақсаттары. Оқу сапасын арттыру мақсатында сыныпта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану әдістемесі.	
4-апта			
1	Сабақты жоспарлау.	1-сабақ: Сабақтың сараланған оқу нәтижелерін әзірлеу. 2-сабақ: Оқу нәтижелеріне қол жеткізуге арналған жаттығуларды жоспарлау және Бағдарламалар идеяларын ықпалдастыру. 3-сабақ: Табыс критерийлерін белгілеу. 4-сабақ: Оқу мақсаты, жаттығу мен табыс критерийлері арасындағы байланысты бағамдау.	8
2	Сыныптағы оқуды басқару.	1-2-сабақтар: Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау. 3-4-сабақтар: Сыныптағы оқыту үдерісінде болып жатқан өзгерістерді қадағалау.	8
3	Оқыту тәжірибесіне Бағдарлама идеяларын енгізу.	1-4-сабақтар: Тізбектелген сабақтар топтамасын орта мерзімдік жоспарлау.	8
4	Lesson Study.	1-4-сабақтар: Оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында Lesson Study қолдану.	8
5	Оқыту мен оқуды бағалауға дайындық.	1-4-сабақтар: Оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу барысында жүргізілетін бағалауға (нәтижелілікті анықтауға) мұғалімдерді даярлау (жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасы).	8
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин. Барлығы: айына 160 академиялық сағат.			
Мектептегі тәжірибе (4 апта)			
Мектептегі тәжірибе: Бағдарламаның барлық идеяларын пайдалана отырып, тізбектелген сабақтар топтамасын (кем дегенде 4 сабақ) жоспарлауды және өткізуді; Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған барлық тапсырмаларды жоспарлауды және орындауды; Портфолио құрастыруды;			



Портфолиосында баяндалған негізгі ойларды көрсетуге арналған таныстырылым әзірлеуді қамтиды.  
Ескерту: "Мектептегі тәжірибе" кезеңіне арналған тапсырмаларды орындау барысында тренерлер онлайн-құралдар (синхронды емес форум, электрондық пошта бойынша жеке хат алмасу) арқылы мұғалімдерге қолдау көрсетеді.

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин.

Барлығы: айына 96 академиялық сағат (күніне 4 сағат\*6 күн).

Екінші "Бетпе-бет" кезеңі (1 апта)

Күн №	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Тізбектелген сабақтар топтамасы туралы рефлексиялық есептің бірінші тармағын пысықтау.	1-4-сабақтар: Екінші "Бетпе-бет" кезеңіне кіріспе. Тізбектелген сабақтар топтамасы туралы рефлексиялық есептің тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулі қалай және неге енгізілгенін негіздеуге арналған бірінші тармағын пысықтау. Өзара бағалау және өзін-өзі бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы.	8
2	Тізбектелген сабақтар топтамасы туралы рефлексиялық есептің екінші тармағын пысықтау.	1-4-сабақтар: Тізбектелген сабақтар топтамасы туралы рефлексиялық есептің Оқыту мен оқуда өзгеріс енгізілгенін және ол басқарылғанын растайтын тізбектелген сабақтар топтамасы өткізілгені және оның тиімділігін көрсетуге арналған екінші тармағын пысықтау. Өзара бағалау және өзін-өзі бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы.	8
3	Таныстырылым дайындау	1-4-сабақтар: "Өз тәжірибесіне өзгеріс енгізу және ол өзгерістерді басқару туралы рефлексия" таныстырылым слайдтарын пысықтау, толықтыру, өзгерту.	8
4	Жеке таныстырылым	1-4-сабақтар: Өз тәжірибесіне өзгеріс енгізу және ол өзгерістерді басқару туралы рефлексия таныстырылымы (6 слайд, 20-22 минут).	8
5	Жеке таныстырылым	1-4-сабақтар: Өз тәжірибесіне өзгеріс енгізу және ол өзгерістерді басқару туралы рефлексия таныстырылымы (6 слайд, 20-22 минут).	8

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин.

Барлығы: 40 академиялық сағат.

Жоспар бойынша барлығы – 296 академиялық сағат.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 24-қосымша

## **"Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ғылыми зерттеулер кешенінің нәтижелеріне негізделеді. Сонымен қатар, Бағдарламада ұсынылған түсініктер мен тәсілдер еңбек жолын жаңа бастап жатқан

мұғалімдердің, тәжірибелі ұстаздардың, сондай-ақ тәлімгерлер мен коучтердің көп жылғы тәжірибесіне негізделген.

2. Сындарлы оқыту теориясына негізделген білім берудің мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

3. Сындарлы оқыту теориясына негізделген "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасы табысты мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Табысты оқытудың маңызды факторы мұғалімнің меңгерілетін білімді оқушының өз бетінше зерделеуін түсінуі және бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді, яғни оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сондықтан мұғалімде осы Бағдарламаның 1-қосымшасында көрсетілгендей, Шульман "үш көмекші" деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болып саналады.

4. "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасы екі басым бағытта әзірленген:

1) Біріншісі – мұғалімдердің оқыту мен оқудың табыстылығы туралы заманауи түсініктеріне барабар бай білімді игеруі.

2) Екіншісі – мұғалімнің құзыреттілігін жетілдіру және өз әріптестерінің кәсіби дамуына ықпал етуі үшін оның коучинг және тәлімгерлік тәжірибесін қалыптастыру сияқты өзара байланысты үдерістерге көңіл бөлу. Үдерістердің екеуі де "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының барлық негізгі аспектілерінде үндес болып келеді, сондықтан оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер оларды қолдану үдерісінде әріптестерді оқыту немесе бағыт-бағдар беру тұрғысынан қарастырылады.

## **2. Бағдарламаға шолу**

5. Бағдарламаның мақсаты:

Мектептегі әріптестермен ынтымақтастықта жұмыс істеу мен көшбасшылықты дамытудағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіру.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының теориялық негіздері бойынша тұжырымдамалық білім мен түсінік қалыптастыру.

2) "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының негізгі бағыттары мен мазмұнын білім беру жүйесіне ықпалдастыру арқылы мұғалімнің тәжірибелік дағдылары мен біліктілігін жетілдіру:

3) Бағдарламаның негізгі идеялары туралы рефлексиялық ойлау;

4) оқыту мен оқу үдерісін жоспарлау;

5) Бағдарламаның жеті модулі ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және іс жүзінде жүзеге асыру;

6) мұғалімдерді оқытуды басқару мақсатында коучинг және тәлімгерлікті жүзеге асыру;

7) оқыту мен оқу үдерісі туралы рефлексия.

8) мұғалімдерді мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығын ұйымдастыруға дайындау.

7. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімнің Бағдарламаның негізін құрайтын модульдер туралы тұжырымдамалық түсінігі мен тәжірибелік дағдылары қалыптасады.

2) мұғалім өз тәжірибесі туралы рефлексиялық ойлау дағдысын, оқыту үдерісін жоспарлау және өзін-өзі жетілдіру қабілетін дамытады.

3) мұғалім коучинг және тәлімгерлікті жүзеге асыру дағдыларын меңгереді.

4) мұғалім мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығын ұйымдастыруға дайын болады.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

8. Осы Бағдарламаның 2-қосымшасындағы оқу жоспары Бағдарламаның түйінді идеяларын көрсететін тақырыптардың, тараулардың ұсынылу ретін, оларды оқу кезеңдері бойынша бөлуді, оны меңгеруге берілетін уақыт мөлшері бойынша жиынтық деректерді белгілейді.

9. Оқу жоспарын Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетінің сарапшыларымен бірлесіп әзірлеген. Оқу жоспарында көзделген тақырыптарды зерделеу реті олардың сабақтастығына негізделген және олардың арасындағы логикалық байланыс пен тәуелділікке сәйкес анықталады, ал олар өз кезегінде түйінді білім мен түсініктер тізбесіне, олардың реті, бағыты мен қалыптастыру мерзімдеріне сүйенеді.

10. "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасы осы Бағдарламаның 3-қосымшасында көрсетілген үш кезеңді қамтиды: екі "Бетпе-бет" кезеңі мен "Мектептегі тәжірибе" кезеңі,

1) Бірінші "Бетпе-бет" оқыту кезеңі: бұл кезеңде Бағдарламаның түйінді идеяларына және оларды мектеп тәжірибесіне енгізу әдістемесіне шолу жасалады.

2) Мектептегі тәжірибе: оқудың "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде Бағдарламаның негізгі идеялары тәжірибеде іске асырылатын болады. Бұл кезеңде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізіп, коучинг сабақтарын өткізеді және өз мектебіндегі әріптестерінің біріне тәлімгерлік етеді. Сонымен қатар, мектептегі тәжірибе кезінде мұғалімдерге онлайн форум арқылы кеңес алуға мүмкіндік беріледі.

3) Екінші "Бетпе-бет" оқыту кезеңі: бұл кезең мұғалім іске асыратын оқыту мен оқудағы өзгерістер туралы өзіндік рефлексия және өзара рефлексия жасауға, олардың баланы оқытуға және мұғалімнің түсінігін дамытуға ықпал ету деңгейін белгілеу мақсатында бұл өзгерістердің нәтижелерін өздігінен және өзара бағалауға бағытталған. Екінші "Бетпе-бет" кезеңінің қорытынды аптасында қалыптастырушы және кейіннен жиынтық бағалау арқылы тренерлер мұғалімдерге портфолио жинақтауға көмектеседі.

11. Күнделікті сабақтар зерттелген тәжірибеге негізделген жазбаша материалдарды пайдалану арқылы жүргізілетін интербелсенді лекциялар мен тәжірибелік сабақтар кешенін қамтиды.

12. Бағдарлама Тренерге арналған нұсқаулық, Мұғалімге арналған нұсқаулық, Курсалды тапсырмалар, Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар, құрылымдалған онлайн материалдармен қатар "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының біртұтас оқу-әдістемелік кешенінің құрамына енеді. Әрбір мұғалімге білім беру порталында қолжетімді онлайн-материалдармен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттердің қағазға басылған көшірмелері берілетін болады. Онлайн-материалдарды пайдаланудың мақсаты – оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу барысында білім беру порталы арқылы тренерлер мен мұғалімдердің онлайн тәртібінде өзара тығыз шығармашылық қарым-қатынаста жұмыс істеуіне мүмкіндік беру болып табылады.

#### **4. Бағдарламаның мазмұны**

13. "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының негізгі мазмұны өзара байланысты жеті модуль шеңберінде ұсынылған:

- 1) Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
- 2) Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.
- 3) Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.
- 4) Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

- 5) Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- 6) Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
- 7) Оқытуды басқару және көшбасшылық.

14. Жоғарыда аталған жеті модуль және осы модульдерге негіз болған түйінді идеялар 4-қосымшада көрсетілген өзара байланысты үш негізгі тарауға бөлініп, Бағдарламада төмендегідей ұсынылған:

- 1) ойлау қабілеті;
- 2) әдістер мен тәсілдер;
- 3) жұмыс құралдары.

15. "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының түйінді идеясы мұғалімдерде балаларды қалай оқыту қажеттігі туралы білімді қалыптастырып қана қоймай, олардың жаңа идеяларды өз тәжірибесінде іске асыруға дайын болуын қамтамасыз ету болып табылады. Бағдарламаны игерген мұғалімдер әріптестеріне өз тәжірибесіне жеті модульді енгізуге көмектесу мақсатында олармен жұмыс жүргізетін болады, сонымен қатар, өз әріптестері жүзеге асыратын өзгерістер туралы ойланып, талдауға және зерделеуге дайын болады.

16. Білім дәрежесі мен кәсіби деңгейіне қарамастан, өзінің қол жеткізген үздік нәтижелерін өз бетінше үнемі тиімді ұстап тұру кімге болса да оңайға соқпайды. "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасы мұғалімдерге әріптестерімен бірге коучинг және тәлімгерлік арқылы жаңа тәсілдерді пәнге енгізу үшін жұмыс істеуге мүмкіндік беретін дағдыларды ұсынады. Тәлімгер және коуч болып қалыптасу барысында мұғалімдер оқыту тәжірибесін жақсарту мақсатында мектеп ұжымымен бірлесе жұмыс істейді.

## **5. Оқу бағдарламасын жоспарлау**

17. Оқу бағдарламасын әдетте білім саласындағы саясатты қалыптастыратын адамдар мен мектеп әкімшілігі жоспарлайды. Бір топ адам оқу бағдарламасын сыныпта сабақ беру тәжірибесіне "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының барлық жеті модулі ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасына айналдырса, сол орта мерзімді жоспарлау болады. Өз кезегінде әрбір жеке мұғалім Бағдарламаның 3-қосымшасында көрсетілгендей орта мерзімді жоспарды әрбір жеке сынып үшін сабақтарды егжей-тегжейлі жоспарлау үшін пайдаланады.

18. Орта мерзімді жоспарлау немесе тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлаудың мақсаты:

- 1) Жұмыс кезеңдерінің дәйекті, тізбектеліп ұйымдастырылуы.
- 2) Сыныпта оқыту тәжірибесіне жеті модульді ықпалдастыру.
- 3) Әрбір сабақ үшін оқыту және оқу мақсаттарын белгілеу.

- 4) Оқыту және оқу нәтижелерін өлшеу әдістемесін анықтау.
- 5) Осы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жоспарланған оқыту мен оқу міндеттерін көрсету.
- 6) Оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеудің болуын қамтамасыз ету.
- 7) Барлық оқушыларды қамту үшін асқан ептілікпен және ұқыптылықпен жоспарлау.
- 8) Оқу мақсаты мен оның нәтижелері
- 9) Мұғалім оқушыларға арнап жоспарлайтын іс-шаралар оқу мақсаты болып табылады. Осыған байланысты, оқыту және оқу мақсаттарын қалыптастыру шаралары төмендегілерді білуге бағытталған:
  - 10) Сіздің ойыңызша, оқушылар нені білуге тиіс?
  - 11) Оқушылар қандай түйінді идеяларды түсінулері керек?
  - 12) Оқушылар қандай мәселелерді зерттеп, талдаулары керек?
  - 13) Оқу нәтижелері мұғалімнің жоспарланған сабақ мақсаттарына қол жеткізуде қаншалықты табысты болғанын білуге мүмкіндік береді.
  - 14) Оқу нәтижелері:
  - 15) оқушыға бағытталуы керек;
  - 16) белгілі бір дағдыны сипаттайтын етістік болуы керек;
  - 17) оқушының оқу үлгеріміне сәйкес болуы қажет.

19. Бағдарлама мақсатына қол жеткізу үшін мұғалімдер өздерінің оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуге назар аудара отырып, коучинг пен тәлімгерліктің көмегімен өз мектептеріндегі әріптестерін оқытып, солардың тәжірибесін өзгертуге күш салады.

27. Бағдарлама тәжірибелі мұғалімдердің өз мектептерінде табысты коуч және тәлімгер болып қалыптасуына ықпал етуді көздейді. Бағдарлама аясында біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдер осы Бағдарламаның "Коучинг пен тәлімгерлік үдерістерін салыстырмалы талдау" б-қосымшасында көрсетілгендей кәсіби қоғамдастықтар құруға және коучинг пен тәлімгерлік жүргізу арқылы мектептегі әріптестерімен бірлестікте оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуге дайын болдады.

## **6. Бағалау үдерісі**

20. Бағдарламаның мазмұны тәжірибелі және табысты практик, рефлексия жасауды білетін және әріптестерінің кәсіби дамуына қолдау көрсете алатын мұғалімдерді бағалау критерийлерімен сәйкестікте қолданылады.

21. Бағдарламаның басым бағыттары:

- 1) оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің маңызын түсіну және түйсіну;

2) коучинг және тәлімгерлік жүргізу арқылы тиімді оқытуды дамыту мен жүзеге асыруда әріптестерге қолдау көрсету.

22. Бірінші "Бетпе-бет" кезеңінде мұғалімдер орта мерзімді жоспарлау арқылы оқыту мен оқудың жаңа тәсілдерін енгізу, әріптестерге коучинг және тәлімгерлік жүргізу әдістерімен танысатын болады. Сондай-ақ оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру жөнінде рефлексия жасаудың маңызды тәсілі ретінде Сабақты зерттеу тәсілімен танысады.

23. "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде мұғалімдер өз сыныбы аясында оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізеді, олар оны бірінші "Бетпе-бет" кезеңінде жоспарлайды; әріптестерінің шағын тобымен коучинг сабағын өткізетін болады. Коучинг тақырыбы әріптестерімен талқыланып, солардың сұранысына негізделеді және "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының жеті модулінің біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келуі тиіс. Мұғалім коучинг сабақтарында ұсынылған идеяларға екпін жасай отырып, тәжірибені жақсарту үшін өз әріптестерінің бірін тәлімгерлікке алады.

24. "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының екінші "Бетпе-бет" кезеңінде мұғалім өз тәжірибесіне өзгеріс енгізу барысында не үйренгені туралы рефлексия жасайды, талқылайды және қағазға түсіреді. Сонымен қатар, мұғалімдер "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде жүргізген коучинг және тәлімгерлік үдерісі туралы рефлексия жасап, талқылау жүргізеді және қағазға түсіреді.

25. Қорытынды "Бетпе-бет" кезеңінде мұғалімдер "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының екі бағытына қатысты портфолио қалыптастыру жұмыстарын аяқтайды. Портфолионы бағалау Бағдарламаны табысты аяқтаудың үш түйінді критерийіне сәйкес мұғалімді бағалаудың маңызды элементі болып табылады.

Мұғалімдер:

1) қажетті білім алып, Бағдарламаның түйінді идеялары бойынша түсінік қалыптастырғанын;

2) осы идеяларды өз тәжірибесінде табысты қолданатындығын;

3) жаңа тәжірибелерді/тәсілдерді енгізу туралы рефлексия жасап, одан әрі даму мақсатында өзінің жинақтаған тәжірибесін пайдаланатынын көрсетулері керек.

26. Тыңдаушылардың "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының критерийлеріне табысты қол жеткізгендігінің дәлелін ең алдымен портфолиодан көруге болады. Сонымен қатар, мұғалімдер екінші "Бетпе-бет" кезеңінде ұсынылатын таныстырылымда үш түйінді критерийлерге сәйкес келетіндігін көрсетуге тиіс. Бұл таныстырылым портфолионың мазмұнына негізделеді.

27. Мұғалімдерді жиынтық бағалау екі компоненттен тұрады:

- 1) Портфолионы бағалау;
- 2) Мұғалімнің портфолиосының мазмұны туралы таныстырылымды бағалау.

28. Бағалау үдерісінің екі компоненті "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының мақсаттарына сәйкес бағалаудың теңдестірілген тәсілін қамтамасыз етуге бағытталған. Портфолионы және портфолио мазмұны туралы таныстырылымды бағалау оқыту мен оқу тәжірибесінде Бағдарламаның идеяларын іске асырудағы мұғалімнің қабілеттілігін анықтауға бағытталады. Портфолионы және портфолионың таныстырылымын бағалау үлкен мәнге ие, өйткені ол мұғалімнің тәжірибесін өзгертеді, бұл "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының басты мақсаты болып табылады.

29. Портфолио мазмұнына қойылатын талаптар төменде келтірілген. Екінші "Бетпе-бет" кезеңі барысында мұғалімдер бағалауға арналған портфолиосын пысықтап, түзетулер енгізеді және толықтырады. Тренерлер портфолионың мазмұны, құрылымы бойынша, сондай-ақ портфолионы қорытынды бағалауға арналған деректерді әзірлеу бойынша өз тобының мұғалімдеріне кеңес беріп, қолдау көрсететін болады.

30. Портфолионың мазмұны.

1) Тізбектелген сабақтар топтамасы туралы рефлексиялық есеп (2000 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:

2) тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулін енгізуді негіздеу және оларды енгізуде қолданылған әдістеме;

3) оқыту мен оқуда өзгеріс енгізілгенін және ол басқарылғанын көрсететін тізбектелген сабақтар топтамасы өткізілгенін және оның тиімділігін талдау.

4) Өзінің оқыту және оқу тәжірибесіне Бағдарламаның жеті модулі қалай енгізілгені көрсетілген тізбектелген сабақтар топтамасының (кем дегенде төрт сабақ) орта мерзімді жоспары (250 сөз түсініктемесімен қоса);

5) Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулі қалай енгізілгенін көрсететін тізбектелген сабақтар топтамасынан алынған бір сабақтың жоспары (250 сөз түсініктемесімен қоса).

6) Коучинг сабағы арқылы әріптестердің тәжірибесіне өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп (1000 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:

7) әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгеріс енгізілгенін негіздеу;

8) коучинг өткізу үдерісін және өзгеріс енгізудің тиімділігін талдау.

9) Әріптестермен өткізілетін коучинг сабағының жоспары (250 сөз түсініктемесімен қоса).

10) Әріптестерінің біріне тәлімгерлік ету үдерісі туралы рефлексиялық есеп (1000 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:



11) әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгеріс енгізу мақсатында тәлімгерлікті жүзеге асырудың негіздемесі;

12) тәлімгерлік ету үдерісін және өзгеріс енгізудің тиімділігін талдау.

13) Тәлімгерлік үдерісін жүзеге асыру жоспары (250 сөз түсініктемесімен қоса).

31. Екінші "Бетпе-бет" кезеңі барысында мұғалімдер өз портфолиосының мазмұны бойынша әзірленген таныстырылымды пысықтап, толықтырады. Таныстырылым деректері мұғалімдер портфолиосының шынайылығын анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ Бағдарлама идеяларын өз тәжірибесінде қолдану және оның таныстырылымын жасау қабілетін көрсетуге бағытталған. Таныстырылымның бейнежазбасы модерация үдерісіне қолдау көрсете алады.

32. Таныстырылымды бағалау мұғалімдердің төмендегі дағдыларын көрсетуге бағытталған:

1) Бағдарламаның жеті модулінің идеяларын ықпалдастыру арқылы өз тәжірибесіне өзгеріс енгізуі;

2) өз тәжірибесіне енгізілген өзгерістердің тиімділігін бағалауы;

3) әріптестеріне коучинг өткізу арқылы Бағдарламаның түйінді идеяларын түсінуде әдістемелік көмек көрсетуі;

4) бір әріптесіне тәлімгерлік ету арқылы оның Бағдарлама идеяларын өз тәжірибесінде жүзеге асыруына көмек көрсетуі.

33. Таныстырылымның құрылымы:

Өз тәжірибесіне және әріптестерінің тәжірибесіне өзгеріс енгізу және ол өзгерістерді басқару туралы рефлексия (20-22 минут)

Бұл таныстырылым төмендегі мәселелерді көрсететін алты слайд немесе алты плакаттан тұрады:

1) Өзгеріс енгізу нәтижесі мен оның мұғалімнің болашақтағы тәжірибесіне әсері:

а) Бағдарламаның жеті модулі тізбектелген сабақтар топтамасына қалай енгізілгенін негіздеу;

ә) модульдердің бірі тізбектелген сабақтар топтамасына қалай және неліктен енгізілді;

б) оқушының білім алғандығын растайтын дәлелдер;

в) оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс қалай және неге енгізілді, алдағы шаралар туралы қорытынды (алдағы уақытта кәсіби тәжірибеге қандай өзгеріс енгізу керек).

34. Таныстырылым коучинг өткізу үдерісінің қысқаша сипаттамасын қамтиды: коучинг кезінде әріптестердің оқуын талдау, осындай оқу түрінің дәлелдемесін қосу: коучинг сабақтарының қысқаша сипаттамасы; әріптестерінің не үйренгенін түсіндіру және өз тұжырымдарын растау үшін дәлел ұсыну. Бұл

дәлелдер мыналар болуы мүмкін: сабақ барысында жасалған топтың фотосуреті, плакаттар, әріптестерінің сабаққа берген бағамдауы, сабақта қаралған тақырыптың іске асырылғанын көрсетуге арналған, осы сабақтан кейін жазылған әріптестердің оқу жоспарлары және тағы басқа.

35. Әріптестерінің біріне жүргізілген тәлімгерліктің тиімділігі, соның ішінде тәліптің нені оқып-үйренгені мен қарастырылған шаралар мен тәсілдер тұрғысынан тәлім алушы тәжірибесінің өзгергендігі туралы дәлелдер (мұғалім тәлім алушы әріптесінің не үйренгендігін айғақтау үшін фотосуреттерді, бейнежазбалар мен артефактілерді, сабақ жоспарларын, оқушылардың жұмыстары мен мұғалімнің қойған бағаларын пайдалана алады).

## 7. Этикалық талаптар

1. Бұл Бағдарлама мектеп шеңберінде немесе басқа кәсіби қызметте тәжірибелік зерттеу өткізуді көздейді. Мұндай зерттеу сауал және сұхбат сияқты әдістердің көмегімен оқушылардың, әріптестердің немесе ата-аналардың пікірлерін немесе олардың тәжірибелерін жинақтауды қамтуы мүмкін. Зерттеу сыныпта немесе мектептің басқа бөлігінде жүргізілген байқау, бейнежазба немесе фотосуреттерден тұрады. Осылайша деректерді жинау кезінде адамдардың жеке өмір құқығын бұзу немесе оның беделіне, не болмаса кейбір жағдайына зиян келтіру қаупі туындауы мүмкін. Мұндай тәуекелдер адамдарға, атап айтқанда, балаларға қауіп тудыруы мүмкін.

2. Жоғарыда аталған себептер бізді мәселелерді мұқият талдап, хаттамалар мен рәсімдерді іріктегенде саналы таңдау жасауға итермелейді. Төменде қабылдауға қажетті іс-әрекеттер тізімі келтірілген:

3. Сіз зерттеу өткізуді жоспарлаған нақты мекеме өкілдерінен бұл мекемедегі зерттеу жүргізу туралы ережеге қатысты кеңес алу және оны ұстану.

4. Зерттеу өткізу туралы виртуалды оқу кеңістігінде этикалық мәселелер бойынша кеңес алу және олардың Сіздің зерттеуіңізге сәйкестігін ескеру. <http://www.bera.ac.uk/blog/category/publications/guidelines/>

5. Сұхбат, есеп жүргізу, оқушылардың бейне және фото түсірілімі туралы мектепте ереже әзірленгендігін анықтау. Саясатта оларды өткізуге рұқсат беру туралы мәселелер қалай баяндалған, құжаттарды қалай сақтауға болады?

6. Балаларды эксперименттік тәжірибеге немесе зерттеуге қатыстыру үшін оқушылардың ата-аналарынан немесе қамқоршыларынан алдын ала рұқсат сұраңыз. Ата-аналарға жіберілген хатта жұмыстың мақсаты мен сипатының толығымен түсіндірілуін қамтамасыз етіңіз және олардың хаты алынғандығына көз жеткізіңіз. Ата-аналардың келісімін жазбаша растауын өтініңіз.

7. Өз зерттеуіңіздің жоспар-негіздемесін жазбаша түрде жазыңыз және әріптестеріңізбен, атап айтқанда мектеп басшысымен (әріптестермен) өзіңіздің жобаңыздың тиімділігі жөнінде кеңесіңіз.

8. Деректерді жинаудың қандай тәсілін қолдансаңыз да, Сіз жұмыстың мақсаты мен нәтижелерін пайдалану әдістерін толық түсіндіруіңіз керек. Барлық оқушылардың келісім бергеніне қайта көз жеткізіңіз.

9. Сұхбат немесе пікірталастың кез келген жағдайында, үшінші тараптың (оқушылардың, әріптестердің) жеке өмірі мен беделін қорғау қалай қамтамасыз етілетіндігі жайында айқын хаттамалар белгіленеді.

10. Қажет болған жағдайларда құпиялылық қағидатына сәйкестікті ескеріңіз. Кей жағдайларда өз жұмысын таныту мақсатында мектеп немесе мұғалімдер бұл қағидатты бұзуы мүмкін.

11. Сұхбат беруші (оқушылар, әріптестер, басшылық) Сіздің зерттеуіңіз туралы пікір ала алуын қадағалаңыз.

12. Зерттеудің мазмұны мен жүргізілу барысы оқушылардың мүдделеріне барынша сәйкес болуын қадағалау.

13) Бұл ұсыныстарға қосымша Сіздің зерттеуіңіздің аясындағы этикалық мәселелерді анағұрлым кең ауқымда қарастыруға болады. Зерттеу өткізу және бағдарлама талаптарын қанағаттандыру мақсатында Сіз әріптестеріңізді және/немесе оқушыларыңызды өзіңізбен ынтымақтастықта жұмыс істеуге жұмылдыра аласыз, алайда мектеп үшін де,

14) Сіздің қатыстырғыңыз келетіндер үшін де Сіздің жобаңыз тиімді бола ала ма?

15) Шешім қабылдауға қолдау көрсету үшін мектеп пайдалы дереккөздермен қамтамасыз етіле ме немесе өз пікірлерін білдіргеннен оқушыларға пайда бола ма?

36. Плагиат басқа автордың жұмысын дереккөзге сілтеме жасамай (жұмыстың мақсаты мен қолдану көлеміне қарамастан), өз жұмысы ретінде ұсыну дегенді білдіреді және бұл білімсіздікті және академиялық адалдық нормаларын бұзуды көрсетеді. Плагиатқа мысалдар:

1) дереккөзге сілтеме жасамай, басқа адамның мәтінін немесе идеясын көшіріп алып, өз меншігі ретінде қолдану;

2) дереккөзге сілтеме жасамай, басқа адамның жұмысынан сөзбе-сөз үзінді алу;

3) дереккөзге сілтеме жасамай, басқа адамның жұмысының жекелеген сөздерін немесе сөздердің орналасу тәртібін өзгерту арқылы басқаша тілмен жазу ;

4) құрастырушыға сілтеме жасамай, басқа құжаттан алынған идеяларды қолдану;

5) онлайн дереккөздерді стильдендіру мақсатында Интернеттен ақпараттарды кесіп алу және қолдану;

6) авторға сілтеме жасамай, өз жұмысының бөлігі ретінде басқа біреудің жұмысын ұсыну (мысалы, кәсіби агенттіктер арқылы жұмысты сатып алу не тапсырыс беру немесе бірлесе орындалған жобаны өзінің авторлық жұмысы ретінде көрсету).

37. Бірлескен жобаны санамағанда, басқа тұлғамен келісімде жасалған жұмыс (яғни, бірлесіп істелгені жасырылған немесе тыйым салынған жағдайда) плагиат болып танылады. Зерттеуде оған әрбір қатысушының көрсеткен көмегінің сипаты мен жұмыс көлемі көрсетілуі тиіс.

38. Плагиат барлық дереккөз түрлері мен бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты белгіленуі мүмкін: мәтінде, суретте, музыкалық үзінділерде, математикалық есептерде, компьютер ережелерінде және тағы басқа; веб-сайттардан алынған материалдарда немесе қолжазбаларда және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында; дәрістер мен үлестірме материалдарды да қамтитын жарияланған және жарияланбаған материалдар.

39. Жоғарыда жазылғанның негізінде зерттеулерде қолданылатын сілтемелерден, құжаттардан, мәтіндер мен журналдардан, сондай-ақ веб-сайттардан үзінді келтірудің барлық нормаларын сақтау, сонымен қатар, зерттеу тапсырмаларын орындау кезінде ауызша немесе жазбаша түрде көрсетілген көмекті атап көрсету маңызды екендігін ескеру қажет. Басқа жұмыстардан сілтемесіз көлемді тікелей үзінділерді қолданудан аулақ болыңыз.

"Мектептегі мұғалім көшбасшылығы"  
педагогика  
кадрларының біліктілігін арттыру  
курсының  
білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Шульман ілімі

Мұғалімнің көмекшілері (Shulman, 2007)	Құзырлы мұғалімге тән белгілер
Бас	Кәсіби түсінік
	Оқыту мен оқу, сондай-ақ жеке тұлға ретінде оқушылар туралы тұғырлы теориялық базаға негізделген, жеткілікті білімнің болуын талап етеді. Сондай-ақ тәжірибені түсіну, дамыту/жетілдіру үшін дәлелдер/зерттеулер нәтижелерін қалай қолдану керектігін білуді көздейді.
Қол	Оқытудың тәжірибелік дағдылары
	Бұл мамандық техникалық және тәжірибелік дағдыларды, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді білуді, яғни білім алу жолдарын көрсету, түзету және бағамдау сияқты түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, идеяларды түсіндіре білуді талап етеді. Сонымен қатар мұғалім ынталандыру, көтермелеу, шектеу жолдарын, жекелеген сабақтар мен тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және оларды бағамдау әдістемелерін меңгеру қажет.

	Жоғарыда аталған білімдер мен дағдылар болған жағдайда, мұғалім сабақ үстінде оқушылардың оқуға ынтасын арттырып, тиісті және одан да жоғары деңгейлерге қол жеткізуге ұмтылатындай қолайлы орта қалыптастырып, оның тұрақтылығын қамтамасыз етері анық.
Жүрек	Кәсіби-адамгершілік тұтастық
	Мұғалімдер ұстаз мамандығының этикалық және моральдық құндылықтарын ұстанады. Демек, олар шыншыл, батыл, төзімді, оқушыларға аяушылық, мейірім және құрмет көрсете білетін әділ адамдар. Мұғалімдер – өз мамандығын сүйетін, оқуға қатысты тұжырымды пікірлері мен ұстанымдары қалыптасқан жандар, олардың бұл бағыттағы ойлары бір жерден шығып жатады.

"Мектептегі мұғалім көшбасшылығы"  
педагогика кадрларының біліктілігін  
арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына 2-қосымша

## Оқу жоспары

Бірінші "Бетпе-бет" кезеңі (4 апта)			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта			
1	Кіріспе: оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттілігін негіздеу	1-2-сабақтар: Бірлескен және топтық жұмыс. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі. Педагогикалық шеберлік орталығының білім беру порталымен танысу. 3-4-сабақтар: Оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізу қажеттілігін негіздеу. Мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары	8
2	Ағымдағы оқыту мен оқу тәжірибесінің ахуалы. Оқушыларды ынталандыру.	1-сабақ: Сыныпта қадағалау жүргізу әдістемесі. 2-сабақ: Мұғалімдер нені білуі қажет? Сынып мәдениеті және білім алу ортасы 3-сабақ: Оқудың аффектілік теориясы. Оқушыларды ынталандыру. 4-сабақ: Мұғалімнің көшбасшылығы	8
3	Оқудағы кедергілерді анықтау: оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу. Әлеуметтік өзара іс-қимыл	1-сабақ: Оқудағы кедергілерді анықтау. 2-сабақ: Оқушылардың оқу туралы пікірін анықтау ( оқушылардан кеңес алу). 3-4-сабақтар: Оқудағы әлеуметтік өзара іс-қимыл, әлеуметтік өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту. Оқудағы әлеуметтік өзара іс-қимыл, әлеуметтік өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту. Сабақтың интербелсенді және инклюзивті болуын қамтамасыз ету.	8
4	Қуатты педагогикалық құралдар: Қалай оқу керектігін үйрету. Әңгіме және диалогтік оқыту	1-2-сабақтар: Қалай оқу керектігін үйрену. 3-4-сабақтар: Диалогтік оқыту дегеніміз не? Оқу сапасын жақсарту мақсатында сабақта әңгімелесуді пайдалану әдістемесі	8
5	Қуатты педагогикалық құралдар: сын тұрғысынан ойлау. Талантты және дарынды балаларды оқыту	1-2-сабақтар: Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз не? Сын тұрғысынан ойлауды тәжірибеге енгізу. 3-4-сабақтар: Талантты және дарынды балаларды дамыту мақсатында оқытуды даралау	8

2-апта			
1	Қуатты педагогикалық құралдар: Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау	1-2-сабақтар: Бағалау үдерісінің мақсаты. Оқу үшін бағалау дегеніміз не? Оқытуды жоспарлауда оқу үшін бағалау әдістемесін пайдалану. Сабақта оқу үшін бағалауды пайдалану әдістемесі. Сабақта оқу үшін бағалауды ықпалдастыру. 3-4-сабақтар: Бірлескен критериялы бағалау және мақсаттарды саралап қою	8
2	Қуатты педагогикалық құралдар: Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану	1-4-сабақтар: Мұғалімнің сыныпта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану әдістемесі	8
3	Орта мерзімді жоспарлау және Бағдарламаның түйінді идеяларын біріктіру	1-4-сабақтар. Орта мерзімді жоспарлаумен танысу. Оқыту және оқу тәжірибесіне Бағдарламаның түйінді идеяларын енгізу және қуатты педагогикалық құралдарды біріктіру	8
4	Коучинг үдерісімен және әріптестер тәлімгерлігімен танысу	1–2-сабақтар: Коучингіге кіріспе. Коучинг дегеніміз не? Мұғалімнің кәсіби қызметін жетілдіруге мүмкіндік берудегі коучинг үдерісінің маңызы. Мұғалімдер коучингін жүргізу ерекшеліктері. Коуч дағдылары. 3–4-сабақтар: Тәлімгерлік дегеніміз не? Мектеп туралы деректер мен басқа да дәлелдемелер негізінде мектепте тәлімгерлік орнату және жүргізу. Тиімді тәлімгерлік туралы не білеміз?	8
5	Тәжірибені түрлендіру. Әріптестерге коучинг жүргізу: Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу	1-2-сабақтар: Танымдық дамудың түрлі сатысында (оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес) оқушыларды оқыту мақсатындағы мұғалімдер коучингісі. 3-4-сабақтар: Сабақтың интербелсенді және инклюзивті болуын қамтамасыз ету жөніндегі мұғалімдер коучингісі	8
3-апта			
1	Тәжірибені түрлендіру. Әріптестерге коучинг жүргізу: Қалай оқу керектігін үйрету	1–4-сабақтар: Қалай оқу керектігін үйрену. Оқушыларға қалай оқу керектігін үйрету жөніндегі мұғалімдер коучингісі	8
2	Әріптестерге коучинг жүргізу: Әңгіме және диалогтік оқыту. Әріптестерге коучинг жүргізу: Сын тұрғысынан ойлау	1-сабақ: Оқу үдерісінде әңгімені тиімді пайдалану жөніндегі мұғалімдер коучингісі. 2-сабақ: Мұғалімнің сұраққа жауап алуы мен оқушының ойлау деңгейі арасындағы байланыс. 3-4-сабақтар: Оқушыларда сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарын жоспарлау жөніндегі мұғалімдер коучингісі	8
3	Тәжірибені түрлендіру. Әріптестерге коучинг жүргізу: Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Әріптестерге коучинг жүргізу: Талантты және дарынды балаларды оқыту	1–2-сабақтар: Оқу үшін бағалау. Сабақта Оқу үшін бағалауды пайдалану жөніндегі мұғалімдер коучингісі 3-4-сабақтар: Талантты және дарынды балаларды оқыту. Талантты және дарынды балаларды дамыту мақсатында инклюзивті оқыту жөніндегі мұғалімдер коучингісі	

4	<p>Әріптестерге коучинг жүргізу: Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.</p> <p>Әріптестер тәлімгерлігі: Тәлім алушының оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануына көмектесу</p>	<p>1–2-сабақтар: Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жөніндегі мұғалімдер коучингісі.</p> <p>3–4-сабақтар: Әріптестер тәлімгерлігі: Тәлім алушының оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануына көмектесу</p>	8
5	Сабақты зерттеу тәсілі	1-4-сабақтар: Мектептегі оқыту мен оқу үдерісінің сапасын арттыру бағытындағы бірлескен жұмысты ұйымдастыру мақсатында Сабақты зерттеу тәсілін қолдану	8
4-апта			
1	Сабақты жоспарлау	<p>1-сабақ: Сабақтың сараланған оқу нәтижелерін әзірлеу.</p> <p>2-сабақ: Оқу нәтижелеріне қол жеткізуге арналған жаттығуларды жоспарлау.</p> <p>3-сабақ: Табыс критерийлерін белгілеу.</p> <p>4-сабақ: Оқу мақсаты, жаттығулар мен табыс критерийлері арасындағы байланысты бағамдау</p>	8
2	Бағдарламаның түйінді идеяларын сыныптағы мұғалім тәжірибесіне енгізу	<p>1–4-сабақтар: Тізбектелген сабақтар топтамасының кеңейтілген жоспары.</p> <p>Мұғалімге оқыту мен бағалауды жоспарлау кезінде барлық педагогикалық құралдарды іске асыруға көмектесу. Мұғалімді кәсіби дамытуға арналған құрал ретінде тізбектелген сабақтар топтамасын мұғалімнің өзінің бағалауы және өзара бағалау</p>	8
3	Әріптестер тәлімгерлігі: Тәжірибе туралы рефлексия	1–4-сабақтар Кәсіби әңгіме: рефлексия, қорытынды, кері байланыс және бастапқы байланыс бойынша нұсқаулар. Бірлескен жоспарлау	8
4	Әріптестер тәлімгерлігі: Тәжірибе туралы рефлексия	1–4-сабақтар: Рефлексияға арналған бейнематериалдарды пайдалану арқылы кәсіби әңгіме жүргізу	8
5	Мектептегі тәжірибе кезеңіне дайындық.	<p>1–2-сабақтар: Оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуді жоспарлау.</p> <p>3–4-сабақтар: Портфолионы жоспарлау және "Мектептегі тәжірибе" кезеңіне дайындық</p>	8
<p>Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин.</p> <p>Барлығы: 160 академиялық сағат.</p>			
Мектептегі тәжірибе (5 апта)			
<p>"Мектептегі тәжірибе":</p> <p>Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және өткізуді,</p> <p>Әріптестермен коучинг өткізуді;</p> <p>Бір әріптеске тәлімгерлік студі;</p> <p>"Мектептегі тәжірибе" кезеңінде орындауға арналған тапсырмаларды жоспарлау және орындауды;</p> <p>Портфолионы құрастыруды қамтиды.</p> <p>Ескерту: "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде орындауға арналған тапсырмаларды орындау үдерісінде тренерлер синхронды емес онлайн-форум және электрондық пошта бойынша жеке хат алмасу арқылы мұғалімдерге қолдау көрсетеді.</p>			

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин.  
 Барлығы: 120 академиялық сағат (күніне 4 сағат\*6 күн).

Екінші "Бетпе-бет" кезеңі (1 апта)


Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта			
1	Тәжірибеге өзгеріс енгізу: Тізбектелген сабақтар топтамасы	1-4-сабақтар: Екінші "Бетпе-бет" кезеңіне кіріспе. Бағдарламаның жеті модулі тізбектелген сабақтар топтамасына қалай және неге енгізілгені туралы рефлексиялық есепті толықтыру және жетілдіру. Тізбектелген сабақтар топтамасы бойынша таныстырылым слайдтарын пысықтау және толықтыру. Өзара бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы.	8
2	Коучинг	1-4-сабақтар: Коучинг сабағы арқылы әріптестердің тәжірибесіне өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп бойынша жұмыс. Коучинг сабағын өткізу туралы таныстырылым слайдтарын пысықтау және толықтыру. Өзара бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы.	8
3	Тәлімгерлік	1-4-сабақтар: Бір әріптесіне тәлімгерлік ету үдерісі туралы рефлексиялық есеп бойынша жұмыс. Тәлімгерлік тәжірибесін іске асыру бойынша таныстырылым слайдтарын пысықтау және толықтыру. Өзара бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы.	8
4	Жеке таныстырылымдар	1-4-сабақ: Өз тәжірибесіне және әріптестерінің тәжірибесіне өзгеріс енгізу және ол өзгерістерді басқару туралы рефлексия (6 слайд, 20-22 минут): Өзгеріс енгізу нәтижесі және оның мұғалімнің болашақтағы тәжірибесіне әсері. Коучинг өткізу кезеңінде әріптестердің оқуын талдау. Әріптестеріне жүргізілген тәлімгерліктің тиімділігі.	8
5	Жеке таныстырылымдар	1-4-сабақ: Өз тәжірибесіне және әріптесінің тәжірибесіне өзгеріс енгізу және ол өзгерістерді басқару туралы рефлексия (6 слайд, 20-22 минут) Өзгеріс енгізу нәтижесі мен оның мұғалімнің болашақтағы тәжірибесіне әсері. Коучинг өткізу кезеңінде әріптестердің оқуын талдау. Әріптестеріне жүргізілген тәлімгерліктің тиімділігі.	8

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин.  
 Барлығы: 40 академиялық сағат. Жоспар бойынша барлығы – 320 академиялық сағат.

"Мектептегі мұғалім көшбасшылығы"  
 педагогика кадрларының біліктілігін  
 арттыру курсының білім беру  
 бағдарламасына 3-қосымша

## Мұғалімнің білім алып, тәжірибе жинақтауы





"Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" бағдарламасының мазмұнын құрылымдау негіздері



"Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 5-қосымша

## Ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланыс

Ұзақ мерзімді жоспар	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқу бағдарламасы</li> <li>• Пәндік мазмұн</li> </ul>
Орта мерзімді жоспар	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жұмыс сызбасы</li> <li>• Тізбектелген сабақтар</li> </ul>
Қысқа мерзімді жоспар	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жеке сабақ</li> </ul>

"Мектептегі мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 6-қосымша

## Коучинг және тәлімгерлік үдерістерін салыстырмалы талдау

Тәлімгерлік	Коучинг
<p>ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін жүйелі қарым-қатынас;  тәліп үшін қажеттігіне қарай кездесу ұйымдастыру арқылы бейресми сипатта өтуі мүмкін;  кеңестер, ұсынымдар мен қолдау ұзақ уақыт және көп аспектілік негізде көрсетіледі;  тәлімгер, әдетте тәжірибесі мол білікті мұғалім, негізінен – білім беру ұйымындағы ең үлкені, ол білімін, тәжірибесін беріп, тәліпке бұған дейін қолжетімсіз болып келген мүмкіндіктерге "жол аша" алады;  тәліптің қызметкер ретінде және тұлға ретінде өсуіне басты назар аударылады;  кеңес алу мақсатын тәлімгермен келісу және бағыттау арқылы тәлім алушы адам белгілейді;  тәлімгерлік тәліптердің кәсіби дамуына бағытталған.</p>	<p>қарым-қатынас ұзақтығы алдын ала белгіленеді;  әдетте, құрылымдық сипатта болады;  кездесулер алдын ала жоспарланады;  кездесулер қысқа мерзімді (кейде уақыты шектеулі) және дамудың нақты бағыттарына/мәселелеріне бағытталған;  коучтің біршама практикалық тәжірибесінің болуы міндетті емес;  коучинг білім алушыларда нақты дағдыны қалыптастыруға бағытталған;  басты назарда, әдетте, кәсіби/өндірістік проблемаларды шешу;  кеңес беру мақсаты нақты, қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған;  коучинг дамудың белгілі бір бағыттарын қарауға, нақты мәселелерді шешуге бағытталған.</p>

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 25-қосымша

## "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

### 1. Жалпы ережелер

1. "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" Қазақстан Республикасы педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) игерген мұғалімдердің негізгі функциясы, біріншіден, қуатты педагогикалық құралдарды өз тәжірибесіне ықпалдастыру арқылы өзінің оқыту мен оқу тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізу болып табылады. Екіншіден, мектептегі әріптестерінің кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында коучинг өткізіп, әріптестерін тәлімгерлікке алады. Үшіншіден, әріптестерінің озық тәжірибелерімен бөлісу арқылы мектебін жетілдіру мақсатында педагогикалық қоғамдастықтың жұмыс жоспарын әзірлейді.

2. Өздеріне жүктелген міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін Бағдарламаны игерген мұғалімдерге тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлап өткізу, сонымен бірге әріптестерінің қажеттіліктеріне қарай коучинг ұйымдастырып, бір әріптесіне тәлімгер болу қажет болады. Өз мектебінің мұғалімдерін қоғамдастыққа тартып, олармен бірлесіп жұмыс істейді.

3. Бағдарламаны игерген мұғалімдер алға ілгерілеу бар ма екендігін қадағалап отыру үшін, өзгеріс енгізу барысында туындаған кедергілерді жою мақсатында қолдау көрсетуге және бұл өзгерістердің оқыту тәжірибесіне ықпалын бағамдауға жауап береді.

4. Осы Бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Аталған теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Сындарлы теорияның тиімділігін жақтаушылардың басым бөлігі оны дайын білімді беруге негізделген оқыту тәсілдерімен салыстыра қарап, дайын білім беруге негізделген оқыту тәсілдерінің білімді меңгеру былай тұрсын, олар бойынша терең түсінік қалыптастырып, бастапқы білімді жаңа біліммен өзара байланыстыруға да мүмкіндік тудыра бермейтінін тілге тиек етеді.

5. Оқытудың сындарлы теориясына негізделген Бағдарлама табысты мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Табысты оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сондықтан мұғалімде осы Бағдарламаның 1-қосымшасында көрсетілгендей, Шульман "үш көмекші" деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болып саналады.

6. Сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланыста болады. Құзырлы мұғалім оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін "реттеп" отырады. Шындығында, оқытудың сапалы және табысты болуы белгілі бір деңгейде мұғалімнің қалыптасып отырған жағдайларға бейімделе алуына да тығыз байланысты.

7. Оқытудың сапасын екі тәсіл арқылы анықтауға болады

1) бағалау оқу қызметінің нәтижесіне байланысты болмай, мұғалім іс-әрекетінің тәжірибе талаптарына сәйкестігін, яғни – мұғалім жұмысының тиімділігін, оқушылармен өзара байланысының сипаты мен жиілігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл жағдайда баға мұғалім жұмыс істейтін оқушыларға байланысты қарастырылады, оқыту үдерісіне тәуелді болмайды.

2) жай ғана кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен орындағаннан гөрі, көбірек күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты оқытуға ерекше көңіл бөледі.

8. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Бағдарлама:

1) оқыту мен зерттеуге ынта жігерін салып, белсенді жұмыс істейтін және оқушыларға қамқорлық көрсете отырып, ықпал ететін және бағдар беретін мұғалімдерді;

2) әрбір оқушының пәнді түсінуді қалай құрылымдау қажеттігін ойластыра білетінін сезінетін, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын; сондай-ақ оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын дамыту мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар мұғалімдерді;

3) оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін, өзі мен оқушыларының бұл өлшемдерге қандай дәрежеде сәйкес келетіндігін білетін , оқушылардың игерген білімі мен оқушылар мойындаған "Біз қайда бара жатырмыз?", "Қандай іс-әрекет жасау керек?", "Одан әрі не істеу керек?" деген сияқты табыс критерийлері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екенін білетін мұғалімдерді;

4) бастапқы идеядан туынды идеяларды өрістетіп байланыстыратын және сол идеяларды оқушылардың өздері құрастырып, жандандыра алатындай етіп жинақтап, толықтырып, тереңдетіп бере алатын, дайын білім мен идеяларды ұсынбай, сол білім мен идеяларды оқушылардың өздерінің құруына түрткі болатын мұғалімдерді даярлауға бағытталған.

## **1. Бағдарламаға шолу**

9. Бағдарламаның мақсаты:

Педагог қызметкерлердің білімі мен дағдыларының ауқымын кеңейтудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру; қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуына ықпал ету.

10. Бағдарламаның міндеттері:

1) "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының теориялық негіздері бойынша тұжырымдамалық білім мен түсінік қалыптастыру.

2) Бағдарламаның негізгі бағыттары мен мазмұнына сәйкес мұғалімнің тәжірибелік дағдылары мен біліктілігін жетілдіру:

3) тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және жүзеге асыру;

4) мектеп деңгейінде коучинг пен тәлімгерлікті іске асыру;

5) педагогикалық қоғамдастық аясында әріптестеріне кәсіби қолдау көрсету;

6) рефлексиялық ойлау.

7) Өз мектебінде мұғалімдердің педагогикалық қоғамдастығын құру.

11. Бағдарлама бойынша оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімде тұжырымдамалық түсінік пен тәжірибелік дағдылар негізі қалыптасады;

2) коучинг және тәлімгерлік жүргізу дағдыларын игереді;

3) мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы аясында жұмысты іске асырып , қолдау көрсетуге дайын болады.

12. Бағдарламаның өзара байланысты басым бағыттарын атап көрсетуге болады:

1) Оқыту мен оқудың күрделілігіне және оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдануға қатысты жеке түсінігін дамыту;

2) Коучинг, тәлімгерлік және сыныптағы бірлескен зерттеулер арқылы нәтижелі әрі тиімді оқытуды жүзеге асыру мақсатында әріптестерге қолдау көрсету;

3) Мектепті жетілдіру мақсатында кәсіби қоғамдастық аясында білім алуға бастама жасау және қолдау көрсету.

### **3. Бағдарламаның құрылымы**

13. Осы Бағдарламаның 2-қосымшасындағы оқу жоспары Бағдарламаның түйінді идеяларын көрсететін тақырыптардың, тараулардың ұсынылу ретін, оларды оқу кезеңдері бойынша бөлуді, оны меңгеруге берілетін уақыт мөлшері бойынша жиынтық деректерді белгілейді.

14. Оқу жоспарын Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетінің сарапшыларымен бірлесіп әзірлеген. Оқу жоспарында көзделген тақырыптарды зерделеу реті олардың

сабақтастығына негізделген және олардың арасындағы логикалық байланыс пен тәуелділікке сәйкес анықталады, ал олар өз кезегінде түйінді білім мен түсініктер тізбесіне, олардың реті, бағыты мен қалыптастыру мерзімдеріне сүйенеді.

15. Осы оқу жоспарын әзірлеу барысында оның әдіснамалық негізін құраған қағидаттар:

- 1) педагогикалық білімнің үздіксіздігі мен сабақтастығы;
- 2) мақсат, міндет, түйінді идеялар, оқыту нысаны мен тәсілдерінің біртұтастығы;
- 3) тыңдаушының ойлау стилі мен тәжірибелік қызметін жетілдіруге бағытталған оқу үдерісін ұйымдастыру;
- 4) педагог қызметкерлердің кәсіби даму сапасын басқарудың икемділігі.

16. Оқу уақытын бөлу кезінде теориялық аудиториялық, дербес оқытуға, мектептегі тәжірибеге берілетін апталар саны есептеледі.

17. Оқу жоспарында оқу кезеңдері мен олардың тақырыптық мазмұны, оқу уақытының көлемі (академиялық сағатта) белгіленген. Барлық оқу кезеңіндегі академиялық сағаттың жалпы саны 344 сағатты құрайды, соның ішінде аудиториялық оқыту – 200 сағат, мектептегі тәжірибе – 144 сағат.

18. Оқу жоспары мынадай оқыту кезеңдерінен тұрады:

- 1) Бірінші "Бетпе-бет" (аудиториялық оқыту) (160 сағат көлемінде);
- 2) "Мектептегі тәжірибе" (синхронды емес оқыту) (144 сағат көлемінде);
- 3) Екінші "Бетпе-бет" (аудиториялық оқыту) (40 сағат көлемінде)

19. Оқу жоспары дербес, аудиториялық оқу және тренердің синхронды емес қолдауымен оқуды үйлестіруді көздейді.

20. Оқыту мынадай логикалық тізбектен тұрады: курсалды тапсырмаларды орындау; аудиториялық оқыту кезеңінде Бағдарламаның түйінді идеяларын зерделеу және түсіну; "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде оларды бекіту және іске асыру, екінші аудиториялық оқыту кезінде тәжірибесіне енгізілген өзгерістер және олардың тиімділігі туралы рефлексиялау.

#### **4. Бағдарламаның мазмұны**

21. Бағдарламаның мазмұны жеті модульдің өзара байланыстылығы мен сабақтастығы негізінде құрылған:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.
3. Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.

22. Жоғарыда аталған жеті модуль және оларға негіз болған түйінді идеялар Бағдарламаны өзара байланысты үш салаға құрылымдайды:

1) ойлау қабілеті;

2) әдістері мен тәсілдері;

3) құралдар.

23. Бағдарлама шеңберінде біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдер оқытудағы көшбасшылықты жүзеге асыруға дайындықтан өтеді. Оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер тұрғысынан Бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курсына оқыған мұғалімдердің қызметі төмендегі бағыттар бойынша шоғырланған:

1) сыныптағы оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу;

2) өз әріптестеріне коучинг және тәлімгерлік жүргізу;

3) бүкіл мектеп шеңберіндегі оқыту мен оқуда көшбасшылықты дамыту.

24. Ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланыс. Оқу бағдарламасын әдетте білім саласындағы саясатты қалыптастыратын адамдар мен мектеп әкімшілігі жоспарлайды 3-қосымша. Бір топ адам оқу бағдарламасын сыныпта сабақ беру тәжірибесін Бағдарламаның барлық жеті модулі ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасына айналдырса, сол орта мерзімді жоспарлау болады. Өз кезегінде әрбір жеке мұғалім Бағдарламаның 3-қосымшасында көрсетілгендей, орта мерзімді жоспарды әрбір жеке сынып үшін сабақтарды егжей-тегжейлі жоспарлау үшін пайдаланады.

25. Бағдарламаның негізгі мақсаты мектеп мұғалімдерінің өздерінің балаларды белгілі бір тәсілдермен оқытатынын біліп қана қоймай, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді өз тәжірибесіне қалай ықпалдастыратынын түсінуі болып табылады. Осының нәтижесінде Бағдарламаны меңгерген мұғалімдер өз әріптестеріне оқыту мен оқу тәжірибесіне жеті модульді енгізуде қолдау көрсетуге дайын болуымен қатар, әріптестері жүзеге асыратын өзгерістер туралы пікір алмасу, талдау және зерделеуге дайын болады.

26. Осылайша Бағдарлама мақсатына қол жеткізу үшін мұғалімдер өздерінің оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуге назар аудара отырып, коучинг пен тәлімгерліктің көмегімен өз мектептеріндегі әріптестерін оқытып, солардың тәжірибесін өзгертуге күш салады.

27. Бағдарламаны игерген барлық мұғалімдер осы Бағдарламаның "Коучинг пен тәлімгерлік үдерістерін салыстырмалы талдау" 4-қосымшасына сәйкес

коучинг және тәлімгерлік жүргізу арқылы мектептегі әріптестерін оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдермен таныстыруына мүмкіндік беретін дағдыларға ие болады.

28. Кәсіби қоғамдастық ішінде жүзеге асырылатын барлық оқыту бүкіл қатысушы-мектептердің "атынан" өткізілуге тиіс.

29. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, *іс-әрекеттегі зерттеу* үдерісін оқу үдерісіне ықпалдастыру оның жетілуіне ықпал етіп, мұғалімнің оқуын дамытып, оқушының оқу тәжірибесін жақсартады. Төмендегі екі тарауды білім беру порталында ([www.cpm.kz](http://www.cpm.kz)) орналастырылған "Іс-әрекеттегі зерттеу" және "Сабақты зерттеу" туралы нұсқаулықтармен бірге оқуды ұсынамыз.

## **5. Мұғалімдерді бағалау**

30. Бағдарлама біліктілікті арттыру курсына оқыған мұғалімдерге бағалауға арналған дескрипторларға қол жеткізуге көмектесу мақсатында әзірленген.

31. Бағдарлама өзара байланысты үш бөліктен тұрады:

1) Оқыту мен оқудың кешенді сипатын және оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерге қатысты дербес түсінігін дамыту;

2) Коучинг, тәлімгерлік және бірлескен сынып зерттеуі арқылы тиімді оқытуды дамыту және жүзеге асыруда әріптестерге қолдау көрсету;

3) Мектепті жетілдіруге үлес қосатын кәсіби қоғамдастық аясында оқып, білім алуды ынталандыру және қолдау.

32. Бірінші "Бетпе-бет" кезеңінде мұғалімдер орта мерзімді жоспарлау арқылы сыныпта оқыту мен оқудың жаңа тәсілдерін енгізу, коучинг пен тәлімгерлік ету тәжірибесімен танысады. Сондай-ақ оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру жөнінде рефлексия жасаудың маңызды тәсілі ретінде Іс-әрекеттегі зерттеу және Сабақты зерттеу тәсілдерімен танысады. Мұғалімдер әріптестермен бірлесіп сыныпта зерттеу жүргізу жұмысына қолдау көрсету және қоғамдастық аясындағы жұмысты жандандырып, оны оқыту мен оқу тәжірибесін дамытуға, өзінің және өзгелердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағыттау, осы жұмыстың нәтижелері мен салдарларын бағамдау дағдыларын игереді.

33. Бірінші "Бетпе-бет" кезеңінің мақсаты мұғалімдерді педагогикалық қоғамдастық жұмысын жоспарлау арқылы өз мектебінің тәжірибесіне өзгеріс енгізу үдерісін жүргізуге дайындау болып табылады.

34. "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде мұғалімдер қуатты педагогикалық құралдарды өз тәжірибесіне ықпалдастыру арқылы өзінің оқыту мен оқу тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізеді. Олар тәжірибені жетілдіру мақсаттарына сәйкес коучинг пен тәлімгерлік жоспарларын іске асыру арқылы әріптестерінің тәжірибесіне өзгеріс енгізуге ықпал етуге тырысады. Бағдарлама бойынша



оқыған мұғалімдер коучинг пен тәлімгерлік жоспарлары арқылы енгізілген өзгеріс дәрежесін бағамдау үшін бірінші "Бетпе-бет" кезеңінде қарастырылған зерттеу әдістеріне сүйенеді. Бұл олардың коучинг және тәлімгерлік мәселелеріне арналған есептерінің негізін құрайды.

35. Сонымен қатар, мұғалімдерге мектептік қоғамдастық арқылы оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіруге бағытталған әзірлемелерді қолдау жүйесін құру мақсатында қоғамдастық жұмысының жоспарын әзірлеу керек болады.

36. Бұл кезеңде мұғалімдер тізбектелген сабақтар топтамасын, коучинг және тәлімгерлік үдерісін, сондай-ақ қоғамдастық жұмысын жоспарлау және іске асыру, мектеп тәжірибесіне өзгеріс енгізу және ол өзгерістерді бағамдауды көрсететін есептердің негізін құрайтын "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде орындалған барлық тапсырмаларды қамтыған портфолио дайындайды. Қорытынды "Бетпе-бет" кезеңінде мұғалімдерге тренердің және әріптестерінің қалыптастырушы кері байланысының негізінде есептерін пысықтап, толықтыруға мүмкіндік беріледі, сондай-ақ тыңдаушылар портфолиоларын бағалауға өткізіп, таныстырылымдарын көрсетеді.

37. Бағдарламаның табысты игерілгендігінің дәлелдерін портфолиодан көруге болады. Мұғалімдер екінші "Бетпе-бет" кезеңінде көрсететін таныстырылым арқылы да Бағдарламаның идеяларын ойдағыдай игергендігін дәлелдей алады. Таныстырылымда баяндалған ақпарат портфолиоға енген жұмыстарға негізделеді.

## **6. Портфолионы бағалау**

38. Портфолио Бағдарламаны табысты аяқтаудың үш түйінді критерийіне сәйкес мұғалімді бағалаудың маңызды құралы болып табылады. Мұғалімдер:

1) қажетті білім алып, Бағдарламаның түйінді идеялары бойынша түсінік қалыптастырғанын;

2) осы идеяларды өз тәжірибесінде табысты қолданғанын;

3) жаңа тәжірибелерді/тәсілдерді енгізу туралы рефлексия жасап, өз қызметін одан әрі дамыту үшін бұл тәжірибені талдап саралағанын көрсетулері керек.

39. Бағдарламаның "Портфолионың әрбір бөлімінің Бағдарламаның түйінді критерийлері мен оның стандарттарына сәйкестігі" атты 5-қосымшасына сәйкес Бағдарлама бойынша біліктілігін арттырған мұғалімдерді бағалауға арналған дескрипторлар мұғалімдер лайық болуы тиіс критерийлерді сипаттайды. Портфолионың әрбір бөлімі белгілі бір дәрежеде үш критерийге де сәйкес келуі тиіс. Бірақ қарастырылатын бөліміне қарай бір немесе екі өлшем басқасына қарағанда анағұрлым жақсырақ ашылуы мүмкін. Әр бөлім үшін анағұрлым маңызды болып табылатын критерийлер қою түспен ерекшеленген.

40. Мұғалімдер "Мектептегі тәжірибе" кезеңінде әзірлейтін портфолиоға қойылатын талаптар төменде келтірілген. Екінші "Бетпе-бет" кезеңі барысында мұғалімдер бағалауға арналған портфолиосын пысықтап, таныстырылым көрсетеді. Тренерлер мұғалімдердің дамуына қолдау көрсету мақсатында портфолионың мазмұны бойынша да, құрылымы бойынша да тәжірибелік кеңестер береді.

41. Портфолионың мазмұны:

1). Тізбектелген сабақтар топтамасы туралы рефлексиялық есеп. Есепте қамтылатын мәселелер (1500 сөз):

а) тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулін енгізуді негіздеу және оларды енгізуде қолданылған әдістеме;

ә) оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізілгенін және ол басқарылғанын растайтын тізбектелген сабақтар топтамасы өткізілгенін және оның тиімділігін талдау.

2) Өзінің оқыту және оқу тәжірибесіне Бағдарламаның жеті модулі қалай енгізілгені көрсетілген тізбектелген сабақтар топтамасының (кем дегенде төрт сабақ) орта мерзімді жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

3) Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулі қалай енгізілгенін көрсететін тізбектелген сабақтар топтамасынан алынған бір сабақтың жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

4). Коучинг сабағы арқылы әріптестердің тәжірибесіне өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп (1000 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:

а) мектеп деңгейінде өзгеріс енгізілгенін негіздеу;

ә) коучинг өткізу үдерісін және өзгеріс енгізудің тиімділігін талдау.

5) Әріптестермен өткізілетін коучинг сабағының жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

б). Бір әріптеске тәлімгерлік ету үдерісі туралы рефлексиялық есеп (1000 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:

а) мектеп деңгейінде өзгеріс енгізу мақсатында тәлімгерліктің жүзеге асырылуын негіздеу;

ә) тәлімгерлік ету үдерісін және өзгеріс енгізудің тиімділігін талдау.

7) Тәлімгерлік үдерісін жүзеге асыру жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

8) Іске асыру кезеңдерін, мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, табыс критерийлерін және бұл үдерістің тиімділігін көрсете отырып, мектептің педагогикалық қоғамдастығы аясындағы жұмысты жоспарлау үдерісі туралы рефлексиялық есеп (1500 сөз). Есепте қамтылатын мәселелер:

а) Педагогикалық қоғамдастық деңгейінде өзгеріс енгізілгенін негіздеу;

ә) Педагогикалық қоғамдастықтың жұмысын жоспарлау және оны іске асыруды, бұл үдерістің тиімділігін талдау және қоғамдастық аясындағы жұмысқа басқа мектептерді тарту арқылы оның ауқымын кеңейту туралы ұсыныстар.

9) Педагогикалық қоғамдастықтың жұмыс жоспары (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).

42. Таныстырылым мазмұны. Екінші "Бетпе-Бет" кезеңі барысында мұғалімдер өз портфолиосының мазмұны туралы таныстырылым ұсынады. Таныстырылым деректері мұғалімдер портфолиосының шынайылығын анықтауға мүмкіндік береді. Таныстырылым мұғалімдердің мектеп тәжірибесіне өзгеріс енгізу үдерісін жүргізу мен өз мектебінде жұмыс істейтін әріптестермен сындарлы қарым-қатынас орната алу қабілетін көрсетуге бағытталған.

43. Таныстырылымның құрамы. "Мектеп деңгейінде өзгерісті іске асыру және оған жетекшілік ету туралы рефлексия" (20-22 минут). Бұл таныстырылым алты слайдтан немесе алты плакаттан тұрады, оларда мынадай мәселелер көрсетіледі:

1) Бағдарламаның жеті модулі тізбектелген сабақтар топтамасына қалай енгізілгенін негіздеу;

2) Өзгеріс енгізуге ұмтылған әрекеттерінде әріптестерге қалай қолдау көрсетілді және оның тиімділігі (коучинг);

3) Өзгеріс енгізуге ұмтылған әрекеттерінде әріптестерге қалай қолдау көрсетілді және оның тиімділігі (тәлімгерлік);

4) Атқаратын қызметін көрсете отырып, қоғамдастықтың жұмысына тартылған барлық әріптестерді сызба түрінде көрсету (басқа көшбасшылар, қолдау көрсеткен әріптестер, коучтер, коучинг бағдарламасына қатысушылар, тәлімгерлер, тәліптер, ақпарат немесе дерек ұсыну түрінде үлес қосқан адамдар, мысалы, ата-аналар немесе оқушылар);

5) Бір әріптесінің қоғамдастықтың жұмысына қосқан үлесін барынша толық сипаттау. Бұл ақпарат мұғалімнің әріптесімен кәсіби қарым-қатынасын талдау және ол қарым-қатынастың қоғамдастықтың жұмысына жағымды немесе жағымсыз әсерін көрсетеді;

6) Мектеп тәжірибесіне енгізу барысында тиімділігі анықталған тәсілдерді бірнеше мектептің мұғалімдерінен тұратын мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын ұйымдастыруда қолдану туралы ұсыныстары.

"Педагогикалық қоғамдастықтағы  
мұғалім  
көшбасшылығы" педагогика  
кадрларының  
біліктілігін арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына 1-қосымша

**Шульман ілімі**

Мұғалімнің көмекшілері (Shulman, 2007)	Құзырлы мұғалімге тән белгілер
Бас	Кәсіби түсінік
	Оқыту мен оқу, сондай-ақ жеке тұлға ретінде оқушылар туралы тұғырлы теориялық базаға негізделген, жеткілікті білімнің болуын талап етеді. Сондай-ақ тәжірибені түсіну, дамыту/жетілдіру үшін дәлелдер/зерттеулер нәтижелерін қалай қолдану керектігін білуді көздейді.
Қол	Оқытудың тәжірибелік дағдылары
	Бұл мамандық техникалық және тәжірибелік дағдыларды, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді білуді, яғни білім алу жолдарын көрсету, түзету және бағамдау сияқты түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, идеяларды түсіндіре білуді талап етеді. Сонымен қатар мұғалім ынталандыру, көтермелеу, шектеу жолдарын, жекелеген сабақтар мен тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және оларды бағамдау әдістемелерін меңгеру қажет. Жоғарыда аталған білімдер мен дағдылар болған жағдайда, мұғалім сабақ үстінде оқушылардың оқуға ынтасын арттырып, тиісті және одан да жоғары деңгейлерге қол жеткізуге ұмтылатындай қолайлы орта қалыптастырып, оның тұрақтылығын қамтамасыз етері анық.
Жүрек	Кәсіби-адамгершілік тұтастық
	Мұғалімдер ұстаз мамандығының этикалық және моральдық құндылықтарын ұстанады. Демек, олар шыншыл, батыл, төзімді, оқушыларға аяшылық, мейірім және құрмет көрсете білетін әділ адамдар. Мұғалімдер – өз мамандығын сүйетін, оқуға қатысты тұжырымды пікірлері мен ұстанымдары қалыптасқан жандар, олардың бұл бағыттағы ойлары бір жерден шығып жатады.

"Педагогикалық қоғамдастықтағы  
мұғалім  
көшбасшылығы" педагогика  
кадрларының  
біліктілігін арттыру курсының білім беру  
бағдарламасына 2-қосымша

## Оқу бағдарламасы

Бірінші "Бетпе-бет" кезеңі (4 апта)			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Сыныптағы оқыту: ағымдағы ахуалды зерттеу. Қуатты педагогикалық құралдар			
1	Топтарды ұйымдастыру. Оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу қажеттігін негіздеу.	Топтық жұмыс жүргізу әдістемесі. Мектеп тәжірибесін түрлендіріп, мұғалімдердің өз оқыту мен оқу тәжірибелеріне өзгеріс енгізу керектігін дәйектеу. Өзгеріс енгізу қажеттілігін негіздеу. XXI ғасыр дағдылары. Мұғалімдер не істеу керек? Мұғалімдердің рөлі.	8
2	Оқуға ынталандыру. Әлеуметтік өзара әрекет мәдениеті және оқу ортасы.	Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқу үдерісінде зияткерлік, әлеуметтік және эмоциялық кедергілер болуы мүмкін екенін түсіну. Әлеуметтік өзара әрекеттің мәні және маңызы. Оқудың аффекттік теориясы. Оқушыларды ынталандыру.	8


3	Мектептің жағдайы. Мектептің ағымдағы жағдайын негіздеу үшін айғақтарды пайдалану.	Мектептің бастапқы жағдайын зерттеу және өзгеріске дайындық дәрежесін бағалау. Өзгеріс енгізу үшін қолайлы мақсаттарды белгілеу. Ағымдағы тәжірибе. Сыныпта қадағалау жүргізу әдістемесі. Мұғалімге қажетті білімдер ("жасырын" оқу бағдарламасы). Сынып мәдениеті және оқу ортасы. Оқушылардың оқу туралы пікірін білу және олармен кеңесу.	8
4	Қуатты педагогикалық құралдардың мәні және оларды сыныптағы жұмыста пайдалану жолдары.	Қалай оқу керектігін үйрену. Диалогтік оқыту.	8
5	және оларды сыныптағы жұмыста пайдалану жолдары.	Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.	8
2-апта: Қуатты педагогикалық құралдар және жоспарлау			
1	Қуатты педагогикалық құралдардың мәні	Танымдық даму және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру. Дарынды және талантты балаларды оқыту.	8
2	және оларды	Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.	8
3	сыныптағы жұмыста пайдалану жолдары.	Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.	8
4	Сабақты жоспарлау.	Сабақтың сараланған оқу нәтижелерін әзірлеу. Оқу нәтижелеріне қол жеткізуге арналған жаттығуларды жоспарлау және Деңгейлі бағдарлама идеяларын ықпалдастыру. Табыс критерийлерін белгілеу. Оқу мақсаты, жаттығу мен табыс критерийлері арасындағы байланысты бағамдау.	8
5		Оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу. Орта мерзімді жоспарлау (тізбектелген сабақтар топтамасы).	8
3-апта: Мектеп тәжірибесіне өзгеріс енгізу мақсатында әріптестермен жүргізілетін жұмыс			
1	Коучинг және тәлімгерлік. Кәсіби әңгіме. Кері және тікелей байланыс.	Коучинг дегеніміз не және ол қалай іске асырылады? Тәлімгерлік дегеніміз не? Коучтер мен тәлімгерлер тәжірибе туралы кәсіби әңгіме қозғап, өзгеріс енгізуді жоспарлайды. Мұғалімнің алдағы қызметті жоспарлау дағдыларын жетілдіру мақсатында оқыту мен жоспарлаудың жиынтық талдауын қолдану жолдары. Оқытуды бірлесіп жоспарлау – мұғалімнің кәсіби білімі мен тәжірибесін дамыту құралы.	8
2	Көшбасшылардың түрлері.	Қазіргі кезде бүкіл әлемде білім беру саясатының басымдығы болып отырғандықтан, мектеп көшбасшылығы туралы ойлану. Мектеп автономиясының ұлғаюына, мектеп білімі мен мектеп нәтижелеріне баса көңіл аударудың салдарынан мектеп көшбасшыларының маңызын қайта қарау қажет.	8
3	Мектеп көшбасшылығы.	Мектеп нәтижелеріне жағымды ықпал ете алатын мектеп көшбасшылығының стратегиясын және тәжірибесін жетілдіру факторлары. Оның жергілікті жерлердегі салдарларын талдау мақсатында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы есептерінің қорытындысын түсіну.	8
4	Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысы және қоғамдастық.	Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысының мәні және оны мектепте жүзеге асыру жолдары.	8

5	Қоғамдастық қызметін жоспарлау. Оның нәтижелері мен ықпал ету дәрежесін анықтау.	Білім беру қоғамдастығы дегеніміз не? Қоғамдастық қалай жұмыс істейді?	8
4-апта: Көшбасшылық және мектеп тәжірибесіне өзгеріс енгізуге арналған құрылымдық тәсілдер			
1	Қоғамдастық қызметін жоспарлау. Оның нәтижелері мен ықпал ету дәрежесін анықтау.	Білім беру қоғамдастығын ұйымдастыру және оның жұмысына қолдау көрсету.	8
2	Сабақты зерттеу тәсілі.	Сабақты зерттеу тәсілі және оны мектептерде пайдалану жолдары.	8
3 - 4	Іс-әрекеттегі зерттеу.	Іс-әрекеттегі зерттеу және оны сыныпта жүргізу тәсілдері. Іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу жөніндегі шағын жобаларды жоспарлау. Жоба мақсатын қанағаттандыратын деректерді жинау әдістерін таңдау. Әріптестеріне шағын көлемді Іс-әрекеттегі зерттеу жобасын жоспарлауға қолдау көрсету.	8*2
5	"Мектептегі тәжірибе" кезеңіне дайындық.	"Мектептегі тәжірибе" кезеңіне арналған тапсырмаларды орындауға дайындық.	8
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин. Барлығы: 160 академиялық сағат.			
Мектептегі тәжірибе (6 апта)			
"Мектептегі тәжірибе" кезеңінде орындалатын шаралар: Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау және өткізу; Коучинг және тәлімгерлік үдерістерін жоспарлау және өткізу; Өз мектебінің мұғалімдерінен құрылған қоғамдастық аясында жұмыс ұйымдастыру және өткізу; Мектеп тәжірибесіне өзгеріс енгізу үдерісінің нәтижелерін және салдарларын бағамдау; Бағалауға арналған портфолио мен таныстырылым әзірлеу. Ескерту: "Мектептегі тәжірибе" кезеңіне арналған тапсырмаларды орындау барысында тренерлер онлайн-құралдар (синхронды емес форум, электрондық пошта бойынша жеке хат алмасу) арқылы мұғалімдерге қолдау көрсетеді.			
1 академиялық сағат – 45 мин. Барлығы: 144 академиялық сағат (күніне 4 сағат*6 күн).			
Екінші "Бетпе-бет" кезеңі (1 апта)			
Күн	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Сынып деңгейінде өзгеріс енгізу	1-2-сабақтар: Екінші "Бетпе-бет" кезеңіне кіріспе. Оқыту мен оқуға өзгеріс енгізілгенін және ол басқарылғанын растайтын тізбектелген сабақтар топтамасы өткізілгені және оның тиімділігі туралы рефлексиялық есеп бойынша жұмыс (Сынып деңгейінде өзгеріс енгізу). 3-4-сабақтар: Таныстырылымның осы мәселеге арналған слайдтарын пысықтау. Өзара бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы.	8
2	Мектеп деңгейінде өзгеріс енгізу	1-2-сабақтар: Коучинг сабағы арқылы әріптестердің тәжірибесіне өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп бойынша жұмыс. Таныстырылымның осы мәселеге арналған слайдын пысықтау. Өзара бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы. 3-4-сабақтар: Бір әріптесіне тәлімгерлік ету үдерісі туралы рефлексиялық есеп бойынша жұмыс. Таныстырылымның осы	8

		мәселеге арналған слайдын пысықтау. Өзара бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы.	
3	Қоғамдастық аясында атқарылған жұмыстар	1-2-сабақтар: Қоғамдастық аясындағы жұмыс туралы рефлексиялық есеп бойынша жұмыс (Қоғамдастық аясында атқарылған жұмыстар). 3-4-сабақтар: Таныстырылымның осы мәселеге арналған слайдтарын пысықтау. Өзара бағалау. Тренердің қалыптастырушы кері байланысы.	8
4	Таныстырылымды бағалау	1-4-сабақтар: Мектеп деңгейінде өзгерісті іске асыру және оған жетекшілік ету туралы рефлексия.	8
5	Таныстырылымды бағалау	1-4-сабақтар: Мектеп деңгейінде өзгерісті іске асыру және оған жетекшілік ету туралы рефлексия.	8
			40
1 академиялық сағат – 45 мин. Барлығы: 40 академиялық сағат. Жоспар бойынша барлығы – 344 академиялық сағат.			

"Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау арасындағы өзара байланыс



"Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 4-қосымша

## Коучинг пен тәлімгерлік үдерістерін салыстырмалы талдау

Тәлімгерлік	Коучинг

ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін жүйелі қарым-қатынас;  
 тәліп үшін қажеттігіне қарай кездесу ұйымдастыру арқылы бейресми сипатта өтуі мүмкін;  
 кеңестер, ұсынымдар мен қолдау ұзақ уақыт және көп аспектілік негізде көрсетіледі;  
 тәлімгер, әдетте, - тәжірибесі көбірек білікті мұғалім, негізінен – білім беру ұйымындағы ең үлкені, ол білімін, тәжірибесін беріп, тәліпке бұған дейін қолжетімсіз болып келген мүмкіндіктерге "есік аша" алады;  
 тәліптің қызметкер ретінде және тұлға ретінде өсуіне басты назар аударылады;  
 кеңес алу мақсатын тәлімгер тарапынан келісу және бағыттау арқылы тәлім алушы адам белгілейді;  
 тәлімгерлік тәліптердің кәсіби дамуына бағытталған.

қарым-қатынас ұзақтығы алдын ала белгіленеді;  
 әдетте, құрылымдық сипатта болады; кездесулер алдын ала жоспарланады;  
 кездесулер қысқа мерзімді (кейде уақыты шектеулі) және дамудың нақты бағыттарына/мәселелеріне бағытталған;  
 коучте біршама практикалық тәжірибесінің болуы міндетті емес;  
 коучинг білім алушыларда нақты дағдыны қалыптастыруға бағытталған;  
 басты назарда, әдетте, кәсіби/өндірістік проблемаларды шешу;  
 кеңес беру мақсаты нақты, қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған;  
 коучинг дамудың белгілі бір бағыттарын қарауға, нақты мәселелерді шешуге бағытталған.

"Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 5-қосымша

## Портфолионың әрбір бөлімінің Бағдарламаның түйінді критерийлері мен оның стандарттарына сәйкестігі

Портфолионың тарауы	Түйінді критерийлер	Бағдарлама критерийлерінің стандарттары
	Білу және түсіну	<p>Табысты оқу үдерісін қамтамасыз ететін жағдайларды;                      Оқушылардың қалай оқитынын (атап айтқанда, дарынды және талантты балалар, әртүрлі жастағы балалар т.б.);                      Оқушылардың дамуына ықпал ететін факторларды (әлеуметтік, эмоциялық, танымдық);                      Мектептегі ұжымда және әріптестер арасында жағымды психологиялық ахуалды қалай ұстап тұру қажеттігін;                      Барлық оқушылардың оқуда табысты болуына қол жеткізу үшін сабақтарды қалай жоспарлау және бағалау керектігін;                      Білім беру саласында зерттеу жүргізу әдіснамасын біледі және түсінеді.</p> <p>Іс-әрекеттегі зерттеуге бастама жасау және оны жүргізу.                      Жеке сабақ өткізу және дербес оқушыларды, сондай-ақ сын тұрғысынан ойланатын оқушыларды ынталандыру үшін кәсіби әрекет ету қажет етілетін жағдайларды анықтауда түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану;                      Қалай оқу керектігін үйрету тәсілін пайдалану;</p>



<p>Сынып деңгейінде қандай өзгеріс енгізу керек және оларды қалай енгіземін?</p>	<p>Қолдану</p> <p>Рефлексия</p>	<p>Сыныптағы барлық оқушылардың оқу үдерісін бақылау;  Бағдарламаның барлық жеті модулін ықпалдастыра отырып тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау;  Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлау жағдайында оқушылардың оқу қарқынын жоспарлау;  Оқыту және оқу үдерісін жетілдіру мақсатында жарамды материалдар мен дереккөздерді таңдау;  Оқу, үй және сыныптан тыс тапсырмаларды жоспарлау;  Тиісті әдебиетті оқу, әріптестерінің кеңестеріне, жеке тәжірибесіне және сыныпта оқыту тәжірибесі туралы заманауи зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, алқалық шешім қабылдау;  Оқушылардың білім алуын ойластырып, оқыту мен оқу жоспары мен тәжірибесіне тиісті өзгеріс енгізу.  Жоспарлау, оқу және бағалау үдерістерін тиімді ықпалдастыру.  Оқыту мен оқу барысында әріптестермен ізгі ниетті өзара қарым-қатынас болуының маңыздылығын түсіну;  Жеке кәсіби даму аспектілері туралы білу, үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;  Өз тәжірибесі туралы ойлану және оны талдау.</p>
<p>Мектеп деңгейінде қандай өзгеріс енгізу керек және оларды қалай енгіземін?</p>	<p>Білу және түсіну</p> <p>Қолдану</p> <p>Рефлексия</p>	<p>Табысты оқу үдерісін қамтамасыз ететін жағдайларды білу;  Жекелеген оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып білім алу қажеттілігінің мәселелері бойынша терең білімдерді игеру ( талантты, дарынды және т.б.) және осы мәселелер бойынша <i>басқа мұғалімдерге қалай кеңес беруді</i> білу;  білім беру саласында зерттеу жүргізу әдіснамасын білу.  Әріптестеріне оқыту мен оқудың тиімді тәсілдерін әзірлеу мен енгізуге қолдау көрсете білу;  оқыту мен оқу туралы кәсіби әңгімеге бастама жасау және оны жүргізу;  кәсіби білім беру кеңістігі аясында оқуға басшылық ету және оған қолдау көрсету;  жаңа тәжірибені әзірлеу, енгізу және бағамдау үдерісінде көшбасшы командалармен тығыз ынтымақтастық орнату;  тиімді тәжірибені алға жылжыту мақсатында жоспарлау үдерісін басқару үшін жауапкершілік алу;  тиімді оқытуды, оқуды және басқару стратегиясын қалыптастыруды іске асыруда, соның ішінде – барлық оқушыларға өз әлеуеттерін іске асыруға мүмкіндік беруге бағытталуын қамтамасыз ететін тәсілдерді іріктеу мен пайдалануда басқа мұғалімдерді қолдау;  мұғалімдер тобымен мектеп аясында Сабақты зерттеуге қатыса отырып, оқыту мен оқу мәселелері бойынша кәсіби диалогтерге бастама көтеру және қолдау;  коуч пен тәлімгердің рөлін орындай отырып, мұғалімдердің топтық/ жекелей оқуын басқару;  өз әріптестерінің қызметінің тиімділігін анықтау туралы шешім қабылдап, аталған шешімдерді мектептегі оқыту мен оқу сапасын одан әрі жетілдіру үшін негіз ретінде пайдалану туралы шешім қабылдау;  әріптестермен бірлесе отырып, мектептегі тиімді білім беру тәжірибесін пәнаралық ықпалдастықпен қоса дамыту мақсатында сабақтарды жоспарлауға бастама көтеру және оған қатысу;</p>

		<p>сыныптағы жұмыс тәжірибесі туралы кешенді түрде келіскен шешім қабылдау және тәжірибесі аздау мұғалімдерге сыныптағы проблемаларды шешуге көмек көрсету.</p> <p>Тиісті құрылымдық бөлімшенің, бүкіл мектептің оқыту және оқу тәжірибесін жетілдіруге үлес қосу;</p> <p>мектептегі басқа мұғалімдермен жағымды кәсіби өзара қарым-қатынас орнату;</p>
Қоғамдастық деңгейінде қандай өзгеріс енгізу керек және оларды қалай енгіземін?	Білу және түсіну	<p>Табысты оқу үдерісін қамтамасыз ететін жағдайларды білу;</p> <p>білім беру саласында зерттеу жүргізу әдістерін білу және әріптестеріне зерттеу әдістерін үйрету бойынша тренингтер өткізу.</p> <p>Әріптестеріне оқыту мен оқудың тиімді тәсілдерін әзірлеу мен енгізуге қолдау көрсете білу;</p> <p>оқыту мен оқу мәселелері бойынша кәсіби диалог жүргізуге бастама жасап, оны жалғастырып, қолдау көрсету;</p> <p>тәжірибелік зерттеулерді өзі жүргізу, оларға қатысу және бақылау жүргізу;</p>
	Қолдану	<p>мұғалімдермен кәсіби жағымды қарым-қатынас орнату;</p> <p>мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығы аясында оқуға бастама жасап, оны жүргізу;</p> <p>мектептерде жаңа тәжірибені жасау, іске асыру және бағамдауда көшбасшы командалармен тығыз ынтымақтастық орнату;</p> <p>қиындықтарға қарсы тұрып, күрделі жағдайларда мұғалімдер командасын басқару;</p>
	Рефлексия	<p>оқыту және оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау жұмысына бастама жасап, оны басқару.</p> <p>Әріптестерімен кәсіби сенімді қарым-қатынас орнату;</p> <p>білім беру саласындағы зерттеу жүргізу әдіснамасын білу және әріптестеріне зерттеу әдістерін үйрету.</p>

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 26-қосымша

## **"Дене шынықтыру" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

**Ескерту. Бұйрық 26-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Дене шынықтыру" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсына білім беру процесін реттейді.

2. Осы Бағдарламада дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау және "Дене шынықтыру" пәні бойынша жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасын (

бұдан әрі – Пән бойынша бағдарлама) зерделеу бойынша толық мәлімет ұсынылған.

3. Осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес, оқу жоспары бойынша мұғалімдерді оқыту курсының ұзақтығы бес жұмыс күнді құрайды, әр күн ұзақтығы 2 сағаттық 4 сабақтан тұрады.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты: "Дене шынықтыру" пәні бойынша бағдарламаны жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу мәнмәтінінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) мұғалімдердің Пән бойынша бағдарламаның жаңартылған мазмұнын білуін қамтамасыз ету;

2) Пән бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолдануды үйрету;

3) Пән бойынша жаңартылған бағдарламадағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін қолдануды үйрету.

6. Оқу нәтижелері:

1) мұғалімдер Пән бойынша жаңартылған бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын біледі және түсінеді;

2) мұғалімдер Пән бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) мұғалімдер Пән бойынша жаңартылған бағдарламадағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі.

## **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарламаның оқу әдістемелік кешені:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) мұғалімге арналған нұсқаулық;

3) таныстырылымдар мен үлестірме материалдар;

4) күтілетін нәтижеге қол жеткізу деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар;

5) тренерге арналған нұсқаулық.

8. Оқу жоспарына сәйкес аталған Бағдарлама шеңберіндегі оқу процесі Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің негізінде іске асырылады.

9. Бағдарлама біліктілікті арттыру курсының мақсаттарын шолудан, ғылыми әдебиетті талдаудан басталады. Мұғалімдер Пән бойынша жаңартылған бағдарламаның құрылымын, педагогикалық тәсілдерді, бағалау тетіктерін, "Дене шынықтыру" пәні бойынша бағдарламаның аспектілерін қарастырады.

10. Мұғалімдер Пән бойынша бағдарламаның және "Дене шынықтыру" пәні бойынша оқу жоспарларының мазмұнын игереді. Күнделікті сабақтардың соңында мұғалімдер өзіндік рефлексия жасап, оқу мақсаттарына жетуді, мұғалімнің практикалық қызметінде оны іске асыру бойынша тиісті іс-қимылдарды анықтауды мониторингілеу мақсатында тапсырма орындайды.

11. Оқу барысында мұғалімдер ықшамсабақ процесінде "эксперимент" жүргізеді.

12. Мұғалімдердің қызметін бағалау дене шынықтыру пәнін оқыту үшін қажетті нақты дағдыларға, деңгейлерге жататын салаларға бөлінеді. Әр сала бойынша мұғалімнің аталған пән бойынша оқыту әдістемесінің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін төрт дескриптор бар (бастапқы деңгей, қалыптасу деңгейі, қалыптасқан деңгей, жетілген деңгей).

"Дене шынықтыру" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу жоспары

Күн №	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	"Дене шынықтыру" бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1. Жаңартылған білім беру бағдарламасымен танысу.	2
		2. "Дене шынықтыру" пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі құжаттарымен танысу.	2
		3. "Дене шынықтыру" пәні бойынша оқу жоспарымен танысу : қысқа мерзімді жоспар.	2
		4. Курста оқудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындау: жаңартылған білім беру бағдарламасын түсіну.	2
2	Тиімді оқыту және оқу	1. Тиімді оқыту мен оқу сипаттамасымен танысу.	2
		2. Оқыту процесінде белсенді оқу әдістерін қолдану.	2
		3. Оқыту процесінде белсенді оқу әдістерін қолдану.	2
		4. Курста оқудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындау: белсенді оқу және ойлау сипаты.	2
3	Критериалды бағалау және жаңартылған білім беру бағдарламасындағы негізгі тәсілдер	1. Критериалды бағалау мақсатымен және құрылымымен танысу. Курста оқудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындау: критериалды бағалау.	2
		2. Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және реакция ерекшеліктерімен танысу. Курста оқудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындау: оқушылардың қажеттіліктеріне реакция.	2
		3. Оқыту процесінде саралау түрлерін қолдану.	2
		4. Оқыту процесінде саралау түрлерін қолдану.	2
		1. Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлардың ерекшеліктерімен танысу.	2

4	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау	2. "Дене шынықтыру" пәні бойынша сабақты жоспарлау.	2
		3. "Дене шынықтыру" пәні бойынша сабақты жоспарлау. Курста оқудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындау: жоспарлау.	2
		4. Ықшамсабақты жоспарлау. Курста оқудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындау: жоспарлау.	2
5	Ықшамсабақ	1. Ықшамсабаққа дайындық.	2
		2. "Дене шынықтыру" пәні бойынша ықшамсабақ өткізу.	2
		3. "Дене шынықтыру" пәні бойынша ықшамсабақ өткізу. Курста оқудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындау: пән бойынша педагогикалық білім және оқыту дағдылары (басқа да критерийлерді тексеру).	2
		4. Оқу курсы қорытындылау.	2
Барлығы:			4 0 академиялық сағат

Ескерту: 1 академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минутты құрайды.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 27-қосымша

## **"Робот техникасы" элективті курсы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 27-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Робот техникасы" элективті курсы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсына білім беру процесін реттейді.

2. Осы Бағдарламада "Робот техникасы" элективті курсы бойынша педагог кадрларды даярлау бойынша толық мәлімет ұсынылған. Осы Бағдарлама мұғалімдердің білім беру процесінде және сыныптан тыс қызметінде роботтарды бағдарламалау жөніндегі оқу топтамаларын пайдалану саласындағы кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған.

### **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

3. Бағдарламаның мақсаты: жалпы білім беретін мектептерде "Робот техникасы" элективті курсының теориялық және практикалық негіздерін үйрену.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) мұғалімдерді "Робот техникасы" элективті курсының мақсаттарымен, міндеттерімен, құрылымымен және мазмұнымен таныстыру;

2) мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық, жобалау-зерттеу және конструкторлық дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызатын педагогикалық тәсілдермен таныстыру.

5. Оқу нәтижелері:

1) мұғалімдер "Робот техникасы" элективті курсының мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын біледі және түсінеді;

2) оқушылардың шығармашылық, жобалау-зерттеу және құрастыру дағдыларын дамытуға көмектесетін педагогикалық тәсілдерді біледі және түсінеді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

6. Бағдарламаның оқу әдістемелік кешені:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы;

2) мұғалімге арналған нұсқаулық;

3) тренерге арналған нұсқаулық;

4) үлестірме материал.

7. Осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес оқу жоспарында "Робот техникасы" элективті курсының оқуда алты модуль көзделген:

1-модуль: "Робот техникасы" курсына кіріспе және бағдарламалауы, сандық және логикалық деректері бар жұмыс сипаттамасы бар Лего базалық жинағы роботының (бұдан әрі – EV3) негіздері.

2-модуль: Мотордың көмегімен қозғалу.

3-модуль: Бұрылу.

4-модуль: Датчиктер.

5-модуль: Оператор блоктар мен деректер блоктары.

6-модуль: Сыныптағы сайыс.

8. Бағдарлама құрылымы Бағдарлама материалдарымен танысу, практика жүзінде іске асыру және жоспарлау, рефлексиялау, бағалауға арналған портфолио құрастыруды қамтитын үздіксіз процесс болып табылады.

9. Мұғалімдер "Робот техникасы" элективті курсының пайда болу тарихын, даму келешегін қарастырып, курстың негізгі жабдықтарымен, дербес ұтқыр

роботтарды құрастыру және бағдарламалау элементтерімен, сабақ жоспарлаумен танысады және әріптестері мен тренерлерден сындарлы кері байланыс алады.

10. Робот техникасы негіздерін үйрету ол сабақтардың ұйымдастырылуына және төмендегі әдістердің қолданылуына байланысты:

- 1) эвристикалық;
- 2) проблемалық;
- 3) бағдарламалық;
- 4) репродукциялық;
- 5) жартылай іздеу жұмысы;
- 6) проблеманы баяндау әдісі;
- 7) жоба әдісі.

"Робот техникасы" элективті курсы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу жоспары

Күн №	К ү н тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Курсқа кіріспе. Курс жабдығымен танысу	1. Робот техникасы курсына кіріспе: қолданыс салалары, түрлері. Робот техникасының тарихы мен келешегі.	2
		2. Курс жабдығымен танысу: негізгі және орта мектеп оқушыларын оқытуға арналған артық тетіктері мен сенсорлары бар Лего жинағы (бұдан әрі - LEGO MINDSTORMS EV3 Education). Бағдарламалауы, сандық және логикалық деректері бар жұмыс сипаттамасы бар Лего базалық жинағы роботының (бұдан әрі – EV3).	2
		3. Курс жабдығымен танысу: LEGO MINDSTORMS EV3 Education топтамасы. EV3 модулі.	2
		4. Білім беру роботын құрастыру.	2
2	Моторлармен және датчиктермен танысу. 3D модельдеу	1. "Робот техникасы" курсы бойынша жоспарларды өзара бағалау және кері байланыстың негізінде жетілдіру.	2
		2. Моторлармен және датчиктермен танысу. Датчиктер мен моторларды қосу. EV3 модулінің интерфэйсін зерделеу. EV3 бағдарламалық жасақтамасы.	2
		3. ЛЕГО Digital Designer-де білім беру роботын модельдеу (Компьютерлік әзірлемеге арналған бағдарлама).	4
3	Мотордың көмегімен қозғалу (1)	1. "Робот техникасы" курсы бойынша жоспарларды өзара бағалау және кері байланыстың негізінде жетілдіру.	2
		2. EV3 арналған бірінші бағдарламаны жасау. Үлкен моторлардың қозғалысы: Рульдік басқару блогы.	2
		3. "Билейтін робот" жобасының тапсырмалары бойынша командалық жұмысты орындау. Робот қолының қозғалысы: Ортаңғы мотор блогы. Үлкен мотор блогы.	4
		1. "Робот техникасы" курсы бойынша жоспарларды өзара бағалау және кері байланыстың негізінде жетілдіру.	2

4	Мотордың көмегімен қозғалу (2)	2. "Қоқыс жинайтын робот" жобасының тапсырмалары бойынша командалық жұмыс орындау.	2
		3. "Күшік" роботын құрастыру.	2
		4. "Робоқол" роботын құрастыру.	2
5	Бұрылу	1. "Робот техникасы" курсы бойынша жоспарларды өзара бағалау және кері байланыстың негізінде жетілдіру.	2
		2. Бір орында тұрып бұрылу: Моторларды тәуелсіз басқару блогы.	2
		3. "Көлік тұрағы" жобасының тапсырмалары бойынша командалық жұмыс орындау.	4
6	Датчиктер (1)	1. "Робот техникасы" курсы бойынша жоспарларды өзара бағалау және кері байланыстың негізінде жетілдіру.	2
		2. Жанасу датчигі. Батырмаға басуды анықтау. "Жүк тасымалдаушы робот" жобасының тапсырмалары бойынша командалық жұмысты орындау.	2
		3. "Баспалдақта жүргіш" роботын құрастыру.	2
		4. Ультрадыбыстық датчик. Кедергілерді анықтау және оларды еңсеру. "Сигналдар" жобасының тапсырмалары бойынша командалық жұмыс орындау.	2
7	Датчиктер (2)	1. "Робот техникасы" курсы бойынша жоспарларды өзара бағалау және кері байланыстың негізінде жетілдіру.	2
		2. Гигроскопиялық датчик. Еңкею бұрышын анықтау. "Маневр" жобасының тапсырмалары бойынша командалық жұмыс.	2
		3. Түс датчигі. Түсті анықтау. "Бағдаршам" жобасының тапсырмалары бойынша командалық жұмысты орындау.	2
		4. "Түссұрыптауыш" роботын құрастыру.	2
8	Оператор блоктар және деректер блоктары (1)	1. "Робот техникасы" курсы бойынша жоспарларды өзара бағалау және кері байланыстың негізінде жетілдіру.	2
		2. Цикл блогы. Есептеуішті пайдалану. Датчиктен алынған деректер.	2
		3. Экран блогы. Мәтін блогы.	2
		4. "Піл", "ТанкоБот", "Знап", "Робозауыт" роботтарының модельдерімен танысу.	2
9	Оператор блоктар және деректер блоктары (2)	1. "Робот техникасы" курсы бойынша жоспарларды өзара бағалау және кері байланыстың негізінде жетілдіру.	2
		2. Математика блогы. Кездейсоқ сандар блогы.	2
		3. Ауыстыру блогы. "Жаяу жүргінші робот" жобасы.	4
10	Сыныптағы сайыс	1. Сыныпта жарыс туралы хабарлау. Идеялар таныстырылымы.	2
		2. Өз роботтарының моделін жасау.	2
		3. Роботтарды бағдарламалау және тестілеу.	2
		4. Роботтарды таныстыру және роботтар сайысы. Жеңімпаздарды анықтау.	2
Барлығы:			8 0 академиялық сағат

Ескерту: 1 академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минутты құрайды.



## **Жалпы білім беретін мектептер басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 28-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Жалпы білім беретін мектептер басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсына білім беру процесін реттейді және үш бағытты қамтиды:

- 1) басшының өзіндік дамуы және педагогикалық ұжымның дамуы;
- 2) мектепті дамыту;
- 3) әлеуметтік және кәсіби әріптестік.

2. Осы Бағдарламада жалпы білім беретін мектептер басшыларын даярлау және олардың білім беру ұйымдарының табыстылығы, өзгерістерді басқару туралы қазіргі түсінікке сай білім мен практикалық дағдыларды игеруі жөнінде толық мәлімет ұсынылған.

3. Осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес, оқу жоспарына сәйкес басшыларды оқыту курсы "Бетпе - бет" деген екі аудиториялық кезеңді және "Мектептегі тәжірибе" деген екі кезеңді қамтиды.

### **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты: үздік әлемдік педагогикалық тәсілдер мен білім беру практикалары негізінде жалпы білім беретін мектептер басшыларын кәсіби дамыту.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) заманауи басшының рөлі мен миссиясы, жеке тұлға ретінде және кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіру туралы түсінігін дамыту;

2) көшбасшылық, басқару, стратегиялық жоспарлау және болжау салаларында түйінді құзыреттілік қалыптастыру;

3) өзінің қызметін және мұғалімдер мен оқушылардың қызметін жақсарту бойынша дағдыларды, әдістерді, нысандар мен тәсілдерді үйрету;

4) кәсіби және әлеуметтік әріптестікті орнату, қоғамдастық құру бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.

6. Оқу нәтижелері:

1) заманауи басшының рөлі мен миссиясы, жеке тұлға ретінде және кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіру, мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсету туралы түсінеді;

2) басшыларда көшбасшылық және басқару, стратегиялық жоспарлау және болжау салаларында түйінді құзыреттіліктері қалыптасады;

3) басшылар өзінің қызметін, мұғалімдер мен оқушылардың қызметін жақсартуға бағытталған дағдыларды, әдістерді, нысандар мен тәсілдерді түсінеді және қолдана біледі;

4) кәсіби және әлеуметтік әріптестікті орнату, қоғамдастық құру бойынша іскерлік пен дағдыларды меңгерген.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені:

1) жалпы білім беретін мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы;

2) жалпы білім беретін мектеп басшысына арналған нұсқаулық;

3) курсалды тапсырмалар;

4) мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар;

5) тренерге арналған нұсқаулық;

6) таныстырылымдар және үлестірме материалдар.

8. Бағдарлама мынадай төрт кәсіби практикаға сәйкес құрылымданған:

1) оқыту мен оқуға жетекшілік ету;

2) өзінің дамуы;

3) тәжірибені жетілдіруге, инновациялар мен өзгеріс енгізуге жетекшілік ету;

4) жергілікті қауымды бірлескен жұмысқа тарту.

9. Оқу жоспары өз бетінше оқу, аудиториялық оқу және тренердің синхронды емес қолдауымен оқуды үйлестіруді көздейді. Оқыту логикалық реттілікпен жүйеленген:

1) теориялық оқу кезеңінде идеяларды зерделеу (курсалды тапсырмаларды орындау);

2) аудиториялық оқу кезеңінде Бағдарламаның негізгі бағыттары мен мазмұнын зерделеу және түсіну. Тыңдаушылар тренердің жетекшілігімен шағын топтарда жұмыс істеп, көшбасшылық және басқару мәселелері бойынша халықаралық зерттеулердің нәтижелерімен танысады.

10. Аудиториялық оқу кезеңі басшылардың мектептегі тәжірибе кезеңіне және мектеп қоғамдастығы шеңберінде әріптестерімен бірлесе қызмет атқаруға дайындық кезеңі болып табылады. Мектепте тәжірибеден өту кезеңінде дамытушы бағыттағы тапсырмалар орындалады.

11. Басшылардың қызметін бағалау кәсіби портфолио құрастыру үшін практика барысында орындаған тапсырмаларының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептер  
басшыларының біліктілігін арттыру  
курстарының білім беру  
бағдарламасына қосымша

## Оқу жоспары

Курсалды тапсырмалар (Мектеп туралы бастапқы дерек жинау)				
"Бетпе - бет" бірінші аудиториялық кезеңі (4 апта) Әр сабақ ғылыми зерттеулер туралы кіріспе дәрістен басталып, әрі қарай шағын топтардағы жұмыс және жеке рефлексиялық есеп жазу түрінде жалғасады.				
Апта	Күн №	Күн тақырыбы	Сағат саны	
1-апта: Бағдарламаның тұжырымдамаларымен және негізгі бағыттарымен танысу				
1	1	Бағдарламаға кіріспе	8	
	2	ҚР орта білім мазмұнын жаңарту үрдістері	8	
	3	Көшбасшылық және басқару	8	
	4	Мектеп мәдениеті		4
		Сценарийді жоспарлау		4
	5	Білім беруді басқаруды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету		8
2-апта: Мектептің жағдайын талдау				
2	1	Сапалы оқыту дегеніміз не?	8	
	2	Мектеп туралы деректерді жинақтау. Басқалардың пікірін зерделеу – оқушылар пікірі		8
		Басқалардың пікірін зерделеу – ата-ана мен жұртшылықтың пікірін зерделеу		8
	4	Басқалардың пікірін зерделеу – мектеп ұжымының пікірін зерделеу		8
		1-таныстырылым		8
	3-апта: Мектептің даму жоспары			
3	1	Басымдықтарды белгілеу және іс-шараларды жүзеге асыру	8	
	2	Бөлінген көшбасшылық. Жоспарлау	8	
	3	Мектептің дамуын жоспарлау модельдері	8	
	4/5	Мектептің дамуын тиімді жоспарлаудың маңызы	16	
4-апта: Мектептің дамуын жоспарлау сапасының мониторингін жүргізу және бағамдау (бағалау)				
	1	Деректерді жинақтау, өңдеу және талдау	8	
	2		8	

4	3	Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысы	8
	4	Басқа мектептермен бірлескен жұмыс	8
	5	Бағалау	8
Барлығы:			160

Бірінші Мектептегі тәжірибе кезеңі (4 апта)	
Іс-әрекеттегі зерттеу	
Барлығы:	80

### Ескерту: күніне 4 сағат, аптасына 5 жұмыс күні

"Бетпе-бет" екінші аудиториялық кезеңі (4 апта)			
Апта	Күн №	Күн тақырыбы	Сағат саны
1-апта: Мектептің дамуын жоспарлау үдерісі туралы рефлексия			
1	1	"Бетпе-бет" екінші кезеңіне кіріспе және "Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар" бойынша кері байланыс	8
	2	Мектептің даму жоспарын бағалау. 2-таныстырылым	8
	3	Мектептің даму жоспарын бағалау. 2-таныстырылым	8
	4	Мектептің дамуын жоспарлауды бағалау	8
	5	Мектептің дамуын жоспарлауды бағалау	8
2-апта: Мұғалімдерді бағамдау (бағалау) және халықаралық модельдерге негізделген рефлексиялық есеп			
2	1	Сауалнама нәтижелерінің деректерін пайдалану	8
	2	Мұғалімнің есептілігінің халықаралық үлгілері	8
	3	Оқу нәтижелерінің мониторингін жүргізу және бағамдау (бағалау)	8
	4	Мұғалім жауапкершілігінің қазақстандық моделін әзірлеу	8
	5	Мұғалім жұмысының сапалық көрсеткіші ретінде оқушылардың оқу нәтижелерін талдау	8
3-апта: Мектептің есептілігі бағдарламасын жоспарлау			
3	1	Ағымдағы жағдай туралы рефлексия және стратегиялық басымдықтарды анықтау	8
	2	Орта мерзімді жоспарлау – оқыту тәжірибесін өзгерту құралы	8
	3	Оқыту тәжірибесін дамытуға бағытталған мұғалімдердің бірлескен жұмысы	8
	4	Мұғалімнің жауапкершілігі	8
	5	Мектепте тәлімгерлік және коучинг (оқыту әдісі) бағдарламаларын енгізуді басқару	8
4-апта: Мектептің даму жоспарын, мұғалім жауапкершілігін бақылау жоспарын әзірлеу. Мониторинг, бағамдау (бағалау) және портфолиоға арналған дерек жинау			
4	1	Мектепті дамытуды жоспарлаудың бірінші кезеңі туралы рефлексия	8
	2	Мектептегі және мектептен тыс қоғамдастықтардың қызметіне талдау жасау	8
	3	Мектепті дамыту жоспарының екінші нұсқасын дайындау	8
	4	Мектепті дамыту жоспарының екінші нұсқасын дайындау	8
	5	"Мектептегі тәжірибе" екінші кезеңіне дайындық	8
Барлығы:			160

Екінші Мектептегі тәжірибе кезеңі (6 ай)	
Мектептің даму жоспарының түзетілген нұсқасын мектеп практикасына енгізу. Мұғалімдер жұмысының тиімділігін бақылау бағдарламасын енгізу.	
Барлығы:	240
Курс бойынша барлық сағат саны:	640

Ескерту: 1 академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минутты құрайды.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 29-қосымша

## **"Практикадағы рефлексия" жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 29-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Практикадағы рефлексия" жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсына білім беру процесін реттейді.

2. Осы Бағдарламада мұғалімдерге қолдау көрсету және оқыту практикасын жетілдіру үшін Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдердің (бұдан әрі – мектеп тренерлері) әлеуетін пайдалану жөнінде толық мәлімет ұсынылған.

3. Осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес, оқу жоспары бойынша мұғалімдерді оқыту курсының ұзақтығы 25 жұмыс күнін құрайды, әр күн ұзақтығы 2 сағаттық 4 сабақтан тұрады.

### **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты: педагог кадрлардың оқушылардың шығармашылық, зерттеу, сын тұрғысынан және логикалық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді меңгеруі.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) оқыту процесін жоспарлау, оқушыларды оқу процесіне тарту, оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдану, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту, оқушыларды тиімді түрде жүйелі бағалау, өзінің оқыту процесі туралы рефлексия жасауды үйрету;

2) үздіксіз кәсіби дамуға дайындау.

6. Оқу нәтижелері:

1) мұғалімдердің бойында оқыту процесін жоспарлау, оқушыларды оқу процесіне тарту, оқыту процесінде АКТ қолдану, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту, оқушыларды тиімді түрде жүйелі бағалау, өзінің оқыту процесі туралы рефлексия жасау дағдылары қалыптасқан:

2) мұғалімдер үздіксіз кәсіби дамуға дайын.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) мұғалімге арналған нұсқаулық;

3) мектеп тренеріне арналған нұсқаулық;

4) үлестірме материалдар.

8. Бағдарлама құрылымы Бағдарламамен танысу, іс жүзінде жүзеге асыру және рефлексияны қамтиды.

9. Оқу барысында мұғалімдер әріптестерімен оқыту тәжірибесін жетілдіретін педагогикалық әдістерді, тәсілдерді және жұмыс нысандарын зерделеп талқылайды. Практика жүзінде іске асыру зерделенген әдістерді, тәсілдерді пайдалана отырып сабақ жоспарлау және өткізу, сындарлы кері байланыс алумен сипатталады.

10. Мұғалімдердің Бағдарламаның мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін мектеп тренерлері өзіндік және өзара рефлексия өткізуі көзделген.

11. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде мұғалімдер мектепте рефлексиялық есеп жазып, бағалау үшін мектеп тренерлеріне өткізеді.

12. Бұған дейінгі тәжірибесінің негізінде оқушының пәнді терең түсіну қабілетін және білімін сыныптан тыс жерде пайдалана білуін дамыту үшін Бағдарлама сындарлы оқыту теориясына негізделген.

13. Бағдарлама шеңберінде мұғалімдер мынадай негізгі мәселелерді зерделейді:

1) диалогтік оқыту;

2) метатану;

3) оқушыны ынталандыру;

- 4) сын тұрғысынан ойлауға үйрету;
- 5) оқу үшін бағалау;
- 6) оқыту мен оқуда АКТ қолдану.

"Практикадағы рефлексия" жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу жоспары

Күн №	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе: оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттігін негіздеу	1. Бірлескен және топтық жұмыс. Топтарда жұмыс істеу әдістемесі. 2. Сыныптағы оқу үдерісі мен ондағы өзгерістерді басқару. Оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізу қажеттілігін негіздеу. Мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары.	4
2	Мектеп және сынып мәдениеті	1. Сыныпты қадағалау әдістемесі. 2. Мұғалімдерге нені білу міндет? Сынып мәдениеті мен оқу ортасы.	4
3	Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы және оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы пікірі	1. Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу. 2. Оқушылардың пікірі бойынша құзырлы мұғалімнің сипаттамасы қандай? Мұғалімнің оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу.	4
4	Құндылықтар, көзқарастар, ықпал ету тәсілдері	1. Бұдан әрі даму бағыттары мен басымдықтарын анықтау үшін жеке тұлғаның құндылықтары мен көзқарастарын нақтылау. 2. Оқыту және оқу әдістемесін жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізу қажеттігін негіздеу және мойындау. Сыныптағы эмоциялық-психологиялық ахуал.	4
5	Оқушыларды ынталандыру	1. Оқу процесіндегі кедергілерді анықтау. Оқудың аффекттік теориясы. 2. Оқушыларды ынталандыру. Оқушылардың оқу туралы пікірін анықтау (оқушыдан кеңес алу).	4
6	Әлеуметтік өзара іс-қимыл	1. Оқудағы әлеуметтік өзара іс-қимыл, әлеуметтік өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту. 2. Сабақтың интербелсенді және инклюзивті болуын қамтамасыз ету.	4
7	Оқудағы кедергілер	1. Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудағы кедергілерді, соның ішінде жас ерекшеліктері проблемаларын жеңу мақсатындағы педагогикалық тәсілдерді таңдау және нақтылау. 2. Оқушылардың қабілеттері және оқуға жағымды көзқарастары.	4

8	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: қалай оқу керектігін үйрену	Қалай оқу керектігін үйренудің мәні. Мұғалімнің оқушылардың қалай оқу керектігін үйрену қабілеттерін дамыту жөніндегі әрекеттері.	4
9	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: қалай оқу керектігін үйрену	Бүкіл зейінді және педагогикалық амал-тәсілдерді оқушыларға бағыттау және оларға қалай оқу керектігін үйренуде көмек көрсету. Қалай оқу керектігін үйренуге қатысты оқыту әдістері мен тәсілдеріне басты назар аудару.	4
10	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: әңгіме және диалогтік оқыту	1. Диалогтік оқытудың мәні. 2. Оқу сапасын жақсарту мақсатында сабақта әңгімелесуді пайдалану әдістемесі.	4
11	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: сын тұрғысынан ойлау	1. Сын тұрғысынан ойлаудың мәні. 2. Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану.	4
12	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: сын тұрғысынан ойлау	1. Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану. 2. Сабақта сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту әдістерін жоспарлау.	4
13	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқу үшін бағалау және оқуды бағалау	Бағалау процесінің мақсаты. Оқу үшін бағалаудың (бұдан әрі – ОҮБ) мәні.	4
14	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқу үшін бағалау және оқуды бағалау	Оқуды жоспарлау процесінде ОҮБ әдістемесін пайдалану.	4
15	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.	Сабақта ОҮБ әдістемесін пайдалану.	4
16	Практиканы түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны (бұдан әрі – АКТ) пайдалану	1. Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану мақсаттары. 2. Оқу сапасын арттыру мақсатында сыныпта АКТ пайдалану әдістемесі.	4
17	Сабақты жоспарлау	1. Сабақтың сараланған нәтижелерін әзірлеу. 2. Оқу нәтижелеріне қол жеткізуге арналған жаттығуларды жоспарлау және Бағдарлама тақырыптарын ықпалдастыру.	4
18	Сабақты жоспарлау	1. Бағалау критерийлерін белгілеу. 2. Оқу мақсаты, жаттығу мен бағалау критерийлері арасындағы байланысты бағамдау.	4
19	Сыныптағы оқуды басқару	Оқу процесін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау.	4
20	Сыныптағы оқуды басқару	Оқыту процесін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау.	4
21	Оқыту практикасына Бағдарлама идеяларын енгізу	Тізбектелген сабақтар топтамасын орта мерзімдік жоспарлау.	4
22	Сабақты зерттеу әдісі	1. Оқыту мен оқу процесін жақсарту мақсатында Сабақты зерттеу әдісін қолдану. 2. Сабақты зерттеудің тақырыбын белгілеу.	4



23	Сабақты зерттеу әдісі	Оқыту мен оқу процесін жақсарту мақсатында Сабақты зерттеу әдісін қолдану. Мектептегі Сабақты зерттеудің табыс критерийлері.	4
24	Оқыту мен оқуды бағалау.	Мұғалімдердің оқыту және оқу практикасына өзгеріс енгізу процесін бағалау.	4
25	Оқыту мен оқуды бағалау.	Мұғалімдердің оқыту және оқу практикасына өзгеріс енгізу процесін бағалау.	4
Барлығы:			1 0 0 академиялық сағат

Ескерту: 1 академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минутты құрайды.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 30-қосымша

## **"Ағылшын тілі" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

**Ескерту. Бұйрық 30-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Ағылшын тілі" пәні бойынша педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының оқу бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының орта білім берудегі жаңартылған мазмұн жағдайында мамандарды дайындау бойынша үш тілділік оқыту бағдарламасын енгізу аясында жасалған.

2. "Ағылшын тілі" пәні бойынша Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру білім бағдарламасы ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі:

1) тілді C1(Advanced - жоғары ) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау – 20 сағат;

2) тілді B2 (Upper-Intermediate – ортадан жоғары) деңгейінен төмен емес меңгерген мұғалімдерді даярлау – 80 сағат;

3) тілді B1(Intermediate - орта), B2 (Upper-Intermediate – ортадан жоғары) деңгейінен төмен меңгерген мұғалімдерді даярлау – 144 сағат;

4) тілді A1 (Elementary - базалық), A2 (Pre-Intermediate – ортадан төмен) деңгейде меңгерген мұғалімдерді даярлау – 216 сағат.

5) оқытушылардың тілдік және кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру және ағылшын тілін оқыту әдістемесі саласындағы халықаралық сертификаттауды алуға арналған тілді С1 (Advanced - жоғары) деңгейінде (кәсіби, білікті, 36 сағат) меңгерген мұғалімдерді даярлау.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

3. Бағдарламаның мақсаты: халықаралық стандартқа сәйкес Cambridge English Placement Test online (Кэмбридждік деңгей анықтайтын ол-лайн тест), (әрі қарай - СЕРТ) және Teaching Knowledge Test (оқыту әдісі бойынша тест), (әрі қарай - ТКТ) халықаралық сертификаттарын алу арқылы ағылшын тілі мұғалімдерінің тілдік және кәсіби құзіреттілігін жетілдіру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) (B2 Upper-Intermediate деңгейінен төмен емес) ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру;

2) сыныпта қолдану үшін мамандандырылған тілді меңгеру;

3) тілді меңгеру үрдісіне әсер ететін факторлар мен теориялық негіздерді игеру;

4) тілді үйретуде оқытудың әр түрлі әдістері мен әдістемелерінің теориялық негіздерін меңгеру;

5) сабақ жоспарлаудың заманауи үрдістері және әдістемелік әдебиеттерді қолданумен танысу;

6) тыңдаушылардың деңгейіне қарай бейімдеу арқылы ағылшын тілінде сабақ өткізу дағдысын дамыту;

7) сабақ өткізу дағдылары мен оқыту үрдісін басқаруды игеру;

5. Оқыту нәтижелері. Ағылшын тілі мұғалімдері тілдік және кәсіптік құзыреттілікке оқыту бойынша курсы аяқталғаннан кейін Common European Framework of Reference for Languages (Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемшарттары), (әрі қарай - CEFR) жалпы еуропалық тілдік шкаласына сәйкес ағылшын тілін меңгеру B2 (Upper - Intermediate – ортадан жоғары) деңгейіне дейін жоғарлатады, және ТКТ (Teaching Knowledge Test) халықаралық сертификатын – оқытушының кәсіби бағалауы мен кәсіби дамудың ресми расталуын алады.

## **3-тарау. Бағдарлама мазмұны мен құрылымы**

6. Бағдарлама осы Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес алты кезеңнен тұрады:

7. Бірінші кезең он-лайн халықаралық СЕРТ қолдана отырып, диагностикалық тестілеуді қарастырады. Тестілеу тыңдаушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін жалпы еуропалық шкаласы (CEFR) A1-ден (Elementary -

базалық) C2-ге (Proficiency - кәсіби) дейін бағалайды. Тестілеу оқылым, тыңдалым және лексико-грамматикалық аспектілерін тексеруден тұрады.

8. Екінші кезең тестілеу нәтижесінде C1 (Advanced – жоғары) деңгейін көрсеткен мұғалімдерді тренер ретінде даярлауға бағытталған – 20 сағат. Сонымен қатар, ағылшын тілі мұғалімдерінің өздік жұмысын орындауы – 20 сағат.

9. Үшінші кезең B1 (Intermediate – орта) деңгейіндегі тыңдаушылардың тілдік және кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге негізделген және 80 сағаттан тұрады:

1) Оқытуға арналған ағылшын тілі (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады:

Language for asking for advice and making suggestions (кеңес және ұсыныс жасауға арналған тіл);

Language for meeting new people and talking about yourself (жаңа адамдармен кездесу және өзі туралы баяндауға арналған тіл);

Language for face-to-face and online discussions (жеке және он-лайн талқылауға арналған тіл);

Language for presenting a talk (сөз сөйлеуге арналған тіл);

Language for evaluation and reflection (талқылауды қарастыру және бағалауға арналған тіл).

2) ТКТ (Teaching Knowledge Test) халықаралық емтиханын тапсыру үшін ағылшын тілін оқыту әдісі бойынша кәсіби құзыреттілікті жетілдіру курсы.

10. Төртінші кезең A2 (Pre – Intermediate – орта) деңгейіндегі тыңдаушылардың тілдік және кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған және 144 сағаттан тұрады:

1) Ағылшын тілінің жалпы курсы (General English);

2) Оқытуға арналған ағылшын тілі (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады:

Language for helping learners to speak in class (оқушыларға сыныпта сөйлеуге көмектесуге арналған тіл);

Language for helping with learners' problems (оқушылардың мәселелеріне көмектесуге арналған тіл);

Language for responding to learners (оқушылардың сұрақтарына жауап беруге арналған тіл);

Language for correcting learners (оқушылардың қателерін дұрыстауға арналған тіл);

Language for talking about learners' progress (алға жылжу туралы талқылауға арналған тіл).

3) ТКТ (Teaching Knowledge Test) халықаралық емтиханын тапсыру үшін ағылшын тілін оқыту әдісі бойынша кәсіби құзыреттілікті жетілдіру курсы.

11. Бесінші кезең А1 (Elementary – базалық) деңгейіндегі тыңдаушылардың тілдік және кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған және 216 сағаттан тұрады:

1) Ағылшын тілінің жалпы курсы (General English);

2) Оқытуға арналған ағылшын тілі (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады:

Language for introducing the topic of the lesson (сабақтың тақырыбын баяндауға арналған тіл);

Language for giving instructions (нұсқаулықтарды түсіндіруге арналған тіл);

Language for explaining language to students (білім алушыларға тілді түсіндіруге арналған тіл);

Language for different classroom situations (сыныптағы әр түрлі оқиғаларға арналған тіл).

3) ТКТ (Teaching Knowledge Test) халықаралық емтихан тапсыру үшін ағылшын тілін оқыту әдісі бойынша кәсіби құзыреттілікті жетілдіру курсы.

12. Алтыншы кезең 1-3 модулі бойынша халықаралық сертификатталған ТКТ (Teaching Knowledge Test) тестін қолдана отырып, ағылшын тілі мұғалімдерінің ағылшын тілін оқыту әдісі бойынша кәсіби құзыреттілігінің қорытынды тестілеуін қарастырады.

Білім беру процесін ұйымдастыру осы Бағдарламаға 3-қосымшаға сәйкес өткізіледі.

"Ағылшын тілі" пәні бойынша педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## **Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемшарттары (CEFR)**

Тәжірибелі қолданушы	C2	Кез келген естіген немесе оқыған хабарламаларды оңай түсінеді. Хабарламаны еске түсіре отырып, әртүрлі ауызша және жазбаша деректер арқылы ақпаратты қорытып талдай алады. Күрделі жағдайларда қажетті мағыналық реңктерді айқындай отырып, ойын еркін жеткізе алады.
	C1	Әртүрлі тақырыптағы күрделі және көлемді мәтіндерді түсінеді, астарлы мағыналарын біледі. Сөздер мен сөз тіркестерін қолдану кезінде ешқандай кедергісіз өз ойын тез жеткізе алады. Тілді әлеуметтік, ғылыми және кәсіби қызметінде шебер және тиімді қолданады. Күрделі тақырыптар бойынша нақты, дұрыс құрылымдалған, жан-жақты мәтіндер құрастыруда лексикалық және грамматикалық бірліктерді меңгергенін көрсетеді.
	B2	Абстрактілі және нақты тақырыптардағы күрделі мәтіндердің, оның ішінде өзінің саласына қатысты техникалық мазмұндағы мәтіндерді талқылаулардың негізгі идеясын түсінеді. Өз ойын еркін және тез жеткізе алады, тілдің өкілдерімен кедергісіз, еркін қарым-қатынас жасай алады. Әртүрлі тақырыптарда нақты және негізгі мәселеде өз ойын анық білдіріп, әртүрлі нұсқалардың артықшылығы мен кемшіліктерін көрсете алады.

Тәуелсіз қолданушы	B1	Жұмыста, мектепте, демалыста және т.б. жағдайларда тұрақты түрде талқыланатын таныс тақырыптардағы стандартты хабарламалардың негізгі ойын түсінеді. Сол тілде сөйлейтін елге барғанда кездесуі мүмкін көптеген жағдайларда оқым жағдайларда абыржымайды. Өзіне таныс немесе өзін қызықтыратын тақырыптарға байланысты хабарламалар құрастыра алады. Өзінің тәжірибесін, оқиғаларды, армандарын, сенімдерін, ұмтылысын қысқаша сипаттап, өзінің көзқарасы мен жоспарларын түсіндіре алады.
Базалық қолданушы	A2	Өмірдің негізгі салаларына байланысты жекелеген сөйлемдер мен жиі қолданылатын сөз тіркестерін түсінеді (мысалы, өзінің жеке басына қатысты ақпарат, отбасы, сауда, жергілікті мекенжайы, жұмысқа орналасу және т.б. туралы). Қарым-қатынас барысында өзіне таныс немесе тұрмыстық тақырыптарға қатысты тікелей ақпарат алмасуды қажет ететін қарапайым күнделікті міндеттерді шеше алады. Қарапайым сөз тіркестерімен өзінің өмірі, өзінің жұмыс орнына қатысты, сондай-ақ өзге де тез шешуді қажет ететін мәселелерді талқылай алады.
	A1	Белгілі бір нақты бағыттағы қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған күнделікті өмірдегі таныс сөздер мен негізгі сөз тіркестерін түсінеді және қолданады. Өзін және өзге адамдарды таныстыра алады, сондай-ақ жеке өміріне қатысты сұрақтар қойып, оларға жауап бере алады, мысалы, тұрғылықты мекенжайы, таныс адамдар және адамның нені меңгергендігі туралы. Егер адамдар ақырын және анық сөйлесе, қарапайым деңгейде қарым-қатынас жасай алады, көмекке келуге дайындығын білдіреді.

"Ағылшын тілі" пәні бойынша педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Оқу жоспары

№	Іс-шаралар	Сағат көлемі
1 кезең		
Тестілеу		
1	Он-лайн халықарылық СЕРТ (Cambridge English Placement Test) қолдана отырып, диагностикалық тестілеу. Тестілеу тыңдаушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін (CEFR) жалпы еуропалық шкаласы А1-ден (Elementary - базалық) С2- ге (Proficiency - кәсіби) дейін бағалайды. Тестілеу оқылым, тыңдалым және лексико-грамматикалық аспектілерін тексеруден тұрады. Бағалау сапасы Cambridge English Language Assessment (тілді Кэмбридж Университетімен бағалау) тәжірибесі арқылы кепілдік береді. Бастапқы кезеңде тестілеуді өткізу CEFR шкаласына сәйкес ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтайды және оларды топқа бөледі.	
2 кезең		
1. Модуль Мұғалімнің кәсіби дайындығын жетілдіру.		
Тренерлерді даярлау		
2	Тренинг ТКТ тестілеуіне дайындау курсы оқытуда әдістемелік дағдыларды дамытуға арналған. Оқыту оқытушылық/тренерлік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мұғалімдер оқыту және оқудың шағын сессиясын жоспарлайды және өткізеді, өз әріптестерінен кері байланыс алады. Тренинг тыңдаушылары – тілді С1 (Advanced - жоғары) деңгейінде меңгерген мұғалімдер.	2 0 сағат
	Өздік жұмыс	2 0 сағат
3 кезең		
2. Модуль Мұғалімнің тілдік және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру		

3	<p>Тілдік және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру бойынша аралас курсын өткізу (B1 (Intermediate – орта) деңгейіндегі тыңдаушылар).</p> <p>Курстың мазмұны:</p> <p>оқытуға арналған ағылшын тілі (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады:</p> <p>Language for asking for advice and making suggestions (кеңес және ұсыныс жасауға арналған тіл);</p> <p>Language for meeting new people and talking about yourself (жаңа адамдармен кездесу және өзі туралы баяндауға арналған тіл);</p> <p>Language for face-to-face and online discussions (жеке және он-лайн талқылауға арналған тіл);</p> <p>Language for presenting a talk (сөз сөйлеуге арналған тіл);</p> <p>Language for evaluation and reflection (талқылауды қарастыру және бағалауға арналған тіл).</p> <p>TKT (Teaching Knowledge Test) халықаралық емтиханын тапсыру үшін ағылшын тілін оқыту әдісі бойынша кәсіби құзыреттілікті жетілдіру курсы.</p>	8 0 сағат
<p>4 кезең</p> <p>3. Модуль Мұғалімнің тілдік және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру</p>		
4	<p>Тілдік және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру бойынша аралас курсын A2 (Pre-Intermediate – ортадан төмен) деңгейіндегі тыңдаушыларға өткізу, (1 деңгей).</p> <p>Курстың мазмұны:</p> <p>ағылшын тілінің жалпы курсы (General English);</p> <p>оқытуға арналған ағылшын тілі (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады</p> <p>Language for helping learners to speak in class (оқушыларға сыныпта сөйлеуге көмектесуге арналғын тіл);</p> <p>Language for helping with learners' problems (оқушылардың мәселелеріне көмектесуге арналған тіл);</p> <p>Language for responding to learners (оқушылардың сұрақтарына жауап беруге арналған тіл);</p> <p>Language for correcting learners (оқушылардың қателерін дұрыстауға арналған тіл);</p> <p>Language for talking about learners' progress (алға жылжу туралы талқылауға арналған тіл).</p> <p>TKT (Teaching Knowledge Test) халықаралық емтиханын тапсыру үшін ағылшын тілін оқыту әдісі бойынша кәсіби құзыреттілікті жетілдіру курсы.</p>	7 2 сағат
<p>5 кезең</p> <p>4. Модуль Мұғалімнің тілдік және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру</p>		
5	<p>Тілдік және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру бойынша аралас курсын A1 (Elementary – базалық) деңгейіндегі тыңдаушыларға өткізу, (2 деңгей).</p> <p>Курстың мазмұны:</p> <p>ағылшын тілінің жалпы курсы (General English);</p> <p>оқытуға арналған ағылшын тілі (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады:</p> <p>Language for introducing the topic of the lesson (сабақтың тақырыбын баяндауға арналған тіл);</p> <p>Language for giving instructions (нұсқаулықтарды түсіндіруге арналған тіл);</p> <p>Language for explaining language to students (білім алушыларға тілді түсіндіруге арналған тіл);</p> <p>Language for different classroom situations (сыныптағы әр түрлі оқиғаларға арналған тіл).</p> <p>TKT (Teaching Knowledge Test) халықаралық емтиханын тапсыру үшін ағылшын тілін оқыту әдісі бойынша кәсіби құзыреттілікті жетілдіру курсы.</p>	1 44 сағат
<p>6 кезең</p> <p>Қорытынды тестілеу</p>		

6 1-3 модулі бойынша халықаралық сертификатталған ТКТ (Teaching Knowledge Test) тестін қолдана отырып, ағылшын тілі мұғалімдерінің ағылшын тілін оқыту әдісі бойынша кәсіби құзыреттілігінің қорытынды тестілеу.

"Ағылшын тілі" пәні бойынша педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 3-қосымша

## Білім беру процесін ұйымдастыру

№	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі	Сағат (апта) сыйымдылығы	Сағат бөлу: Тілдік және кәсіби құзыреттілік
1	Тілді C1 Advanced (жоғары) деңгейінде меңгерген тренер-мұғалімдерді даярлау	20 сағат + 20 сағат өздік жұмыс	20 сағат (4 күн)
2	Тілді B1 Intermediate (орта) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау	80 сағат	Мұғалімдерге арналған ағылшын тілі ТКТ емтиханына даярлау
3	Тілді A2 Pre-Intermediate (ортадан төмен) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау	72 сағат – тілдік құзыреттілік 72 сағат – кәсіби құзыреттілік	Тілдік құзыреттілікті жетілдіру (1 деңгей) Мұғалімдерге арналған ағылшын тілі ТКТ емтиханына даярлау
4	Тілді A1 Elementary (базалық) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау	144 сағат – тілдік құзыреттілік – 2 деңгей 72 сағат – кәсіби құзыреттілік	Тілдік құзыреттілікті жетілдіру (2 деңгей) Мұғалімдерге арналған ағылшын тілі ТКТ емтиханына даярлау

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 31-қосымша

## "Робот техникасы негіздері" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

Ескерту. Бұйрық 31-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Робот техникасы негіздері" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) жалпы білім

беретін мектептердің мұғалімдерін біліктілігін арттыру курстары білім беру үдерісін реттейді.

2. Осы Бағдарламада жалпы білім беру мектептеріндегі робот техникасы, жаратылыстану - математикалық бағыт бойынша алған білімдері мен дағдыларын қолдана отырып, роботты техниканың, инженерлік дизайн мен технологияның негіздеріне даярлау жөніндегі толық мәлімет көрсетілген.

3. Бағдарламаны зерделеуде алдыңғы қатарлы оқу платформалары болып табылатын орта мектеп оқушыларын робототехникаға үйрету үшін әзірленген Лего роботтардың стандартты аппараттары (бұдан әрі - LEGO MINDSTORMS EV3), және ЛЕГО-дан басқа робототехниканы мектептік сабақтарға арналған шағын контроллерлердің платформасы (бұдан әрі - Arduino). Оқытушылар практикалық тәжірибе алу, инженерлік, нұсқаушы, шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға және өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін практикалық тәжірибе алуды ұсынады.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру бағдарламасын жаңарту контекстінде роботты техникасын оқыту.

5. Бағдарламаның міндеті:

1) оқытушыларды Бағдарламаның мақсаттарымен, міндеттерімен, құрылымдарымен, мазмұнымен және жүйелілігімен таныстыру;

2) тыңдаушылардың роботты техника жөніндегі білімдері деңгейін арттыру үшін жағдай жасау;

3) роботтардың алгоритмдері мен құрылымдарын әзірлеудің практикалық дағдыларына жету.

6. Оқыту нәтижелері:

1) Бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін, құрылымдарын және мазмұнын оқытушылардың білуі және түсінуі;

2) Бағдарламаға сәйкес педагогикалық бағыттар мен оқу материалдарын пайдалана білу;

3) орта білімнің мазмұнын жаңғырту кезінде қажетті білім мен дағдыны игеру ;

4) роботты техниканы, ұғынуға қатысты негізгі әдістердің дамуының, роботтарды жоспарлау мен реакцияларының негіздері мен тарихын білу;

5) түрлі мақсаттар мен міндеттерге роботтарды жобалауды біле білу, роботты техникалық жүйелерді қадағалар мен моторларды қолдану, қарапайым роботтарды басқару, ойға алынған тұжырымдамаларды сипаттау және ұсыну,



орта және жалпы білім беретін мектеп оқушыларын үйрету үшін артық тетіктері мен сенсорлары бар ЛЕГО бағдарламасы (бұдан әрі - LEGO MINDSTORMS Education EV3) және компьютерлік бағдарламалар әзірлеу үшін қажет (бұдан әрі - LEGO Digital Designer) бағдарламасында жұмыс істеу, бағдарламалау, қадалар мен моторларды қосу, сонымен қатар Arduino шағын бақылаушысының негізінде роботтарды құру.

7. Бағдарламаны зерттеу кезінде пайдаланылатын Педагогикалық тәсілдер:

- 1) курстың әр тыңдаушысының пікірін тыңдау;
- 2) тәжірибе жүзінде алдын-ала білімдердің қолдану маңыздылығын тану;
- 3) ынталандыра және дамыта оқыту;
- 4) оқытудың белсенді әдістерін пайдалану;
- 5) күрделі - бағдарланған оқытуды пайдалану;
- 6) проблемаларды өнертапқыш шешім жасау қабілеттерін дамыту;
- 7) курсты тыңдаушыларға ашық мәселелер мен міндеттерді ұсыну;
- 8) сыни ойлау дағдыларын дамыту;

9) жаттықтырушы мен курстың тыңдаушыларының арасындағы өзара қарым-қатынастың мүмкіндіктерін арттыру;

10) тұс-тұстан оқыту және оқытудың біртұтас тәсілдемесін дамыту;

11) курсты тыңдаушылардың жеке, топтық қызметі мен топтық жұмыстарды ұйымдастыру.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

8. Бағдарламаның құрылымы екі бөлімнен құралған, олардың әрқайсысына үш деңгейден тұрады.

9. Бағдарламаның бірінші бөлігі LEGO MINDSTORMS EV3 құрылымдаушысының базасында негізге алынған және 5, 6 және 7 сыныптардың оқушыларына бағытталған 3 деңгейлерінен құралған. Бағдарламаның бірінші бөлігінің оқу жоспары осы Бағдарламаға 1 қосымшада келтірілген.

10. Бағдарламаның екінші бөлімі Arduino шағын бақылаушысының базасына негізделген және 8, 9 және 10 сыныптардың оқушыларына бағытталған деңгейлердің 3-нен құралған. Бағдарламаның екінші бөлігінің оқу жоспары осы Бағдарламаға 2 қосымшада көрсетілген.

11. Жобаларды практикада орындау қағидатындағы Бағдарламада робототехника және инженерлік жүйелерді жобалау саласында базалық білім мен дағдылар қалыптастырылады. Бағдарлама аясында мұғалімдер әртүрлі есептерді шешу үшін роботтарды жинау, құрастыру, модельдеу және программалауды

жүзеге асырады. Бағдарламаның теориялық материалдары практикалық дәрістерге қоса берілген, мұнда мұғалімдер роботтарды құру мен тестілеуден өткізу үшін екі-үш адамнан тұратын топтармен жұмыс істеу ұсынылады.

"Робот техникасы негіздері"  
педагог кадрлардың біліктілігін  
арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасына 1-қосымша

## Оқу жоспары

№	Мазмұны	Сағат саны				
		Барлығы	Дәрістер	Зертханалық	Семинар	Сынақ
1 модуль: Курсқа енгізу және орта және жалпы білім беретін мектеп оқушыларын үйрету үшін артық тетіктері мен сенсорлары бар ЛЕГО бағдарламасымен (бұдан әрі - LEGO MINDSTORMS EV3) жұмыстар негізі						
1	Роботты техниканы курсқа енгізу: Роботты техника негіздері, қолдану салалары, роботты техника түрлері. Роботты техника тарихы және болашағы. Роботты техника бойынша халықаралық жарыстар (WRO). Курс жабдығымен танысу: LEGO MINDSTORMS EV3 Education жиынтығы.	2	1		1	
2	Сандық және логикалық деректері бар программалау, жұмысты сипаттауы бар Лего-ның қалыпты жиынтығы (бұдан әрі - EV3) модулі. EV3 модулінің интерфейсі. "Educator" Білім беру роботын құрастыру. Моторлармен және тетіктермен танысу. Тетіктерді және моторларды іске қосу.	2	1	1		
3	Білім беру роботын компьютерлік әзірлеме үшін дайындалған бағдарлама (бұдан әрі - LEGO Digital Designer) бағдарламасында үлгілеу: 1 - бөлім. Білім беру роботын LEGO Digital Designer бағдарламасында үлгілеу: 2 - бөлім.	2	1	1		
4	Бағдарламалау деген не? EV3 бағдарламалық қамтамасыз ету. "Educator" білім беру роботын бағдарламалау.	2	1	1		
1 модульдің барлық сағаты		8				
2 МОДУЛЬ: EV3 бағдарламалау						
1	Цикл блогы. Есептегішті қолдану. Тетіктегі мәліметтер. "Тасымалдау" жобасы. Экран блогы. Мәтін блогы.	2	1	1		
2	Математика блогы. Кездейсоқ сандар блогы. Математикалық формулалар көмегімен мотор қозғалысы жылдамдығын есептеу. Ауыстыру блогы. "Жаяу жүргінші робот" жобасы.	2	1	1		
3	Менің блогым. Аумақтар. Файлдар.	2	1	1		

4	Мәліметтер сайты. Көп міндеттілік	2	1	1		
	2 модульдің барлық сағаты	8				
3 модуль: Моторлар мен бұрылыстарды пайдаланумен қозғалу						
1	Қозғалыс деген не? Үлкен моторлар қозғалысы: Рөлдік Басқару блогы. "Биші Робот" жобасын құрастыру.	2	1	1		
2	Робот қолдарының қозғалысы: Ортаңғы Мотор блогы. Үлкен Мотор блогы. "Күшік" роботты құрастыру.	2	1	1		
3	Бұрылыс деген не. Орнында бұрылу: моторлармен басқаруға тәуелсіз блок. "Көлік қоятын орын" жобасы	2	1	1		
4	Жанасу тетігі. Түймешікке басуларды анықтау. Түс тетігі. Түсті анықтау. "РобоРука" жобасын құрастыру	2	1	1		
	3 модульдің барлық сағаты	8				
4 модуль: Тетіктер және желі бойынша қозғалыс						
1	Ультрадыбысты тетік. Кедергілерді анықтау және реакция. "Знап" роботын құрастыру.	2	1	1		
2	Гироскопиялық тетік. Бұрыштық еңкішті анықтау. "Гиробой" роботын құрастыру.	2	1	1		
3	Желі бойынша қозғалатын робот Желі бойынша қозғалуы үшін роботты бағдарламалау және құрастыру	3		3		
4	Сынақ	1				1
	4 модульдің барлық сағаты	8				
	Барлық сағаттар:	32	14	16	1	1

"Робот техникасы негіздері"  
педагог кадрлардың біліктілігін  
арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасына 2-қосымша

## Оқу жоспары

№	Мазмұны	Сағат саны				
		Барлығы	Дәрістер	Зертханалық	Семинар	Сынақ
1	ЛЕГО-дан басқа мектептік робототехника сабақтарына арналған платформа (бұдан әрі – Arduino) контроллерімен танысу	1	1			
2	Біздің өміріміздегі микроконтроллерлер, контроллер , Arduino контроллері, Arduino құрылымы және құрамы. Arduino Uno (мектепте оқытуға арналған робот тетіктері) и Mega ADK (Arduino –ға ұқсас) сипаттамасы	1			1	

3	Arduino-ға арналған ортаңғы бағдарламалау (IDE Arduino) (компьютерлік әзірлемелер үшін бағдарлама) және Processing-ті (IDE Arduino-ның ішіндегі, практикалық жұмыстар үшін) бағдарламалау тілі	1	1			
4	Arduino UNO. LED шамымен жанып-сөну	1		1		
5	Arduino базасындағы электронды құрылғыны жобалау және үлгілеу негіздері	1	1			
6	Цифрлы дабылдармен жұмыс. Индикация. Ұқсас дабылдармен жұмыс	1	1			
7	Қозғалтқыштарды басқару	1	1			
8	Сервоприводты басқару	1	1			
9	Тайминг Жылжымалы от Fade – әсері (жарық, сәуле)	1		1		
10	Энкодер	1	1			
11	Пьезосәуле таратқыш	1	1			
12	ШИМ	1	1			
13	Arduino - тағы жады	1	1			
14	Ауыспалы	1	1			
15	Атқарымдар	1		1		
16	Arduino кітапханалары	1	1			
17	Аралық сынақ	1				1
18	Servo және EEPROM (компьютерлік робототехникалар үшін командалар) кітапханалары	1	1			
19	SPI және Stepper компьютерлік робототехникалар үшін командалар) кітапханалары	1	1			
20	Регистр жылжуы	1	1			
21	Порттарды басқару	1	1			
22	Жарықдиод жарықтығын басқару	1		1		
23	Түймешікті қосу	1		1		
24	Delay - сіз жарықдиодты жандырып - сөндіреміз	1		1		
25	Фоторезистор арқылы сервоны басқару	1		1		
26	Arduino - дағы бұрылыс вебкамерасы	1		1		
27	Тоқтатулар	1	1			
28	Жүктеме	1	1			
29	LCD	1	1			
30	Arduino - дағы сағат	1		1		
31	Joypad (роботтардың қозғалысына бақылау)	1	1			
32	Қозғалтқыш драйвері	1	1			
33	Цифрлы тұсбағдар	1		1		
34	ИК - қабылдағыш	1		1		
35	Жеті бунақты индикаторды қосу	1		1		
36	Температура және ылғалдылық тетіктері	1	1			
37	Өз қолымен жасаған парктроник	1		1		

38 Сынақ	1				1
Барлық сағаттар:	38	22	13	1	2

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 32-қосымша

**"Робот техникасын іске асыру жағдайында IT-технологиялар бойынша теориялық және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 32-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Робот техникасын іске асыру жағдайында IT-технологиялар бойынша теориялық және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру үдерісін реттейді.

2. Осы Бағдарламада педагогикалық кадрларды даярлау, автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеумен айналысатын, робототехниканы қолданбалы ғылым ретінде дамыту үшін жалпы орта білім беретін мектептің информатика мұғалімдерінің әлеуетін пайдалану бойынша толық мәліметтер ұсынады.

3. Мұғалімдердің оқу курсы 3 жұмыс күнін құрайды, әрқайсысы күніне 4 сабақтан 2 сағат уақытты құрайды, әр сабақтың құрылымы Бағдарламадағы курстың қосымшасының оқу жоспарына сәйкес келеді.

**2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарлама мақсаты: орта жалпы білім беретін мектептердің информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру, робототехника мен автоматикалық техникалық құралдар саласындағы жоғары білікті мамандар мен тұтас тұлғаның өзіндік дамуына бағытталған білім беру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, құрылымы, мазмұнын білуді қамтамасыз ету;

2) мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық, жобалық зерттеу және құрастыру дағдыларын дамытуға көмектесетін педагогикалық әдіс-тәсілдермен таныстыру.

6. Оқу нәтижелері:

1) мұғалімдер курстың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымын, мазмұнын білуі және түсінуі;

2) оқушылардың шығармашылық, жобалық зерттеу және құрастыру дағдыларын дамытуға көмектесетін педагогикалық әдіс - тәсілдерді біледі және түсінеді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені:

1) информатика пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы;

2) мұғалімге арналған нұсқаулық;

3) үлестірме материалдардан тұрады.

8. Бағдарлама 4 негізгі бөлімдерінен тұрады:

1) нормативтік-құқықтық модуль курс тыңдаушыларына орта жалпы білім берудің жаңартылған нормативті құқықтық базасының жаңартылу мәселелерін, жаңа ұрпаққа арналған бағдармалардың даму тетіктерін ашады;

2) психологиялық-педагогикалық модуль робототехниканы оқыту, ғылыми-техникалық шығармашылықтың даму жағдайында оқушылардың психологиялық-педагогикалық жұмысының ерекшеліктерімен танысуды көздейді;

3) теориялық-технологиялық модуль "Робототехника" ұғымының мағынасын ашу, жалпы білім беру процессінде роботтармен жұмыс жасаудың тәжірибесі мен механизмдердің бірігуін, робототехниканың әдістемелік тәжірибесін тарату, оқу-әдістемелік материалдарының рәсімдеуін көздейді;

4) практика - бағдарланған модуль микроконтроллерлердің функциялары мен құрылыстарының үздік практикасын, робототехниканың негізгі педагогикалық технологияларын ашады, роботтарды жинау әдістері мен жылжымалы платформаларға арналған программалық қамтамасыз ету жазбаларын, осы бағытта педагогикалық кадрларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

9. Курстардың негізгі түрлері - лекциялар, семинарлар, практикумдар, шеберлік сыныптар.

10. Бағдарлама блоктық - модульдік түрінде негізделген. Бағдарламаның жалпы көлемі - 24 академиялық сағат.

11. Сабақтар лекция және тәжірибе түрінде, ағылшын тілінде өткізіледі, өзіндік жұмыс пен білім беру ұйымдарындағы теориялық және тәжірибелік жұмыстарымен танысуды қамтамасыз етеді.

"Ротот техникасын іске асыру жағдайында IT-технологиялар бойынша теориялық және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу жоспары

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Түрлері	
			лекция	тәжірибе
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	5	3	2
	1. Білім беру робототехникасына кіріспе	2	1	0
	2. Оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылық (робототехника) бағдармаларын жүзеге асыратын ұйымдардың нормативтік-құқықтық қызметін реттеу	2	1	0
	3. Роботтармен жұмыс жасаудың әдістемелік негіздерін ұйымдастыру	1	1	2
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль	2	2	0
	1. Білім беру процесінің сапасын арттырудағы психологиялық-педагогикалық негіздер	0	0	0
	2. Роботтар мен робототехника арқылы психологиялық-педагогикалық әдістермен оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулу	2	2	0
	3. Педагогикалық бағалау мен оқушылардың жас ерекшеліктері	0	0	0
3.	Теориялық-технологиялық модуль	12	3	7
	1. Білім беру жүйесіндегі педагог қызметіндегі инновациялар	1	1	0
	2. Өзіндік құрастыру және жылжитын роботтарды құрастырудың нұсқаулығы	2	1	1
	3. Робототехника жұмысын жүйелеудегі ақпараттық технологиялар	2	0	2
	4. Ультрадыбыстық сенсорды программалау және құру	2	0	1
	5. Сенсорға жанамалауды (түрту) программалау және құру	2	0	1
	6. Түстік сенсорды программалау және құру	1	0	1
	7. Робототехника жұмысы арқылы оқушылардың зерттеушілік құзіреттіліктерін қалыптастыру әдісі	2	1	1
4.	Тәжірибеге бағдарланған модуль	5	0	5
	1. Байқау "Робототехника бойынша жарыс үлгісі"	2	0	2
	2. Шеберлік сынып: "LEGO MiniSumo роботын (сайысу бойынша жарыс категориясы, екі робот бір-бірін қақпайлап кілем, немесе дөңгелектен шығаруға тырысады) программалау және әзірлеу"	2	0	2
	3. Байқау: "Lego MiniSumo (сайысу бойынша жарыс категориясы, екі робот бір-бірін қақпайлап кілем, немесе дөңгелектен шығаруға тырысады) бойынша жарыс"	1	0	1

Ескерту: 1 академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минут.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 33-қосымша

**"Биоақпараттану және синергетика" технологиясы: сабақтың сапасын басқару" жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 33-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ереже**

1. "Биоақпараттану және синергетика" технологиясы: сабақтың сапасын басқару" жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктіліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептің пән мұғалімдерін және басшыларын оқытуға арналған.

2. Бағдарламаның мазмұны Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның (бұдан әрі - ИСО) 9000-ші заманауи сапа менеджменті стандарттарының талаптары негізінде құрастырылған және оқушы жұмысының сапалы қызметін, оны жасау және ұйымдастыруды немесе мектептің 70% оқушылары қатысатын оқушылардың өзін-өзі басқаруын қамтыйды.

**2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

3. Бағдарламаның мақсаты: "Биоақпараттану және синергетика" технологиясымен жұмыс жасау үшін әзірленген он бір технологиялық карталар негізінде сапаны басқару технологиясына жалпы білім беретін мектептің мұғалімдерін оқыту.

4. Технологиялық карталар – мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекетінің құралы, сабақты басқарудың, оқу үрдісін стандарттау және реттеудің басты әдістері болып табылады.

5. Бағдарламаның міндеттері:



1) "Биоақпараттану және синергетика" технологиясының жалпы қағидалары туралы түсінік қалыптастыру;

2) "Биоақпараттану және синергетика" технологиясымен әзірленген он бір технологиялық карталар негізінде жалпы білім беретін мектептің сапасын басқару технологиясы туралы білім беру;

3) мәселені ойлау білігін қалыптастыру, мәселенің міндеттерін, жағдайларын тұжырымдау;

4) кәсіби өзіндік талдау, өзін-өзі бағалау білігін қалыптастыру;

5) оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттіліктерін қалыптастыру.

6. Оқыту нәтижесі:

1) оқушылардың ойлау жылдамдығын, есте сақтау қабілетін, сөздік қорын, оқушылардың көшбасшылық сапасын дамытатын "Биоақпараттану және синергетика" технологиясының тұжырымдамалық негіздерін білуі және түсінуі;

2) оқушылардың күрделі мәселелерін түсіну, қою және шешу, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын көтермелеу, оқушылардың зияткерлік қабілетін кеңейтуге бағытталған оқу үдерісінің жаңа тәсілдерін білу;

3) жаңартылған білім мазмұнына сәйкес білім беру процесін жобалау, мектепте технологиялық карталарды қолдана білу;

4) мектепте білім беру процесін ұйымдастыру сапасын бағалау және диагностикалау, мониторингті өткізу процесін дамыту дағдысын меңгеру;

5) "Биоақпараттану және синергетика" технологиясының негізінде оқушылардың оқу жетістігін бағалау жүйесін жетілдіру дағдыларын маңгеру.

### **3-тарау. Бағдарлама құрылымы және мазмұны**

7. Бағдарлама 11 технологиялық картадан тұрады:

1) "Алгоритм";

2) "Биоинтернет";

3) "Жаттықтырғыш";

4) "Логика";

5) "Көшбасшы";

6) "Күншуақ, түймедақ, самал жел (бұдан әрі – КТС)";

7) "Ауызша сабақ - 1";

8) "Ауызша сабақ - 2";

9) "Ауызша сабақ - 3";

10) "Ауызша сабақ - 4";

11) "Әмбебап сабағы".

8. Технологиялық карталардың мақсаты мен міндеттері оқу үдерісінің макроқұрылымдық саласында негізгі оқу сабақтарының типтері бойынша 5 педагогикалық түсініктермен сипатталған. Кіріспе оқу сабағы:

- 1) мотивация;
- 2) меңгерілетін тақырыптың бейнесін елестету;
- 3) тәжірибелік және әлеуметік маңыздылығын ұғыну;
- 4) ойтолғау.

9. 1-тип. Сабақты оқыту және жаңа тақырыпты алғашқы бекіту төмендегі логикаға сәйкес орындалады:

- 1) мотивация;
- 2) оқушылардың субъективті тәжірибесін өзектендіру;
- 3) қабылдауды ұйымдастыру;
- 4) түсінуді ұйымдастыру;
- 5) ойтолғау.

10. 2-тип. Сабақтағы білімді бекіту және іс-әрекет амалдары төмендегідей:

- 1) мотивация;
- 2) жетекші білімдерді және іс-әрекет амалдарын өзектендіру;
- 3) стандартты және өзгермелі жағдайда білімді қолдану үлгілерін құрастыру;
- 4) білімді өз бетінше қолдану;
- 5) бақылау және өзін-өзі бақылау;
- 6) түзету;
- 7) ойтолғау.

11. 3-тип. Сабақта білімдерді және іс әрекет амалдарын кешенді қолдану төмендегі логика бойынша орындалады:

- 1) мотивация;
- 2) білімді және іс-әрекет амалдарын кешенді өзектендіру;
- 3) жаңа және қалыпты жағдайда білімді өз бетінше қолдану;
- 4) өзін-өзі бақылау және бақылау;
- 5) түзету;
- 6) ойтолғау.

12. 4-тип. Білімдерді және іс-әрекет амалдарын жүйелеу және қорытындылау бойынша оқу сабағы:

- 1) мотивация;
- 2) оқу материалын талдау;
- 3) оқу материалындағы негізгі нәрсені белгілеу;
- 4) қорытындылау және жүйелеу;
- 5) пәнішілік және пән аралық байланыс орнату;
- 6) ойтолғау.

13. 5-тип. Іс-әрекет амалдары және білімді түзету, бағалау бойынша оқу сабағы:

- 1) мотивация;
- 2) тапсырманы өз бетінше орындау;
- 3) өзін-өзі бақылау;
- 4) бақылау;
- 5) талдау;
- 6) бағалау;
- 7) түзету;
- 8) ойтолғау.

14. "Алгоритм" технологиялық картасында оқушылардың көпшілігінің жаңа тақырыпты сапалы меңгеруіне жету жолдары қарастырылады. Білім, білік, дағды бойынша (бұдан әрі – ББД) қарыз тапсырмалардың деңгейін анықтау, тақырыпты түсіндірудегі кемшіліктерді анықтау және жою, пәнді сапалы меңгеру үшін, табысты адамның көрсеткіші ретінде қызығушылығын тудыру, ынталандыру зерттеледі. "Алгоритм" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

15. "Биоинтернет" технологиялық картасында сөйлеу арқылы оқушылардың 63%-і өткен тақырып бойынша білім мен біліктілігін нақты бекіту көрсетілген. Балаларды бірыңғай ақпараттық кеңістікте кіріктіру – ұжымдық сана. "Оқы да тоқы" ұстанымын жүзеге асыра отырып сабақта оқушылардың жұмысын ұйымдастыру. "Биоинтернет" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

16. "Жаттықтырғыш" технологиялық картасында мынадай сұрақтар қарастырылған: оқыған тақырып бойынша оқушының меңгеру және білім, білік және дағдылары беріктігінің сапасын талаптардың 63% нормативіне жеткізу. "Жаттықтырғыш" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

17. "Логика" технологиялық картасында төмендегідей мәселедегі практикалық тапсырмалар орындалады: оқытылатын пәнді үштік топпен жұмыс істеу есебінен оқу материалын сапалы меңгертуде нормативті деңгейге жеткізу, сыни және логикалық ойлауды дамыту. "Логика" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 4-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

18. "Көшбасшы" технологиялық картасында менеджерлік құзыреттікті дамыту қарастырылады: жоспарлау, топта жұмыс жасау, қойылған мақсатқа жете білу. Ол табысқа жеткен тұлға көрсеткіші сияқты, пәнді сапалы түрде меңгеруге ынталандыру және қызығушылық таныту, қиын жағдайларда өзін тұрақты ұстауға және бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытылған.

"Көшбасшы" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 5-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

19. "КТС" технологиялық картасында оқытылатын тақырыптың оқыту сапасын нормативті көрсеткішіне жеткізу, оқушылардың үш деңгейлі күрделеліктегі ұқсас тақырыптары мен толық тарау бойынша өз бетінше оқу тапсырмаларын құрастыру дағдыларын бекіту, ізденіс іс-әрекеттерін дамыту, оқыту сапасының қорытынды мониторингі қарастырылады.

"КТС" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 6-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

20. "Ауызша сабақ - 1" технологиялық картасында сабақта норматив талабына сай оқушылардың оқу материалын 63% меңгеруіндегі логикалық және сыни тұрғыдан ойлау шапшаңдығын, сөздік қорын, ақпараттық құзыреттілігін дамыту қарастырылады. "Ауызша сабақ - 1" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 7-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

21. "Ауызша сабақ - 2" технологиялық картасында төмендегілер қарастырылады:

оқушылардың өз бетінше ізденіс - шығармашылық жұмыс арқылы 63% оқу материалын меңгеруі;

өз еңбегінің нәтижесіне қарай балалардың тұрақты жағымды мотивациясын және рефлексияны қалыптастыру;

жылдамдықты арттыру, сапаны және оқу техникасының көлемін, ойлау жылдамдығын, есте сақтау, назар аударуды дамыту.

"Ауызша сабақ - 2" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 8-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

22. "Ауызша сабақ - 3" технологиялық картасында оқытылатын пәнді үштік топпен жұмыс істеу есебінен оқу материалын сапалы меңгертуде нормативті деңгейге жеткізу, сыни, логикалық және шығармашылық ойлауды дамыту беріледі. "Ауызша сабақ - 3" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 9-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

23. "Ауызша сабақ - 4" технологиялық картасында оқытылатын тақырып бойынша сапаның нормативтік көрсеткішіне жету, ақпараттық құзыреттілікті дамыту, оқушылардың дедукция және индукция, зейін, қабылдау, есте сақтау сияқты негізгі ойлау қабілеттерінің түрлерін қалыптастыру және жаттықтыру, ауызша және жазбаша тілдің сапасы мен жылдамдық техникасын дамыту беріледі.

24. "Әмбебап сабағы" технологиялық картасында келесідей практикалық тапсырмалар орындалады:

оқытылатын тақырып бойынша сапаның нормативтік көрсеткішіне жету;

мұғалімнің пәндік және педагогикалық құзыреттілігінің өсуі және оның шығармашылық әлуетінің жүзеге асуы;

оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыру үшін технологиялық карта формаларының әртүрлілігін дамыту.

"Әмбебап сабағы" картасы бойынша жұмыс тәртібі мен құрылымы бағдарламаның 10-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

25. Білім беру процесі Бағдарламаның 12-қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

26. Білім беру процесін ұйымдастыруда оқытушылардың білімдерін бағалау мен бақылау мақсатында өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, сабақты презентациялау және қорытынды тестілеу өткізіледі.

27. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары:

1) технологиялық карта бойынша сабақ құрастыру;

2) оқытудың инновациялық технологияларын қолданып сабақтың технологиялық картасының жобасын құрастыру;

3) бағалау критерийлерімен деңгейлік тапсырмалар тізбегін құрастыру.

#### **4-тарау. Білім беру процесін жүзеге асыру формалары мен әдістері**

28. Білім беру үдерісі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірталас, "миға шабуыл", іскерлік ойындар, тренингтер, жоба әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау және т.б.

29. Ересектер аудиториясының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту барысында оқытушыларға қисынды қорытындылар жасауға, мазмұнды өз практикасына бейімдеуге және алған біліктерін аудиториялық практикалық сабақтар және аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жағдайында сыннан өткізуге мүмкіндік беріледі.

30. Білім беру процесі аудиториялық сабақтар және өзіндік жұмыстарды жүргізуден тұрады. Бағдарламаның біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағытталуы қазіргі білімдік технологиялар және интербелсенді оқыту формаларын: шағын топтарда жұмыс істеу, оқыту ойындары, кері байланыс; мәселелерді, күрделі сұрақтарды талқылау және пікірталас; шеберлік-сынып; " дөңгелек үстел" арқылы қол жеткізетін әрекеттік амалды білдіреді.

#### **5-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау көрсеткіштері**

31. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау критерийлері мен бағдарламаны меңгеру өлшемдері жасалады.

32. Өзіндік жұмысты жүргізу үшін келесі критерийлер айқындалады:

- 1) жүзеге асырылмаған - 0 балл;
- 2) ішінара жүзеге асырылған - 1 балл;
- 3) толық жүзеге асырылған - 2 балл.

33. Білімді меңгеру деңгейін анықтауға келесідей өлшемдер қолданылады:

- 1) оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруі;
- 2) практикалық тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімді пайдалануы;
- 3) материалдың практикалық мәнділігі;
- 4) мәселені баяндауының негізделуі, толықтығы, анықтығы;
- 5) талаптарға сәйкес рәсімделуі.

34. Курс тыңдаушылары сабақты презентациялау кезінде сабақтың, шараның түрлі кезеңдерін жоспарлау және білім мазмұнын жаңартуды есепке алып оқыту бойынша үзінді көрсетеді.

35. Курс тыңдаушылары сабақтарды, шағын іс-шараны презентациялауы үшін келесідей критерийлер анықталған:

- 1) дағдылардың қалыптасу деңгейі - 0 балл, осы сабақта қолдануға келмейді;
- 2) 1 балл – дағдыланған;
- 3) 2 балл – дағды дамуда;
- 4) 3 балл – дағды қалыптасқан

37. Сабақты презентациялау кезінде білімді меңгеру деңгейін бағалауға төмендегі өлшемдер алынған:

- 1) ақпаратты түсінікті жеткізуі;
- 2) нұсқауды анық және дәл беруі;
- 3) қатысушылардың түсінгендерін анықтай алуы;
- 4) аудиторияның қызығушылығын тұрақты ұстауы;
- 5) ұйымдастырылған шараның уақытын тиімді басқара алуы;
- 6) кері байланыстың нәтижелілігі;
- 7) өзара сыйластық, ынтымақтастық және қолдау климатын жасауы;
- 8) шараның мақсатын қоюы және күтілетін нәтижені белгілеуі;
- 9) шараны ұйымдастыруда белсенді стратегиялар мен жаттығуларды ретімен және нәтижелі қолдануы;
- 10) қатысушылардың сұрақтарына жауап беруі, мәселелер мен келіспеушіліктердің шешімін табуы;
- 11) ашық сұрақтарды қолдануы;

12) талқылауды/тапсырмаларды орындауды нәтижелі аяқтауы және оқытудың кезеңдері арасында байланыс орнатуы;

- 13) ойлануға және өзін-өзі бағалауға жеткілікті уақыт беруі.

"

жалпы білім беретін мектептердің  
педагог кадрларының біліктіліктілігін  
арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасына 1-қосымша

## "Алгоритм" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	Ұйымдастыру кезеңі	Карта бойынша жұмыс істеу тәртібі түсіндіріледі. Сыныптық топ ретінде оқушылардың мотивациясы: күнтізбелік жоспар бойынша тақырыптардың уақыты көрсетіледі. Сыныптық топ оны максималды қысқа уақыт аралығында жоғары нәтижемен үш карта бойынша өтуі қажет. Мұғалім тақырыптарды оқыту барысында үш карта бойынша уақытты үнемдеуді болжауды және "Логика", "Көшбасшы", "КТС" карталарының жұмыс жүргізуге мүмкіндігін береді.	Тақтаның жоғарғы оң жағына 63% нормасының с а н ы қойылады "Егер-онда" сызбасы
1-цикл			
2	Оқушылардың субъективті тәжірибесін өзектендіру"	Оқу әрекетінің жалпылама әдістері (бұдан әрі – ОӘЖӘ) сызбасы бойынша бірінші түсіндіру. Сызбалар әр партада болуы қажет. Мұғалім ОӘЖӘ әрбір элементі бойынша тақырыпты түсіндіреді.	Түсіндіру уақыты В1.
3	Қабылдауды ұйымдастыру	Тапсырмаларды орындау. Оқушылар бірдей бір шапалақ ұрады, "Байқау" сөзін дәптерлеріне жазады және тапсырманы орындауға кіріседі. Мұғалім сынып ішін аралап жүріп, бірінші түсіндіруден соң сыныптың оқу материалын меңгеру дәрежесін анықтайды.	Үш тапсырма: ткш – акш – жкш Жұмыстың аяқталуы 5+30
4	Түсінуді ұйымдастыру Ойтолғау	Жұмыс аяқталғаннан соң оқушылар дәптерлерін алмастырады, "Қолдағы қаламсап – бұл қателік" бұйрығы беріледі. Тапсырмалардың орындалуын кезеңмен тексеру. Әр бір деңгейде орындалу сапасы жеке анықталады. Егер сынып "жоғарғы күрделілік шегі" (бұдан әрі – ЖКШ) бойынша 63% нормаға жетсе және норманы орындаса онда төмендегі технологиялық картаның сипаттамасын қарау керек: 1. Жылдамдық – баяу орындайтын оқушылар сыныптың дағдысы мен біліктік деңгейін көрсетеді. 2. Зейін -ұқыпсыз балалар сыныптың ұйымдасу деңгейін көрсетеді. 3. Есеп – есептегі қателер базалық білім деңгейін көрсетеді. 4. Тақырып – қателерді іздеу және өткен тақырып бойынша меңгерілмеген білімдердің тізімі анықталады.	Тақтада төмендегідей жазу болады "Байқау":ткш; акш;жкш.
2-цикл			
5	Бекіту. Оқушылардың субъективті тәжірибесін өзектендіру	Мұғалім тақырыпты сұрайды және өзінің ойы бойынша оқушылардың көп қателіктер жіберген жерлерінен бастап ОӘЖӘ сызбасы бойынша қайта түсіндіреді, оқушылардың бұрын меңгермеген, тіпті бұл тақырып өткен жылғы болса да тақырыптың мазмұнын түсіндіреді.	Түсіндіру уақыты В2
6		Тапсырманы орындау. Тапсырма "Егер - онда" сызбасы бойынша алынады. Оқушылар дәптерлеріне "Бекіту" сөзін жазады, екі бірдей шапалақ ұрады және тапсырманы орындауға кіріседі. Мұғалім сынып	Үш тапсырма: "Егер-онда"

	Қабылдау ұйымдастыру	ішін аралап жүріп, бірінші түсіндіруден соң оқу материалының меңгеру дәрежесін талдайды, өзінің түсіндіру кезіндегі және оқушылардың тақырыпты меңгеру кезіндегі жіберген қателерін іздейді.	сызбасы бойынша..
7	Түсіндіруді ұйымдастыру. Ойтолғау	Жұмыс аяқталғаннан соң оқушылар дәптерлерін алмастырады, "Қолдағы қаламсап- бұл қателік" командасы беріледі. Тапсырмалардың орындалу сапасын кезеңмен тексеру. Орындау сапасы әрдеңгейде жеке анықталады. Тағыда кестеге деректер енгізіледі: жылдамдық, есеп, зейін, тақырып және оқушыларды сұрау, толық талдау жасалады.	Жұмыстың аяқталу уақыты В2 белгіленеді Тақтада мынадай жазу болады: "Бекіту": ткш; акш; жкш.
3-цикл			
8	Есте сақтау. Оқушылардың субъективті тәжірибесін өзектендіру.	Мұғалім сыныптың тақырыпты түсіну деңгейін анықтайды және өзінің ойы бойынша оқушылардың көп қателіктер жіберген кезеңінен бастап ОӘЖА сызбасы бойынша қайта түсіндіре.	Түсіндіру уақыты В3
9	Қабылдауды ұйымдастыру	Тапсырманы орындау. "Егер-онда" сызбасы бойынша тапсырмалар іріктеледі. Оқушылар "Есте сақтау" сөзін жазады және бірдей үш рет шапалақ ұрады, жұмысты орындауға кіріседі. Мұғалім сынып үшін аралап жүріп, өткен кезеңдердегі анықталған негізгі көрсеткіштерді талдайды.	Үш тапсырма: "Егер-онда" сызбасы бойынша.
10	Түсінуді ұйымдастыру	Жұмыс аяқталғаннан соң оқушылар дәптерлерін алмастырады, "Қолдағы қаламсап – бұл қателік" бұйрығы беріледі. Тапсырмалардың орындалуын кезеңмен тексеру. Тағыда кестеге деректер енгізіледі: жылдамдық, есеп, зейін, тақырып және оқушылар сұралады, толық талдау жасалады.	Жұмыстың аяқталу уақыты В2 белгіленеді
11	Ойтолғау	1. Сыныпқа байланысты ОӘЖА сызбасы мен материалды меңгеру деңгейі анықталады. Осы тақырып бойынша жұмыс уақытының болжамы беріледі. 2. Егер де сол күні "Биоинтернет" картасы бойынша сабақ жоқ болса, онда үйге тапсырма беріледі: ОӘЖА сызбасы бойынша өз іс-әрекеттерін қысқаша айтып беру және тапсырмаларды шеше білу білігі. 3. Мұғалім тағы тақырыпты аяқтау уақыттын болжау және "Логика", Көшбасшы", "КТС" карталарындағы жұмыс түрлерінің мүмкіндігін айтады. Мұғалім "Егер-онда" сызбасы негізінде ары қарай жұмыс жүргізу стратегиясын анықтайды.	Үйге берілген тапсырма саны 10-нан кем болмауы тиіс. Тапсырманы оқулықтан беруге болады.

### "Егер-онда" күрделілігі үш деңгейлі тапсырманы іріктеу сызбасы.

		Алынған нәтиже			Тапсырмаларды іріктеу			
1	Егер	ТКШ 63%	АКШ 63%	ЖКШ 63%	1 - онда	ТКШ	ТКШ	АКШ
2	Егер	ТКШ 63%	АКШ 63%	ЖКШ 63%	2 - онда	АКШ	АКШ	ЖКШ
3	Егер	АКШ 63%	АКШ 63%	ЖКШ 63%	3 - онда			
							Тапсырманы өзгертпей қайталау.	



4	Егер	АКШ 63%	АКШ 63%	ЖКШ 63%	4 - онда	
5	Егер	ТКШ 63%	АКШ 63%	ЖКШ 63%	5 - онда	Екі нұсқа бойынша бақылау жұмысы.
6	Егер	ТКШ 63%	ТКШ 63%	АКШ 63%	6 - онда	Тапсырманы өзгертпей қайталау.
7	Егер	ТКШ 63%	ТКШ 63%	АКШ 63%	7 - онда	
8	Егер	ТКШ 63%	АКШ 63%	ЖКШ 63%	8 - онда	Тапсырмадағы қате. Басқасын таңдау. Түзету, әзірлеушілерге баяндау.

"Биоакпараттану және синергетика"  
технологиясы: сабақтың сапасын басқару  
"

жалпы білім беретін мектептердің  
педагог кадрларының біліктіліктілігін  
арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасына 2-қосымша

## Биоинтернет" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	Ұйымдастыру кезеңі. Мотивация.	1. Сыныптық топ "Биоинтернет" және "Жаттықтырғыш" карталары бойынша максималды қысқа уақыт аралығында жоғары нәтижемен өтуі қажет. Мұғалім тақырыптарды оқыту уақытын болжау және "Логика", "Көшбасшы", "Күншуақ, түймедақ, самал жел" (әрі қарай – "КТС") карталарындағы жұмыс түрлерінің мүмкіндігін айтады. "Биоинтернет" картасы бойынша оқушылардың жұмыс жүргізу мотивациясы: 2. Терезенің сыртында сиқырлы өмір, өмірде табысты болу үшін сабақта табысты болу керек. 3. Шешті + түсіндіре білді = менгерді. 4. Топтық рух: сенің басқаларға көмектесе отырып өзіңе көмектесу мүмкіндігің бар. 5. Бір нәрсе үйренгің келеме – оқыт.	Тақтаның жоғарғы оң жағына 63% нормасының саны қойылады "Егер-онда" сызбасы бойынша алынады. "Орнаына отырғызу Матрицасы" (әрі қарай – "ООМ") бойынша жұмыс барысын түсіндіру. Ойлау қабілетінің дамуына, табысты болуға ынталандыру.
2	Жетекші Білімдерді және іс-әрекет амалдарын өзектендіру	Егер "Алгоритм" картасы бойынша жұмыс жүргізілгенге 48 сағаттан артық уақыт өтсе, онда ОӘЖӘ бойынша қысқаша тақырыпты қайталауға рұқсат етіледі.	Қайталау ұзаққа созылмауы тиіс.
3	1-цикл. Стандартты және өзгермелі	Сынып екі нұсқа бойынша ТКШ – АКШ – ЖКШ үш тапсырма алады. Жұмыс аяқталғаннан соң оқушылар дәптерлерін алмастырады, "Қолдағы қаламсап – бұл қателік" бұйрығы беріледі. 1. Мұғалім тақтадан дұрыс жауаптарды көрсетеді. Барлық тапсырмаларды дұрыс орындаған балалар тақта алдына шығады және әр оқушыны мұғалім тексереді - бұлар "Альфа" тобы.	Жұмыстың аяқталуы 5+30 формуласы бойынша. Тапсырманы орындау бойынша сыныпты үш топқа бөлу.

	жағдайда білімді қолдану үлгілерін құрастыру	<p>2. Тақтаға екі тапсырманы дұрыс орындаған балалар шығады. Оларды "Альфа" тобындағы оқушылар тексереді.</p> <p>3. Бір тапсырманы немесе барлық тапсырманы дұрыс орындамаған оқушылар үшінші қатарға отырады, бұлар "Гамма" тобы, ал екі тапсырманы дұрыс орындаған, тексеруден өткен оқушылар екінші қатарға отырады – бұлар "Бета" тобы, "Альфа" тобының бірінші қатарға отырады.</p>	<p>А л ь ф а :</p> <p>ТКШ-АКШ-ЖКШ</p> <p>Бета: акш-ткш</p> <p>Гамма: ткш немесе барлық тапсырма дұрыс орындалмады.</p>
4	Білімді өз бетінше қолдану	<p>Мұғалім ООМ "Альфа" тобындағы оқушылардың санын белгілейді және ол "Альфа" тобының оқушылар санынан тренерлер командасын жинақтауды бастайды. Егер "Альфа" тобында 1 оқушы болса, сарапшылар тобын күшейту үшін "Бета" тобынан кезекпен қатемен жұмыс үшін тақтаға 5 оқушы шығады; егер 2 оқушы болса 4 оқушы шығарылады; 3 оқушы болса 3 оқушы шығарылады; 4 оқушы болса 2 оқушы шығарылады 5 және одан жоғары болса 1 оқушы шығарылады; ОӘЖА бойынша барлық шешімдер терминдер, түсініктер, ережелер және формулалар қатаң түрде қайталанып шығады. Мұғалім бүкіл сыныпқа сарапшы мен оқушы жұмысының үлгісін көрсетеді. Мұғалім барлық сарапшыларға және жаттықтырушыларға олардың оқушылармен жұмыс жасау ережесін көрсетеді.</p>	<p>Мұғалім эксперттерді дайындау жұмысының өзіндік стратегиясын құрады.</p> <p>Тақтаның алдында тек қана "Бета" тобының оқушылары жұмыс жүргізеді. Әр қайсысы тақта алдындағы жұмыстан кейін ООМ өзінің ұяшығына плюс алады және жаттықтырушы болу құқына ие болады. "Альфа" тобына ол кірмейді.</p>
5	Бақылау және өзін-өзі бақылау	<p>Мұғалім өзі ООМ белгі арқылы "Альфа" тобындағы сарапшы оқушыларға және Бета тобынан жіберілген жаттықтырушыларға қозғалу маршрутын көрсетеді. Ешбір оқушы жұмыссыз отырмайды, сарапшылар қасына келмеген жағдайда да өз бетімен ОӘЖА сызбасы бойынша ауызша айтып үйренеді. Мұғалім белгі бергеннен кейін балалар бір-бірімен жұмыс жасай бастайды. Мұғалім сарапшылар жұмыстарын бақылайды және жаттықтырушы келгенге дейін "Гамма" тобының оқушылары бір-бірімен жұмыс жасауын қадағалайды. Барлығы "Сарапшы жұмысы" сызбасы бойынша жұмыс жасайды.</p>	<p>Жұмыстың аяқталғаны ООМ ұяшықтарының толтырылуы бойынша анықталады.</p> <p>С ы н а қ тапсырғандар сарапшыларды есептемегенде 63%-дан кем болмауы тиіс.</p>
6	Түзету	<p>Жұмыс аяқталғаннан кейін мұғалім әрбір сарапшының және жаттықтырушының жұмысына ұқыпты талдау жасайды, олар оқушылардың қандай қателер жібергенін сауатты, нақты түсіндіруі керек. Сарапшылар жұмысының қателері мен жетістіктерін көріп отыру үшін оқушылардан сұрап отыру маңызды. Мұғалім сарапшылар жұмысы туралы өзінің көзқарасын да білдіріп отырады.</p>	<p>Мұғалімнің негізгі мақсаты "Биоинтернет" картасындағы өзінің көмекшілерін – сарапшыларды дайындау.</p>
7	Ойтолғау	<p>Сынып екі нұсқа бойынша ТКШ – АКШ – ЖКШ үш тапсырма алады. Жұмыс аяқталғаннан соң оқушылар дәптерлерін</p>	<p>5+30 уақыты тек қана "Бета" және "</p>

		алмастырмайды, "Қолдағы қаламсап – бұл қателік" бұйрығы беріледі.	Гамма" топтарына .
8	2-цикл.	Бақылау аяқталғаннан кейін, кезең толығымен қайталанады. Кезең саны шектелмейді. Егер 63%, нәтиже алынса "Жаттықтырғыш" картасына көшуге рұқсат етіледі.	Ең маңыздысы балалардың пәндік тілді сауатты меңгеруі.
9	Бағалау	Баға деңгей бойынша қойылады. Альфа – 5 ұпай; Бета -4 ұпай; Гамма–3 ұпай. Егер оқушы "Альфадан "Бетаға" көшсе және қайталанса ол "4" деген баға алады. Егер "Бетадан" "Гаммаға" көшсе және тағыда қайта орнына барса "3" деген баға алады.	Мұғалім көшбасшылардың ұмтылысын және сыныптық топтың жұмысының сапасын белгілеп отырады.
10	Үй тапсырмасы	"Альфа" тобына ЖКШ бойынша 10 тапсырмадан кем емес тапсырма беріледі. "Бета" тобына АКШ бойынша 10 тапсырмадан кем емес және 5 тапсырма ЖКШ бойынша. "Гамма" тобына 10 тапсырмадан кем емес ТКШ бойынша және 5 тапсырма АКШ бойынша. 6 сарапшы ЖКШ бойынша үйге 30 тапсырма алады, мұғалімге "Жаттықтырғыш" картасымен жұмыс жүргізуге көмекші болу үшін.	Мұғалім "Альфа" тобынан басқаларына "Бета" және "Гамма" тобының оқушыларының үй тапсырмасын орындалуын қадағалауды тапсырады.

"Биоакпараттану және синергетика"  
технологиясы: сабақтың сапасын басқару  
"

жалпы білім беретін мектептердің  
педагог кадрларының біліктіліктілігін  
арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасына 3-қосымша

## "Жаттықтырғыш" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	Ұйымдастыру кезеңі. Мотивация	Топта жұмыс істеу, жетістіктерге жету мотивациясы. Сарапшылар жұмысын түсіндіру. Мұғалім бір сарапшының жұмысын тексереді, олар қалған 5 сарапшының. Егер бәрі қалыпты болса, онда олар жұмыс жасауға жіберіледі. Егер сарапшының біреуі 30 тасырмадан 3 қате жіберген болса ол жұмысқа жіберілмейді, ол "Альфа" тобына көшеді және 10 тапсырманы дұрыс орындау керек. Содан кейін ол сарапшылар тобына жіберіледі. Оқушылардың ынтасы сыныптық топ ретінде. Күнгізбелік жоспар бойынша тақырыптың қалған уақыт көрсетіледі. Сыныптық топ осы карта бойынша максималды қысқа уақыт аралығында жоғары нәтижемен өтуі тиіс Мұғалім тақырыптарды аяқтау уақыты туралы болжау және "Логика", "Көшбасшы", "КТС" карталарындағы ойынның мүмкіндігі туралы мәлімет береді. Топты жандандыру үшін көшбасшыға сөз беріледі.	Тақтаның жоғарғы оң жағына 63% нормасының саны қойылады . Карта және ООМ бойынша жұмыс жүргізу тәртібі түсіндіріледі.
		"Биоинтернет" картасының бірінші кезеңіндегідей жұмыс басталады. Сынып екі нұсқа бойынша үш тапсырма алады ТКШ – АКШ – ЖКШ.	Жұмыстың аяқталуы 5+30

2	Білімді және іс-әрекет тәсілдерін кешенді өзектендіру	<p>Жұмыс аяқталған соң оқушылар дәптерлерімен алмаспайды.</p> <p>"Қолдағы қаламсап – бұл қателік" бұйрығы беріледі.</p> <p>1. Мұғалім барлық жауаптарды тақтадан көрсетеді. Тақтаға барлық тапсырмаларды дұрыс орындаған балалар шығады және әр оқушыны мұғалім тексереді - бұлар "Альфа" тобы.</p> <p>2. Тақтаға екі тапсырманы дұрыс орындаған балалар шығады. Оларды "Альфа" тобындағы оқушылар тексереді.</p> <p>3. "Альфа" тобындағы балалар бірінші нұсқа қатарына отырады.</p> <p>4. Екі тапсырманы дұрыс орындаған, тексеруден өткен балалар екінші нұсқа қатарына отырады, бұл "Бета" тобының балалары.</p> <p>5. Бір тапсырма немесе барлық тапсырмасы дұрыс орындамаған оқушылар үшінші қатарға отырады, бұлар "Гамма" тобы.</p>	<p>формуласы бойынша.</p> <p>Тапсырманы орындау бойынша сыныпты үш топқа бөлу.</p> <p>Альфа: ткш-акш-жкш</p> <p>Бета: акш-ткш</p> <p>Гамма: ткш</p>
3	Карта бойынша жұмысқа сыныпты орналасу ережесі	<p>"Альфа" тобы әр қатарда бірінші нұсқаны алады. "Альфа" тобының оқушылары әр партаға бір бірден отырады. "Бета" тобы әр қатарда екінші нұсқаның орнына отырады.</p> <p>"Гамма" тобы сыныптағы қалған орындарға ие болады. ООМ -ы сарапшылар өткізеді. Әрбір оқушының ұяшығына өзінің топбының символы қойылады.</p> <p>10 тапсырма тексерілгеннен кейін оқушы қай топқа көшсе ұйяшығына белгі және сол топтың символы қойылады.</p>	<p>Алты сарапшы екеуден әр қатарға бөлінеді.</p>
4	Жаңа және Қалыпты жағдайда білімді өз бетінше қолдану	<p>Барлық топтардың оқушылары өз күрделілік деңгейіне қарай 10 тапсырма алады. Оқушы тапсырманы орындаған сайын қол көтеріп отырады.</p>	<p>Оқушылардың дайындығына қарай жұмысты аяқтау.</p>
5	Бақылау және өзін-өзі бақылау	<p>Сарапшылар өз бетінше сабақ өткізіп тексереді, оқушыларды бір топтан екінші топқа ауыстырады және олардың қателерін талдайды, нәтиже бойынша шешім қабылдайды: егер қате болмаса немесе бір қате болса "Бета" немесе "Гамма" тобының балаларын жоғары топтарға ауыстырады, ал "Альфа" тобының оқушылары өз топтарында қалады. Егер бір қатеден көп болса "Гамма" тобының балалары өз топтарында қалады, ал "Бета" және "Альфа" тобының оқушылары бір деңгейге төмендейді.</p>	<p>Жіберу.</p> <p>10 тапсырмада бір қате рұсат етіледі.</p>
6	Ойтолғау	<p>Мұғалім сарапшылардың көмегімен қайталанатын қателерге көңіл аударады және оқушыларды бір топтан екінші топқа ауыстырып отырғызады.</p>	<p>Оқушылардың сарапшылардан көмек сұрауға құқы бар.</p>
7	Мотивация	<p>Мұғалім бүкіл сынып жұмысының тиімділігін анықтайды, кейбір оқушылардың жетістіктерін атап өтеді және оқушылардың жетістіктеріне қарай тақырыпты аяқтау мерзімін болжайды.</p>	
8	Бағалау	<p>"Альфа" тобы 5 деген баға алады, "Бета" 4 деген баға алады, "Гамма" 3 деген баға алады.</p>	
9	Келесі цикл	<p>Егер уақыт жетпесе, картамен жұмыс келесі сабаққа қалады немесе мұғалімнің қалауы бойынша топтардың тапсырмалары үйге берілуі де мүмкін.</p>	<p>Келесі цикл</p>
10	Түсіндіру	<p>Егер 63% оқушы жоғары күрделілік шегіндегі 30 тапсырманы әр қайсысы дұрыс орындаса, тақырып бойынша картамен жұмыс тоқтатылады.</p>	

## "Логика" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	Ұйымдастыру кезеңі. Мотивация.	Сынып өз бетінше үштікке бөлінеді. Әр үштікте үш рөл: "Тәжірибеші" - тапсырманың дұрыс орындалуына жауап береді; "Сыншы" - қатені табуға жауап береді; "Шабыттандырушы" - топтың сәтті жұмыс жасауына жауап береді. Әрбір үштікке өз аттарын қоюға бір минут уақыт беріледі. Оқушыларды топта ізденіс жұмысына ынталандыру. Мұғалім үштіктегі оқушының рөлін анықтамайды. Тақтаға сабақ кезінде үштіктің жұмыс нәтижелері ендіретін үш ұяшық салынады.	Карта бойынша жұмыс жүргізу тәртібі және ұпайларды бөлу ережесі түсіндіріледі. Егер бір үштік атын қоюға үлгермесе, мұғалім өзінің шешімі бойынша аталуын өзі таңдайды.
2	1-кезең. Оқу материалының мазмұнын талдау.	Мұғалімнің стратегияны таңдау деңгейінің ескере отырып сыныпқа бір тапсырма беріледі, егер: 1. "Логика" картасына көшу "Алгоритм" және "Биоинтернет" картасынан күрделі тапсырманы меңгеру үшін болса немесе өткен тақырыптар бойынша оқушылар тестілеуден өтсе, онда қысқаша түсіндіру жүргізіледі және бірінші кезеңде ТКШ деңгейіндегі тапсырма беріледі, ал екінші кезеңде АКШ, үшінші кезеңде ЖКШ. 2. Егер "Жаттықтырғыш" картасынан "Логика" картасына көшу тақырыпты ары қарай терең меңгеру үшін болса, онда берілетін тапсырма ЖКШ деңгейінен төмен болмау керек және мұғалімнің шешімі бойынша ары қарай күрделене береді. 3. Стандартты емес шешімдерді іздеу, топтық жұмыста нәтижеге жете білу біліктілігі маңызды.	Бірінші үштік бойынша орындау уақыты. Жұмыс кезінде шабыттандырушылар сынып ішінде жүріп, басқа топтармен сөйлесе алады, өз үштіктерінің шешімдерін іздеу үшін қарауларына да болады.
3	2-кезең. Оқу материалындағы негізгі нәрсені белгілеу.	Мұғалім тапсырманың дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін, тапсырманы дұрыс орындаған үштіктер тақтаға шығу құқығына ие болады және мини ООМ "Ұпайлар" бағанынан 3 ұпай алады. Ұпайлар оқушылардың ұяшықтарына теңдей бөлінеді, яғни 1 ұпайдан. Егер мұғалім тапсырманы орындалуында стандартты емес ерекше амал көрсе, онда ол үш ұпай емес, "Ұпайлар" бағанына алты ұпай қоюына құқы бар, ұпайлар оқушылардың ұяшықтарына теңдей бөлінеді, яғни 2 ұпайдан. Тапсырманы орындаған бірінші үштіктің ең тәуір емес оқушысы тақтаға шығып, түсіндіреді және шешу жолдарын жазады, Бұл "Логика" картасының негізгі міндетін - оқушыдан оқушыға білімді жеткізуді қамтамасыз етуге қажет. Егер тапсырма шешілсе, бірақ барлық үштіктің мүшелері меңгермесе үштіктің жұмысы жеткіліксіз.	Бірінші үштік өзінің ұяшығына жұмысты аяқтағаны үшін 3 ұпай алады. Түсіндіруді аяқтаған үштік 5 ұпай алады.

4	3-кезең. Қорытындылау және жүйелеу.	<p>"Миға шабуыл" әдісі бойынша бәсекелестік күресте сыныптағы барлық үштіктер тақтада жұмыс жасап тұрған оқушыға сұрақ қояды.</p> <p>Әрбір үштіктің міндеті: төмендегідей жолмен барынша көбірек ұпай алу: тапсырманы тез және дұрыс шешу немесе сұрақтар мен жауаптарға барынша көбірек ұпай алу, тақтаға шығу үшін күрес, өйткені ол жерде ең көп ұпай санын алуға болады.</p> <p>Миға шабуыл жұмыс кезіндегі жұмыс ережесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тақтада жұмыс жасап тұрған оқушы әр сәтті жауабы үшін өзі және үштігі үшін 1 ұпай алады, бірақ егер ол үш рет жауап бермесе кетеді, мұғалімнің қалауы бойынша тақтаға басқа үштік шақырылады.</li> <li>Тақтада жұмыс жасап тұрған оқушының алған барлық ұпайлары үштікке тең бөлінеді. Егер оқушы бір немесе екі рет жауап берсе, одан кейін үш рет жауап бере алмаса және тақтадан кетсе оның барлық ұпайлары оның адамдарына тең бөлінеді.</li> <li>2. Сұрақ қойған оқушы жауап алмаса, өзі жауап береді, ондай жағдайда ол 2 ұпай алады. Егер ол сұрақтың жауабын білмесе, біліміндегі олқылығы үшін үйге тапсырма алады</li> <li>3. Егер сұрақ беретін және жауап беретін оқушылардың ешқайсысы сұрақтарға жауап бере алмаса, жауап беру құқығы үшеуінде беріледі және жауап берген оқушы 2 ұпай алады.</li> <li>4. Егер сұрақтардың жауабын ешқайсысы білмесе, мұғалім оның мазмұнын өзі ашады және үй тапсырмасын кейін оқушылар орындауға беру үшін тақтаға берешек қарыздардың тізіміне ілдіреді.</li> <li>5. Үштіктегі "Ең мықты емес оқушы" өзінің түсіндіруін қорғап, аяқтай алса, 9 ұпай алады. "Ұпайлар" деген бағанға және үштіктердің ұяшықтарына тең бөлініп қойылады. Сұрақтар мен жауаптарға алынған ұпайлар ООМ бойынша нақты оқушының ұяшықтарына қойылады.</li> </ol> <p>Ұпайлар мен жауаптар саны шектелмейді. Сұрақтар қатаң түрде тақырып бойынша қойылуы керек.</p>	Барлық бұрын оқылған тақырыптардағы оқушылардың біліміндегі олқылықтары тақтаға жазылып, нөмірленеді, ары қарай оқу үшін үйге тапсырма ретінде немесе басқада жұмыстарға.
5	4-кезең. Пәнішілік және пәнаралық байланыс орнату.	<p>Мұғалім тақтада жұмыс жасап тұрған оқушыны бақылайды және бағыттайды орнына қайтарады, егер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қатесі табылса және түзетілмесе;</li> <li>2) оқушының түсіндіруі тақырып ережесінің негізінде сауатты пәндік тіл талабына және түсініктеріне сай келмесе.</li> </ol> <p>Үштіктер жүйелі түрде талапты бұзып отырса, онда мұғалім бір рет болса 1 ұпай және 3 ұпайдан ұпайын азайтып отыруына құқы бар, мына жағдайларда:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3) айтылған сұрақтарды қайталағаны үшін және үштіктердің қойылған сұрақтарды естімегені үшін немесе басқада кейбір себептерге байланысты</li> <li>4) пікір алмасу кезінде шулап, бір біріне агрессия танытып жатса.</li> </ol>	Мұғалім сабақтың модераторы болып келеді, өзінің негізгі міндетін оқушылардың қателерін іздеп, сыныптағы оқушыларды шығармашылық ойлауға жетелеу, бір біріне құрметпен қарау кеңістігін құру деп біледі.
		<p>Үш ұпайлық жүйемен барлық үштіктерге сыншылар сауалнамасы өткізіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Кемшіліктерге ақталу, мысалы: біз жақсымыз, тек қана осы жолы сәтті болмады – 1 ұпай;</li> </ol>	

6	5-кезең. Ойтолғау	2) Себептерді толық ашпай, үсті талдау, мысалы: біз нашар жұмыс жасадық, бірақ жөнделеміз – 2 ұпай; 3. Жіберілген қателердің негізгі себептерін түсіне отырып талдау жасау, мысалы: біз қате жібердік өйткені қандай да бір ережені білмедік – 3 ұпай.	Егер "Сыншы" 1 және 2 балл алса, онда олар оның серіктері бөлінеді.
7	Ұйымдастыру кезеңі	Үштікті "Альфа" тобына ауыстыру ережесі: 1) тапсырманы бірінші орындаған үштік тақта алдында қорғай алмады; 2) тақта алдында тапсырманы қорғай алған үштік; "Бета" тобына үштіктерді ауыстыру ережесі: "Альфа" тобынан егер осы кезеңде үштік 5 ұпайдан кем ұпай алса; "Гамма" тобынан егер осы кезеңде 5 ұпайдан артық алса. Қалған оқушылар "Гамма" тобында қалады. Кезеңнің аяқталуы, келесіге көшу. Бұндай сызбамен кем дегенде 3 кезең өтіледі, кезеңдердің одан көп болуына тыйым салынбайды, тек қана ұяшықтардың әр кезеңнің санына қарай көлемі өседі. Әр кезеңде үштіктердің ұпайлары саналады және қорытындысында ойынның жеңімпазы анықталады.	Ойындағы жеңімпаз келесі ойында мұғалімнен ұпайларды іріктемей бір кеңес алуға құқы бар.
8	Бағалар	Сабақта журналға баға қою, ойын үшін бонустарды бөлу, бұл картада келесі ережелер бойынша жүреді: 5 деген баға – ұпай саны 7 және одан жоғары болса; 4 деген баға – ұпай саны 4 тен – 6 ұпайға дейін; 3 деген баға – ұпай саны 1 – 3 дейін; Егер оқушы ұпай ала алмаса баға қойылмайды. Егер оқушы стандартты емес шығармашылық шешім бере алса, кез келген оқушыға, кез келген кезеңде үштіктердің жетістіктеріне қарамастан мұғалім журналға 5 ұпай қоя алады. I орынды алған үштік 3 рет мұғалімнің көмегін пайдалана алады, бір реттен әр кезеңде осы карта бойынша, шартты түрде егер үштіктер құрамы өзгермесе. II орынды алған үштік мұғалімінің екі көмегін пайдалана алады, өзінің таңдауы бойынша келесі бір сабақтың екі кезеңінің бірінде осы карта бойынша, шартты түрде егер үштіктер құрамы өзгермесе. III орынды алған үштік мұғалімінің бір көмегін пайдалана алады, өзінің таңдауы бойынша келесі бір сабақтың үш кезеңінің бірінде, осы карта бойынша, шартты түрде егер үштіктер құрамы өзгермесе.	Сапа нормативі карта бойынша орындалды деп есептелінеді, егер 63% оқушы "Альфа" тобында болса және алгебра, геометрия, физика және химиядан 5 деген баға болса, ал 4 -5 деген баға басқа пәндерден болса. Бірінші орын алған үштіктер анықталады.
9	Үй тапсырмасы	Олқылықтар жіберілген және төмен білім деңгей көрсетілген тақырыптар санына қарай үштіктерге үйге тапсырма беріледі.	Топтық жұмыстың қорытындысын шығару.

"Биоақпараттану және синергетика"  
технологиясы: сабақтың сапасын басқару

жалпы білім беретін мектептердің  
педагог кадрларының біліктіліктігін  
арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасына 5-қосымша

## "Көшбасшы" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	Ұйымдастыру кезеңі. Мотивация.	Сыныптағы оқушылар санына байланысты теңдей үш топқа бөлінеді. Теңдей бөлінбей қалдық қалатын болса, онда сол пәнді анағұрлым қиын меңгеретін оқушыларды модератор етіп сайлайды, ол мұғалімнің көмекшісі болып табылады. Әрқатар өзінің көшбасшысын таңдайды, өзіне атқояды. Тақтада карта бойынша нәтижелерді ендіретін кесте ілінеді.	Карта бойынша жұмыс жасау реті түсіндіріледі.
2	1-кезең. Классик Тапсырманы өз бетінше орындау.	Осы кезеңде "Егер-онда" сызбасы бойынша жұмыс жасау ережесі сыныпқа түсіндіріледі. Әр топ өздері орындайтын тапсырмалар саны мен уақытты өздері айтып ұсыныс жасайды.	Ережемен жұмыс жасау кестесі әрбір топтың қолында болуы тиіс.
3	2-кезең. Өзін-өзі бақылау.	Тақтадағы көрсетілген "Егер-онда" сызбасы бойынша таңдалған мәліметтер жазылып, топ тапсырманы орындауға кіріседі.	Сабак барысын жазуды тактаға модератор жүргізеді.
4	3-кезең. Бақылау	Алға қойылған мақсатқа жету үшін топтың көшбасшысы топ жұмысын ұйымдастырады және бақылайды.	Ешқандай кезеңде мұғалім тарапынан көмек көрсетілмейді.
5	4-кезең. Талдау	Топ алған уақыттың соңына дейін бір минут қалғанша өз жұмыстарын талдап, тапсырмалар саны мен орындау уақытына өзгерістер енгізе алады.	Хронометраж таймер бойынша жүргізіледі
6	5-кезең. Бағалау	Топ өз жұмыстарын аяқтап, бірін-бірі тексеру әдісімен тапсырмалардың дұрыс орындалуын тексереді. Орындалған тапсырмалардың аяқталған сәтінде топтан модератор тапсырмаларды жинап алып, тексеру үшін басқа топқа олардың дайындығына қарай береді.	Әр топ өздері белгілеп айтқан уақыт бойынша тапсырмаларды аяқтайды.
7	Түзету	Мұғалім әр топтың көшбасшысымен жұмыс барысын талқылайды. Сарапшылар өз ойларын айтады және де сынып келесі "Шебер" деңгейіне көшеді.	Сыныпта ең үздік менеджерлік жұмысты айқындау және оны көрсету аса маңызды болып табылады.
8	Бағалау "Шебер" және "Суперойын" кезеңінде.	1 орын – 3 ұпай, 2 орын – 2 ұпай, 3 орын – 1 ұпай	
9	Сабактың қорытындысы бойынша қорытынды бағалар.	7-9 ұпайға дейін бал жинаған топтарға журналға 5 деген баға қойылады. 5-7 ұпайға дейін алған топтарға журналға 4 деген баға қойылады. 3-5 ұпайға дейін алған топтарға журналға 3 деген баға қойылады.	
10	Үй тапсырмасы	3 деген баға алған топқа үй тапсырмасы беріледі.	Топтық жұмысты қорытындылау.

"Биоакпараттану және синергетика"  
технологиясы: сабақтың сапасын басқару

"  
жалпы білім беретін мектептердің  
педагог кадрларының біліктіліктілігін



## "КТС" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	1-цикл Ұйымдастыру кезеңі. Мотивация	Оқушылардың мотивациясы сыныптық топ ретінде. Сыныптық топ бұл карта бойынша аса жоғары нәтижемен көрінуі тиіс.	Карта бойынша жұмыс реті түсіндіріледі. Сарапшылар жұмысын түсіндіру. Карта бойынша жұмыс нормативі: ЖКШ деңгейіндегі 30 тапсырмадан кем емес "Альфа" тобы оқушыларының 63% орындауы тиіс.
2	1-кезең. Тапсырманы өз бетінше орындау	Сынып үш тапсырма алады ТКШ – АКШ – ЖКШ. Жұмыс аяқталған соң оқушылар дәптерлерін алмастырады, "Қолдағы қаламсап – бұл қателік" бұйрығы беріледі. Тапсырмаларды орындау кезеңмен тексеріледі. Әр деңгейде орындау сапасын жеке анықталады. Тексеру регламенті "Алгоритм" картасындағыдай.	Жұмыстың аяқталуы 5+30 формуласы бойынша . Орындау сапасы бойынша сыныпты үш-төрт топқа бөлу. Егер альфа тобындағы кандидаттар саны 7 артық болса, саны бірдей екі альфа тобын құру. Альфа: ткш–акш-жкш, Бета: акш-ткш, Гамма: ткш, Дельта ткш.
3	Өздік бақылау	"Альфа" тобы өткен тақырып бойынша, күрделілігі - ЖКШ тапсырмаларын орындайды. "Бета" тобы өткен тақырып бойынша, күрделілігі - ЖКШ, АКШ тапсырмаларын орындайды. "Гамма" тобы өткен тақырып бойынша , күрделілігі - АКШ, ТКШ тапсырмаларын орындайды. "Дельта" тобы өткен тақырып бойынша, күрделілігі - ТКШ тапсырмаларын орындайды.	Әр оқушы өз бетінше тапсырмалар құрастырады және екі кезеңді шешеді, соңынан оны сағат тіліне сәйкес оң жақта отырған әріптесіне ұсынады, ол өз кезегімен келесі 2 кезең тапсырмаларын орындап одан ары қарай береді.
4	Бақылау	Әр топқа міндет қойылады: 1) өз деңгейінде күрделілігі мен сапасы жоғары көп тапсырмаларды орындау; 2) жұмыс барысында шешілген тапсырмалар санын тексеру және есептеу, оның ішінде деңгейлері бойынша, мысалы (АКШ – 20, ТКШ 26, барлығы 46).	Жұмыс жасау уақыты. Бастауыш мектеп: 1-2 сыныптар 15 минут. 3-4 сыныптар - 20 минут. Орта және жоғары буын - 30 минут. Әр оқушы өзі құрастырған мысалдың алдына өз фамилиясын жазады.
5	Талдау және тексеру	Әр топ орындаған тапсырма санын атап өтеді. Жұмыс соңында өзара тексеру жүргізіледі: "Альфа" тобының қалаған 10 жұмысын мұғалім тексереді "Бета" тобының 10 жұмысын "Альфа" тобы тексереді; "Гамма" тобының 10 жұмысын "Бета" тобы тексереді	Даулы жағдайларды мұғалім қарайды. Егер 10 тапсырма қатесіз орындалса, барлық тапсырма көлемі орындалды деп есептелінеді. Әр топтың қате шешімі үшін орындалған тапсырманың

		"Дельта" тобының 10 жұмысын "Гамма" тобы тексереді.	"10% алынады. Есептеу: тапсырмалар саны топтағы оқушыларға бөлінеді.
6	Түзету	Тақтаға әр топтың нәтижелері енгізіледі: барлығы қанша жасалынды; қандай күрделілік деңгейде; қанша қате табылды. Топ қалай жұмыс жасады: ұйымдастыру деңгейі, тексеру дұрыстығы, көшбасшының жұмысы. Көшбасшылар өзінің тобына алғыс айтып, жақсы тілек тілейді, кеңес береді.	Әр топтың жұмыс сапасы талқыланады және рейтингі қарастырылды. Талдау үшін сөз әр топтың көшбасшысына беріледі. Міндетті түрде жеңімпаздарға немесе тиімді жұмыс жасаған топтарға шапалақ ұрылады.
7	Ойтолғау	Мұғалім жұмыс нәтижесі мен бақылау бойынша топтар арасынан жақсы және нашар оқитындардың орынын төмендегі критерий бойынша алмастырады: 1) Оқушы белсенділік танытпайды, баяу жұмыс жасады; 2) Оқушы әдейі оңай тапсырма құрастырып немесе басқалардың құрастырған күрделі тапсырмаларын шеше алмайды; 3) Оқушы топтың жұмыс жасау шапшаңдығына ілесе алмайды.	Топ және көшбасшы да нашар оқушының үлгермеуі туралы, басқа төменгі топқа алмастыруға ұжымдық ойларын айтуға құқықтары бар.
8	2-кезең	1 кезеңді қайталау	Жұмыстың регламенті және ережесі басқа кезеңдерде өзгермейді.

"Биоакпараттану және синергетика"  
технологиясы: сабақтың сапасын басқару  
"

жалпы білім беретін мектептердің  
педагог кадрларының біліктіліктілігін  
арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасына 7-қосымша

## "Ауызша сабақ - 1" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	Ұйымдастыру кезеңі. Мотивация	Оқушылардың мотивациясы сыныптық топ ретінде болады және мектептен кейін өмірде де табысты болуы. Картамен жұмыс тәртібі түсіндіріледі.	Тақтаның жоғарғы оң жағына 63% нормасының саны қойылады. "Егер-онда" сызбасы бойынша алынады.
2	Оқушылардың субъекті тәжірибесін өзектендіру	Өткен сабақ тақырыбы бойынша қарама-қарсы сұрақ қою.	Бірінші баға. Тақтаға нәтижені жазамыз: 1 кезең немесе нормалар.
		Бірінші сыни нүкте. Жаңа тақырып бойынша мұғалім қысқаша кіріспе жасайды, оқушылардың назарын осы тақырыпта	Екінші белгі.

3	Қабылдауды ұйымдастыру.	<p>өтілетін білім көлеміне аудару керек. Бұл мұғалім біліктілігінің әдістемелік критерийі.</p> <p>Оқулық бетіндегі көрсетілген нормаға сәйкес оқушылар мәтінді оқуы керек және оқыған тақырып бойынша тірек сөздерді табу керек.</p> <p>Оқушыларға бірінші берілген уақыттың жартысында мәтінді оқуға мүмкіндік береді, одан кейін қолдарын көтеріп сөзді айтады.</p> <p>Егер ол мұғалімнің тізіміне сәйкес келсе, онда оқушы "Орынға отырғызу матрицасы" (бұдан әрі – ООМ) ұяшығына плюс алады және уақыт нормалары аяқталғанға дейін жалғастырылады.</p> <p>Егер сөз дәл келмесе, онда оқушы әрі қарай жалғастырып уақыт біткенге дейін сөздер дәл келгенше оқып немесе атайды.</p> <p>Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін әр оқушы плюс не минус алады</p> <p>Мұғалім тірек сөздерді іздеуге оқушыларды ынталандырады. 21 тірек сөздер эталонын мұғалім сабаққа дейін дайындайды немесе БЖС технологиясының дайын стандарттарынан алады.</p>	<p>1 – 2 сынып: 5 минут мәтіннің бір парағына ; 3 - 4 және 7 - 11 сыныптар: 4 минут мәтіннің бір парағына ;</p> <p>5 - 6 сыныптар: 3 минут мәтіннің бір парағына;</p> <p>2 сөзден тұратын түсініктер екі сөз болып есептелінеді.</p> <p>Тақтаға нәтижені жазу:</p> <p>2 кезең немесе нормалар.</p>
4	Түсінуді ұйымдастыру	<p>Мұғалімнің қалауы бойынша тірек сөздер 7 ден 21 сөзге дейін тақтаға шығарылады. Оқушылар барлық сөздерді есіне сақтауы қажет. Еске сақтауға берілген уақыт аяқталғаннан кейін тірек сөздер жабылады, оқушылар жаттауға берілген уақытта сөздерді жатқа айтады.</p> <p>Уақыт біткеннен кейін тірек сөздер ашылады, оқушылар беттерін алмасады, бір бірінің сөздерінің санын санайды, мұғалімге хабарлайды, ол нәтижені ООМ белгілейді.</p> <p>Одан кейін мұғалім плюс алған оқушыларды іріктеп бағалау өткізеді, егер мәлімет дұрыс берілмей, нәтиже сәйкес болмаса, нәтиже дұрыс берілмегені үшін екі оқушы да минус алады,.</p>	<p>Үшінші белгі.</p> <p>Есте сақтауға берілген уақыт нормативі.</p> <p>7 сөз – 30 сек.</p> <p>10 сөз – 45 сек</p> <p>12 сөз – 1 мин</p> <p>14 сөз – 1 мин 15 сек</p> <p>16 сөз – 1 мин 50 сек</p> <p>18 сөз – 2 мин 15 сек</p> <p>21 сөз – 2 мин 30 сек</p> <p>2 сөзден тұратын түсініктер екі сөз болып есептелінеді.</p> <p>Тақтаға нәтижені жазу:</p> <p>3 кезең немесе нормалар</p>
5	Түсінуді бірінші тексеру	<p>Қарама-қарсы сұрау. Мұғалім ООМ бойынша тақырыпқа байланысты сұрайды, бірақ рет ретімен емес. Оқушылар түсінбеген тақырыптарды түсіндіреді және маңызын ашады,.</p> <p>Егер бір оқушы жауап бермесе, мұғалім сұрағын қайталайды және минус тұрған кез келген оқушылардан сұрайды. Егер жауап алмаса, мұғалім сыныптан сұрайды, жауап берілмесе өзі жауап береді.</p> <p>Кезең аяқталғаннан соң екі минуса бар оқушыларға "Құтқару шеңбері" тасталады. Сол оқушыларға үш сұрақ қойылады, олардың әр қайсысы қолын көтеріп минусын жоя алады. Екінші сыни нүкте. Сұрау нәтижесінде мұғалім оқушылар түсінбеген немесе толық аша алмаған тақырыптарды анықтайды. Одан кейін 1-2 минут ішінде мұғалім проблемалық аймақтарды анықтайды.</p>	<p>Төртінші белгі нәтиже бойынша барлық оқушыларға плюс немесе минус.</p> <p>Тақтаға нәтижені жазу: 4 кезең немесе нормалар.</p>
			Бесінші белгі.

6	Бастапқы пысықтауды ұйымдастыру Уақыты 5 минут	Үшінші сыни нүкте. Мұғалім тестілеу нәтижелері бойынша оқушылар түсінбеген немесе толық аша алмаған тақырыптарды анықтайды. Одан кейін 1 - 2 минут ішінде мұғалім проблемалық аймақтарды анықтайды.	Тестік жекпе жекте жеңгендерге плюс жеңілгендерге минус қойылады. Тақтаға нәтижені жазу: 5 кезең немесе нормалар.
7	Талдау	Тақырып бойынша тақырыптық сөздік қор өткізіледі (бұдан әрі – ТСҚ). Сөздер қысқартылмай, толық жазылады. Шығарма түрінде жазуға рұқсат етіледі. Жалғаулар мен көмекші сөздер сөзге жатпайды.	Алтыншы белгі. Тақтаға нәтижені жазу: 6 кезең немесе нормалар.
8	Ойтолғау	Төртінші сыни нүкте. Мұғалім сабақтың нәтижесінде оқытылған сабақтың аясында оқушылар түсінбеген немесе толық аша алмаған тақырыптарды анықтайды Одан кейін 1-2 минут ішінде мұғалім проблемалық аймақтарды түсіндіреді және ашады. Мұғалім әр кезеңдегі нормаларды орындау бойынша қысқа сабаққа талдау жасайды 4-5 деген бағалар санына қарай және нормаға сәйкес. Мұғалім әр кезең бойынша оқушыларға ойлау қабілетіне байланысты проблемаларды көрсетеді және алға ұмтылуға және табандылыққа ынталандырады.	Егер бірінші сабақтарда сіз жетістіктерге жете алмай жатсаңыздар, сеніміңізді үзбеңіз, есте сақтаңыздар, балалардың ойлау қабілеттері жаттығып жатыр, жетістіктерге жету үшін уақыт керек.
9	Бағалар	Журналға баға қою нормативі: 4 – 5 баға – 5 ұпай; 3 баға – 4 ұпай; 2 баға – 3 ұпай; 1 баға – 2 ұпай	Сапа нормативі орындалды деп есептелінеді, егер 63% оқушы 5 ұпай алса.
10	Үй тапсырмасы	4 бағадан кем алған оқушыларға үйге тапсырма беріледі.	

"Биоакпараттану және синергетика"  
технологиясы: сабақтың сапасын басқару

жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктіліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 8-қосымша

## "Ауызша сабақ - 2" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	Ұйымдастыру Кезеңі. Мотивация	Оқушылардың мотивациясы сыныптық топ және мектептен кейін өмірінің табысты болуы ретінде. Картамен жұмыс тәртібі түсіндіріледі.	Тақтаның жоғарғы оң жағына 63% норманың саны қойылады. "Егер-онда" сызбасы бойынша.

2	Оқушының субъектілік тәжірибесін өзектендіру	Өткен тақырып бойынша қарама қарсы сұрау.	Бірінші белгі. Тақтаға нәтижені жазу: 1 кезең немесе нормалар
3	Қабылдауды ұйымдастыру	<p>Бірінші нүкте. Жаңа тақырып бойынша мұғалім қысқаша кіріспе жасайды, оқушылардың назарын өтілетін осы тақырып шеңберінде білім көлеміне аудару маңызды болып табылады. Бұл критерилер мұғалімнің әдістемелік біліктілігі. Оқушылар оқулықтан мәтінді оқып, тақырып бойынша көрсетілген нормаға сай тірек сөздерді табады. Алдымен оқушыларға нормативтегі уақыттын жартысында мәтінді оқуға мүмкіндік береді, одан кейін олар қолын көтеріп сөздерді атай бастайды. Егер оның сөздері мұғалімнің тірек сөздерімен сай келсе ООМ ұйяшығына оқушы плюс алады, уақыт аяқталғанша оқуды жалғастырады. Егер сәйкес келмесе, оқушы сөздер сәйкес келгенше немесе уақыт біткенше оқуды немесе айтуды жалғастырады.</p> <p>Уақыт аяқталғаннан кейін әр оқушы плюс немесе минус алады. Мұғалім тірек сөздерді іздеуге оқушыларды ынталандырады. 21 тірек сөздер эталонын мұғалім сабаққа дейін дайындайды немесе БЖС технологиясының дайын стандарттарынан алады.</p>	<p>Екінші белгі 1 – 2 сынып: 5 минут мәтіннің бір парағына; 3 - 4 және 7 - 11 сыныпқа дейін: 4 минут мәтіннің бір парағына; 5 - 6 сынып: 3 минут мәтіннің бір парағына. 2 сөзден тұратын түсініктер екі сөз болып есептелінеді. Тақтаға нәтижені жазу: 2 кезең немесе нормалар.</p>
4	Түсінуді ұйымдастыру	<p>Мұғалімнің қалауы бойынша тірек сөздер 7 ден 21 сөзге дейін тақтаға шығарылады. Оқушылар барлық сөздерді жаттау керек. Еске сақтауға берілген уақыт аяқталғаннан кейін тірек сөздер жабылады, оқушылар есінде қалған сөздерді берілген уақытта жазады.</p> <p>Жазып болғаннан кейін, тірек сөздер ашылады, оқушылар беттерін алмасады, бір бірінің жазылған сөздерінің санын санайды, мұғалімге хабарлайды, ол нәтижені ООМ белгілейді.</p> <p>Одан кейін мұғалім плюс алған оқушыларды іріктеп бағалайды, егер мәлімет дұрыс берілмей, нәтиже сәйкес болмаса, нәтиже дұрыс берілмегені үшін екі оқушы да минус алады.</p>	<p>Үшінші белгі. Жаттауға берілген уақыт нормативі: 7 сөз – 30 сек. 10 сөз – 45 сек 12 сөз – 1 мин 14 сөз - 1 мин - 15 сек 16 сөз – 1 мин 50 сек 18 сөз – 2 мин 15 сек 21 сөз – 2 мин - 30 сек сөз ден тұратын түсініктер екі сөз болып есептелінеді: кезең немесе нормалар.</p>
		Қарама қарсы сұрау. Мұғалім ООМ бойынша тақырыпқа байланысты сұрайды, бірақ рет ретімен емес. Оқушылар түсінбеген тақырыптардың маңызын ашады, түсіндіреді. Егер бір оқушы жауап	Төртінші белгі Сұрау кезінде бірінші нұсқаға жауап берген

5	Түсінуді бірінші тексеру	<p>бермесе, мұғалім сұрағын қайталайды және минус тұрған кез келген оқушылардан сұрайды. Егер жауап алмаса, мұғалім сыныптан сұрайды, жауап берілмесе өзі жауап береді. Кезең аяқталғаннан соң екі минуса бар оқушыларға "Құтқару шеңбері" тасталады. Сол оқушыларға 3 сұрақ қойылады, олардың әр қайсысы қолын көтеріп, минусын жоя алады.</p> <p>Екінші сыни нүкте. Сұрау нәтижесінде мұғалім оқушылар түсінбеген немесе толық аша алмаған тақырыптарды анықтайды. Одан кейін 1-2 минут ішінде мұғалім проблемалық аймақтарды анықтайды</p>	<p>оқушылар тест құрады, екінші нұсқадағылар оқуды жалғастырып, тестілеуге дайындалады</p> <p>Тақтаға нәтижені жазу: 4 кезең немесе нормалар.</p>
6	Бастапқы пысықтауды ұйымдастыру	<p>Өз аралық тестілеу. Екі нұсқа беріледі. Егер сабақтың аяғына дейін уақыт жеткілікті болса, тестік жекпе жек ұсынылады. Бір оқушы жауап беруге екінші оқушыны шақырады, бір бірімен сұрақтармен алмасады.</p> <p>Егер уақыт жетпесе бір жақты сұрау мүмкін: бірінші нұсқа екінші нұсқаны тестілейді. Оқушылар өтілген тақырып бойынша тест құрады және орынға отырғызу матрицасы бойынша сұрайды, келесі оқушының сайтының номерін атай отырып.</p> <p>Үшінші сыни нүкте. Сұрау нәтижесінде мұғалім оқушылар түсінбеген немесе толық аша алмаған тақырыптарды анықтайды. Одан кейін 1-2 минут ішінде мұғалім проблемалық аймақтарды анықтайды. Кезең аяқталғаннан соң екі минуса бар оқушыларға "Құтқару шеңбері" тасталады.</p> <p>Сол оқушыларға 3 сұрақ қойылады, олардың әр қайсысы қолын көтеріп, жауап беріп минусын жоя алады</p>	<p>Бесінші белгі</p> <p>Тестік жекпе жекте жеңгендерге плюс жеңілгендерге минус қойылады.</p> <p>Тест – үш жауаптан тұратын сұрақ. Жауап толық болуы керек.</p> <p>Егер барлық оқушыларға сұрақ жетпесе, мұғалімнің өзі сұрақ қоюына құқы бар.</p> <p>Тақтаға нәтижені жазу: 5 кезең немесе нормалар</p>
7	Талдау	<p>Өтіліп жатқан тақырып бойынша тақырыптық сөздік қор ( бұдан әрі – ТСҚ) өткізіледі. Сөздер қысқартылмай, толық жазылады. Шығарма түрінде жазуға да рұқсат етіледі. Жалғаулар мен көмекші сөздер сөзге жатпайды. Егер алдыңғы кезеңде тестік жекпе жек болған болса, ТСҚ өткізуге уақыт жіткіліксіз болып қалса, бұл қателік болып есептелінбейді 4 баға саны бағалауға жеткілікті.</p>	<p>Алтыншы белгі</p> <p>Тақтаға нәтижені жазу: 6 кезең немесе нормалар.</p>
8	Ойтолғау	<p>Төртінші сыни нүкте. Сұрау нәтижесінде мұғалім оқушылар түсінбеген немесе толық аша алмаған тақырыптарды анықтайды. Одан кейін 1-2 минут ішінде мұғалім проблемалық аймақтарды анықтайды және түсіндіреді.</p> <p>Мұғалім әр кезеңдегі нормаларды орындау бойынша сабаққа 4- 5 деген бағалар санына қарай және нормаға сәйкес қысқа талдау жасайды.</p>	<p>Егер алғашқы сабақта талап етілгендей болмаса қиналмаңыз, есіңізде болсын , оқушылардың ойлау қабілеті жаттығып жатыр, талап етілген</p>

		Мұғалім әр кезең бойынша оқушыларға ойлау қабілетіне байланысты проблемаларды көрсетеді және алға ұмтылуға және табандылыққа ынталандырады.	бағаларды алу үшін уақыт керек.
9	Бағалар	Журналға баға қою нормативі: 4 – 5 баға – 5 ұпай, 3 баға – 4 ұпай, 2 баға – 3 ұпай, 1 баға – 2 ұпай.	Сапа нормативі орындалды деп есептелінеді, егер 63% оқушы 5 ұпай алса.
10	Үй тапсырмасы	4 бағадан кем алған оқушыларға үйге тапсырма беріледі.	

"Биоакпараттану және синергетика"  
технологиясы: сабақтың сапасын басқару

"  
жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктіліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына 9-қосымша

### "Ауызша сабақ - 3" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

№	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1	Ұйымдастыру кезеңі. Мотивация.	Сынып өз бетімен үштікке бөлінеді. Әр үштікте үш роль: "Тәжірибеші" - тапсырманың дұрыс орындалуына жауап береді; "Сыншы" - қатені табуға жауап береді; "Шабьттандырушы" - топтың сәтті жұмыс жасауына жауап береді. Оқушыларды топта ізденіс жұмысына ынталандыру. Мұғалім үштіктердегі оқушы рөлін анықтамайды. Тақтада әр үштік өзінің ұяшығын алады (мини ООМ), ол жерге сабақ бойы картамен жүргізген жұмыстар нәтижесі енгізіледі.	Карта бойынша жұмыс жүргізу тәртібі және ұпайларды бөлу ережесі түсіндіріледі. 1 минут уақыт үштіктерге атын таңдауға беріледі. Егер бір үштік атын қоюға үлгермесе мұғалім өзінің шешімі бойынша өзі таңдайды.
2	1-кезең Білімді және іс-әрекет	Мұғалім дайындаған немесе БЖС бойынша стандарттан алынған 21 тірек сөзін іздеу. Оқушылар жұмысқа кіріседі үштіктегі әрбір оқушы мәтінді оқиды және оқыған мәтіндегі тірек сөздер деп есептеген 7 сөзді жазады. Мәтіндегі беттер санын уақыт нормативі бойынша оқуға берілген уақыт 15 минуттан аспау керек. Егер тақырып бойынша мәтін көлемді болса, алдын ала үйде оқып келу ұсынылады, сабақта оқушыларға тірек сөздерді құруға 10 минуттан артық берілмейді. Оқушыларға екінші кезеңде мәтінді оқу кезінде, алдын ала тірек сөздерді және сыни сұрақтарды құрастыруға тыйым салынбайды. Бұл жағдайда оқушылардың сабаққа дайындығын 5 минутқа қысқартуға болады. Уақыт аяқталғаннан кейін мұғалім тақтадағы барлық 21 тірек	Мәтінмен жұмыс жүргізу уақыт нормативі . 1 – 2 сынып: 5 мин. Бір параққа ; 3 - 4 және 7 - 11 сыныпқа дейін: 4 мин. 5 - 6 сыныптар: 3 мин. Әр сөз ү ш і н

	амалдарын кешенді өзектендіру.	сөздерді ашады және оқушылар "Қолдағы қаламсап – бұл қателік" формуласы бойынша мұғалімнің тақтадағы сөздерімен сәйкес келген сөздердің санын атайды. Мұғалім немесе оның көмекшісі ұяшықтарға сәйкес келген сөздердің санын белгілейді. Ұяшықтарға белгіленгеннен кейін мұғалім үштіктерді іріктеп, бақылап шығады, егер де кейбір жерлерде берілгендері дұрыс болмаса, барлық үштіктің жұмыс нәтижесі жоққа шығарылады.	үштіктердің бір мүшесі бір ұпай алады. 2 сөзден тұратын түсінік 2 сөз болып есептелінеді. Бірінші белгі.
3	2-кезең Жаңа және қалыпты жағдайда білімді өз бетінше қолдану	Сыни жекпе жек. Үштіктерге тақырып бойынша бір сұрақ дайындауға тапсырма беріледі, ол жерде бұрмаланған ақпарат болу керек. Бұл сұрақтарды оқушылар алдын ала үйде дайындайды. Оқушылардың сұрақтарды құру ережесі: сұрақтың бірінші бөлігі ауытқымалы, ал екінші бөлігі ақпаратты бұрмалайтындай болу керек. Ауытқымалы бөлігі нақты себеп-салдар бағытта болу керек: себептерін айтыңдар, неге? не үшін? немен байланысты? Қалайша? Төмендегідей жәй сұрақтар алынып тасталынады: мерзімін айт, атын, орнын ата, оқиғалар, оған қатысушылар. Сыни сұрақтардың үлгісі: неге күн батыста шығады, шығыста батады осының үш негізгі себептерін атаңдар. Жекпе жек ережесі: бір үштік екінші үштікті шығарады, осы үштіктің нақты бір оқушысына сұрақ қояды, егер ол білмесе, басқасы жауап береді, ол да білмесе, келесі осы үштіктің мүшесі жауап беру керек. Әрбір алынбаған жауапқа сұрақ қоюшы үштік бір ұпай алады. Егер сұрақ қойылған үштіктің барлық мүшелері жауап бере алмаса, сұрақ қоюшы үштік 6 ұпай алады. Сабақ барысында мұғалімнің қалауы бойынша, қалып кеткен екі үштік мүшелеріне өзара бір-бірімен сұрақ – жауап түрінде жекпе жекке шығуға болады. Әр оқушының ұпайлары үштік ұяшықтарына қойылады.	Екінші белгі Бір сыни сұрақ дайындау үшін сынып 1 минут уақыт алады Мұғалім қисынсыз немесе дұрыс құрылмаған сұрақтарды қабылдамауға үштіктен, оқушылардан 1 ден 3 ұпайға дейін алып тастауына құқығы бар (тәртіпті бұзған немесе мұғалімге немесе басқа үштікті сыйламаған).
4	3-кезең Өзін өзі бақылау және бақылау.	Проблемаларды шешу байқауы. Бұл кезеңде мұғалім оқушылар алдына тақырып бойынша қандай да бір проблеманың шешуін табуды мәселе етіп қояды. Бұл үшін қиял элементтерімен болсада стандартты емес шешім табу керек. 3 ұпай – өтіп жатқан тақырыптағы жағдаяттарды өзгертпей беретін жауап; 6 ұпай – өтіп жатқан тақырыптағы жағдаяттарды жартылай өзгертіп беретін жауап; 9 ұпай – өтіп жатқан тақырыптағы жағдаяттарды түгелдей өзгертетін, стандартты емес жауап.	Үшінші белгі Ұпайлар саны барлық үштіктерге тең бөлінеді.
5	4-кезең Түзету.	Үш ұпайлық жүйемен сыншылардан сұрау жүргізіледі – үштіктер жұмысына жалпы талдау - 1 ұпай, жәй талдау – 2 ұпай, терең талдау – 3 ұпай. Сыншылар жұмысына бағаны бөліп қою келесі ереже бойынша жүреді: Егер сыншы бір ұпай алса, онда ұпай осы үштіктің ең аз ұпай алған оқушысына қойылады. Егер үштіктердегі оқушылардың ұпайлары бірдей болса, "Сыншыда" бір ұпай қалмауы керек; Егер "Сыншы" екі ұпай алсада ол ештеңе алмайды; Егер "Сыншы" үш ұпай алса, үштіктердегі барлық оқушыларға бірдей бөлінеді.	Төртінші белгі



6	Ойтолғау.	<p>Сабақта журналға баға қою төмендегі норматив бойынша жүзеге асады:</p> <p>5 деген баға – 7 ұпай және одан жоғары болса; 4 деген баға – 5 тен – 6 ұпайға дейін; 3 деген баға – 3 – 4 ұпайға дейін. Егер оқушы ұпай алмаса немесе ұпай саны аз болса оқушыға баға қойылмайды.</p> <p>3 орынға ие болған үштіктер "Ауызша сабақ – 3" картасы бойынша келесі ойында бонустар алады, егер үштіктер құрамы шартты түрде өзгермесе:</p> <p>Бірінші орын үшін - үштік оқуға немесе тірек сөздерді іздеуге берілген уақытта үш тірек сөзді мұғаліммен келісу құқына ие болады;</p> <p>Екінші орын үшін – үштік сыни жекпе-жекті бастау құқына ие болады;</p> <p>Үшінші орын үшін – үштік шығармашылық кезенді соңынан бастау құқына ие болады. Үштіктер құрамы шартты түрде өзгермесе жеңіске жеткен үштік кез келген сабақта берілген карта бойынша мұғалімнің көмегін пайдалану құқына ие болады.</p>	Сапа нормативі орындалды деп есептелінеді егер 63% оқушы 4 – 5 ұпай алса.
7	Үй тапсырмасы	Үй тапсырмасы 4-інші немесе одан да төмен орын алған үштіктерге беріледі.	Т о п жұмыстарының қорытындысын шығару.

"Биоакпараттану және синергетика"  
технологиясы: сабақтың сапасын басқару

"  
жалпы білім беретін мектептердің  
педагог кадрларының біліктіліктілігін  
арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасына 10-қосымша

## "Әмбебап сабағы" картасының құрылымы мен жұмыс тәртібі

dd №	Кезең	Мамұны	Нәтиже
1.	Ұйымдастыру кезеңі Мотивация.	Бірінші әдістемелік нүкте: мұғалім қысқа және жалпылама оқушыларға сабақтың міндетін төмендегідей түсіндіреді: бүгін сабақта не өтеміз, тақырып ненің бөлігі болып келеді, ең соңында балалар сабақта нені менгеру керек. Мұғалім оқушылардың назарын зейін мен есте сақтау қабілеттерін дамытын жаттықтыру залында тұрмыз деп аударады. Өткен тақырып бойынша қарама қарсы сұрау ұсынылады. Егер мектепте немесе сыныпта технологияны ендіру бастапқы кезеңде болып, сынып дайын болмаса, уақытты үнемдеу үшін бұл кезенді өткізбеуге болады.	Карта бойынша жұмыс тәртібі түсіндіріледі. Оқушылардың мотивациясы сынып бір топ ретінде және терезе сыртындағы "Сикырлы өмір".
2.	Кезең. Білімді және іс-әрекет амалдарын кешенді өзектендіру.	Мұғалім кестені дұрыс жүргізуді түсіндіреді. Табысты жауаптың негізгі шарты лекцияны түгел жазып шығуда емес. Мұғалім бір минут ішінде лекцияны оқыйды және оқушыларға берілгенді бағандарға дұрыс бөліп шығуға көмектеседі. Оқушылар кестемен дұрыс жұмыс жасау ережесін менгергеннен кейін, лекцияны бастауға рұқсат етіледі.	Кесте тақтаға шығарылады және мұғалім оқушыларға сабақта оны қалай жүргізу керек екенін көрсетеді.
	Жаңа және қалыпты	Мұғалім лекцияны екіге бөледі, әр лекцияға 10 минут беріледі, одан көп емес және лекцияның бірінші бөлігін бастайды.	Баяндаманы ұзаққа созбаңыз,



1	Технологияға кіріспе	5	1					1	1	
2	Ресурстарды басқару	1								
3	ОІЖТ-нің сұлбалары және сауалдар арқылы сапалы оқыту (оқу іс - әрекеттің жалпы тәсілдері)	1								
4	"Б ж С" технологиясындағы басқару құрылымы		1							
5	Сапа сызғышы (ҚСЖ)								1	
6	Сапаның сегіз басты қағидасы және көрсеткіштері	1								
7	Технологиялық карта арқылы сабақты жоспарлау						1			
8	Технологияда қабылданған оқу сабақтарының түрі	1								
9	Сапаны бақылау	1								
10	"Алгоритм" картасы		1	1	1	1	1			
11	Оқушылардың көпшілігінің жаңа тақырыпты сапалы меңгерге жету жолдары		1							
12	Білім, білік, дағды бойынша қарыздар тапсырмалардың деңгейін анықтау			1						
13	Тақырыпты түсіндірудегі кемшіліктерді анықтау және жою				1					
14	Кіріспе оқу сабағы: мотивация - меңгерілетін тақырыпты бейнелеп елестету-оқылған тақырыптың тәжірибелік және						1			

	әлеуметік маңыздылығын ұғыну-рефлексия								
15	Сабақтың жаңа материалын оқыту және бастапқы бекіту					1			
16	"Биоинтернет" картасы		1	1	1			1	1
17	Тақырып бойынша 63%-ға жеткен оқушылардың білім мен біліктілігін сөйлеу арқылы нақты бекіту		1						
18	Балаларды бірыңғай ақпараттық кеңістікте – ұжымға кіріктіру			1				1	
19	Сабақта "оқы да тоқы" ұстанымын жүзеге асыра отырып оқушылардың жұмысын ұйымдастыру					1			1
20	"Жаттықтырғыш" картасы	1		1	1		1	1	
21	Оқыған тақырып бойынша оқушының меңгеру және білім, білік және дағдыларының беріктігінің сапасын талаптардың 63% нормативіне жеткізу	1				1			
22	Сабақта білімін және оны қолдану тәсілдерін кешенді қолдану			1			1		
23	Табысқа жеткен тұлға көрсеткіші ретінде пәнді сапалы түрде меңгеруге ынталандыру және							1	

	қызығушылығын арттыру								
24	"Логика" картасы	1	1	1				1	1
25	Оқытылатын пәнді үштік топпен жұмыс істеу есебінен оқу материалын сапалы меңгертуде нормативті деңгейге жеткізу және сыни және логикалық ойлауды дамыту.		1						1
26	Сабақта білімді жүйелеу және қорытындылау тәсілдерінің қызметі	1		1				1	
27	"Көшбасшы" картасы		1	1	1		1	1	
28	Нормативті деңгейге дейін оқу материалын меңгеру сапасы.		1						
29	Менеджерлік құзыреттілікті дамыту: жоспарлау, топта жұмыс жасау білігі, алға қойылған мақсатқа жете білу.			1					
30	Табысқа жеткен тұлға көрсеткіші ретінде пәнді сапалы түрде меңгеруге ынталандыру және қызығушылығын арттыру						1		
31	Күйзелу жағдайларына орнықтылықты және бәсекеге қабілеттілікті даму				1			1	
32	"КТС" картасы	1		1	1		1	1	
33	Оқытылатын тақырыпты оқыту сапасының			1					

	нормативті көрсеткішіне жеткізу								
34	Толық тарау бойынша ұқсас тақырыптарға күрделіктегі үш деңгейлі оқу тапсырмаларын оқушылардың өз бетінше құрастыру дағдыларын бекіту				1				
35	Ізденіс іс-әрекеттерін дамыту.	1						1	
36	Оқыту сапасының қорытынды мониторингі						1		
37	"Ауызша сабақ - 1" картасы		1	1	1	1			1
38	Логикалық және сыни тұрғыдан ойлау шапшаңдығын, сөздік қорын, ақпараттық құзыреттілігін дамыту		1						
39	Табысқа жеткен тұлға көрсеткіші ретінде пәнді сапалы түрде меңгеруге ынталандыру және қызығушылығын арттыру			1					1
40	Сабақтың оқыту және жаңа материалды бастапқы бекіту логикасының болуы				1	1			
41	"Ауызша сабақ - 2" картасы	1		1	1	1		1	
42	Оқушылардың өз бетінше ізденіс - шығармашылық жұмыс арқылы 63% оқу материалын меңгеруі	1							

43	Өз еңбегінің нәтижесіне қарай балалардың тұрақты жағымды мотивациясын қалыптастыру			1					
44	Оқу техникасының көлемін және сапасын, жылдамдығын арттыру						1		
45	Ойлау, есте сақтау, назар аудару жылдамдығын дамыту					1			
46	Білімді бекіту сабағы және әдіс тәсілдері				1				
47	"Ауызша сабақ - 3" картасы	1	1			1		1	1
48	Оқытылатын пәнді үштік топпен жұмыс істеу есебінен оқу материалын сапалы меңгертуде нормативті деңгейге жеткізу, сыни, логикалық және шығармашылық ойлауды дамыту	1						1	
49	Сабақта білімді кешенді және әдіс тәсілдері қолдану		1			1			1
50	"Ауызша сабақ - 4" картасы		1	1	1	1		1	
51	Кіруде ақпаратты бөле білу икемділігі.			1					
52	Апараттық құзыреттілікті дамыту.					1			
53	Оқушылардың дедукция және индукция, зейін, қабылдау, есте сақтау сияқты негізгі ойлау қабілеттерінің түрлерін							1	

	қалыптастыру және жаттықтыру.									
54	Ауызша және жазбаша тілдің сапасы мен жылдамдық техникасын дамыту							1		
55	Сабақта білімді кешенді және әдіс тәсілдері қолдану		1							
56	"Әмбебап сабағы" картасы		1		1	1		1	1	
57	Мұғалімнің пәндік және педагогикалық құзыреттілігінің өсуі және оның шығармашылық әлуетінің жүзеге асуы.		1							
58	Технологиялық карта формаларының әртүрлілігін дамыту.				1			1		
59	Оқуға деген оқушылардың қызығушылығын арттыру					1			1	
60	Жұмыс орынындағы тәжірибе			1				2	2	
61	Шығармашылық жобаларды қорғау									4
	БАРЛЫҒЫ	10	9	10	9	6	4	12	8	4

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 34-қосымша

**"Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология" пәндерінен ағылшын тілінде сабақ беретін жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 34-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология" пәндерінен ағылшын тілінде сабақ беретін жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ағылшын тілінде жаратылыстану - математикалық бағыты ("Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология") бойынша сабақ беретін педагог кадрларды оқыту үшін әзірленген.

2. Осы бағдарлама шеңберінде оқу орта білім беру мазмұнын жаңарту және өзгерту жағдайында орта білім беру ұйымдары педагогика кадрларының кәсіби күзiреттiлiгiн дамыту мақсатында өткізіледі.

3. Бағдарлама оқыту тіліне қарамастан ағылшын тілінде жүргізіледі. Бағдарлама ағылшын тілін оқытуда интеграцияланған тәсілді қолдану арқылы білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін жетілдіру және оқыту әдістемесін қолдану дағдыларын жақсартуды қамтамасыз етеді.

4. Бағдарламаға келесі орта білім беру ұйымдарының педагог кадрлары қатыса алады:

1) мұғалім ретінде еңбек өтілі 3 жыл;

2) жоғары сыныптарда "Физика", "Химия", "Биология", "Информатика" пәндерінің береуінен сабақ беретін;

3) ағылшын тілін меңгеруі А1 (Beginner) деңгейінен кем емес.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

5. Бағдарламаның мақсаты: жалпы білім беретін мектептерінің педагог кадрларының ағылшын тілі деңгейін жетілдіру.

6. Бағдарлама міндеттері:

1) Ағылшын тілін шет тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемшарттары (Common European Framework of Reference for Languages – тілдік компетенцияның жалпыеуропалық өлшемшарттары, бұдан әрі - CEFR) негізінде үйрету;

2) жаратылыстану - математикалық бағыты бойынша сабақ беретін пән мұғалімдерінің ағылшын тілі деңгейлерін жетілдіруге мүмкіндік туғызу.

7. Оқыту нәтижесі:

1) пәнді оқыту үшін қажетті шет тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемшарттарымен (CEFR) анықталған деңгейде ағылшын тілін меңгеру;

2) пәнді ағылшын тілінде оқыту барысында оқушыларға тілдік қолдау көрсету қажеттігін түсіну;

3) өз пәндеріне қатысты пәндік терминология мен академиялық тілді білуі және түсіну.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы**

8. Оқу жоспары осы Бағдарламаның қосымшасында берілгендей аудиторлық және онлайн оқыту арқылы оқытылатын тыңдаушылар тілді меңгеру деңгейін өз деңгейінен келесі деңгейге дейін жетілдіру үшін ағылшын тілінің жеделдетілген курсынан өтеді.

9. Тыңдаушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейлерін анықтау мен оқытудың нәтижесін тексеру мақсатында тестілеу (Placement Test) өткізіледі.

10. Білім беру процесі оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

### **4-тарау. Білім беру процесін жүзеге асыру формалары мен әдістері**

11. Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті әдістерінен тұрады: пікірсайыстар, шағын топтағы жұмыстар, тренингтер, практикалық сабақтар, жобалар әдісі.

12. Білім беру процесі тренинг және топта жұмыс жасау түріндегі онлайн оқыту мен аудиториялық сабақтардан, сондай - ақ тыңдаушылардың өзіндік жұмысынан тұрады. Сонымен қатар тыңдаушылардың курс барысында үй жұмысын орындаулары қарастырылған. Сабақ барысында және сабақтан кейін орындалатын жазбаша тапсырмаларды нұсқаушы анықтайды.

13. Құндылық бағдарларын, біліктіліктерін, білімдерін жүйелі қолдану мен әлеуметтік және жеке мәнмәтіндегі нақты мәселелерді іс жүзінде сәтті шешу қабілеттерін дамытуға негізделген шет тілін оқытудағы метапәндік қағиданы жүйелік қолдану - осы Бағдарламаның ерекшелігі болып табылады.

14. Әр топтағы тыңдаушылардың саны 12 – 14 адамнан аспауы тиіс, себебі ұсынылған тыңдаушылар саны, бір жағынан, сабақтың жеткілікті қарым-қатынастық әлеуетін қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан, білім беру тиімділігін арттырады және әр тыңдаушыға жеке көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Сабақ практикалық сабақ түрінде өткізіледі.

"Информатика", "Физика", "Химия"  
және "Биология" пәндерінен ағылшын  
тілінде сабақ беретін жалпы білім  
беретін мектептердің педагог  
кадрларының біліктілігін арттыру  
курстарының білім беру бағдарламасына  
қосымша

### **Оқу жоспары**

Модульдер	Мазмұны
1.	<p>Ұсынылған жағдайға сәйкес немесе 6-10 фраза көлемінде оқылған немесе естілгенге байланысты байланыстыра сөйлеу.</p> <p>Бүкіл сұқбаттасу барысында сұқбаттасушымен байланыс орнату және ұстап тұру.</p> <p>Бір рет тыңдаған соң негізгі деректерді және аса маңызды мән-жайларды түсіну.</p> <p>Мәтіннің негізгі ойын және тақырыбы бойынша оның мазмұнын алдын ала айту.</p> <p>Оқылған тақырыпқа негізделген сауалнамалар мен формулярларды толтыру.</p>
2.	<p>Оқылған лексика негізінде деректерді, құбылыстарды, оқиғаларды суреттеу.</p> <p>Күнделікті қарым-қатынас жағдайында, сондай-ақ естілген және оқылған ақпаратқа байланысты диалогқа қатысу.</p> <p>Негізгі ақпаратты екінші дәрежелі ақпараттан ажырата білу.</p> <p>Оқылған тақырыпқа негізделген, бірақ 2-3% бейтаныс сөздерден құралған түпнұсқа сияқты мәтіндерден негізгі ақпарат алу.</p>
3.	<p>Шынайы адамдарға және әдеби кейіпкерлерге жеке мінездеме беру.</p> <p>Этикет сипатында диалог жүргізу (сәлемдесе білу және сәлемге жауап қайтара білу, таныстыра білу, сыпайы қоштаса білу, құттықтай білу және құттықтағаны үшін алғыс айта білу, кешірім сұрай білу).</p> <p>Екі рет тыңдау кезінде тиісті күрделіліктегі аудиомәтіндердің мазмұнын толық қабылдау.</p> <p>Толық ақпарат ала отырып, түрлі жанрларда түпнұсқа сияқты мәтіндерді оқу.</p> <p>Үйренегін елдің тілінде қабылданған сөйлеу этикетінің формулаларын қолдана отырып, жеке хаттар жазу.</p>
4.	<p>Оқылған немесе естілген ақпарат бойынша жеке қатынасын білдіру.</p> <p>Ақпаратты хабарлау.</p> <p>Тапсырмаға сәйкес естіген мәтіннен қажетті ақпаратты алу (сқрактарға жауап беру, true/false statements, multiple choice, gaps).</p> <p>Тапсырмаға байланысты таңдамалы ақпаратты ала отырып, мәтінді оқу.</p> <p>Нақты деректер мен жеке әсерлерді сипаттау.</p>
5.	<p>Сұраулы сөйлемдердің алуан түрлерін пайдалана отырып, ақпараттың сұратып алу.</p> <p>Қос тілді сөздікті пайдалану.</p> <p>Тапсырмаға сәйкес мәтіннен көшірмелер жасау.</p>
6.	<p>Сөйлеу этикетінің қарапайым нормаларын сақтау.</p> <p>Ғылыми ұғымдар және құбылыстардың мағыналы түсініктемелерін кейіннен практикалық түрде қолдану.</p> <p>Пән бойынша лексикалық бірліктердің негізгі түсініктемелерінің тақырыптық сөздігі.</p>

Ескертпе: Тыңдаушының ағылшын тілін меңгеру деңгейіне сәйкес оқу жоспары өзгертіледі.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 35-қосымша

**Жаратылыстану-математика бағыты бойынша "Химия", "Биология", "Физика", "Информатика" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының жалпы білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 35-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Жаратылыстану-математика бағыты бойынша "Химия", "Биология", "Физика", "Информатика" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының орта білім берудегі үш тілділік оқыту бағдарламасын енгізу аясында жасалған.

2. Осы Бағдарламада жаратылыстану – математика бағыты бойынша "Химия", "Биология", "Физика", "Информатика" пәндері бойынша орта білім берудегі жаңартылған мазмұн жағдайында мамандарды дайындаудың толық мәліметтері көрсетілген.

3. Бағдарлама осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес ағылшын тілін меңгеру деңгейі Common European Framework of Reference (Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемшарттары), (әрі қарай - CEFR) бойынша жүргізіледі:

1) ағылшын тілін (Starter - бастапқы) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау – 72 сағат;

2) ағылшын тілін A1 (Elementary - базалық) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау – 96 сағат;

3) ағылшын тілін A2 (Pre-Intermediate – ортадан төмен) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау – 96 сағат;

4) ағылшын тілін B1 (Intermediate - орта) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау – 96 сағат;

5) ағылшын тілін B2 (Upper-Intermediate – ортадан жоғары) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау – 56 сағат.

4. Бағдарлама жалпы орта білім беретін мектептердің Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология" пәндерін 10 - 11 (12) сыныпта ағылшын тілінде оқытатын немесе оқытып жүрген мұғалімдерге арналған.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

5. Бағдарламаның мақсаты: пән мұғалімдерінің СЕРТ және English as a Medium of Instructions (Ағылшын тілі нұсқаулықтар құралы ретінде), (әрі қарай – ЕМІ) сертификатталған он-лайн курсының халықаралық сертификатын алу жолымен халықаралық білім стандарттарына сәйкес тілдік және кәсіптік құзыреттілігін арттыру болып табылады.

## 6. Бағдарлама міндеттері:

- 1) тыңдалым және ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту негізінде сөйлеу әрекетінің төрт түрін кешенді дамыту;
- 2) ағылшын тілінің жалпы курсы бойынша мұғалімдердің лексикалық қорын кеңейту;
- 3) грамматикалық дағдыларды қалыптасытыру және дамыту;
- 4) ағылшын тілінде сабақ жүргізу үшін мұғалімдердің функционалдық тіліндегі лексикалық қорын қалыптастыру;
- 5) мұғалімдердің кәсіптік қызығушылық аясындағы лексикалық қорын кеңейту;
- 6) ағылшын тілінде сабақ жүргізу дағдыларын дамыту.

## 3-тарау. Бағдарлама мазмұны мен құрылымы

7. Бағдарламаның оқу жоспары осы Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес жеті кезеңнен тұрады.

8. Білім беру үрдісін ұйымдастыру осы Бағдарламаға 3-қосымшаға сәйкес өткізіледі.

9. Оқыту нәтижелері. "Биология", "Химия", "Физика", "Информатика" пәндері мұғалімдерінің тілдік құзыреттілігін арттыруға оқыту және кәсіби дайындық курсы аяқталғаннан кейін жалпы еуропалық тілдік шкаласына (CEFR - Common European Framework of Reference for Languages) сәйкес ағылшын тілін меңгеру деңгейін B1-ге (Intermediate - орта) дейін жоғарлатады, сабақ жүргізуге қажетті өз мамандығы бойынша кәсіби ағылшын тілінің терминологиясын меңгереді.

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша "Химия", "Биология", "Физика", "Информатика" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына  
1-қосымша

## Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемшарттары (CEFR)

	C2	Кез келген естіген немесе оқыған хабарламаларды оңай түсінеді. Хабарламаны еске түсіре отырып, әртүрлі ауызша және жазбаша деректер арқылы ақпаратты қорытып талдай алады. Күрделі жағдайларда қажетті мағыналық реңктерді айқындай отырып, ойын еркін жеткізе алады.
Тәжірибелі қолданушы		Әртүрлі тақырыптағы күрделі және көлемді мәтіндерді түсінеді, астарлы мағыналарын біледі. Сөздер мен сөз тіркестерін қолдану кезінде ешқандай кедергісіз өз ойын тез жеткізе алады. Тілді әлеуметтік, ғылыми және кәсіби қызметінде шебер және тиімді

	C1	қолданады. Күрделі тақырыптар бойынша нақты, дұрыс құрылымдалған, жан-жақты мәтіндер құрастыруда лексикалық және грамматикалық бірліктерді меңгергенін көрсетеді.
Тәуелсіз қолданушы	B2	Абстрактілі және нақты тақырыптардағы күрделі мәтіндердің, оның ішінде өзінің саласына қатысты техникалық мазмұндағы мәтіндерді талқылаулардың негізгі идеясын түсінеді. Өз ойын еркін және тез жеткізе алады, тілдің өкілдерімен кедергісіз, еркін қарым-қатынас жасай алады. Әртүрлі тақырыптарда нақты және негізгі мәселеде өз ойын анық білдіріп, әртүрлі нұсқалардың артықшылығы мен кемшіліктерін көрсете алады.
	B1	Жұмыста, мектепте, демалыста және т.б. жағдайларда тұрақты түрде талқыланатын таныс тақырыптардағы стандартты хабарламалардың негізгі ойын түсінеді. Сол тілде сөйлейтін елге барғанда кездесуі мүмкін көптеген жағдайларда оқым жағдайларда абыржымайды. Өзіне таныс немесе өзін қызықтыратын тақырыптарға байланысты хабарламалар құрастыра алады. Өзінің тәжірибесін, оқиғаларды, армандарын, сенімдерін, ұмтылысын қысқаша сипаттап, өзінің көзқарасы мен жоспарларын түсіндіре алады.
Базалық қолданушы	A2	Өмірдің негізгі салаларына байланысты жекелеген сөйлемдер мен жиі қолданылатын сөз тіркестерін түсінеді (мысалы, өзінің жеке басына қатысты ақпарат, отбасы, сауда, жергілікті мекенжайы, жұмысқа орналасу және т.б. туралы). Қарым-қатынас барысында өзіне таныс немесе тұрмыстық тақырыптарға қатысты тікелей ақпарат алмасуды қажет ететін қарапайым күнделікті міндеттерді шеше алады. Қарапайым сөз тіркестерімен өзінің өмірі, өзінің жұмыс орнына қатысты, сондай-ақ өзге де тез шешуді қажет ететін мәселелерді талқылай алады.
	A1	Белгілі бір нақты бағыттағы қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған күнделікті өмірдегі таныс сөздер мен негізгі сөз тіркестерін түсінеді және қолданады. Өзін және өзге адамдарды таныстыра алады, сондай-ақ жеке өміріне қатысты сұрақтар қойып, оларға жауап бере алады, мысалы, тұрғылықты мекенжайы, таныс адамдар және адамның нені меңгергендігі туралы. Егер адамдар ақырын және анық сөйлесе, қарапайым деңгейде қарым - қатынас жасай алады, көмекке келуге дайындығын білдіреді.

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша "Химия", "Биология", "Физика", "Информатика" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына  
2-қосымша

## Оқу жоспары

№	Іс шаралар	Сағат саны
1 кезең. Тестілеу		
1	Ағылшын тілінің деңгейін анықтау үшін диагностикалық тестілеу (Placement Test). Тест жалпы ағылшын тілінің тексикасы мен грамматикасы бойынша білімін, сонымен қатар функционалдық тілді және оқу дағдылары бойынша білімін тексереді. Тіл білу деңгейі жалпы еуропалық тілдік құзіреттілік шкаласына (CEFR – Common European Framework of Reference for Languages) сәйкес анықталады.	
2 кезең 1 Модуль. Мұғалімнің тілдік құзыреттілігін арттыру		
2	Starter (Бастапқы) деңгейіндегі тыңдаушылармен жалпы ағылшын тілі курсы өткізу	7 2 сағат

3 кезең		
2 Модуль. Мұғалімнің тілдік және кәсіптік құзыреттілігін арттыру		
3	<p>Тілдік және кәсіби құзыреттілікті арттыру бойынша аралас курсы A1 (Elementary - базалық) деңгейіндегі тыңдаушыларға өткізу.</p> <p>Курстың мазмұны:</p> <p>ағылшын тілінің жалпы курсы (General English);</p> <p>оқытуға арналған ағылшын тілі курсы (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады:</p> <p>Language for introducing the topic of the lesson (сабақтың тақырыбын баяндауға арналған тіл);</p> <p>Language for giving instructions (нұсқаулықтарды түсіндіруге арналған тіл);</p> <p>Language for explaining language to students (білім алушыларға тілді түсіндіруге арналған тіл);</p> <p>Language for different classroom situations (сыныптағы әр түрлі оқиғаларға арналған тіл).</p> <p>Language for speaking fluently (сөйлеу мәнеріне арналған тіл)</p> <p>арнайы мақсатқа арналған ағылшын тілі (ESP – English for Specific Purpose).</p>	9 6 сағат
4	Өздік жоба жұмысы	1 2 сағат
4 кезең		
3 Модуль. Мұғалімнің тілдік және кәсіптік құзыреттілігін арттыру		
5	<p>Тілдік және кәсіби құзыреттілікті арттыру бойынша аралас курсы A2 (Pre – Intermediate – ортадан төмен) деңгейіндегі тыңдаушыларға өткізу.</p> <p>Курстың мазмұны:</p> <p>ағылшын тілінің жалпы курсы (General English);</p> <p>оқытуға арналған ағылшын тілі курсы (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады:</p> <p>Language for helping learners to speak in class (оқушыларға сыныпта сөйлеуге көмектесуге арналғын тіл);</p> <p>Language for helping with learners’ problems (оқушылардың мәселелеріне көмектесуге арналған тіл);</p> <p>Language for responding to learners (оқушылардың сұрақтарына жауап беруге арналған тіл);</p> <p>Language for correcting learners (оқушылардың қателерін дұрыстауға арналған тіл);</p> <p>Language for talking about learners’ progress (алға жылжу туралы талқылауға арналған тіл).</p> <p>Арнайы мақсатқа арналған ағылшын тілі (ESP – English for Specific Purpose).</p>	9 6 сағат
6	Өздік жоба жұмысы	1 2 сағат
5 кезең		
4 Модуль. Мұғалімнің тілдік және кәсіптік құзыреттілігін арттыру		
7	<p>Тілдік және кәсіби құзыреттілікті арттыру бойынша аралас курсы B1 (Intermediate – орта) деңгейіндегі тыңдаушыларға өткізу.</p> <p>Курстың мазмұны:</p> <p>ағылшын тілінің жалпы курсы (General English);</p> <p>оқытуға арналған ағылшын тілі курсы (Language for teaching) келесі тақырыптарды қарастырады:</p> <p>Language for asking for advice and making suggestions (кеңес және ұсыныс жасауға арналған тіл);</p> <p>Language for meeting new people and talking about yourself (жаңа адамдармен кездесу және өзі туралы баяндауға арналған тіл);</p> <p>Language for face-to-face and online discussions (жеке және он-лайн талқылауға арналған тіл);</p> <p>Language for presenting a talk (сөз сөйлеуге арналған тіл);</p> <p>Language for evaluation and reflection (талқылауды қарастыру және бағалауға арналған тіл).</p> <p>Арнайы мақсатқа арналған ағылшын тілі (ESP – English for Specific Purpose).</p>	9 6 сағат

8	Өздік жоба жұмысы	1 2 сағат
6 кезең		
5 Модуль. Мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігін арттыру		
9	Кәсіби құзыреттілікті арттыру бойынша аралас курсы B2 (Upper-Intermediate – ортадан жоғары) деңгейіндегі тыңдаушыларға өткізу. Курстың мазмұны: арнайы мақсатқа арналған ағылшын тілі (ESP – English for Specific Purpose); он-лайн режимінде берілген оқыту ретіндегі ағылшын тілі курсы (EMI – English as a Medium of Instructions online)	5 6 сағат
10	Өздік жоба жұмысы	1 2 сағат
7 кезең		
Қорытынды тестілеу		
11	Халықаралық сертификатталған Cambridge English Placement Test (online) тестін қолдана отырып, пән мұғалімдерінің лингвистикалық құзіреттілігін тестілеу	
12	EMI бағдарламасының оқу нәтижесі бойынша сертификат алу	

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша "Химия", "Биология", "Физика", "Информатика" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына  
3-қосымша

## Білім беру үрдісін ұйымдастыру

№	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі	Сағат (апта) сыйымдылығы	Сағат бөлу: тілдік және кәсіби құзыреттілік
1	Тілді (Starter – бастапқы) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау	72 сағат – тілдік құзыреттілік	Тілдік құзыреттілікті жетілдіру (1 деңгей)
2	Тілді A1 (Elementary – базалық) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау	Жалпы практикалық курс – 96 сағат 75 сағат – тілдік құзыреттілік 21 сағат – кәсіби құзыреттілік +12 сағат өздік жұмыс	Тілдік құзыреттілікті (2 деңгей) және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру
3	Тілді A2 (Pre-Intermediate – ортадан төмен) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау	Жалпы практикалық курс – 96 сағат 65 сағат – тілдік құзыреттілік 31 сағат – кәсіби құзыреттілік +12 сағат өздік жұмыс	Тілдік құзыреттілікті (3 деңгей) және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру
4		Жалпы практикалық курс – 96 сағат 50 сағат – тілдік құзыреттілік	



	Тілді B1 (Intermediate – орта) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау	46 сағат – кәсіби құзыреттілік +12 сағат өздік жұмыс	Тілдік құзыреттілікті (4 деңгей ) және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру
5	Тілді B2 (Upper – Intermediate – ортадан жоғары) деңгейінде меңгерген мұғалімдерді даярлау	Жалпы практикалық курс – 56 сағат +12 сағат өздік жұмыс	Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 36-қосымша

## **Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде "Тілдік құзыреттілік" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

**Ескерту. Бұйрық 36-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде "Тілдік құзыреттілік" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) жаратылыстану – математика бағыты ("Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология") пәндерін ағылшынша жүргізетін жалпы білім беру мекемелері мұғалімдерінің тілдік құзыреттілігін арттыру процессін реттейді.

2. Осы Бағдарламада жаратылыстану-математика бағыты бойынша ("Химия", "Биология", "Физика", "Информатика") пәндерін ағылшын тілінде оқу мазмұнын жаңарту бойынша мұғалімдердің тілдік және кәсіби құзыреттілігін арттырудың толық мәліметтері көрсетілген.

3. Бағдарлама оқыту тіліне қарамастан ағылшын тілінде оқытылады. Бағдарлама ағылшын тілін деңгейін және оқыту тәсілдерін қолдануын жетілдіру үшін біріктірілген тәсілді қамтамасыз етеді.

### **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты: "Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология" пәндері мұғалімдерінің кәсіби тілдік құзыреттілігін халықаралық білім стандарттарына сәйкес жоғарылату және курс аяғында English as Medium of Instruction (Ағылшын тілі нұсқаулықтар құралы ретінде), (әрі қарай – ЕМІ) халықаралық сертификатын тапсыру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) акцентті сөйлеу дағдысын дамытуға бағыттай отырып, тілдік қатынастың төрт түрін кешенді дамыту;
- 2) оқу және ұйымдастыру жұмыстарын ағылшын тілінде жүргізу мақсатында лексикалық қорды қалыптастыру;
- 3) "Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология" пәндері бойынша сөздік қорды қалыптастыру және кеңейту;
- 4) сабақты ағылшын тілінде жүргізу дағдысын қалыптастыру және дамыту;
- 5) сыни ойлау дағдысын дамыту әдістемесін түсіну және қолдану.

### **3-тарау. Бағдарлама мазмұны мен құрылымы**

6. Бағдарлама осы бағдарламаға сәйкес қосымшада көрсетілген жалпы, кәсіби және функционалды ағылшын тілін меңгеруді жетілдіру модульдарын қамтитын бес курстан (pre - A (Starter - базалық) - B2 (Upper – Intermediate – ортадан жоғары) тұрады.

7. Мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеру деңгейлерін анықтау мақсатында Cambridge университетімен құрастырылған Cambridge English Placement test (Кэмбридждік деңгей анықтайтын ол-лайн тест), (әрі қарай - CEPT) тестілеуі жүргізіледі.

8. Әр курстың аяғында мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін растайтын қорытынды тест өткізіледі.

9. Соңғы модульді өту барысында тыңдаушылар EMI (English as Medium of Instruction) емтиханын тапсыруға дайындалады.

10. Курс аяғында "Информатика", "Физика", "Химия" және "Биология" пәндері мұғалімдері ағылшын тілін меңгеру деңгейін жалпыеуропалық шкала Common European Framework of Reference (Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемшарттары), (әрі қарай - CEFR) бойынша B2 (Upper – Intermediate – ортадан жоғары) деңгейіне көтереді, сабақты жүргізуге қатысты терминология мен кәсіби ағылшын тілін меңгереді.

Қазақстан Республикасында орта  
білім беру мазмұны жаңарту шеңберінде  
"Тілдік құзыреттілік" педагог  
кадрлардың біліктілігін арттыру  
курстарының білім беру бағдарламасына  
қосымша

### **Оқу жоспары**

№	Курс мазмұны	Апта саны
	Pre - A (ағылшын тілін меңгерудегі базалық деңгей)	

1	Базалық тілдік деңгейдің қалыптасуы: оқу дағдысы, грамматиканың қарапайым түрлері, жазу, тыңдағанын түсіну; күнделікті тақырыптар шеңберіндегі сөйлеу курсы менгеру. Жобалық жұмыс: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары.	3
A1 (ағылшын тілін меңгерудегі бастауыш деңгей)		
2	Ағылшын тілінің басты дағдыларын дамыту: оқылым, жазылым, сөйлесім, тыңдағанын түсіну; күнделікті өмір тақырыбы бойынша сөйлеу практикасы. Жобалық жұмыс: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары.	5
A2 (ағылшын тілін меңгерудегі ортадан төменгі деңгей+ағылшын тілінің бейінді модулі)		
3	Лексикалық және грамматикалық құрылымдардың күрделірек түрлерін меңгеру, күнделікті өмірге байланысты сөйлеу практикасы, ағылшын тілін таныс жағдаяттарда қолдану, ағылшын тілінде жүргізілген әңгіменің басты мазмұнын ешкімнің көмегінсіз түсіну, сонымен қатар пәнге байланысты әңгіме мен мәтінді түсіну. Бейінді ағылшын тілі: лексиканы пән бойынша кіргізу, сөздік құрастыру және пән бойынша деңгейге сәйкес бейімделген мәтіндерді оқу. Жобалық жұмыс: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, кәсібіне сәйкес мәтіндер мен өзбетінше жұмыс.	6
Оқудағы үзіліс		
B1 (ағылшын тілін меңгерудегі орта деңгей+ ағылшын тілінің бейінді модулі+ ағылшын тілінің функционалдық модулі)		
4	Мұғалімнің сабақты ағылшын тілінде жүргізуі үшін функционалдық тілдің лексикалық қорын қалыптастыру, тілді әр түрлі стандарттық жағдаяттарда қолдану (презентацияларды өткізу, құжаттарды дайындау), мәтіннің басты идеясын түсіну, кәсіби және жеке сипаттағы мәтіндерді егжей-тегжейлі түсіну. Сабақтарды өткізу, оқу процесін ұйымдастыру, мұғалім нұсқаулықтарын түйіндеу, студенттердің білімін бағалау және студенттермен кері байланыс орнату, зерттеу жұмыстары, сыни ойлау дағдыларын дамыту, интерактивті сабақтарды дайындауға байланысты ағылшын тілі . Бейінді ағылшын тілі: сөздік қорды кеңейту, пән бойынша күрделірек мәтіндерді оқу, ағылшын тілінің жалпы курсынан қалыптасқан дағдыларын лекцияларды түсіну, мәтіндерді оқу, эсселер жазу, есеп беруде қолдану және интегралдау. Жобалық жұмыс: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, кәсібіне сәйкес мәтіндер мен өз бетінше жұмыс, мини-лекцияларды құрастыру, презентация, сабақ жоспарын, академиялық эссе жазу.	10
B2 (ағылшын тілін меңгерудегі ортадан жоғары деңгей + ағылшын тілінің бейінді модулі+ ағылшын тілінің функционалдық модулі )		
5	Мұғалімнің кәсіптік саладағы мүддесі, күрделі, абстракты, нақты және арнайы тақырыптағы күрделі мәтіндерді түсінуге, пән мұғалімінің ауызша монологтық және диалогтық тілін дамытуға , жағдаятқа қатысты әр түрлі стильді пайдалануға байланысты, сонымен қатар өз пікірін айта алу , артықшылықтар мен кемшіліктерді, әр түрлі көз қарастарды салыстыру және сәйкестендіре алуға байланысты функционалды тілінің лексикалық қорын кеңейту. Сабақтарды өткізу, ғылыми зерттеу, оқу процесін ұйымдастыру, пән мұғалімдерінің пән бойынша сөздік құрастыруға бағытталған жобалық жұмыстарын өз бетінше орындау, күнтізбелік тақырыптық жоспар және сабақ жоспарларын дайындау, ағылшын тіліндегі пәндік оқулықтар мен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, сыни ойлау дағдыларын дамыту әдістемесін меңгеруге байланысты ағылшын тілі. EMI (English as a Medium of Instruction) онлайн-курсын өту. Бейінді ағылшын тілі: сөздік қорды кеңейту, пән бойынша аутентикалық мәтіндерді оқу, ағылшын тілінің жалпы курсынан қалыптасқан дағдыларын лекцияларды түсіну, мәтіндерді оқу, эсселер жазу, есеп беруде қолдану және интегралдау.	15

Жобалық жұмыс: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, кәсібіне сәйкес мәтіндер мен өз бетінше жұмыс, мини-лекцияларды құрастыру, презентация, сабақ жоспарын, академиялық эссе жазу.

EMI (English as a Medium of Instruction) онлайн - курсын өтуге дайындалу.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 37-қосымша

## **Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде "Ағылшын тілі оқытушыларының тілдік және кәсіби біліктілігін арттыру" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

**Ескерту. Бұйрық 37-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 14.09.2016 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде "Ағылшын тілі оқытушыларының тілдік және кәсіби біліктілігін арттыру" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) білім беру үдерісін "Ағылшын тілі" пәні бойынша басқарып отырады.

2. Осы Бағдарламада орта білім беру мазмұны жаңартылған жағдайда "Ағылшын тілі" пәні оқытушылардың тілдік және кәсіби біліктілігін арттырудың толық мәліметтері көрсетілген.

3. Бағдарлама оқыту тіліне қарамастан ағылшын тілінде оқытылады. Бағдарлама ағылшын тілін деңгейін және оқыту тәсілдерін қолдануын жетілдіру үшін біріктірілген тәсілді қамтамасыз етеді.

### **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті**

4. Бағдарламаның мақсаты: ағылшын тілі оқытушыларының тілдік және кәсіби біліктілігін арттырып, курс аяқталғаннан кейін халықаралық стандартқа сәйкес Teaching Knowledge Test (Оқыту әдісі бойынша тест), (әрі қарай - ТКТ) Module 2 (Модуль 2) немесе Module 3 (Модуль 3) немесе ТКТ CLIL (Content and Language Integrated Learning – пән – тілді кешенді оқыту), (әрі қарай - ТКТ CLIL) халықаралық сертификатын беру және ағылшын тілі сабақтарын тиімді өткізуге және оқушыларды жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуға дайындау.

5. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) кәсіби біліктілікті арттыру;
- 2) тілдік қатысымдық құзіреттілікті арттыру;
- 3) сабақ берудің қатысымдық әдістемесіне үйрету;
- 4) ойлап сөйлеу әрекетін дамытуға арналған әдістемені үйрету;
- 5) оқытудың CLIL элементтерін пайдалана отырып сабақ өткізуге үйрету;
- 6) сабақты жоспарлауға және қосымша ресурстарды пайдаланана білуге үйрету;
- 7) оқыту мен сабақ барысын ұйымдастыруға үйрету.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы**

6. Бағдарлама осы бағдарламаға сәйкес 1, 2, 3, 4 қосымшаларында көрсетілген ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қарай төрт оқу жоспарынан тұрады.

7. Оқу жоспарларына тілдік дайындық бойынша модульдар мен біріктірілген дайындық элементтері бар ағылшын тілін оқытудың қатысымдық әдістемесі кіреді.

8. Деңгейді анықтау үшін Cambridge университетінің дайындаған (Cambridge English Placement test - Кэмбридждік деңгей анықтайтын он-лайн тест), (әрі қарай - СЕРТ) тесті мен деңгейді растау үшін әңгімелесу өткізіледі.

9. Әрбір курс аяқталғаннан кейін тілді ТКТ Module 2 (Модуль 2) немесе Module 3 (Модуль 3 ) немесе ТКТ CLIL арқылы меңгергенін растау үшін қорытынды тест өткізіледі.

10. Оқытудың нәтижесі: курс аяқталғаннан кейін ағылшын тілі оқытушылары ағылшын тілін меңгерудің жалпыевропалық шкаласы (CEFR – Common European Framework of Reference for Languages) бойынша B1 (Intermediate - орта), B2 (Upper-Intermediate – ортадан жоғары) деңгейіне жетеді; оқытудың қатысымдық әдістемесін меңгереді; ойлап сөйлеу әрекетін дамытуға арналған әдістемені үйренеді; оқытудың CLIL элементтерін пайдалана отырып сабақ өткізуге үйренеді; сабақты жоспарлауға және қосымша ресурстарды пайдаланана білуге үйренеді; оқыту мен сабақ барысын ұйымдастыруға үйренеді.

Қазақстан Республикасында орта  
білім беру мазмұнын жаңарту  
шеңберінде  
"Ағылшын тілі оқытушыларының тілдік  
және кәсіби біліктілігін арттыру"  
педагог кадрлардың біліктілігін арттыру  
курстарының білім беру  
бағдарламасының  
1-қосымшасы

### **Оқу жоспары**

--	--	--

№	Тілді бастапқы деңгейде (A1 (Elementary - базалық) меңгерген ағылшын тілі оқытушыларына арналған курстың мазмұны	Апта саны
A2 (ағылшынтілін меңгерудің ортадан төмен деңгейі )		
1	Тілді бастапқы деңгейден A2 (Pre-Intermediate – ортадан төмен) деңгейіне дейін көтеру; ағылшын тілін оқыту үшін қажетті күрделі лексикалық және грамматикалық құрылымдарды меңгеру; күнделікті және кәсіби өмірдегі тақырыптар бойынша сұхбаттасу практикасы; таныс жағдаяттарда ағылшын тілін қолдана білу; ағылшын тіліндегі сұхбаттардың негізгі мазмұнын біреудің көмегісіз түсіну, сондай-ақ тілдің деңгейіне сәйкес мәтінді және тілді түсіну. Жобалау жұмыстары: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, деңгейге сәйкес мәтіндермен өз бетінше жасалатын жұмыстар.	6
B1 (ағылшын тілін меңгерудің орта деңгейі)		
2	Күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі тақырыптағы нақты хабарламалардың негізгі идеясын түсіну, кәсіби қызметте кездесіп қалатын жағдайдың көпшілігінде қатысымға түсе білу; әсерін, оқиғаны, ынтасын айтып беру; өзінің ойларымен болашаққа жоспарын негіздей білу. Тілдік талдаудың жан-жақты әдістемесін: құрылымын анықтау мақсатында фонетика, лексика, сөзжасау, морфология, синтаксис, стилистиканың, тілдік бірліктердің түрлерін, олардың формаларымен жасалу тәсілдерін жүйелі қолдана білу, олардың мәтінде дұрыс қолданылуын білу Жобалау жұмыстары: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, салаға сәйкес мәтіндермен өз бетінше жасайтын жұмыстар, мини-лекциялар, презентациялар, сабақ жоспарларын дайындау, академиялық эссе жазу.	6
Біріктірілген дайындық элементтері бар ағылшын тілін оқытудың Қатысымдық әдістемесінің модулі		
3	Сабақты жоспарлауға арналған ағылшын тілі; оқу құралдарын, ресурстар мен материалдарды пайдалана білу; сабақ барысы және сабақ өткізу; оқыту процесін басқару. Пәндерді ағылшын тілінде оқыту мен үйрету дағдысын қалыптастыру. Жобалау жұмыстары: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, өз бетінше жасайтын жұмыстар, біріктірілген пәндік-тілдік элементтері (CLIL - Content and Language Integrated Learning)бар сабақтарды жоспарлау және көрсету.	8

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде "Ағылшын тілі оқытушыларының тілдік және кәсіби біліктілігін арттыру" педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасының 2-қосымшасы

## Оқу жоспары

№	Тілді ортадан төмен деңгейде (A2 (Pre – Intermediate – ортадан төмен) меңгерген ағылшын тілі оқытушыларына арналған курстың мазмұны	Апта саны
B1 (ағылшын тілін меңгерудің орта деңгейі)		
1	Күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі тақырыптағы нақты хабарламалардың негізгі идеясын түсіну, кәсіби қызметте кездесіп қалатын жағдайдың көпшілігінде қатысымға түсе білу; әсерін, оқиғаны, ынтасын айтып беру; өзінің ойларымен болашаққа жоспарын негіздей білу. Тілдік талдаудың жан-жақты әдістемесін: құрылымын анықтау мақсатында фонетика, лексика, сөз жасау, морфология, синтаксис, стилистиканың, тілдік бірліктердің түрлерін, олардың	6

	формалары мен жасалу тәсілдерін жүйелі қолдана білу, олардың мәтінде дұрыс қолданылуын білу. Жобалау жұмыстары: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, салаға сәйкес мәтіндермен өз бетінше жасайтын жұмыстар, мини-лекциялар, презентациялар, сабақ жоспарларын дайындау, академиялық эссе жазу.	
Біріктірілген дайындық элементтері бар ағылшын тілін оқытудың Қатысымдық әдістемесінің модулі		
2	Сабақты жоспарлауға арналған ағылшын тілі; оқу құралдарын, ресурстар мен материалдарды пайдалана білу; сабақ барысы және сабақ өткізу; оқыту процесін басқару. Пәндерді ағылшын тілінде оқыту мен үйрету дағдысын қалыптастыру. Жобалау жұмыстары: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, өз бетінше жасайтын жұмыстар, біріктірілген пәндік-тілдік элементтері (CLIL - Content and Language Integrated Learning) бар сабақтарды жоспарлау және көрсету.	8

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде  
"Ағылшын тілі оқытушыларының тілдік және кәсіби біліктілігін арттыру"  
педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасының 3-қосымшасы

## Оқу жоспары

№	Тілді орта деңгейде (B1 (Intermediate - орта) меңгерген ағылшын тілі оқытушыларына арналған курстың мазмұны	Апта саны
B1+ (ағылшын тілін меңгерудің ортадан жоғары деңгейі)		
1	Өзінің көңіл-күйін, күйзелісін егжей-тегжей айтып бере білу; кенеттен болған оқиғаларды айтып бере білу, күйзелісін салыстырмалы түрде сипаттай білу. Әр түрлі көздерден алынған ақпаратты талдап қорыту және талқылай білу; өзінің көз қарасын артықшылығымен кемшілігін түсіндіре отырып, келіскенімен қарсылығын дәлелдей білу; дәлелді баяндама және басқа да мәтіндер жазу; бейімделмеген мәтіндерді ағылшын тілінде оқи білу; күрделі мәтіндердің мазмұнын айтып бере білу.	4
Біріктірілген дайындық элементтері бар ағылшын тілін оқытудың Қатысымдық әдістемесінің модулі		
2	Сабақты жоспарлауға арналған ағылшын тілі; оқу құралдарын, ресурстармен материалдарды пайдалана білу; сабақ барысы және сабақ өткізу; оқыту процесін басқару. Пәндерді ағылшын тілінде оқыту мен үйрету дағдысын қалыптастыру. Жобалау жұмыстары: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, өз бетінше жасайтын жұмыстар, біріктірілген пәндік-тілдік элементтері (CLIL - Content and Language Integrated Learning) бар сабақтарды жоспарлау және көрсету.	8

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде  
"Ағылшын тілі оқытушыларының тілдік және кәсіби біліктілігін арттыру"  
педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасының 4-қосымшасы

## Оқу жоспары

№	Тілді ортадан жоғары деңгейде (B2 (Upper – Intermediate – ортадан жоғары) меңгерген ағылшын тілі оқытушыларына арналған курстың мазмұны	Апта саны
Біріктірілген дайындық элементтері бар ағылшын тілін оқытудың қатысымдық әдістемесінің модулі		
1	Сабақты жоспарлауға арналған ағылшын тілі; оқу құралдарын, ресурстар мен материалдарды пайдалана білу; сабақтары және сабақ өткізу; оқыту процесін басқару. Пәндерді ағылшын тілінде оқыту мен үйрету дағдысын қалыптастыру. Жобалау жұмыстары: практикалық сабақтар, аралық тексеру жұмыстары, өз бетінше жасайтын жұмыстар, біріктірілген пәндік-тілдік элементтері (CLIL - Content and Language Integrated Learning) бар сабақтарды жоспарлау және көрсету.	8

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 32 бұйрығына 38-қосымша

### **Қазақ тілді мектептердегі "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

**Ескерту. Бұйрық 38-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2017 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақ тілді мектептердегі "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсындағы білім беру процесін реттейді.

2. Осы Бағдарлама қазақ тілді мектептердегі "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламасын (бұдан әрі – Оқу бағдарламасы) зерделеуге бағытталған.

3. Осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес, оқу жоспары бойынша мұғалімдерді оқыту курсының ұзақтығы 160 академиялық сағатты құрайды.

#### **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты: пәндер бойынша Оқу бағдарламаларын жаңарту және критериялды бағалау жүйесін енгізу мәнмәтінінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.



5. Бағдарламаның міндеттері:

1) мұғалімдердің пәндер бойынша Оқу бағдарламаларының мазмұнын білуін қамтамасыз ету;

2) пәндер бойынша Оқу бағдарламаларына сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолдануды үйрету;

3) пәндер бойынша Оқу бағдарламаларына сәйкес оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін қолдануды үйрету.

6. Оқу нәтижелері:

1) мұғалімдер пәндер бойынша Оқу бағдарламаларының мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын біледі және түсінеді;

2) мұғалімдер пәндер бойынша Оқу бағдарламаларына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

3) мұғалімдер пәндер бойынша Оқу бағдарламаларына сәйкес оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама біліктілікті арттыру курсының мақсаттарын шолудан, ғылыми әдебиетті талдаудан басталады. Мұғалімдер пәндер бойынша Оқу бағдарламаларының құрылымын, педагогикалық тәсілдерді, бағалау тетіктерін, аспектілерін қарастырады.

8. Мұғалімдер пәндер бойынша Оқу бағдарламаларының мазмұнын және пән бойынша оқу жоспарларын игереді. Күнделікті сабақтардың соңында мұғалімдер рефлексия жасап, оқу мақсаттарына жетуді мониторингілеу мақсатында тапсырма орындайды.

9. Оқу жоспарына сәйкес аталған Бағдарлама шеңберіндегі оқу процесі Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделінің негізінде іске асырылады.

10. Оқу барысында мұғалімдер ықшамсабақ процесінде "эксперимент" жүргізеді.

11. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені:

1) Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) Мұғалімге арналған нұсқаулық;

3) Таныстырылымдар мен үлестірме материалдар;

4) Күтілетін нәтижеге қол жеткізу деңгейін анықтауға арналған тап-сырмалар

;

5) Тренерге арналған нұсқаулық.

12. Мұғалімдердің қызметін бағалау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі: жаңартылған оқу бағдарламасын түсіну, оқыту дағдылары, ойлау сипаты,

жоспарлау, белсенді оқу, пән бойынша педагогикалық білім, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, критериалды бағалау. Әр сала бойынша мұғалімнің аталған пән бойынша оқыту әдістемесінің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін төрт дескриптор бар (бастапқы деңгей, қалыптасу деңгейі, қалыптасқан деңгей, жетілген деңгей).

Қазақ тілді мектептердегі  
"Қазақ тілі" және  
"Қазақ әдебиеті" пәндері  
бойынша педагог кадрлардың  
біліктілігін арттыру курсының  
білім беру бағдарламасына  
қосымша

## Оқу жоспары

№	Күн тақырыбы	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
1-апта. Жаңартылған оқу бағдарламасына кіріспе			
1	Жаңартылған оқу бағдарламасына кіріспе	1. Біліктілікті арттыру курсына кіріспе. "Мәңгілік Ел" патриоттық актісі.	2
		2. Оқу бағдарламасының мазмұны.	2
		3. Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы.	2
		4. Оқу бағдарламасының спиральділік қағидаты. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: жаңартылған оқу бағдарламасын түсіну.	2
2	Тиімді оқыту және оқу	1. Тиімді оқыту және оқу тәсілдері.	2
		2. Белсенді оқу әдістері.	2
		3. Оқу үдерісінде белсенді оқу әдістерін қолдану.	2
		4. Оқу ортасына қойылатын талаптар.	2
3	Критериалды бағалау жүйесі	1. Критериалды бағалау қағидаттары.	2
		2. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны.	2
		3. Қалыптастырушы бағалау үдерісі.	2
		4. Жиынтық бағалау үдерісі.	2
4	Оқу бағдарламасы: жоспарлау және ресурстар	1. Оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы.	2
		2. Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау.	4
		3. Сабакты ресурстармен қамтамасыз ету.	2
5	Тілдік білім мен дағдыларды дамытудың маңызы	1. Тілдік дағдыларды дамытудың маңызы.	2
		2. Тілдік дағдыларға тән ерекшеліктер.	2
		3. Тілдік дағдылар мен құзыреттілікті дамытудың маңыздылығын айқындау.	2
		4. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуына қолдау көрсету.	2
2-апта. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер			

6	Түсіну дағдылары және әдіс-тәсілдері. Тыңдалым дағдылары	1. Тиімді тыңдалымды анықтау. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: жаңартылған оқу бағдарламасын түсіну.	2
		2. Тиімді тыңдалым әдіс-тәсілдері.	2
		3. Тиімді тыңдалым жаттығуларын әзірлеу.	2
		4. Тиімді тыңдалым жаттығуларын көрсету. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: жоспарлау.	2
7	Түсіну дағдылары және әдіс-тәсілдері. Айтылым дағдылары	1. Айтылым дағдыларын дамыту.	2
		2. Айтылым дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: пән бойынша педагогикалық білім.	2
		3. Айтылым жаттығуларын әзірлеу.	2
		4. Айтылым жаттығуларын көрсету. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: оқыту дағдылары.	2
8	Түсіну дағдылары және әдіс-тәсілдері. Оқылым дағдылары	1. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарындағы белсенді оқылым әдістері. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: ойлау сипаты.	2
		2. Белсенді оқылым әдіс-тәсілдері: проблеманы шешу.	2
		3. Оқылым жаттығуларын әзірлеу. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.	2
		4. Оқылым жаттығуларын көрсету. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.	2
9	Түсіну дағдылары және әдіс-тәсілдері. Жазылым дағдылары	1. Жазылым дағдыларын дамыту. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: пән бойынша педагогикалық білім.	2
		2. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарына арналған жазылым жаттығуларын саралау.	2
		3. Сараланған жазылым жаттығуларын әзірлеу. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: жаңартылған оқу бағдарламасын түсіну.	2
		4. Сараланған жазылым жаттығуларын көрсету. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: жаңартылған оқу бағдарламасын түсіну.	2
10	Оқушы жұмысының сапасын жетілдіруге арналған жаттығулар	1. Оқушы жұмысының сапасын жақсартуға арналған жаттығулар.	2
		2. Оқушы жұмысының сапасын жетілдіру тәсілдері.	2
		3. Оқушы жұмысының сапасын жетілдіруге арналған жаттығуларды әзірлеу. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.	2
		4. Оқушы жұмысының сапасын жетілдіруге арналған жаттығуларды көрсету. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.	2
3-апта. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқыту			
		1. Графикалық органиайзерлерді әзірлеу және қолдану.	2

11	Зерттеу дағдыларын дамыту	2. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту.	2
		3. Зерттеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды әзірлеу.	2
		4. Зерттеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды әзірлеу және көрсету. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.	2
12	Мәтін құрастыру және өзгерту	1. Мәтін құру және түрлендіру.	2
		2. Оқу үдерісінде тиімді сұрақ-жауап әдістерін қолдану.	2
		3. Мәтін құрастыруға арналған жазылым құрылымдарын әзірлеу және көрсету.	2
		4. Зерттеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды әзірлеу және көрсету. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.	2
13	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы бағалау үдерісі	1. Критериалды бағалауды қолдану.	2
		2. Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: критериалды бағалау.	2
		3. Оқу мақсатына және ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес бағалау критерийлерін, тапсырмалар мен дескрипторлар әзірлеу.	2
		4. Қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырма дайындау. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: критериалды бағалау.	2
14	Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарын жоспарлау	1. Қазақ тілі және қазақ әдебиеті бойынша сабақ жоспарларын әзірлеу.	4
		2. Сабақ жоспарларын көрсету және кері байланыс. Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: белсенді оқу.	4
15	Оқудағы ілгерілеуді бағамдау және кері байланыс	1. Оқу дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды жоспарлау Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: жоспарлау.	2
		2. Ықшамсабақ өткізу.	4
		3. Ықшамсабақ бойынша кері байланыс Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: оқушылардың қажеттіліктерін анықтау.	2
4-апта. Жоспарларды әзірлеу және түзету			
5) төменгі сынып оқушыларының оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін табысты пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

### **6. Оқу нәтижелері:**

1) орта білім беру жүйесінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарының өзгерістері мен толықтыруларын қолданысқа енгізу, Қазақстан Республикасы ғылым және білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттары; басқарудың дәстүрлі емес жүйесіне

көшудің объективті қажеттілігі мен заңдылығын, басқарушылық ойлар теориясының эволюциясын; тиімді басқаруды ұйымдастырудың психологиялық ерекшеліктерін; педагогикалық ұжымның тұлғалық және кәсіби өсуіне басқарушылық қызметі мен мотивациясының дамуын ұйымдастырудың принциптерін біледі;

2) орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында инновациялық қызметті жүзеге асырудағы көшбасшының негізгі ұстанымдарын жүзеге асыруды; бастауыш білім беру ұйымдарында стратегиялық және тактикалық жоспарлауды басқаруды; басқарушылық шешімдерін қабылдауда заманауи басқару тәсілдерін қолдана алады;

3) төменгі сынып оқушыларының оқудағы жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін; "M-Learning", "Smart-оқыту", "Lesson Study" (E-Learning – Э-ленинг), смарт-оқыту (Smart-Learning – смарт-ленинг), мобильді оқыту (M-Learning – М-ленинг) заманауи оқыту әдістерін қолдануда білім беру процесін жобалаудың дағдыларын; бастауыш білім беру ұйымдарын тиімді басқару мен көшбасшылық дағдыларын, кәсіби қызметін дамытуда өзін-өзі басқару, өзін-өзі бақылау және рефлексивті қызметінің негіздерін меңгереді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) басқарушылық;
- 3) психологиялық-педагогикалық;
- 4) мазмұндық;
- 5) технологиялық;
- 6) вариативтік.

8. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ-ға негізделеді.

9. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

10. Білім беру процесі осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ тақырыптарымен сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірталастар, тренингтер, жобалар әдісі, шебер-сыныптар, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп шешу.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық оқытушылық құрамы Бағдарлама мазмұнын игеру параметрлері мен бағалау критерийлері жасалады және олар курстың ОӘК беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш мектепте оқытудың инновациялық процесін басқару" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақ тақырыптары	Дәрістер	Таңдау дәрісі	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	Семинар	Дөңгелек үстел	Шағын-сабақтықоғ
1 апта								
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	6						
1.1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" Заңы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.	4						
1.2	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты.	2						
2.	Басқарушылық модуль	8				2		2

2.1	Басқарушылық ойлар теориясының эволюциясы. Басқарудың дәстүрлі емес жүйесіне көшудің объективті қажеттілігі мен заңдылығы.	2					
2.2	Білім берудің жаңа парадигмасы аспектісіндегі басқарудың әдістері мен стильдерінің сипаттамасы.				2		
2.3	Бастауыш білім беру ұйымдарында инновациялық қызметті жүзеге асырудағы көшбасшы-жетекшінің негізгі ұстанымдары.	2					
2.4	Білім беру жүйесінің басқарушылық шешімдерін қабылдаудағы заманауи менеджмент.	2					
2.5	Басқарушылық шешімдерінің жүзеге асырылуын бақылауды ұйымдастыру.						2
2.6	Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқыту процесін ұйымдастыру амалдары.	2					
3.	Психологиялық-педагогикалық модуль	2	4	2	2		
3.1	Заманауи басшының басқарушы қызметінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері.			2			
3.2	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ортасын дамытушылық жобалау әдістері.	2					
3.3	Тайм-менеджмент бастауыш білім беру ұйымдарында уақытты тиімді басқару мен жоспарлау жүйесінің элементі ретінде.		2		2		
3.4	Рефлексия басшының кәсіби басқарушылық қызметін дамыту факторы ретінде.		2				
4.	Мазмұндық модуль	6	4	6	8	2	4
4.1	Бастауыш білім беру процесін ұйымдастырудағы жаңа амалдар мен әдістер (Lesson Study – Лессон-стади, менторинг, коучинг оқытуды			2	2		

	жетілдіру мен дамыту құралы ретінде).						
4.2	Бастауыш мектептегі оқушылар жетістігін бағалаудағы халықаралық тәжірибелер (TIMSS, PIRLS).		2		2		
4.3	Дарынды және талантты балалармен жүйелі жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың жаңа құралдары, түрлері, әдістері.	2		2			
2 апта							
4.4	Техник көмегімен мектеп қызметінің нәтижелерін және жоспарлау өзгерістерінің сараптамасын жасау: "Swot-сараптама" және "Smart-мақсаттар" (Swot-сараптама (Strengths - стренс – күшті жақтары, Weaknesses – уикнесис – әлсіз жақтары, Opportunities – опотьюнитис - мүмкіндіктер, Threats – сретс - қауіптер) және Smart-мақсаттары (өзін-өзі бақылау технологиясы, сараптама және есептілігі self-monitoring – селф-талдау, analysis - анализис and - энд reporting - рипотинг technology - текнолоджи).	2		2			
4.5	Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш білім беруді оқытуды ұйымдастыру.		2				2
4.6	Бастауыш сыныптардың оқыту процесінде сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың технологиясы.	2				2	
4.7	Бастауыш мектепті басқару: бақылау, жобалау, стратегиялық және тактикалық жоспарлау.	2			2		
4.8	Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің ерекшеліктері.			2	2		
5.	Технологиялық модуль	2	10	2			

5.1	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру. Бастауыш білім беру ұйымдарындағы АКТ рөлі және мүмкіндіктері.	2					
5.2	Электрондық ортада педагогтердің ақпараттық және кәсіби құзыреттілігін дамыту (E-Learning – Э-ленинг), смарт-оқыту (Smart-Learning – смарт-ленинг), мобильді оқыту (M-Learning – М-ленинг) (E-Learning – Э-ленинг), смарт-оқыту (Smart-Learning – смарт-ленинг), мобильді оқыту (M-Learning – М-ленинг).		4				
5.3	Қашықтықтан оқытудың жаңа түрлері (он-лайн, скринкаст, покаст, вебинар).		4				
5.4	Басқарушылық қызметті жоспарлаудың инновациялық амалдары (ұзақ, орта, қысқа мерзімді жоспарлар).		2	2			
6.	Вариативтік модуль		8				
6.1	Бастауыш сыныптарда тәрбие процесін ұйымдастырудың ұтымды әдістері.	2					
6.2	Балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың тиімді жолдары.		2				
6.3	Б.Блум таксономиясы - оқытудың нәтижелілігін бағалау әдістемесі.			2			
6.4	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру нәтижелерінің жаңа талаптары.				2		
6.5	Бастауыш сыныптың оқыту процесіне денсаулық сақтау технологиясын енгізу.						
6.6	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық қолдауды ұйымдастырудың ерекшеліктері мен негізгі бағыттары.						
6.7	"Мәңгілік ел" ұлттық идеясы бастауыш мектептегі рухани-адамгершілік тәрбие мен білімнің негізі ретінде.						



6.8	Жобалау әдісі бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен нәтижелі дағдыларын дамыту құралы ретінде.							
Барлығы: 80 академиялық сағат Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут	24	8	20	10	10	2	6	

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

1 5

қ а н т а р д а ғ ы

№ 32 бұйрығына 57-қосымша

**Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектептің инновациялық дамуын басқару" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 57-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2017 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектептің инновациялық дамуын басқару" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) орта білім беру ұйымдары директорларын, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарламада орта білім беру ұйымдары басшыларының жалпы педагогикалық жүйені басқарудағы стратегиялық жүйелік жаңартулар бойынша біліктілігін арттыру көзделген.

3. Осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспары ( бұдан әрі - ОТЖ) бойынша курстың оқыту ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

4. Бағдарлама мақсаты:

орта білім беру ұйымдары директорларының, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектептің инновациялық дамуына ықпал ететін педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) жүйелі қолданудағы өзіндік даму және басқарушылық күзіреттілік деңгейлерін арттыру.

#### 5. Бағдарлама міндеттері:

1) мектептің инновациялық дамуын басқару механизмдері мен негізгі басымдықтарын білуді қамтамасыз ету;

2) нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінде стратегиялық жоспарлау мен басқару дағдыларын дамыту;

3) оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, қысқа мерзімді сабақ жоспарларын жобалауға үйрету;

4) оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолдануға үйрету;

5) педагог кадрлардың, білім алушылардың рейтингтік мониторингін білім беру процесінде жүзеге асыратындай тиімді жүйені құра білу дағдысын қалыптастыру.

#### 6. Оқу нәтижелері:

1) тыңдаушылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартының тұжырымдамалық негіздерін 2012 жылғы 23 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1080 Қаулысымен екітілген, стратегиялық және тактикалық жоспарлауды негіздерін, білім беру процесін басқарудың заманауи тәсілдерін, бірыңғай ақпараттық білім кеңістігіндегі мектепшілік басқаруды, критериалды бағалаудың тәсілдерін, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау түрлерін, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру тәсілдерін біледі;

2) тиімді басқару үшін медиа ресурстарды қолдануды, жоспарлау, басқару және оқыту үшін АКТ стратегияларын қолдануды, коллаборативті орта құруды; оқушылардың оқу жетістігін бағалауда критериалды бағалауды қолдануды, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен оқыту сұрақтары бойынша шешім қабылдауды, стратегиялық және тактикалық жоспарлауды жүзеге асыруды, педагог кадрлардың, білім алушылардың рейтингтік мониторингін білім беру процесінде жүзеге асыратын, жүргізетін тиімді жүйені құруды жүзеге асырады;

3) сабақ жоспарының құрылымын, электронды портфолио, ақпаратты визуализациялауды, ықшам сабақты жоспарлау; білім берудің сапасын басқарудың мониторингтік қызметін технологияландыру дағдыларын меңгереді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) басқарушылық;
- 3) психологиялық-педагогикалық;
- 4) мазмұндық;
- 5) технологиялық;
- 6) вариативтік.

8. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ-ға негізделеді.

9. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

10. Білім беру процесі осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ тақырыптары мен сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының, тесттің тапсырмалары, жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірталастар, рөлдік ойындар, тренингтер, жобалар әдісі, шебер-сыныптар, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп шешу.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрам бағдарлама мазмұнын игеру параметрлері мен бағалау критерийлерін жасайды және олар курстың ОӘК беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде  
оқытатын орта білім беру  
ұйымдарының директорларына,  
директорларының оқу ісі  
жөніндегі орынбасарларына  
арналған "Білім беру мазмұнын  
жаңарту жағдайында мектептің  
инновациялық дамуын басқару"  
педагогика кадрларының  
біліктілігін арттыру курсының  
білім беру бағдарламасына  
қосымша





4.6	Сабақты зерттеу (Lesson Study - лессон стади) жүргізудегі жоспарлау, оқыту, бақылау және оқытуды талдау барысындағы жаңа педагогикалық тәсілдер						6		
4.7	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту (халықаралық зерттеу PISA, TIMSS, PIRLS) ғылыми-жаратылыстану және математикалық білім беру сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеу (Trends in International Mathematics and Science Study – Трендсин Интернейшинал Математикс энд Сайнс Стади), мәтінді оқу мен түсіну сапасын халықаралық зерттеу (Progress in International Reading Literacy Study – Прогрессин Интернейшинал Ридинг Литераси Стади).		2						
4.8	Ықшам оқыту								4
5	Технологиялық модуль		4	6		2			
5.1	Жоспарлау түрлері: ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді		2						
5.2	Сабақ жоспарының құрылымы			2					
5.3	STEM (техникалық мамандықтар және ғылыми-жаратылыстану білім беру бойынша - Science - сайнс, Technology - технолоджи, Engineering - инжиниринг, Math -мас) Қазақстанда білім берудің басым бағыты ретінде				2				
5.4	Білім сапасын басқару қызметі үшін мониторингті технологияландыру				2		2		
5.5	Директордың және директордың оқу жұмысы бойынша орынбасарының кәсіби күзіреттілігін анықтау								
6	Вариативті модуль	8							
6.1	Электронды портфолио – мұғалімнің, басшының білім								



**Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 58-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2017 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) білім беру ұйымдары директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама бастауыш сыныптардың оқу пәндерінің мазмұнын жаңартуға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін меңгеруге, басқару, жоспарлау, бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне бағалау критерийлерін қолдануға бағытталған.

3. Осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі - ОТЖ) бойынша курстың оқыту ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

### **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты:

білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес білім беру процесін ұйымдастыру мен сапасын басқару бойынша білім беру ұйымдары директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларының кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейін арттыру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында дарынды оқушылармен тиімді жұмыс ұйымдастыру жолдарын анықтау және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту ерекшеліктерін айқындау;



2) білім беру процесін ұйымдастыру, сапасын басқаруды жоспарлау, диагностикалау және мониторинг жасау бойынша біліктіліктері мен басқару қызметіндегі ұйымдастыру мәдениетін дамыту;

3) білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты бастауыш сыныпта оқытылатын пәндердің ерекшеліктері мен оқу процесін ұйымдастырудың жолдарын меңгерту;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) аясында кәсіби құзыреттіліктерін арттыру;

5) тыңдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қосымша ақпараттар беру.

6. Оқу нәтижелері:

1) тыңдаушылар білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі жолдарын; педагогикалық менеджменттің теориясын; білім беру процесін басқарудың жаңа тәсілдерін; интерактивті әдістер мен инновациялық технологиялардың философиясын, критериалды бағалау жүйесін біледі және түсінеді;

2) тыңдаушылар білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында пәндерді оқытудың жаңа тәсілдерін қолдана алады; білім сапасын мониторингілей, оқу-тәрбие процесін жоспарлай, талдай және болжай алады;

3) тыңдаушылар инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету тәсілдерін, дарынды балаларды анықтау жолдары мен жұмыс жасаудың әдістерін, оқу-тәрбие процесін жаңаша жоспарлау дағдыларын, қазіргі заманғы АКТ меңгереді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық модуль;
- 2) басқарушылық;
- 3) психологиялық-педагогикалық;
- 4) мазмұндық;
- 5) технологиялық;
- 6) вариативтік.

8. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына ОТЖ-ға жоспарға негізделеді.

9. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

10. Білім беру процесі осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ тақырыптарымен сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.



1.3	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы " Білім туралы" Заңы.	2							
2	Басқарушылық модуль	2		2	4	4			
2.1	Мектепте оқу-тәрбие процесінің сапасын басқаруды жоспарлау.	2		2					
2.2	Оқу процесін мониторингілеу түрлері (ақпараттық, талдау-бақылау, ынталандыру-мотивациялық, бақылау, болжау және түзету қызметтері) мен диагностикасы.				2	2			
2.3	Коучинг - білім беру ұйымын басқарудың бір әдісі ретінде.				2				
2.4	Басқару қызметіндегі ұйымдастыру мәдениеті.					2			
3	Педагогикалық-психологиялық модуль	4		2		2	2		
3.1	Педагогикалық процесте " Өзін-өзі тану" пәні бойынша жүйе құруды жүзеге асыру мүмкіндіктері.	2				2			
3.2	Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдау.	2							
3.3	Көшбасшылықты дамытудың педагогикалық негізі.						2		
3.4	Дарынды балалармен жұмыста оқу-тәрбие жұмысын жүйелендіру және жаңғырту.			2					
4	Мазмұндық модуль	2		6	8	4	2		4
4.1	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы жоспарлаудың түрлері (ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді), басқару және талдау.	2			2				
4.2	Жаңартылған білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш буында оқытылатын пәндердің ( жаратылыстану, сауат ашу, математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, қазақ тілі) ерекшелігі.			2	2				
4.3	Білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында			2	2				



6.2	Білім беру процесінде дарынды балаларды анықтаудың аспектілері.								
6.3	Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда белсенді оқыту стратегияларын қолдану.								
6.4	Сыни тұрғыдан ойлау және жазу технологиясының негізінде оқушылардың белсенділігін дамыту.								
6.5	Қазақстандық бастауыш сынып оқушыларының білім беру сапасын анықтаудағы халықаралық зерттеулер.								
6.6	Білім беру сапасын басқарудың статистикалық әдістері.								
6.7	Білім беру сапасын басқарудағы квалиметриялық тәсілдер.								
6.8	Оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру және дамыту.								
Барлығы: 80 академиялық сағат Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут		18	8	12	12	16	4	4	2

Қ а з а қ с т а н                          Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м                          ж әне                          ғ ы л ы м                          м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 6                          ж ы л ғ ы                          1 5                          қ а ң т а р д а ғы  
№ 32 бұйрығына 59-қосымша

**Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларына арналған " Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарының кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 59-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2017 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларының кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) орта білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама орта білім беру саласындағы бағдарламалық құжаттарға сәйкес білім беру процесін ұйымдастыру бойынша қажетті білім көлеміне және оқушылардың бойында таңдаған мамандықтарына уәждік-құндылықтық көзқарасты қалыптастыруға бағытталған.

3. Осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспары ( бұдан әрі - ОТЖ) бойынша курстың оқыту ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты:

білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектеп директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларының кәсіби құзыреттілік деңгейлері мен жеке өздігінен жетілдіруін арттыру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды Қазақстан Республикасындағы бейінді білім беру мазмұнын жаңартуды түсіндіретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтары және бағыттарымен таныстыру;

2) білім беру саласындағы стратегиялық құжаттармен жұмыс жасау біліктерін қалыптастыру;

3) білім беру процесінде инновациялық білім беру технологияларын қолдану бойынша біліктерін дамыту;

4) кәсіби қызметте өз-өзіне талдау жасау біліктерін қалыптастыру;

5) орта білім беру ұйымдары директорлары орынбасарларының өз кәсіби дамуларына дайындықтарын қалыптастыруға ықпал ету;

6) мектеп директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларының ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (бұдан әрі - АКТ) игеру құзыреттіліктерін арттыру.

6. Оқу нәтижелері:

1) орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта білім беруді дамытудың басым бағыттарын біледі және түсінеді;

2) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бейінді оқыту бойынша білім беру процесін жобалауды; заманауи менеджмент технологияларын, инновациялық білім беру технологияларын жобалауды; жоғары сынып оқушыларын оқыту мазмұнын жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндіктерімен дифференциациялау үшін жағдай жасау;

3) бейінді мектептегі білім беру үрдісін ұйымдастыру сапасын бағалау мен мониторинг, диагностика жүргізу дағдыларын, заманауи ғылыми зерттеу негізінде басқару тәжірибесін жетілдіру дағдыларын, өз і-әрекетіне зерттеу мен талдау жасауды меңгереді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық модуль;
- 2) басқарушылық модуль;
- 3) психологиялық-педагогикалық модуль;
- 4) мазмұндық модуль;
- 5) технологиялық модуль;
- 6) вариативті модуль.

8. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ-ға негізделеді.

9. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

10. Білім беру процесі осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ бойынша ұйымдастырылады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының, тестің тапсырмалары, жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірталастар, рөлдік ойындар, тренингтер, жобалар әдісі, шебер-сыныптар, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп шешу.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрам бағдарлама мазмұнын игеру параметрлері мен бағалау критерийлерін жасайды және олар курстың ОӘК беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларына арналған "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдары директорларының бейінді оқыту жөніндегі орынбасарының кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыптары	Лекция	Лекция-диалог	Тандау бойынша сабақтар	Дискуссия	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар
1 апта								
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	4						2
1.1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" Заңы. Қазақстан халықтары Ассамблеясының ХХІҮ сессиясында қабылданған " Мәңгілік Ел" патриоттық актісі .	2						
1.2	Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.	2						
1.3	Білім беру ұйымдарының қызметі мен педагогтер жұмысын реттейтін нормативті-құқықтық және заңнамалық құжаттар.							2
2.	Басқарушылық модуль	2				4	2	
2.1	Бейіндік оқыту бойынша білім беру ұйымдарындағы менеджмент және оның ақпараттық қамтамасыз етілуі: теория мен технология.							







6.3	Білім берудің жаңа философиясының тұжырымдамалық идеялары негізінде басқару сапасын жетілдірудің жаңа бағдарлары.							
6.4	Мектеп жұмысын автоматтандыру және басқаруда АКТ заманауи құралдарын, медиаресурстарды пайдалану.							
6.5	Б а с ш ы н ы ң кәсіби-педагогикалық этикасы заманауи мектептегі тәрбие мақсатын жүзеге асырудың шарты ретінде.							
6.6	XXI ғасырдың желілік білім беру қауымдастықтары арқылы директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасарларының кәсіби және ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру.							
6.7.	Зерттеу қызметі метапәндік нәтижелерге жету шарты ретінде.							
6.8	Бейіндік оқытудың білім беру нәтижелерін бағалау.							
Барлығы: 80 академиялық сағат Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут		14	4	8	2	12	18	2

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

1 5

қ а н т а р д а ғ ы

№ 32 бұйрығына 60-қосымша

**Ұйғыр, тәжік, өзбек тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесі" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 60-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2017 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Ұйғыр, тәжік, өзбек тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесі" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) (Content and Language Integrated Learning - Контент энд Лангуидж Интегрейтид Ленинг) (әрі қарай – CLIL) стратегиясы мен негізгі қағидаларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама ұлттық мектеп пән мұғалімдерінің CLIL тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесі бойынша кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

3. Осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспарға бойынша (одан әрі - ОТЖ) оқыту курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

### 4. Бағдарлама мақсаты:

мақсатты (екінші) тілге оқу пәндері арқылы білім алушыларды оқыту мақсатында CLIL әдістемесі бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру

### 5. Бағдарлама міндеттері:

1) әлемдік қауымдастықтың үздік тәжірибесі мен Қазақстан Республикасында көптілді білім беру аясында құқықтық білім беруді қамтамасыз ету;

2) оқушы топтарының жас ерекшеліктерінің психологиялық-лингвистикалық мінездемесін білуін және оны педагогикалық үдерісте қолдана алуын қалыптастыру;

3) тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесі негізінде оқу процесінің ерекшеліктері және критерийлерін түсінеді;

4) оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып тіл мен пән кіріктірілген заманауи сабақтың жобасын дайындауға үйрету;

5) оқушылардың пәндік және тілдік оқу жетістіктерін қалыптастырушы және жиынтық бағалауға үйрету.

### 6. Оқу нәтижелері:

1) тыңдаушылар көптілді білім беру мәселесі бойынша мемлекеттік саясаттың қазіргі жағдайы мен негізгі бағыттарын; көптілді білім берудің негізгі ұғымдарын, көптілді білім беру принциптерін; мектеп топтарының жас шамасына қарай психологиялық-лингвистикалық сипаттамасын біледі; тіл мен пәнді кіріктіріп оқытудың негізгі әдістемелері негізінде оқу үдерісінің ерекшеліктері және критерийлерін түсінеді және біледі;

2) балалардың оқу қажеттіліктеріне жауап беретін интербелсенді ортаны ұйымдастыруды; оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау әдістерін; оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін оқытудың белсенді стратегияларын қолдана алады; ықшам оқыту барысында жаңа тәсілдерді қолданады;

3) тіл мен пәнді кіріктіру әдістемесі (CLIL) негізінде оқу процесін ұйымдастыру, жоспарлау, жүзеге асыру дағдыларын үйренеді, педагогтердің көптілді білім беруге қатысты кәсіби мәселелерін шешуді, көптілді білім беруде қашықтан оқыту технологиясын пайдалану дағдысын меңгереді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

8. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ-ға негізделеді.

9. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

10. Білім беру процесі осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ тақырыптары мен сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының, тесттің тапсырмалары, жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (әрі қарай - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау және т.б.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрам бағдарлама мазмұнын игеру



3.1	үдерісінің ерекшеліктері мен критерийлері.	2							
3.2	Кіріктірілген сабақтың мақсаттық тұжырымдамасы: пән мен тіл арасындағы үйлесімділік.			2	2				
3.3	Кіріктіре оқыту принциптері мен оны бағалау ерекшеліктеріне сәйкес сабақтарды жоспарлау. 4Cs моделі. (content - мазмұны, cognition-танымдық қабілеті, communication-коммуникация, culture- мәдениет).			2					
3.4	Пәннің мазмұнына қойылатын тілдік талаптар және соған байланысты тапсырмалар. Кіріктірілген тапсырмаларды бағалау ерекшеліктері.					2			
3.5	Сынып тілі немесе нұсқаулық т і л і . Функционалды тіл ұғымы. Функционалды және нұсқаулық тілді дамыту стратегиялары.	2		2					
3.6	Академиялық тіл: когнитивтік академиялық тілдік шеберлігі (CALP - Cognitive Academic Language Proficiency - когнитив академик лангуидж профишенси). Академиялық тілді дамытуға арналған лексикалық жаттығулардың түрлері.			2					
3.7	Коммуникативтік тіл: тұлғааралық тілдесу қарым-қатынасының негізгі дағдылары (BICS - Basic Interpersonal Communication Skills - бейзик интерперсонал коммюникейшин скилз). Комуникативті тіл мен жұмыс жасауға арналған лексикалық жаттығулардың түрлері.	2							
2 апта									
3.8	Сабақтарда сөйлеу дағдыларды дамыту. Шет тілін меңгеру жалпы еуропалық құзыреттерге сәйкес CLIL (Common European Framework of Reference - комон юрепиан фреймворк оф референс, CEFR).			2		2		2	

3.9	Кіріктірілген сабақтарда сын тұрғысынан ойлауды дамытудың ерекшеліктері. "Жұқа" және "қалың" сұрақтарды құрастыру ерекшеліктері.			2		2			
3.10	Тіл және пән кіріктірілген (CLIL) сабақтарында оқытудың әдістемесі Интеллект-карт және графикалық біріктірушілерді құрастыру және қолдану ерекшеліктері.			2		2			
3.11	Көптілді ортада жобалық қызметтегі зерттеушілік біліктерін қалыптастыру.					2			
3.12	Мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау (шығу тесті).								
3.13	Курс тыңдаушыларының шағын сабақтарының таныстырылымы . Қорытындылау, рефлексия.								
4.	Технологиялық модуль	2		4		4		2	
4.1	Б.Блум таксономиясының оқу мақсаттары аясында оқушыларды белсенді оқыту. Тіл мен пәнді кіріктіре (CLIL) отырып, Б.Блум таксономиясына сәйкес тапсырмалар құрастыру.	2		2					
4.2	Көптілді білім беруді дамыту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру			2		2			
4.3	Қашықтықтан оқыту технологиясы. Интернет CLIL – сыныптарын құру және жүргізу. Кіріктірілген тапсырмаларға арналған көпнұсқалы (инверсионды) сынып технологиясы (Flipped Classroom - флип классрум).					4			
5.	Вариативтік модуль	2	6						
5.1	CLIL әдістемесін қолдану барысында лексикалық тәсілді п а й д а л а н у . Тілдік ортаға енгізу ерекшеліктері.		4						
5.2	CLIL әдістемесіндегі пәнаралық байланыс ұстанымдарын жүзеге асыру	2	2						



Барлығы: 80 академиялық сағат. Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут	16	6	18	12	14	2	2	
---	----	---	----	----	----	---	---	--

**Қ а з а қ с т а н**                      **Р е с п у б л и к а с ы**  
**Б і л і м**                                      **ж ә н е**                                      **ғ ы л ы м**                                      **м и н и с т р і н і н**  
**2 0 1 6**                                      **ж ы л ғ ы**                                      **1 5**                                      **қ а н т а р д а ғ ы**  
**№ 32 бұйрығына 61-қосымша**

**Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Content and Language Integrated Learning - CLIL" тіл мен пәнді кіріктіру әдістемесін игеру бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 61-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2017 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Content and Language Integrated Learning - CLIL" тіл мен пәнді кіріктіру әдістемесін игеру бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жаратылыстану-математика бағытындағы (бұдан әрі – ЖМБ), (Common European Framework of Reference – комон юрепиан фреймуорк оф референс) (бұдан әрі - CEFR) сәйкес B1-B2 деңгейінде ағылшын тілін меңгерген пән мұғалімдерін оқытуды реттейді.

2. Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесін (Content and Language Integrated Learning - Контент энд Лангуидж Интегрейтид Ленинг) (бұдан әрі – CLIL) меңгеру аясында ЖМН мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің дамуына бағытталған бағдарлама және сабақтың мақсатына сәйкес пән мен тілді кіріктіріп оқыту дағдыларын қалыптастыру.

3. Осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша (одан әрі - ОТЖ) оқыту курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

**2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты:

ағылшын тілі арқылы оқу пәндерін білім алушыларға оқытуда CLIL әдістемесін қолдану бойынша ЖМБ пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

5. Бағдарлама міндеттері:

1) әлемдік қауымдастықтың озат тәжірибесімен таныстыру және Қазақстан Республикасында үштілді білім беру аясында құқықтық білімді қалыптастыру;

2) оқушы топтарының жас ерекшеліктерінің психологиялық-лингвистикалық мінездемесін білуін және оны педагогикалық процесінде қолдана алуын қалыптастыру;

3) тіл мен пәнді кіріктіріп оқытудың әдістемесі негізінде оқу үдерісінің ерекшеліктерімен таныстыру;

4) оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып сабақтарды CLIL әдістемесі бойынша жобалау дағдыларын қалыптастыру;

5) білім алушылардың пән және тілдік оқу жетістіктерін қалыптастырушы және жиынтық бағалау дағдыларын қалыптастыру.

6. Оқу нәтижелері:

1) үштілді білім беру бойынша мемлекеттік саясаттың қазіргі жағдайы мен негізгі бағыттарын; көптілді білім берудің негізгі ұғымдарын, принциптерін анықтауды; CLIL тіл мен пәнді кіріктіріп оқытудың негізгі әдістемелері негізінде оқу үдерісінің ерекшеліктері мен өлшемдерін; оқушы топтарының жас ерекшеліктерінің психолого-лингвистикалық мінездемесін біледі;

2) балалардың оқу қажеттіліктерін диагностикалау негізінде ұйымдастырушылық-әдістемелік шаралар қатарын құрастыруды; интербелсенді ортаны ұйымдастыруды; оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау әдістерін қолданады;

3) CLIL тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесі аясында білім беру үдерісін жүргізу, жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын; үштілді білім беруші педагогтердің кәсіби мәселесінің шешімін табуды, үштілді білім беру барысында қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануды меңгереді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) мазмұндық;

4) технологиялық;

5) вариативтік.



1.1	Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусым № 110 жарлығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" Заңы	4						
1.2	2015-2020 жылдарға арналған үштілді білім беруді дамыту жол картасы Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі бірлескен № 622 бұйрығымен 2015 жылдың 5 қарашасы, Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт Министрлігінің № 344 бұйрығымен 9 қарашадағы 2015 жылғы, Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму Министрлігінің № 1066 қаулысымен 2015 жылдың 13 қарашасы.			2				
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	4		2	2		2	
2.1	Оқу топтарының жас ерекшеліктеріне қарай психологиялық – лингвистикалық сипаттамасы.	2					2	
2.2	Екінші тілде (ағылшын) пәнді оқытудың және тілдерді кезең-кезеңмен кіріктірудің психологиялық негіздемесі.			2	2			
2.3	Көпмәдениетті тұлғаны тәрбиелеу. Толеранттылықты дамыту.	2						
3.	Мазмұндық модуль	6			10	12	2	6
3.1	CLIL әдістемесіне негізделген оқу процесінің өлшемдері мен ерекшеліктері.	2						
3.2	CLIL сабағының мақсаты: пән және тілдің теңдестірілуіне қол жеткізу.						2	
	CLIL принциптері негізінде сабақты жоспарлау және оны							



4.1	Б. Блум таксономиясының оқу мақсаттары аясында оқушыларды белсенді оқыту. Тілді және пәнді кіріктіре (CLIL) отырып, Б.Блум таксономиясына сәйкес тапсырмалар құрастыру.	2				2			
4.2	Үштілді білім беруді дамыту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру.	2			2				
4.3	Қашықтықтан оқыту технологиясы. Интернет CLIL – сыныптарын құру және жүргізу. Кіріктірілген тапсырмаларға арналған көп нұсқалы (инверсионды) сынып технологиясы (Flipped Classroom - флип классрум).						4		2
5.	Вариативтік модуль		6	2					
5.1	CLIL әдістемесін қолдану барысында лексикалық тәсілді пайдалану. Тілдік ортаға ену ерекшеліктері.		4						
5.2	CLIL әдістемесіндегі пәнаралық байланыс ұстанымдарын жүзеге асыру.		2	2					
	Барлығы: 80 академиялық сағат. Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут	18	6	4	16	14	8	6	2

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж әне

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

1 5

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 32 бұйрығына 62-қосымша

**Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Пәнді ағылшын тілінде оқытудың инновациялық әдістерін меңгеру бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Ескерту. Бұйрық 62-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2017 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Пәнді ағылшын тілінде оқытудың инновациялық әдістерін меңгеру бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) ағылшын тілін кемінде B1 дәрежесінде меңгерген физика, химия, биология, информатика мұғалімдерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарламада Teaching Knowledge Test (тичинг нолидж тест) және Teaching Knowledge Test Content and Language Integrated Learning (тичинг нолидж тест контент энд лангуидж интегрейт ленинг) (бұдан әрі – ТКТ (ағылшын тілінде оқыту әдістемесі) және ТКТ CLIL (тілді және пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесі) базасында кәсіби құзыреттілікті дамыту арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесіне сүйене отырып, әрбір модульде ағылшын тілі деңгейін спираль тәріздес амал негізінде жетілдіру көзделген.

3. Осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспарға бойынша (бұдан әрі - ОТЖ) оқыту курсының ұзақтығы 470 академиялық сағатты құрайды.

## **2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

4. Бағдарламаның мақсаты:

шет тілдерін меңгеру деңгейлерін айқындайтын жалпы еуропалық тілдік құзыреттілік параметрлеріне сәйкес (Common European Framework of Reference – комон юрепиан фреймворк оф референс) (бұдан әрі - CEFR) B1 деңгейінен B2 деңгейіне дейін мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін жетілдіру және ағылшын тілінде жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (бұдан әрі – ЖМБ пәндері) оқыту әдістемесін меңгерту.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) ағылшын тілін меңгеру деңгейін ағылшын тілінде пәнді оқытудың қажетті деңгейіне дейін кезең-кезеңмен жетілдіру;

2) ағылшын тілінде ТКТ CLIL ЖМБ пәндерді тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдістемесінің негізінде оқытудың ерекшеліктерін зерттеу;

3) оқытудың белсенді әдістерін ХХІ ғасыр дағдыларының талаптарына сай пайдаланып, ТКТ CLIL әдісі бойынша сабақты жобалау біліктерін қалыптастыру;

4) оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолдану бойынша педагогтердің құзіреттілігін қалыптастыру.

6. Оқу нәтижелері:

1) тыңдаушылар заманауи коммуникативтік педагогиканың негіздерін; ағылшын тілінде пәнді инновациялық оқыту әдістемесін біледі;

2) тыңдаушылар инновациялық амалдарды, оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамыту үшін оқу материалдарды қолданады, пәндер бойынша ағылшын тілінде дидактикалық материалдарды әзірлейді, пәндердің бағдарламаларын оқушылардың тілдік білімі мен білім қажеттіліктеріне сәйкес бейімдейді, ағылшын тілінде сабақтарда проблемалық жағдаяттарды құрастырады; оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып ТКТ CLIL әдісі бойынша сабақты жобалайды, ағылшын тілінде оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырады;

3) ағылшын тілін В2 деңгейінде, орта білім беруде үштілді білім беру бағдарламасының мақсатына жету үшін коммуникативтік педагогика әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді.

### **3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама 2 модульден тұрады:

1) 1-модуль – мұғалімнің педагогикалық шеберлігі (ТКТ) – 220 сағат;

2) 2-модуль – ЖМБ пәндерді кіріктіріп оқыту әдістемесі (ТКТ CLIL) – 250 сағат.

8. Модульдердің мазмұнында Бағдарламаның қосымшасына сәйкес Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі - ОТЖ) бойынша негізгі сұрақтар қарастырылады.

9. Білім беру процесін ұйымдастыру барысында күнделікті рефлексия, материалдарды меңгеру және алған білімін тәжірибеде қолдану деңгейін анықтау мақсатында шағын сабақтар тізбегінің жекелей таныстырылымы, тыңдаушының оқытушымен бірлескен өзіндік жұмысы, сонымен қатар портфолио қорғау жүргізіледі.

10. Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау және т.б.

11. ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдістемесін меңгеруді бақылау мақсатында оқу аяқталған соң Кембридж университетінің ТКТ CLIL емтиханы көзделген.

12. Тыңдаушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі English Speakers of Other Languages (ағылшын тілі ағылшын тілінде сөйлемейтіндер үшін - англиш спикез оф азэ лагуиджиз, ESOL) авторизацияланған Емтихан орталығының



базасында Кембридж Университеті емтихан орталығы (Cambridge English Language Assesstment- Кэмбридж Инглиш Лангуидж Ассесмент) өткізетін қорытынды бағалау - Cambridge English: First Certificate of English (FCE) (Кэмбридж Инглиш: ферст сертификейт оф инглиш) емтиханы арқылы анықталады.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің физика, химия, биология, информатика мұғалімдеріне арналған "Пәнді ағылшын тілінде оқытудың инновациялық әдістерін меңгеру бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту" педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тематика занятий	Жұппен жұмыс жасау	Практикалық жұмыс	Шағын топта жұмыс жасау	Жағдаяттарды талдау	Шағын-шаралар таныстырылымы	ТОЖ
1	Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі (Teaching Knowledge)						
1.1	ЖМБ пәндерінің мұғалімдеріне арналған ағылшын тілі (B1-(B1+)) (English Language for Subject Teachers (B1-(B1+)) (инглиш лангуидж фо сабджект тичез) "Күн мәселелері")	А й т ы л ы м : мәселелер мен проблемаларды шеше білу	4	4	2		
		Д ы б ы с т а л ы м : қатынастар мен пікірлерді түсіну	4	4	2		
		О қ ы л ы м : егжей-тегжейлі түсіну дағдыларын дамыту	4	4	2		
		Ж а з ы л ы м : хабарламалар мен нұсқаулықтар	4	4	2		
	Г р а м м а т и к а : синтаксистік және лексико-грамматикалық құрылымдар	4	4	4			
1.2	Функционалды ағылшын тілі 2 (Classroom English 2 – классрум инглиш)	А й т ы л ы м : жұмыс мәселелерін талқылау		4	2		
		Д ы б ы с т а л ы м : Функционалды ағылшын тілі	2	2			2
		Қысқа мақалаларды оқу			4	2	



1.6	Функционалды ағылшын тілі 2 (Classroom English 2 - классрум инглиш) "Сыныптағы тиімді және қауіпсіз орта"	Айтылым: проблемаларды болжау және шешу		2	2	2		
		Дыбысталым: сабаққа шолу	2	2	2			
		Оқылым: сыныпты игеру		4		2		
		Жазылым: таныстырылымдарды құрастыру				4		2
		Түсіндірмелермен жұмыс		2		2		2
1.7	Мамандықтағы Ағылшын тілі 2 (Specialist subject and learning task vocabulary 2 - специалист сабджект энд ленинг таск вокабуляри) "Оқыту мен үйренудің тиімділігі"	Айтылым: тиімді оқыту мен үйрету	2	4				
		Оқылым: белсенді оқыту, ОӘК. Бағалау.		2		4		
		Дыбысталым: оқытудың стилі мен әдістемесі	2			4		
		Жазылым: сапалы ОӘК әзірлеу				4		
1.8	Аралық бағалау		4					

2	Ағылшын тілінде ЖМБ пәндерді кіріктіріп оқыту әдістемесі (TKT CLIL) 250 сағ. 6-12 апталар							
2.1	(B1+)-B2 ЖМБ пәндерінің мұғалімдеріне арналған ағылшын тілі (English Language for Subject Teachers - инглиш лагуидж фо сабджект тичез) (B1+)-B 2 ) "Эмоциялар және эмоцияларды басқара білу"	Айтылым: проблемаларды шешу	4	2				6
		Дыбысталым: мектептегі әртүрлі жағдаяттар	2	2			2	6
		Оқылым: Мақалалар		4	2			6
		Жазылым: әлеуметтік желілерді пайдалану		2	2			2
2.2	3 Мамандықтағы Ағылшын тілі (Specialist subject and learning task vocabulary 3 -специалист сабджект энд ленинг таск в о к а б у л я р и ) "Оқыту құралдары"	Грамматика: есімдікті күрделі сөйлемдер	4	2				6
		Айтылым: графикалық органайзерлерді пайдалану	2	2				4
		Айтылым: конспектілеу		2	2			4
		Оқылым: анықтамалық ресурстарды пайдалану	2		2			4
		Жазылым: абзацтар мен тыныс белгілері	2				2	4
Грамматика: сабақтас сөйлемдердің түрлері	2			2		2	6	

2.3	Оқытудың коммуникативтік әдістемесі (ТКТ С L I L ) (Communicative Language Teaching Methodology - коммуникативтік лингвистикалық методология) (ТКТ С L I L ) "Технологияларды пайдалану"	Айтылым: құралдар мен жинақтылық ұсыныстары	6				6
		Дыбысталам: интерактивті технологиялар	4	2			6
		Оқылым: технологияларды үйренушілерге қатысты мақалалар	4	2			6
		Жазылым: нұсқаулықтарды жазу		2			4 6
		Грамматика: мақсаты, себептері мен нәтижелері	4				2 6
2.4	функционалды ағылшын тілі 3 (Classroom English 3 - классрум инглиш) "Сынып бөлмесін жоспарлау, ерекшеліктері мен жабдықтау"	Айтылым: оқытудың балама түрлерін талқылау	2	4			6
		Дыбысталам: жақтау мен қарсы болуды түсіну	2	2	2		6
		Оқылым: графикалық мәтіндерді сипаттауға арналған мәтіндер		4	2		6
		Жазылым: сұрақтар мен сауалнамаларды құрастыру					6
		Грамматика: идеялардың қисынды байланыстарына арналған грамматикалық тәсілдер	4				2 6
2.5	CLIL оқытудағы тұжырымдамалар (Concepts in CLIL Teaching – концептс ин Клил тичинг) "Сабақтарды жоспарлау"	Айтылым: жоспарларды түсіндіру және негіздеу	2		4		6
